

Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан МҰРТАЗАНЫҢ
туғанына 90 жыл толуына арналады



Жазушының 90 жылдық мерейтойына арналып құрастырылған жинақ Халықаралық Тараз инновациялық институтының Ғылыми кеңесінде талқыланып, мақұлданған.

**«ШЕРХАНТАНУ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ
ОРТАЛЫҒЫ**

ШЕРХАН МҰРТАЗА

Бес томдық шығармалар жинағы

Екінші том

АЙ МЕН АЙША

Роман

(2-кітап)

Алматы – 2022

ББК 84 Қаз 7-44

М 84

Мұртаза Ш.

М84 Бес томдық жинақ. – Алматы: 2022. Т. 2. Ай мен Айша.

Роман-дилогия. Екінші кітап. – 231бет.

ISBN 9965-22-088-3

Редакциялық алқа: Ерболат Саурықов (төраға), Мейрамбек Төлепберген, Елен Әлімжан, Қайырбек Асанов, Асқар Абдуалы, Көсемәлі Сәттібайұлы, Оралхан Дәуіт, Қаракөз Тамабаева, Айнұр Кембаева

Қазақстанның Халық жазушысы, қалың елдің қадірлісі Шерхан Мұртазаның ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің дамуына қосқан үлесі орасан. Оған талантты қаламгердің көркем шығармалары мен туындылары толық дәлел және бай мұраларының қайталанбас құндылықтарымен қымбат екені анық.

Жазушының сөз өнеріндегі соқпағы мен стильдік, шеберлік ерекшеліктері, заман мен адам тағдыры туралы терең көркем ойлары мен даналық толғаулары ұлттық санамызда және ел зердесінде ерекше із қалдырған.

Ғасырлар ауысып, адамзат талғамы өзгеріп жатар, қоғам да өзгереді. Алайда ұлттық рух пен руханият қашан да өміршең. Осы тұрғыда жақсылық пен жамандық, елдік пен ездік, өрлеу мен өшу, бақыт пен бақытсыздық, махаббат пен зұлымдық, адамгершілік мен отансүйгіштік тәрізді адам баласы үшін мәңгілік саналатын тақырыптар- қарымды қаламгердің әдеби туындыларының үзілмес арқауы болып табылады.

Бес томдық кітапқа көрнекті жазушының таңдамалы роман-повестері мен әңгімелері, сондай-ақ бір томына әйгілі қаламгерлік пен қайсар қайраткерлікті қатар ұстаған Шераға туралы әр жылдары танымал замандастары мен шәкірттерінің жазған эсселері енгізілді.

Кітап қалың көпшілікке арналған.

ББК 84 Қаз 7-44

М $\frac{4702250201}{482(05)-04}$

ISBN 9965-22-088-3 (Т.4)

ISBN9965-22-084-0

© Мұртаза Ш., 2022

ЕКІНШІ КІТАП

АЛҒАШҚЫ СЫНАҚ

Сәли атам бізді Тәңіртаудың бауырынан, Мыңбұлақтан көшіріп әкелуін әкелді. Қош. Қартайғанда тау асып, тас басып, есек арбамен жиен қызын үш баласымен көшіріп әкелу оңай емес. Онысы ерлік. Бауырмалдық. Қысылғанда қол ұшын берген мейірбандық, имандылық.

Мұнысына сөз жетпейді. Мұндай жақсылықтың атын таппай әуре болдым.

Бірақ тұтас бір үй кімнің қолына сыяды. Дайын тұрған бос үй жоқ.

Сөйтсе, Айша нағашыларымен, Зибамен, Зибаның әскерден аман-есен қайтқан күйеуі Мырзагелдімен ақылдасқанда тапқан шешім: біз Бектөбеде, нағашыларымыздың қасында қалмайды екенбіз. Сонау Бұрылтаудың астында, Аса өзенінің бойында Молотов дейтін колхоз бар екен, сол колхозда он жылдық мектеп бар екен. Оның интернаты бар екен. Мырзагелді жездеміз сол интернаттың бастығы болып бекіпті.

Айша болса, Зиба сіңлісіне қарайласады, сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығады. Мен болсам, бір жағынан мектепте оқып, интернаттан тамақтанамын. Жездемнің малын бағамын. Құрмаш Сәли нағашымның қолында қалады. Батырхан бізбен бірге болады.

Біздің өмір осындай бір беймәлімдеу арнаға түсті де, бөтен ел, көрмеген жерге кете бардық.

Біздің алдымызда, өткен қыстың ішінде бұл жаққа қарашай, балқар, шешен, ұңғыш дейтін халықтарды зорлап көшіріп әкелген екен. Біз олардан да озып кеттік. Өз еркімізбен елден кетіп, жел айдаған қаңбақтай аунақшып жүрміз. Тоқтаған сайымыз – Молотов колхозы.

Мырзагелді жездем мектептің директорына айтып мені бірден жетінші класқа отырғызды. Алтыншы оқуым керек қой. Неге керек болғанын білмеймін, жездем мені жата кеп мақтады.

– Алғыр болғанда түрі жаман, – деді мектеп директоры Досмырза дейтін егде тартқан, бармақ мұртты кісіге. Оныншы класқа қазір көшірсең – қазір үлгереді.

Директор маған көзілдірігін түзетіп қарап:

– Апыр-ай, ә, – деді. Мен ыңғайсызданып:

– И – ә – ә, – депшін.

Онымды директор жездемнің сөзін қостағаны деп түсінбесе неғылсын. Менің «и – ә – ә» дегенім «өтірік» дегенім еді ғой. Директор қалай түсінгенін өзі біледі, бірақ маған:

– Абылайды білесің бе? – деді. Сөйтсем, өзі тарихтан сабақ береді екен ғой. Жездем шар-шар ете қалды:

– Оу, Досеке, программада қазақ тарихы жоқ қой. Абылайды оқытпаса қайдан білсін?!

– Білемін, – дедім мен саспай.

Досмырза мырс етті. Жездемнің көзі шарасынан шығып кете жаздады.

– Білсең, айта ғойшы, – деді директор.

– Абылай – Бөгембай батырдың жолдасы.

Директор мен жездем бір-біріне қарап мелшиді де қалды. Содан соң директор:

– Оны қайдан білесің, шырағым? Мектепте оқытқан жоқ қой, – деді.

Мен әкем Мұртаза бар кезде, қысқы кеште, біздің үйге кісілер жиналатынын, Жұмабай дейтін мұғалім Бөгембай батыр туралы жыр оқитынын айтып бердім. Дап-дардай үлкен кісілер сонда сақалдарына көз жастары тамшылап жылап отыратын. Неге жылайтынын мен қайдан білейін? Ол кезде мен бес жасар баламын. Мектепке бармаймын. Кейін Жұмабай мұғалім әскерге кетті. Ешкім қисса оқымайтын болды. Абылайдың хан екенін білмеймін. Бөгембай, Бөгембай дегенде ара-арасында

Абылай естіліп қалады. Содан Бөгембайдың жақыны екен деп жүрмін ғой.

Директор мені сөзге келмей жетінші класқа отырғызды. Сөйтіп, бір класс аттап кеттім.

Бірақ соным бекер-ақ болған екен...

Содан бері еңбек етпей тапқан мал бойыма сіңген емес. Арам ас сияқты, құсып тастаймын. Ал кейбіреулерге майдай жағады. Сонда Құдайдың көзі мені ғана көреді де, аналарды байқамай ма?

Ондайда Айша айтады:

– Құдайдың, құдіретімен таласпа, – дейді.

– Тағы не білесің? – деді Досмырза ағай.

– Махамбетті білемін, – дедім.

– Айтшы, кәне.

– Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Қол қорыған сен едің.

Ел қорыған мен едім.

Сен де айырылдың көліңнен,

Мен де айырылдым елімнен.

Сені көлден айырған

Лашын құстың тепкіні.

Мені елден айырған

Тасбет иттің... е – е, жо – жоқ,

Хан Жәңгірдің екпіні.

Бүлдіріп алдым. Атаңа нәлет. Тасбет қайдан киліге кетті?! Бұған директор таң қалғандай аңтарылып қалды. Бірақ жездем Махамбетті біле бермейтін болуы керек, менің «бүлдіріп» алғанымды сезген жоқ-ау деймін. Әйтеуір сәмпылдап:

– Әне, Досеке, ағып тұр ғой, ағып тұр, – деп мұрты аспанға шаншылып, аппақ тістері ақсия күлді. Директор ойланып тұр.

– Бәрі дұрыс, – деді.

– Е, бәсе, – деп жездем елпең ете түсті.

– Бірақ, – деп директор маған қарады. – Тасбетің кім? Бәтіңкемнің тұмсығымен жер сызғылап, мұрнымды бір тартып қойып, тұқшыып төмен қарап қалдым.

– Бригадир, – дедім Тасбет естіп қоятындай сыбырлап.

– А – а, – деді директор. Аңғарымпаз кісі екен, түсіне қойды. Басымнан сипап:

– Қорлығы өткен екен ғой, – деді. Көзімнен жас ыршып-ыршып кетті. Директор мені сөзге келмей жетінші класқа отырғызды. Алтыншы класты аттап кеттім.

Бірақ соным бекер болған екен...

ШОЛАҚТАУДЫҢ ШОЙЫН ЖОЛЫ

Шойын жолды бойлап жүріп келемін. Шпалдарына адымым жетпейді. Бірақ шпал басып жүргім келеді. Адымым жетпейді.

Кере түсемін. Шатым жыртыла жаздайды. Шпалдан аттап жүрсең – шаршайсың. Ал аттамай шпалдың өзін бассаң – жайлы. Бірақ оған адымым қысқа. Айша болса, аяғы ұзын, адымы жетер еді. Айша алыста. Мен жалғыз. Анасы лағынан, лағы анасынан айырылған киік сияқтымыз. Мен ұдайы оның соңынан ілесіп жүрер едім. Мыңбұлақта. Сон – о – о – оу Мыңбұлақта. Қыста қалың қар кешіп, түңделетіп, колхоздың маясынан шөп ұрлағанда. Бірақ неге ұрлағанда? Ол шөпті шабысып, арбамен тасып, маяға жиысқан үлесім бар емес пе? Айша да сөйткен. Таң азаннан қара кешке дейін. Ендеше несі ұрлық? Үш ешкіміз аш. Шөп бермесең өзіңді жеп қоймақшы. Көздері шақшиып, сақалдары да ұзарып кетті. Селтең-селтең етеді.

Құдекеңде қызық. Ешкінің текесі мейлі, сақалды бола берсін. Ал енді шыбышқа, тушаға не жоқ? Сақалы несі? Ұрғашыға сақал жараса ма екен? Осы жерден бір қате кеткен. Құдекең де қызық.

Әне, сол ұялмастан сақалдары сапсиган үш ешкіге түнделетіп, қарға омбылап батып кетіп, шөп тасимыз. Сонда Айшаның адымы ұзын, менікі қысқа. Қарда көп із қалдырмау үшін Айшаның ізімен жүруім керек. Аяғым жетпейді. Жеткізуге тырысамын. Ә дегенде – ақ ақтер, көктер боламын. Сонда Айша: «Мұртаза марқұмға бойың тартқанша ойың тартсашы», – деп қоюшы еді артына бұрылып.

Мұртаза ойлы болып не бітірген? Қараптан қарап жүріп сотталып кеткені ме? Ұрлық қылмаса, кісі өлтірмесе, өкіметті боқтамаса. Неге сотталады? «Халық жауы» дейді. Бір адаммен, екі адаммен жауласарсың. Ал тұтас халықпен қалай жауласуға болады? Айтпай ма осылай деп сотта. Ойлы болса. Ойы тасып бара жатса. Енді не болдық? Түн ішінде қалың қарға омбылап шөп ұрлаймыз. Мұртаза болса өстер ме едік?

Наурыздың дымқыл таңы. Аспан дымқыл, жер дымқыл, ауыздан бу бұрқырайды. Айнала – ойдым-ойдым су. Шпалдардың арасы да су. Кешегі тасқын топанның қайтқан түрі.

Кеше Аса тасыды ғой. Интернат пен мектептің арасындағы өзекті су алып кетіп, кеңірдектен жүзіп жүрдік қой.

Жайшылықта моп-момақан Аса қалай тасиды, ә. Жарқабақтан асып кетті ғой.

Мен қазір мына қара май сасыған шпалдардан аттап келе жатып ойлаймын, мұншама телегей қайдан шықты деп. Сөйтсем, біздің Тәңіртаудың күші екен ғой. Өзі алыста. Тым алыста. Мына Бурылтау тасалап тұр. Көрінбейді. Бір көрінсе ғой шіркін! Сағындым ғой, Тәңіртау!

Бірақ кешегі тасқын сенің маған жіберген сәлемің шығар. Басындағы қалың қар еріген ғой. «Алтынкүрек» желі соғып еріткен ғой. Сол қар суы Ақсай мен Көксайды, Күркіреусуды тасытып, Теріске келіп құйған. Теріс Асаға құяды. Содан кім тасыды – Аса тасыды! Еңбектің бәрі Тәңіртауда, Ақсай мен Көксайда, Терісте. Кім тасыды – Аса тасыды! Атағы Асада қалды.

Сол Аса қазір жынын алдырған бақыдай басылып, мына теміржолдың сол жағын бойлап, жарысып келе жатыр. Теміржол тіп-тік, тұп-тура, ал Аса болса ирелеңдейді. Бүлкілдеп жатқан боз-ботана сүр айдаһар сияқты.

Кешегі тасқыннан кейінгі мына бозала таңда, мына темір жол бойында менен басқа бір жан жоқ. Жалғыз өзім. Бәрін топан су жұтып қойған сияқты. Қыстың суығын қимайтын қарлыққан қарғалар ғана қалбаңдайды. Оңтүстікте – Бурылтау, солтүстікте-жаныстардың ауылы Қаракемер қарауытады. Арт жақта – Молотов ауылы. Алдым – болжаусыз буалдыр. Қарайған зат жоқ. Қос рельс жарысып барып-барып, бұлдырап көзден таса болады.

Діттеген жеріңе жету үшін алдында бір нысана тұрса... не тау, не шоқы, не шоқтал. Мына жолда түк жоқ. Белгісіз, түпсіз тұңғиыққа кетіп барамын, сүңгіп барамын. Қос рельс сүйреп барады. Пойыз да жоқ. Не алдымнан шықпайды. Не артымнан қуып жетпейді. Пойыз жүрмесе шойын жолдың керегі не? Жалғыз өзім. Күллі тірі жанды кешегі топан су жұтып жіберіп, жер бетінде қарлыққан бес-алты қарға, жалғыз мен ғана қалған сияқтымын.

Кешегі топан сумен Құдірет жер бетін былғаныштан тазартып, су жаңа, тап-таза, бейкүнә тіршілікті қайта бастар болса, жалғыз менен басталады ғой. Неден бастаймын?

Неден бастайтынымды Көк Тәңір біледі деп аспанға қарадым. Аспанда кілегей бұлт қаптап алыпты. Кіржиіп тұр. Аспан кіржиіп, кірлеп тұрғанда жаңа дүниені жасауға болмайды. Жаман ырым. Аспан жас баланың жанарындай жәудіресін. Тазарсын.

Осылай деп келе жатқанымда алдымнан ойпаң-өзек шыға келді. Ойпаң толы қаптаған адам. Жақындап барсам, пойыз жолдың көпірін су шайып кетіпті. Құжынаған адамдар күрек, қайла, кетпен сермеп, зембілмен топырақ, тас тасып, «Жаңа өмірді», «Жаңа тіршілікті» менен бұрын бастап жіберіпті.

Шпалдан шығып, сайға түстім. Түспесем болмайды. Басқа жол жоқ. Темір жол үзіліп қалды.

Қарбалас жұмыстағы адамдардың көбі мені байқай да қойған жоқ. Байқамағаны да жақсы. Байқатпай өтіп кетсем де болар еді. Жанасқым келмейді. Түрлері біртүрлі.

Ай, болмады. Өзектің арғы бетіне жете бергенімде, шетте талтайып тұрған бір дәу мені өзіне айқайлап шақырып алды.

– Неге сәлем бермейсің? – деп қыспақтады.

– Әкеңнің аты кім? – деді. Айттым.

– Өзіңнің атың кім? – деді. Айттым.

– Қайда барасың?

Шалбарымның қалтасынан бүктеулі қағазды алып ұсындым. Артынан оным бекер болды ма деп қалдым. Дәу қағаздағы жазуды дауыстап оқып тұр.

«Жұма стансасы. Тура түбінде, теміржолдың оң жақ бетінде – Жұма ауылы. Көкше көз Рысбай Жаманқұловқа».

Дәу: «Ы – ы» деп қойып хаттың бүктеуін аша бастады. Біреудің хатын оқуға болмайды ғой. Бірақ «оқыма» деп қайтіп айтамын? Тағы да дауыстады:

«Аса құрметті, алтыннан ардақты, күмістен салмақты Рысбай ағамыз. Қалай аман-есен, сау-саламат жүріп жатырсыздар ма? Кенжекүл жеңешем күйлі-қуатты ма? Осы хатты ұсынушы Барсхан Мұртазаев – Зибаның әпкесі Айшаның баласы. Менің қолымда, интернатта жатып оқиды. Сенімді. Осы күзде қолыңызға қойған көк сиырды беріп жіберіңіз. Зибаға сүт керек болып тұр. Кеселі жаман. Көріскенше күн жақсы. Сәлем жолдаушы туысқаның Мырзагелді Қалибеков. 25 март, 1945 жыл». Дәу хатты оқып болып, қайтадан бүктеп өзіме ұсынды. Ұсынып тұрып басымнан аяғыма дейін бажайлап қайта қарап шықты. Мен де қарадым. Галифе шалбары, сүр кителі бар. Он қолының орнында – қара қайыс қолғап кигізіп қойған протез. Сонда ойладым: біздің Мыңбұлақтағы Шолақ Сияқұлға неге осындай протез қол жасап бермеген деп. Сөйтсем, оныкі

тұқылсыз қол екен ғой. Протез ілетін жер жоқ. Галифе шалбарлы дәу, сірә, байқаймын: бастық. Ал мен бастық атаулыдан қорқақ болып қалған адаммын. «Бірдеңе деп, бәле салар ма екен», – деп тағы қорқып тұрмын. Ойлағанымдай дәу төменде жүрген біреуді:

– Әй, Бақтай, бері кел, – деп шақырды.

Бақтай – аузы салпыйыңқыраған, қыли көз біреу екен.

– Иә, Дәке, ләшпай, – деп жетіп келді.

– Әй, Бақтай, мынаған бәс тігісесің бе, – деп галифе шалбарлы шолақ Мырзагелді жездемнің хатын салпы ауыз сарыға ұсынды. – Қалай ойлайсың, мына бала сиырды алып қайта ма, жоқ, бос қайта ма?

Бақтай хатты ежіктеп, екі қайтара оқып шықты да, сонда барып мәніне әрең түсініп, маған бір қарады:

– Қайдам, берсе беріп қалар, туысқаны ғой, – деді.

– Мен білсем, бермейді, – деді галифе шалбарлы шолақ.

– Е, сиыр Мырзагелдінікі болса, неге бермейді?

– Бермейді!

– Береді!

Ерегіс қыза түсті де, ақыры «кім ұтылса – бір жарты қойсын», – деген келісіммен қол алысты.

Галифелі дәу сол қолын берді. Оң қолы протез ғой. Содан соң, дәу маған Мырзагелдінің хатын ұстатты да:

– Ал, бала, қайқай, енді сенің жолыңды күтеміз, – деді.

– Ағатай, Жұма ауылы әлі алыс па? – деп сұрадым дәуден аман-есен құтылғанымға ішімнен қуанып.

Дәу аспанға қарады. Жұма ауылы аспанда емес қой. Сөйтсем, күнге қарағаны екен. Күн – шаңқай түс шамасы.

– Күн бесінге таяғанда жетерсің, – деді дәу. – Тезірек қайт. Көрдің ғой. Бәстестік. Енді сенің жолыңды күтіп отырамыз.

Қасапшыға мал қайғы, қара ешкіге жан қайғы.

Сайдың арғы бетіне өтіп, рельс жолға қайта түстім. Әлгінің «бесін» дегені көңілімді қобалжытып кетті. Таңертең үйден

шығып, Жұмаға бесінде жетсем, енді қайтарда Жұмадан Молотовқа қашан жетпекшімін?

Кенет шпалдан–шпалға секіріп, жүгіре жөнелдім. Қайтар жол қиын. Асықпасам қи – ы –ын. Шпалдан-шпалға мен секіріп келе жатырмын ба десем, көзім түсіп кетіп еді, Бурылтау да секеңдейді. Мен тоқтап едім, Бурылтау да тұра қалды.

Әй, Бурылтау, мені мазақтамасаңшы, мен сенің неңді алдым? Бауырыңда анам Айша, әпкем Зиба туып еді. Олар саған еркелеп, тарғыл тастарыңда секіріп өсіп еді. Мені жатырқағаның ба, немене... Өзің болсаң менің Тәңіртауымды тасалап тұрсың. Тәңіртаудың басын бір көрсем шаршамас едім. Жұмадан Молотовқа қалай жетемін деп уайым жемес едім. Әлгі бір қолы жоқ дәуден де қорықпас едім. О, Тәңіртау! Құдіретім менің! Отаным менің! Бір көрінбедің ғой... Шпалдан-шпалға секіремін. Бурылтау да секеңдейді. Менімен жарысып келе жатқан сияқты. Осы шойын жол Шолақтау деген жерге дейін барады дейді. Мен көрген емеспін. Алтынды күрекпен күреп алады дейді. Мен әлі көрген жоқпын...

Сол Шолақтауға өтіп кетсем қайтеді? Алтынды күрекпен күреп алады деседі. Маған көп алтын не керек, бір уыс болса болды ғой. Бектөбеде қалған Айшаға апарып берер едім. Айшаның жыртық көйлегі жаңарар еді. Айшаға жамаулы көйлек кигізіп қойған қандай антұрған заман?! Атаңа нәлет, қандай топас, көрсоқыр итсің?! Айшаға жамаулы көйлек ки – гі – зі – і – іп!

Кіжінгенім сонша, келесі шпалға аяғым дәл түспей, бәтіңкемнің түмсығы шпалдың жақтауына тіреліп, етбетімнен құладым. Оңбай құладым. Мырзагелдінің хатын уыстап жұмып алған жұдырығым жазылып кетіп, хат мыжылып, қара майға былғанды. Оң қолымның шынтағына қиыршық құм жабысып, терісі сыдырылып, қанталап қалыпты. Оң жақ жамбасыммен құлағанмын ғой, шалбарым да қара май.

Өмір деген атана нәлет қисық жолда бір сәт көзіне қарап жүрмесен, көрген күнін осы. Шолақтаудың алтынында нем бар еді? Айдалада алтыны шашылып жатқан ол қандай жер? Бекер шығар. Бірақ бекер болса, мына шойын жолды Шолақтауға дейін неге салған? Өзі қақаған соғыстың кезі болса... Темір жол салып, шығынданып несі бар?

Әй, осы алтыны бары рас та шығар, темір жолдың қос рельсі жоғалып кеткен жерге дейін көз салсам, алдымнан алтынның буы сияқты жалқын сары бір шұғыла елес береді. Алтынның буы ағып жатыр. Телегей теңіз ағып жатыр. Сағым шығар дедім. Мұнша теңіздің бәрі алтын болса, адамдар тұншығып өлмей ме...

Енді шпалдан шпалға секіргенді қойып, сылти басып келе жатқанымда, алдымнан бір үйшік көрінді. Қауыншының шалашындай. Жақындап келсем, бір тақтайға «Жұма стансасы» деп жазып қойыпты.

Шалаштың жанына барып, ішіне үңіліп едім, өлі екені белгісіз, тірі екені белгісіз біреу серейіп жатыр екен. Егер бұл Жұма стансасы екені рас болса, шойын жолдың оң қол жағында Жұма ауылы болуға тиіс қой. Маған Мырзагелді жездем солай түсіндірген.

Оң қол жаққа қарасам – жал-жал болып жатқан жалаңаш құм. Өліп қалған түйелер сияқты. Бірақ ауыл көрінбейді. Ел жоқ!

Мына шалашта жатқан адамнан сұрасам ба екен. Өлі екені белгісіз, тірі екені белгісіз. Жатысы жаман. Сау адам да осылай жата ма? Ұйықтап жатса, оятып алып, езім бөлеге қалмайын. «Ұйықтап жатқан жолбарыстың құйрығын баспа» деген Айша. Айша айтса, тегін айтпайды.

Осылай бір әрі-сәрі болып тұрғанымда, құм жаққа тағы да көзім түсіп кетіп еді, өркеш-өркеш құмның арасынан імиіп түтін көрінгендей болды. «Рас па?» – деп көзімді уқалап, тағы қарадым. Түтін! Әлгі Жұма ауылы сол ғой. Қуанып кеттім. Бірақ

үйлері қайда? Ауыл болған соң, үйлері болмай ма екен? Ол ауыл да мынандай шалаштардан құралған ба?

Жолдан шығып, ілмиген арық түгінді нысанаға алып, тартып отырдым. Қатқыл шпалдарға, шағыл тасқа үйренген аяғым, сусыма құмға сүңгіп кетіп, былқ ете қалды. Ұйыққа батқандай аяғым ауырлады. Өрмелеп құм төбеге де шықтым. Былтырғыдан қалған жалғыз түп адыраспан балағынан кектеп келе жатыр екен.

Айналасын құм төбелер қоршаған ойпанда жадау-жадағай бес-алты үй көрінді. Әр үйдің артында қамыспен, шеңгелмен қоршаған ашық қоралары бар. «Көк сиыр қай қорада екен?» – деймін ішімнен. Көк сиыр көрінсе, сол үйді тұспалдап бармақшымын ғой. Мырзагелді жездемнің туысқаны Рысбайдың үйі сол болады да.

Көк сиыр көрінбеді. Сойып жеп қойған ба? Әлде жайылымға кеткен бе? Бірақ айнала төңіректе жайылып жүрген мал көрінбейді. Құмға сіңіп кетпесе. Құм ыңырысып жатыр.

Бұл не тұрыс? Күн болса еңкейіп барады. Мен көк сиырды жетектеп Молотовқа жеткенше түн болады. Жолда бұзылған көпірді жөндеп жатқандардың түрі әлгіндей. Түстері суықтау. «Сенің қайтқаныңды күтеміз», – деп қалды. Бәстескен болды. Онысы несі екен? Сиырды тартып алып жүрмес пе екен?

Өзі бес-алты үй. Бірін бірі білетін шығар. Рысбайдың үйі қайсы десем, айтатын шығар.

Төбеден сырғанап төмен түстім. Алдымнан иттер шығып бәле бола ма десем, иттері сәлемдесуді білмей ме, үрген де жоқ.

Жақындай беріп, байқадым: орта тұстағы үйдің күңгей жағында, үш-төрт адам күншуақтап отыр екен.

Көктен салбырап түскендей болсам керек, бәрі маған сұқтана қарап қалыпты. Өңдері аш бит сорғандай жүдеу. Киім – бастары да мәз емес. Біреу тіпті тері шалбардың жүнін сыртына қарата киіп алыпты. Бір кемпір көзін сығырайтып, ескі көйлектің битін қарап отыр.

Дауыстап тұрып-ақ сәлемдестім. Дауыстап сәлем бергенімді ерсі көргендей ежірейісе қалды. Қайдан білейін? Айша айтқан: кісімен сәлемдескенде жамандар құсап үніңді көтіңнің астынан шығармай, басыңды көтеріп, жөндеп амаңдас, – деп.

Тері шалбардың жүнін сыртына қарата киген сіліңгір қара (Мырзагелді жездеме ұқсай ма), бірдеңені сезгендей:

– Шаруаңды айт. Қайдан жүрсің? – деді салған жерден.

Сәлем жоқ, ай-шай жоқ. Мені күнде көріп жүргендей.

Сәлеміне қарай жауабы. Үндеместен қолына Мырзагелді жездемнің хатын ұстата салдым.

Әуелі хаттың сиқына көз салды. Мыж-мыж, май-май ғой. Дегенмен оған керегі жазуы ғой, хатты оқи бастады. Қайталап оқыды. Басқалар оның аузын аңдып отыр. Тері шалбарлы шын қырсық екен, Мырзагелді жездемнің хатымен көтін сүрткендей ишара жасап, жанындағы қоқысқа тастай салды.

«Көрдің бе?» – дегендей маған ежірейе қалды. Мұндай қорлыққа шыдай алмай, боқтағым келіп тұрды да, дегенмен бір ауыз сөзін естігім келіп:

– Рысбай сенсің бе? – дедім. Әдейі «сен» деп.

– Менмін, твою мать! – деді.

– Мені Мырзагелді жіберді, не деп айтып барайын?

– Көк сиырды қыстай мен бағып шығамын. Қанша шығын шығарып. Енді туайын деп тұрғанда, соның көтіне сағат сайын қарап, қашан туар екен деп отырғанда, шиеттей бала-шаға, мына кемпір-шал, аузымыз аққа қашан тиер екен деп отырғанда... А? Сені соншама жерден сандалтып, сиырға жұмсаған дәл Мырзагелдінің әкесінің аузын!.. Соның жұмсағанына құлақ кесті құлдай болып жүре берген дәл сенің бас терінді!.. Дәл осыны айнытпай айтып бар!

О баста өзім боқтағым келіп аузым қышып еді, енді кезегі келгенде, аузыма сөз түссеші. Ызаға булығып не айтарымды білмей, мелшиіп тұрып-тұрып:

– О, бля! – дедім. Бар бітіргенім сол болды.

Бұрылдым да жүре бердім.

Шойын жолға қайта шығып, күншығысқа қарай беталып тұрып, артыма бұрылып қарап едім, күн намаздыгерге таяп қалған сияқты көрінді. Екі өкпемді қолыма алып, шпалдан шпалға секіріп, секеңдеп келемін. Үнім бітіп, тамағым кеуіп, тілім таңдайыма жабысып қалды. Әлгі тері шалбарды теріс киген дуайпат тым болмаса, бір жұтым су да бермеді-ау.

Не керек, Күн ұясына қонуға қамшы сабындай қалғанда су жұлып кеткен көпірге де жеттім-ау.

Адамдар әлі қыбыр-қыбыр жұмыс істеп жатыр. Көпірді тез қалпына келтіру өте қажет шығар. Әйтпесе, осы уақытқа дейін тынбайтын неткен жұмыс.

Протез қолды дәу уәдесінде тұрды. Мені зарыға күтіп отырғандай, тіпті Құдайдан тілеуімді тілеп, сағынып қалғандай пейіл танытты. Жетегімде сиыр жоқ екенін көре тұра:

– Не болды? – деді.

Мен осылай да осылай дедім.

Дәу:

– Бақтай, уа Бақтай! – деп бар даусымен барқырап қоя берді.

Бақтай келді.

– Мен жеңдім! – деді Дәу. – Бала құр қол қайтты.

– Сүйінші сұрайсың ба?

– Әкел поллитр!

Бақтай вагон – үйшікке қарай кетті.

Мен жүрейін деп едім, Дәу гүрр етті:

– Әй, бала, тоқта. Өзің өлейін деп қалыпсың ғой. Әлгі найсап нәр татырмаған сияқты ғой. Бақтай келсін, ауқаттанып ал. Барған соң Мырзагелді жездең сенің басыңнан сипай қоймас. Сибірсыз қайтқаның да оңды болды. Біз сойып жеп қоятын едік. Жездеңе сол сауап болар еді.

Бақтай келді. Дәу жұмысшылардың бәрін шақырды. Өздері арақ ішті. Мені балыққа тойдырды.

– Кешегі тасқыннан кейін қайранда қалған балық, – деді Дәу менің қомағайлана жегеніме қарап. – Абайла, тамағыңа қылқан кетіп қалмасын.

«Поллитрлер» бірінен соң бірі кетіп жатты. Мен қайтайын десем, Дәу жібермейді.

– Інішек, әлі-ақ адам боласың, – деді мені мойнымнан құшақтап. – Шолақтау деген зор қала болады. Оның қасында Мәскеу далада қалады. Сонда сен кел Шолақтауға...

Дәу адамның мас болғаны қызық. Көңілі тез босағыш. Көзі жасаурап:

– Мен де сендей жездемнің қолында жүріп оқып едім, атаңа нәлет соғыс...

Артынша әнге басты:

Аха – хау, сұр – желгенше,

Ха – хау, сұр – желгенше,

Хош боп тұр, хош есен бол

Көз көргенше – а – а – ай.

– Ағатай, мен қайтайын, түн боп кетті, – деймін жалынып.

– Кетпейсің, осында қонасың. Жұмысшы боласың. Қой сол Мырзагелдіні... Егер ол ұрысса, маған кел. Мені Шолақтаудан табасың. Протез қолды Дәу аға десең бәрі таниды! Кел!

Қапсыра құшақтап, бауырына басты.

– Ал, айда! Бар енді! Бар деймін! – деп ұрысты.

Зыта жөнелдім.

Қараңғы түнде шпалдан шпалға дәл секіре алмай кібіртіктеп қаламын. Мырзагелді жездеме не деп барамын? Рысбай туысқанының айтқанын дәлме-дәл, сөзбе-сөз айтамын ба, неғыламын?

Шпалдан шпалға секеңдеп келемін. Бурылтау секеңдемейді, қарауытады. Оның орнына Бурылтаудың төбесінен төнген жартыкеш Ай менімен жарысып келеді.

Әкесіз жетімге, қасында Айшасы жоқ жалғыз оғланға жар болғысы келді ме, кім білсін, сол жартыкеш Ай, менің жарым-

жарты көңілімдей жартыкеш Ай, маған жол көрсетіп, ілестірді де отырды.

Протез қолды Дәуді қайтып көре алмадым. Бірақ Шолақтау қаласы кейін Қаратау қаласы атанғанда талай рет бардым. «Қара маржан» деген романды сонда жаздым. Дәу көкемді көрмедім. Тірі жүрсе Құдай саулығын берсін, о дүниелік болса Құдай иманын салауат қылсын...

Құлағымның сырғалығы шым ете қалды. Шошып кетіп, жалт қарасам директордың өзі екен. Ұрады-ау деп қорқып едім, жүзі жылы екен. Күлімсірейді. Күлімсірегенде мұрнының астындағы бармақтай мұрт жайы – ы – лы – ы – ып бара жатты.

Партаның астына тығып оқып отырған кітабымды суырып алды. Жасырып үлгермедім.

Дауыстап:

– «Қазына аралы», – деді.

Бүкіл класс естіді.

Асан жыңды:

– Ол оңбаған! Сабақ оқымай, ылғи да бөтен кітап оқып отырады, – деп айқайлады. Директор оны құптамай:

– Жап аузыңды! – деді.

Кітапты ұстаған қалпы:

– Менің кабинетіме кел, – деді де кластан шығып кетті. Басыма түрлі ой келді. Интернаттан шығарып жіберсе қайтемін дедім. Шығара қоймас. Мырзагелді жездем бар ғой, шығарта қоймас дедім. Бұл уайым менімен бірге жаралған. Әкем «халық жауы» болып кеткелі бері осы. Не болса – сол уайым.

Бармасқа лаж жоқ. Бір-бір басып, аяқты басқан сайын түрлі уайым араласып, директордың кабинетіне де жеттім-ау.

Кабинеттің есігін болар-болмас, саусағым тиер-тимес тықылдатамын. Сонда да есітіп қойды:

– Кір, – деді директор. Басым салбырап тұрса керек.

– Көтер басыңды, – деді.

Директорымыздың аты-жөні Досмырза Нұрпейісов. Аласа бойлы, ашаң жүзді, қартаңдау кісі еді.

– Сабақ үстінде көркем кітап оқығанды қой. Ал сабақтан бос уақытта қанша оқысаң да өз еркің.

– Мақұл, ағай...

– Сен Мұхтар Әуезов деген жазушыны білесің бе?

– Білемін.

– Қандай шығармаларын оқыдың?

– Ы – ы – ы, «Таңғы сарын»...

Директор «Қазына аралы» деген кітабымды қайтарып берді.

– Бұл да жақсы кітап. Ал нағыз қазына мынада, – деп тағы бір кітап ұсынды. – Осыны оқы. Бірақ бүлдірмей, жыртпай қайтып әкел.

Сұрша матамен қапталған кітап мұқабасына қарап едім: «Мұхтар Әуезов. Абай» деп алтын әріппен жазып қойыпты.

Ішім біртүрлі жылып сала берді.

Сабақтан соң Мырзагелді жездем айтты:

– Қой қорада тұрып қалды. Күн жылыды ғой. Бүргеннің, изеннің басы жібіді. Кешке дейін жайып кел, – деді.

Директор ағай берген кітапты қойныма тығып алып, қойды айдап ауылдың сыртына шықтым. Даланың оты былбырап тұр екен. Қар мүлде еріп те кетпей, не сіресіп жатып та алмай, жантәсілім алдында қатқақтан жіпсікке ауысқан шақ. Бөртпе жусан, күрдек бүрген, қызыл изен, тіпті киіздей ажырыққа дейін жұмсарып, пейілденіп, мал тұрмақ, адам да жегісі келгендей, тәбет тартып тұр. Жездемнің қойлары пысқырынып, жерден бас алмай, сол мол отқа кенелді де қалды. Күн жылымықтау болған соң, мақталы күпайкемді шешіп алып, бүктеп астыма төсеп, кітап оқуға кірістім. Бұл түс ауа мезгіл сияқты еді, басымды көтеріп бір қарасам, күн ұясына қонайын деп қалған екен. Қойлар шашыраңқырап кетіпті. Шеткейде тұмса көк тоқты мекіреніп, оттамай тұр. Көзі мөлііп кетіпті. Не болды деп барсам, туып қалған екен.

Қозысы шуына оралып өлі – і – іп қалыпты...

Жаңа ғана қазына аралын қыдырып, өмірімде көрмеген рахатқа батып, бөтен бір өлке, өзге дүние, ғажайып ғұмыр кешіп отыр едім. Әр істі Құдай қылат та, лезде үрей әлеміне тап болып, шошып кеттім:

«Жездеме не бетімді айтамын?»

Басқа барар жерім, басар тауым жоқ, салым суға кетіп, бір қолымда-өлген қозы, бір қолымда-асыл кітап, жездемнің үйіне қойды айдап қайтып келдім.

Жездем өлген қозыны ары аударып, бері аударып қарап тұрып, қораға лақтырып жіберді.

– Бүлдірмей елтірісін сыпыр! – деді. Қолымдағы кітапты жұлып алды. Мұқабасын, ішін ашып көрді. Содан соң маған сыбырлап:

– Әй, бұл кісі атылып кеткен жоқ па еді? – деді. Онысын мен қайдан білейін?

– Кім берді, кімнен алдың?

Шынымды айттым.

– Апыр – ай, о... – деді.

Ұрсарын да білмеді, ұрыспасын да білмеді.

1945 жыл еді, наурыз айы еді.

ҚАРАШАЙ ҚАМБАШЫ

Ауылдары жақындар демалыс күні үйлеріне қайтып кетті. Жетітөбеге, Қаракемерге, Қыршындыға, Шоқайға.

Бұл атырапта онжылдық бір-ақ мектеп бар. Ол осы Молотов мектебі. Жанында жатын орын беретін, тамақ беретін интернаты болған соң, жан-жақтан келіп оқитындар көп.

Соғыстың қаһар шашып тұрған шағында балалар білімнен, оқудан қалмасын деп ертеңнің қамын ойлаған өкімет те оңай

емес. Қансырап жатса да интернат ашып, біз сияқтыларды, тіпті ауқаттылардың балаларын да асырайды.

Бәлкім, өкімет өзін қарыздар санайтын шығар. Мысалы, менің әкемді алды. Жазықсыздан жазықсыз. Мұртазаны Сібірге апарып жоқ қылды. Басқалардың әкелерін, ағаларын қып-қызыл ажалдың аран ауызына мың-мыңдап айдап салды. Әлі толастар емес. Рас, жеңіс жақын деседі, кім біледі...

Интернат – бұрынғы мешіттің үйі. Бұған да шүкір. Біздің Мыңбұлақта әп-әдемі мешітті қолдан қиратты. Ал мынау болса, аман қалған. Одан өкімет не зиян шекті? Интернат болуға жарап тұр. Сол бұрынғы мешіттің ішінде мен жападан – жалғызбын. Мырзагелді жездемнің үйінде, Зибә әпкемнің қасында жатсам да болады. Бірақ жездем айтты:

– Бүгін интернатта жатып шығасың. Жалғызбын деп қорықпа. Сен батырсың ғой, – деп қоттитып қойды. – Бауыржанның інісің ғой. Момышұлын білесің бе?

Әрине, білемін. Өзін де көргенмін. «Бауыржанның інісісі.», «Батырсың» деген соң амал жоқ, батыр болуға тырысасың. Қыстың күні. Түн суық. Балалардың бәрі ауылдарына кеткен соң, бүгін пеш те жағылмаған, қазан да көтерілмеген.

Жалғыз өзім. Не көп – жамылғы көп. Жанымда жататын балалардың жалаң қабат одеялдарын сыпырып алып, үстіме қабат-қабат жамылдым. Рахат.

Жатырмын. Ұйқым келмейді. Елегізі беремін. Жездем мені неге мұнда жалғыз жатқызды деп қоямын. Енді-енді пайымдай бастағандаймын. Көрші бөлмеде қамба бар. Склад. Оның ішінде не жоқ дейсің. Ет те бар, балық та бар, пірәндік те бар, ұн да бар...

Әсіресе пірәндік жегім келеді. Шіркін, қазір қамбаны ашып, пірәндіктің үш-төртеуін, көп емес, үш-төртеуін ғана алып, мына жылы одеялдардың астында кеміріп жатар ма едім. Аспаз қатын бізге бір-біреуден беруші еді. Тастай қатты, кеміресің.

Бірақ қамбаның аузында баланың басындай қара құлып тұр. Оның кілті Хасан Өзденовтың қалтасында. Қарашай кісі. Бойы теректей, көздері шұңқырда жатқандай сұп-суық. Мұрты аузына түсіп, екі миығы шалғыдай салбырап тұрады. Мұрны қоңқақ. Мұрнының астындағы мұрты ылғи суланып тұрады. Үстінде ескі қара шекпені бар. Оны күмістелген жіңішке белдікпен буынып алады. Екі омырауы қатар-қатар оқшантай. Басында көбе қозының жүндес бұйра терісінен домбаздалған беркін миығына дейін басып киеді.

Қамбаның кілтін сол ұстайды. Осы менің де қамбашы болғым келеді. Содан артық, жұмыс жоқ па деймін. Біздің Мыңбұлақта ғой қамбаның кілтін ақсақ Оспаналы көкем ұстайды. Рахат. Енді мына екі-үш қадам жердегі қамбаның ішіндегі пірәндік көкейімді тесіп жатыр. Кілті менде болса...

Қыбыр еткен жан жоқ. Жалғыз өзім. Әлденелер көзіме елестей береді. Көзім жұмулы. Сонда да интернаттың қуыс-қуысын, бөлмелерді әлдекімдер кезіп жүрген сияқты. Әлдене ыңырсығандай, балаша жылағандай болады. Жүрегім суылдайды. Сөйтсем, уілдеп жылап жатқан пештің қуыры екен. Аспаз қатын пештің аузындағы темір қақпақты жаппай кеткен шығар. Уілдейді. Сірә, далада жел соғып тұр-ау, уілдейді.

Пеш қой деп өзімді-өзім жұбатып, жігерленген боламын.

Өзіңді-өзің, жұбатпасаң, өзіңді өзін жылытпасаң, сені кім жұбатады, кім жылытады?

Сөйтіп жатып қалай ұйықтап кеткенімді білмеймін. Түсіме ақ көбелек, теңбіл көбелек кіреді. Жалбыз бұлақ екен деймін. Терең сай. Белуардан келетін жасыл шалғын. Бүлкілдеп, бұрқ-бұрқ қайнап жатқан мөлдір бұлақ. Мыңбұлақтың бір бұлағы. Күміс су. Іше беремін, іше беремін. Шөлім, сірә, қанбайды. Неге деймін? Сусамыр болып кеткенмін бе деймін? Күндіз аспаз қатын Әпуза тұзды балық бергенін ұмытып кеткендеймін.

Ыстықтан жанып барамын. Неге сонша ыстық? Интернат, ақ мешіт өртеніп жатыр екен деймін. Ақ киімді адамдар су сеуіп

өшіріп жатыр екен деймін. Мені құтқармақшы екен деймін. Үстімдегі үш қабат одеялды аударып тастайын десем, әлдәрменім жоқ. Қабат-қабат одеялдар жанып жатыр. Сыпырып тастауға барымды салып тырысамын, болмайды. Атасына нәлет! Әжептеуір күш-қуатым бар сияқты еді, қабат-қабат жамылғыны жұлқып тастауға шамам неге келмей қалды? Тұншығып, дем ала алмай, жаным шырылдап шыға жаздағандай. Әлдекімдер өртенген үйді сақыр-сұқыр құлатып жатқандай. Әлде қамбаның қара құлыбы ма? Білмеймін. Ақ мешіттің қабырғасы қопарылып үстіме құлап келе жатқандай. Жан дәрменде бар даусыммен айқайлап жіберсем керек. Өлгенде әрең одеялдарды жұлқып тастап, үн деп оянып кеттім. Тірі екенмін ғой деп, біртүрлі қуанып қалдым.

Сөйтсем... Көзімді ашсам... Алдымда қап-қара диюдай болып өңкиген біреу тұр. Қорыққаннан, үрейден үнім шықпай қалды-ау деймін. Әлгі дәу қимылдап:

– Жасшық, қорықма, – дейді. – Ма былай қышқырма.

Енді таныдым. Қамбашы Хасан Өзденев екен.

Түн ішінде неғып жүр? Әлде қамбасын қорып жүр ме? Түсінбеймін. Басымды көтеріп қарасам, қолында дорбасы бар сияқты. Томпайып тұр.

– Жасшық, ма былай, сен мені көрдім деп айтма. Мырзагелдіге де, ешқандай инсанға да айтма. Мақұл мы? Мен, жасшық, саға пряник, конфет береман.

Сыбырлап, аузын басып сөйлейді.

– Аз ғана ет, ұн алдым. Өзің білер, менде жасшықлар көп. Құрлық балалар аш отыра, өледі ғой. Аз ғана алдым. Сен, жасшық, еш инсанға айтма. Оллахи-биллахи, саға Алла саулық берсін деп тілейман. Айтма.

Мырзагелді жездем бір мәрте мені қарашай қамбашыны шақырып кел деп үйіне жұмсаған. Үйін сонда көрдім. Үйі колхоздағы бір жаныстың мал қорасында екен. Есімде қалғаны:

кір-қожалақ, үстінде лыпасы жоқ шүпірлеген жас балалар ыңырсып, үрпиісіп отырған. Терезесі жоқ үй қап-қараңғы екен.

Тынысым тарылып:

– Сізді завинтернат шақырып жатыр, – деп үйінен тез шығып, ата кеп жөнелгенмін. Апыр-ай, адамдар да осылай өмір сүреді екен-ау деп түңілгенмін.

Біздің қорлық көрдік, арыдық, ашықтық деп елден көше жөнелгеніміз Құдайға асылық болған ба, қалай...

Енді мына еңгезердей кісі маған тәуелді болып, жалынып-жалбарынып, оллахи-биллахи деп тұрғаны ешбір қисынға келмейтін ебедейсіз іс болды. Өлердегі сөзін айтып, жалынышты болғанша, өңкиіп келіп, бассалып буындырып өлтіре салса қайтер едім. Көз алдымда сондағы бір көргенім: лас малқора, қап-қараңғы үңгір, иісі әлем сасып, жидіп кеткен үй; ондағы аш-жалаңаш, ыңырсыған жас балалар... Әкесі ғой, амалсыздан өз қамбасына өзі түн жамылып келіп, ұрлыққа түскені сол қу тіршілік, өлместің қамы шығар. Бармақтай баланың алдында бас иіп, қолын кеудесіне қойып, үйелмендей болып өңкиіп тұр. Мырзагелді жездем мені мұнда неге жатқызғанын енді шамалағандаймын. Күдігі бар екен ғой.

Ендеше, мен, жездем сөйтіп тапсырған істі неге адал атқармаймын? Айтамын, әрине. Қазір тұра салып, ойбайды саламын. Жездем маған сенді ғой. Сенді. Осы уақытқа дейін оны алдап көрген емеспін. Талай сынынан өткенмін. Менің сұғанақ, сұқит емес екеніме көзі жеткен. Енді аддасам, біліп қойса, өлім емес пе? Оның үстіне мына дәу қарашай маған пірәнік беріп, ауызбастырықпен алдамақшы. Қазір орнымнан тұрып, далаға шығып, айқай саламын.

Дәу қарашай Хасан Өзденов сот алдында тұрғандай, маған арыз-мұңын айтып, әлденелерді түсіндірмекші.

Түсінгенім: бұлар Кавказ деген жаннаты жерде тұрған. Соғыс болған, фашистер келген. Артынша фашистер жеңілген. Дұры – ес. Бірақ өкімет мұздай қаруланған әскер жіберіп, бұларды бір

түнде вагонға тиіп, Қазақстанға әкеліп тастаған. Қазақтарға рахмет. Туысқан халық екен. Қазақтар болмағанда бұлар түгел, тып-типыл қырылып қалатын екен. Рас, қазақтардың өздері де аш-жалаңаш. Бірақ өз Отанында, өз елі, өз жерінде отырғандықтан олар қарашайлар сияқты міскін емес. Сонда мен ойлаймын: қазақтарда да еріксіз елінен кеткен бар. Мысалы, мына мен. Нем бар айдаладағы Молотовта. Жүрмеймін бе, Мыңбұлақта шалқақ басып. Бірақ біз де бір түнде көше жөнелдік. Сәли атамның есек арбасымен. Тау асып, тас басып. Тәңіртау көрінбей қалды. Тәңіртау таяныш сияқты еді. Оның аспан тіреген қарлы шыңдарын көргенде бойыма ерекше күш-қуат өзінен-өзі келіп құйылатын. Сонда мен өте күшті едім. Бір қапшық бидайды Боранды элеваторының зәулім биік төбесіне сатымен көтеріп шыға беретінмін. Өз илеуінде құмырсқа да күшті. Өзінен екі-үш есе үлкен дәнді өңгеріп алып кете береді. Мен де сол құмырсқадай өлермен, қайсар едім. Енді...

Енді мен қарашай қамбашы Хасан Өзденөпен тағдырлас екенімді сезгендеймін. Ол сөйлеп тұр. Мен осыны ойладым. Далаға жүгіріп шығып, айқай салайын деген райдан қайтқан сияқтымын. Неге екенін толайым біліп жатқан жоқпын.

Әкемдей кісі аяғыма жығылып тұр. Әкем есіме түсті. Сібірдің адам айтқысыз суығында аш-жалаңаш жүріп, ажалы жетті-ау деймін. Бірақ неге аш? Айша айтатын: әкең өте тақуа кісі еді. Біздің жіберген послыкамызды жанындағы кісілерге үлестіріп береді екен. Әкең аштан өлген жоқ. Құсалықтан, сендерді, сені, Құрмашты, Батырханды ойлай-ойлай, панасыз үрпек балапандар не болады, енді қайтіп күн көреді деп, сарыуайымнан сарғайып өлді дейтін. Әрі намыстан, қарадай жаладан өлді. Әкең өте намысшыл еді. Ақ жүріп, адал өмір сүрген адамға сен жаусың, сен шпионсың, сен рысқұлшинасың деген жалмауыздай жалаға қарсы тұра алмай, ақ екенін дәлелдей алмай, дәлелдесе де, жаналғыш әзірейілдер оны түсінгісі келмегеніне күйініп өлді дер еді.

Мына қамбашы қарашай Хасан Өзденев те, өзінің өкіметке жау емес екендігін түсіндіре алмай жер аударылған. Бірақ бұл менің әкем Мұртазадай емес, әйтеуір өлмеуге тырысады. Сол үшін түн жамылып, тірмізік тарамысты көк қасқырдай қасарысып жем іздейді. Тірі қалуға, аш бөлтіріктерін қырып алмауға әрекет жасап, көп емес, аз-мұз ғана тамақ тапқаны да айып па? Ал аштан қырылып қалса, ол айып емес пе? Құдай оны құп көре ме, жоқ па?

Соны ойлап жатырмын... Пірәнік жегім келмей қалды.

ҚАЛАЙЫ ҚАСЫҚ

Аспаз қатын Өпуза бүгін де түскі тамаққа килька сорпа пісіріпті. Шілденің шыңғырған ыстығында құдық басына үймелеген қой сияқты, есіктен таласа-тармаса асханаға кірдік.

Мектептен қайтқан бетіміз. Ұзыннан-ұзақ үстелдің екі жағына қаз-қатар отырып, қалайы табақшадағы килька сорпаға қалайы қасықты сақыр-сұқыр салдық дейсің.

Бұл бір ерекше симфония.

Кильканың сорпасы ащы. Қара нанмен соғып алсаң, кәдімгідей тамақ. Артынша шөлдеп, суды іше бересің, іше бересің...

Килька деген шынашақтай балық. Өзін тұзға бөктіріп қояды екен. Әйтпесе, сасып кетеді. Сорпа содан ащы.

Менің қарсыма Сейсен деген шолжаңдау, сидаң бала отырып қалған екен. Ол сорпасын ішпей, кильканың өзін сүзіп алып, аузына салды да, ашырқанып, тыжырынып, менің табағымға түкіріп кеп жіберді, қарабасқыр.

Түкірсе басқа жер жетпей ме? Қасқой ғой. Әрі тоқ. Төсегінің бас жағында, жастығының астында бір қалта жүгері талқаны, жүгері наны бар. Ауылынан алып келеді. Ауылы алыс та емес.

Жегітөбеде. Кесірленіп кильканы жемейтіні сол. Жемесе жемесін. Ал менің табағыма түкіріп жіберетін не жөні бар?

Атасына нәлет! Мұндай ұзынтұра тәйтiк тұрмақ, Тасбеттен де қайтпаған басым, бұл қорлыққа қалай шыдаймын?! Менің ішіп отырған асыма мұндай сойдақтұрмақ, Мыңбұлақтағы Тасбет те түкіріп көрген емес.

Қалайы қасықпен қақ маңдайдан періп кеп жібердім. Қалай шапшаң қимылдағанымды өзім де білмеймін. Бәлкім, ұрайын деген ниетім де жоқ шығар. Оқыс қимыл.

Маңдайынан қан бүрқ ете қалды. Қалайы қасықтың да қауқары мұншама күшті болады екен-ау. Қарасаң жеп-жеңіл сияқты. Майысқақ. Мен ұрғаннан сабы майысып, басы қисайып қалды.

Сонша қатты тиетінін қайдан білейін. Бұрын сонау Мыңбұлақта мұндай қасық болмаушы еді. Ағаш қасық болатын. Кәдімгі қара ағаштан, таудағы қызыл қайыңнан, аршадан Нәметқұл көкем ағаш қасық шабатын. Неше түрін жасайтын. Сүйір қасық, дөңгелек қасық, сопақ қасық... Табақты да, тараны да, күбіні де аршадан жасайтын. Ондай қасықпен ішкен ас быламықта болса, өте дәмді сияқты көрінуші еді. Біздің қатықсыз қара көжемізге арша қасық, ағаш табақ ерекше дәм бітіріп, өзінің шырынын шығарып, май орнына қатық болатын сияқты еді.

Енді қалайы қасық дегенді де, қалайы табақ дегенді де көрдік. Онымен ішкен тамақ кермек татитын, таты бар болар. Өкімет қасықты ағаштан, кәдімгі жерден нәр алатын ағаштан жасауды білмей ме, немене... Ағаш қасық болғанда мына шолжаң Сейсеннің маңдайы жарылмайтын еді. Енді не болды?

Сейсен алақанымен маңдайын баса қалды. Алақаны қан-қан болып шыға келді.

– Ойбай! – деп бақырып жіберді. – Өлдім, ойбай, өлтірді мына кісі өлтіріп, елінен қашқан қаңғыбас!

Қалайы қасықтар мен қалайы табақшалардың әлгі сақыр-сұқыры тына қалды. Мені «адам өлтіріп елінен қашқан қаңғыбас» дегені балалардың бәрін үркітіп жібергендей, бәрі де қасқыр көрген қойдай үйіріліп, үрпіісе қалыпты.

«Адам өлтірген» дегені несі? Қашан өлтіріпшіні? Сөйтсем, ел құлағы елу деген, баяғы Тасбетті бесақа айырман ұра жаздағаным бұл жаққа да жеткен екен ғой. Тау асып, тас басып. Сонау Мыңбұлақтағы қырман басынан Жаманат жатпайды екен ғой. Сонда дап-дардай кісіге кіп-кішкентай болып айыр ала жүтіргенім бекер-ақ болған екен де. Бірақ... бірақ ол менің Анамды қорлады ғой. Дүн-дүниедегі ең асылымды, ең сүйкімді, ең қимасымды жермен-жексен етіп жәбірледі ғой. Менің жаным – Анамның жаны ғой. Әйтпесе мен қайдан жаралдым?! Одан менің не аянарым бар? Сондықтан ғой... Оны мына балаларға қалай, кәйтсем түсіндіре аламын?

Енді Жетітөбеден келген балалар: Жұман, Жапар дегендер оқыранып шыға келді. Жабылып мені түйгіштей бастады. Шамам келгенше, мен де қарсыласып-ақ жатырмын.

- Өзі сияқты қасықпен үр!
- Қасықпен ұрған қандай екен!
- Бастан үр, бастан үр!
- Басын жар!

Жабылып жатыр. Ұрып жатыр. Неге екенін білмеймін, басым қанамаған сияқты. Соншалықты қатты да тиіп жатпаған сияқты. Әлде де ет қызу ма екен.

Кім біледі, менің басым Сейсеннің басынан гөрі қаттырақ шығар. Тумай жатып не көрмеген бас. Тасбеттердің қамшысы да тиген. Піскен шығар. Тауға да, тасқа да соғылған ғой. Соғылған. Соғылға – а – ан.

Олар жабылып қанша ұрса да қан шықпады. Бірақ өзімнен үлкен Жапар жұдырықпен мұрнымнан ұрғанда ғана, танауымнан жып-жылы бірдеңе жылжып аққандай болды. Бірақ оны сүртіп көруге шамам келмейді. Қолым бос емес.

Қолым қимылда. Мен де ұрып жатырмын. Байқаймын, біреу көзін басып қалды. Біреу мұрнын сипап тұр...

Әлде мұнша жанқиярлықпен қарсыласқаным бекер болды ма. Көптің аты көп қой. Көп қорқытады, терең батырады. Бұл жалғанда жападан-жалғыз қалғанымды сонда тұңғыш рет сездім-ау деймін. Сонда мен өз бауырларым Дүйсенбайды, Қорғанбайды, Өсерді, Қуанышбайды, Аманбайды, Әділді, тіпті «арам» да болса Жолдасбекті іздедім. Шіркін, қазір қасымда Айша болса... Бөлтірігін қорғаған құртқа-қасқырдай мыналардың тас-талқанын шығарар еді-ау! Айша алыста. Анасы мен баласы мәңгі бірге жүрмек жоқ көрінеді. Енді өз күніңді өзің көр деген шығар. Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай нағашыларының жанында қалып қойды ғой. Құрмаш та, Батырхан да.

Бұл қырғын немен бітерін кім біледі, асхананың есігі ашылып, тәрбиеші Зүбаржат апай кіріп келді. Бәріміз аңтарылып тұрып қалдық. Тұрып емес, тынып қалдық. Қалайы қасықтар мен қалайы табақтарға еркін жабылған шыбындардың ғана ызыңы естіледі. Шыбындар тұзды килькаларды ашырқанбайтын көрінеді. Құнжыңдасып-ақ жатыр. Зүбаржат апайымыз асханадағы көріністен тілі байланып, сөйлей алмай қалған тәрізді. Тұтығыңқырап барып:

– Нинди қаһар сұққан бұларны? – деп даусы шіңкілденкіреп шықты. Кухня жақтағы тамақ үлестіретін тесіктен аспаз қатын Әпуза басын шығарып:

– Тоқ қой, тоқтықтан есірігі жатыр, – деді жайбарақат. Тәрбиеші апай табактан төгілген кильканы көріп:

– Исиртә бұл килькалар, исиртә, – деп бәрімізді жағалай көкшіл көздерімен шолып шықты да, Сейсеннің маңдайынан қанды көріп, шошып кетті:

– И – и, малай, кем сини шұлай сұққан?

Сейсен кемсеңдеп, мені қан-қан саусағымен нұсқап:

– Мынау оңбаған қаңғыбас, – деді.

Көкшіл көздер енді маған сұқтанды. Өзі кіп-кішкентай бір уыс кісі, бірақ одан балалардың бәрі қорқады. Өйткені ол директордың әйелі. Досмырза директордың. Бұйрық та, әйтпесе Досмырза сынды келісті кісі де осындай шәушиген әйел ала ма? Сөйте тұра, осы әйелден зіңгіттей-зіңгіттей үш ұл сүйіп отыр.

Зұбаржат апай ұрысарын да білмей, ұрыспасын да білмей, дағдарып қалған сияқты.

– Ии, син мұңлық, шұндимы? – деді. Одан соң аспаз әйелден:

– Шұл малайының жижнәйы қайда? Аңа айтырға кирәк, – деді.

– Жездесі қалаға кеткен. Интернатқа азық-түлік алып келемін деген, – деп керги жауап берді аспаз қатын. «Жижнәй» деп тұрғаны Мырзагелді. «Жезде» дегені.

Сонымен, Зұбаржат апай Сейсеннің маңдайын жуып, жарасына йод жағып, үлдірекпен таңып тастады. Мені ілестіріп, Мырзагелдінің үйіне алып барды.

Темір төсектің үстінде, баяғы сол цигейка жағалы сұр пальтосын жамылып, Зиба әпкем отыр екен. Біз кіріп барғанда, танадай көздері жалт егіп, күлімсірей қарап қояды.

– А – а, Зұбаржатпысың, кел-кел, жоғары шық, – деді.

Мен босағада тұрып қалдым. Ойым ойран. Асыр салып әр саққа кетті. Зиба ұрысады-ау деген ойдан мазам май ішкендей кілкіді. Басқалар ұрыса берсін, ұра берсін. Ал бірақ Зиба әпкемнен сөгіс естісем – зор жаза. Одан да жердің жарығы болса, соған кіріп кеткен артық.

– Зибакәй, иркәм, шұл Барсхан анда бер малайының басын сұғып жарған, бит, – деді Зұбаржат.

Әпкемнің танауы қусырылыңқырап кетті. Бірақ жүзі жарқын, көзінде ызғар жоқ.

– Барсханның ондайы жоқ еді ғой, Зұбаржат. Ол баланың өзі тиіскен шығар, – деді аса бір сабырмен. – Не болды, Барсхан, өзің айтшы, бірақ алдама, айналайын...

Осы арада ол қатты жөтеліп, буынып қалды. Әлгінде албырап тұрған екі беті көгеріп кеткендей болды. Осы сәтті пайдаланып, не айтарымды жұптап та қойдым. Бірақ өтірік айтатын несі бар, болғанды болғандай айтайын дедім.

Әпкемнің жөтелі саябырсыды. Қасірет кесел Шақпақтың дауылындай төніп келіп, райынан қайтқандай болды.

Мен бәрін бастан-аяқ айтып бердім.

Әпкем мені қасына шақырды. Еңкейіп маңдайымнан сүйді. Ыстық алақанымен басымнан сипалап отырып, аса бір тебірене сөйлеп:

– Сенемін саған, Барсхан. Сен жалғаншы емессің. Жалғызсың ғой, жалғызсың. Менің көзім жұмылғанда саған кім араша түсер екен? Айша әпкем алыста... – деп өксігендей болды.

Әлгіде Жетітөбенің балалары жабылып ұрғанда міз бақпаған қайран басым, енді өзімді өзім тоқтата алмай, солқылдап жыладым-ай кеп. Тіпті Зұбаржат апайдың өзі көзіне жас алып, арқамнан қағып:

– Житти інде, зұр жигит син, бит, илама, – деді.

– Бұта қорғалаған торғайдай болып, мені паналап келіп еді, сонау Жуалы – Түлкібастан. Қайтейін, мен пана бола алмадым. Орнымнан тұра алмаймын, әлім жоқ, әл-дәрмен кетті, Зұбаржат, бұл балаға өзің қарайлай жүрерсің. Менің күнім жақын, – дегенде Зибаның танадай көздерін мұнарлы мұң шалып, бір тамшы жас тотияйын сияқтанып көгеріп көрінді.

Зұбаржат екі қолын ербеңдетіп:

– И – и – и, Зобақай, бағырем, інде айтма шұнди сүзне. Безгә құштасарға иртәрәк бит әле – деп шырылдады.

Зибаның көзінен жас шыққанын, мұңдана жасығанын бірінші рет көруім. Жүрегім суылдап, тұла бойым мұздап кеткендей болды. Дүниеден Зиба кетсе, менің күнім не болады? Мырзагелді жездем мені далаға тастамас. «Әкенің жақындығы жездедей-ақ» деген сөз бар. Жезде, Құдай адалынан берсе, жақын ғой, әрине. Сонау Мыңбұлақтай жұмақты тастап

келгеніміз де, бір жағы осы Мырзагелді жездемнің жақсылығы шығар.

Әттең дүние, бірақ өз әкеңдей қайда – а – а?! Мұртаза! Көзі көргендердің, білгендердің біреуі Мұртаза нашар еді деп айтқан емес. Қайта, есіл ер-ай, бозым-ай! – деп үһілеп-аһылап алушы еді.

Бұл елде Мұртазаны біле бермейді. Сенің тегіңді білмеген ел, әлгі Сейсен сияқты «қаңғыбас» деп қаңқу сөз айтады. Бұ да болса Тәңірдің салғаны да. Шыда!

Менің жабырқап, жүнжіп тұрғанымды, көзімнен үнсіз жас жылжып аққанын көрген Зибә әпкем:

– Барсхан, жылама, жүдеме! Жүдесең, жүндей түтіліп кетесің. Қорықпа, мен әзір өлмеймін. Өлмеуге тырысамын. Тірмізік жаным менің. Жылама, – деп аппақ орамалының бір шетімен бет-аузымды сүртті. – Бар, жуын, бетің ісіңкіреп тұр ғой, залымдар ұрған-ау, сірә. Қайсарлан! – деп жарқылдап күлді.

Іші-бауырым елжіреп, мұздаған тұла бойым бір ғажайып жылылықтан ері – і – іп бара жатқандай болды.

– Синең юзін қояш кібік, бит, – деді Зүбаржат та жадырап. Зүбаржат айтса айтқандай. Зибә жүзі сонда күн сияқты шуақ шашыратып тұр. Күн сөнбейді ғой. Зибаны да Тәңір тәуір көріп, бәледен сақтар...

ЖЕТІМ СҰРАҚ

Қаладан жездем келді. Естіп қойыпты.

– Оның не? – деді.

– Иә, өзі ғой...

– Өзі болса, басын жара ма екен. Сотталып кетесің ғой.

– Иә, өзіңіз ғой, батырсың, батырсың деген.

- Батыр, батыр дегенде, біреудің басын жара бер деп пе едім?
- Иә, өзі көжеме түкіріп жіберді.

Газетке ораған махоркасын сораптап, төмен қарап, үндемей қалды. Шылымның тұқылын жерге лақтырып тастап, табанымен таптады да, басын жоғары көтерді. Күлімсіреп тұр. Дегенмен көркем жігіт болған кезінде. Жүзі қараторының шырайлысы. Зиба әпкем бекер жақсы көрмеген. Қап-қара мұрты да келісті.

Қай заман екенін қайдан білейін? Әйтеуір жалғызбасты жас жігіт Қыршындыға, менің нағашыларымның ауылына мұғалім болып барған ғой. Зиба әпкем бойжеткен қыз. Бәлшібектер келіп, байлығынан байпақ та қалдырмай тонап алса да, Зиба кімнің қызы – Есей байдың қызы. Арыстандай азулы Рахман ағасы бар. Туған-тумалар тіреп тұрған кез.

Сонымен не керек, тағдыр екен, бір күні осы мұғалім Зиба әпкемді алып, екеуі қол ұстасып қашқан ғой. Батыр байтаналар біліп қойып, ұстап алады. Сірә, Аса өзенінен өте бергенде. Жас мұғалімді бәрі жабылып ұрмақшы болады.

- Тұлдыры жоқ, туысы жоқ қу кедей, – дейді.
- Елі жоқ, қаңғырып жүрген көн етікті неме, – дейді.
- Өзінің елі кім екен? Түп-тұқияны бар ма? – дейді.
- Тексіз неме, хан қызындай Зиба сенің не теңің? – дейді.
- Алдаушы, арбаушы жәдігөй ғой, жас қыздың басын дуалап қойған ғой, – дейді.

Іс насырға шауып тұрғанда, үстеріне қала жақтан Рахман келіп қалады. Мән-жайды білген соң, қарындасымен оңаша сөйлескен соң, батыр байтананың алыпсоқ, айбынды жігіттеріне:

- Қойыңдар. Жіберіңдер. Тәңір беттерінен жарылқасын! – дейді. Содан Қаракемерге барып, өйтіп-бүйтіп мұғалім болып, біреудің үйінің бір бұрышын паналайды. Екеуінде екі пальтодан басқа тұлдыр жоқ. Бір пальтоны астарына төсеп, бір пальтоны үстеріне жамылып, пақырлар күн көрісімен жүріп жатады.

Екеуі ұлды болады. Оның атын Жанысбек қояды. Қаракемердің жаныстарының ортасында отырғандықтан. Жақсы мекен болды деп жорығандықтан.

Жанысбегі, жарқылдап туған қошқардай ұл, жер бетіне сыймай, Құдай өзі берген, өзі алды.

Артынша аппақ болып, көкшіл көз Ақшагүл деген қыз бала туады. Одан соң дүниеге Әбілхай – Әбен деген ұл келеді.

Сөйтіп жүргенде соғыс басталады. Мырзагелді майданға кетеді. Арада неше қилы қиын заман өтеді.

Ендігісі мынау.

Екеуіміз бетпе-бет тұрмыз. Ендігі тұтқа осы адам. Кешегі төбелес бүкіл мектепке жайылса керек. Бәлкім, оқудан шығарып жіберетін шығар. Осы адам ара түспесе, кім біледі? Досмырза директор жақсы кісі, маған бүйрегі бұрып тұратын сияқты. Әсіресе «Абай» романын оқып болып, кітапты қылау түсірмей, өзіне қайтып апарып берген соң, ол маған класс алдында бұл роман жайлы білгенімді, түйсігімді, ойымды айтып беруді тапсырды.

Қысылып-қымтырылсам да өз сөзіммен кітап мазмұнын айтып бердім. Тіпті қырық бес минут тез өте шыққан секілді. Өзімді өзім ұмытып, Абай дүниесіне сүңгіп кеткенім сонша, бір шексіз мұхитта жүзіп бара жатып, жағалауға жете алмай, аңсары асқан адамдай болдым-ау деймін. Оның үстіне оқушылар бұл әңгімені қызыға тыңдады.

Директор мені мақтап, «бес» қойды. Бүкіл класқа осы романды оқыңдар деп тапсырма берді.

Мырзагелді жездем айтса, директор мені мектептен аластай қоймас та.

Әсіресе жас адамның тағдыры қолдаушыңа байланысты. Әрине, әуелі Көк Тәңір. Айша айтады: адамның тағдыры туа салысымен пешенесіне жазылып қойылады дейді. Сол жазмышта не айтылса сол болады дейді.

Менің маңдайымда Молотовтың мектебінен шығарыласың деген жазу бар ма, жоқ па, білмеймін. Сол маңдайдағы жазуды ашып оқып көрер ме еді?

Оны мен оқып көре алмаймын. Оны бір білсе, осы жездем біледі. Қағылез кісі. Майданнан келгеніне жарты жыл болды ма, болмады ма, алдына бір қора қой бітті. Рас, бір қозысын мен өлтіріп алдым. Шығыны сол ғана. Баяғыда батыр байтананың жігіттері бұған Зибаны қимай, қу кедейсің, тегің, елің жоқ, қаңғыбассың деп менсінбеген екен. Қазір бұл солардың көбінен дәулетті.

Тек дегенде де, байтананың жігіттері қателескен көрінеді. Өйткені Мырзагелдінің әкесі Қалибек деген кісі төменгі Таластағы Ойық деген елдің беделді биі болған екен. Не тәркілеуде, не сол отыз екінші қырғынында болашақ жездеміз жетім қалып, әйтеуір тырбанып, оқу оқып, мұғалім болған ғой. Еті тірі адам.

Жетімнің жағдайын жездем жақсы білсе керек. Сондықтан мені жамандыққа қимас. Қимайды ғой. Өйткені жездем айтты:

– Ал енді батырекесі, жағдай былай. Көктем болса келіп қалды. Құдай аман қойса, жетінші класты бітірдім деп есептей бер. Ендігі қалған күндерде мектепке бармай-ақ қой. Күзде сегізінші класқа бір-ақ барасың... Екеуміз мына көктемнің күнін құр жібермей бір тірлік жасайық. Қауын егейік. Еңбегіміз жанса, оны сатып, сен табыс табасың. Қауыннан түскен қаржыға өзің шырғтай болып киінесің. Сонау нағашыларыңның қолындағы шешенді де, қарындасыңды да, ініңді де киіндіресің. А, бәлкім, сен қалаға барып оқырсың. Қанша айтқанмен қаланың аты – қала ғой. Орысша үйренесің. Сөйте-сөйте адам боп кетесің. Мұным қалай?

Бұл енді менің миым жете бермейтін қиын сұрақ. Әрине, киінгім келеді. Мысалы, Едіге сияқты. Мырзагелді үйінің жанындағы көрші үйде Едіге деген бозбала бар. Шалбарының қыры қылыштың қырындай. Көйлек, костюм дегені шистай.

Жарасып тұрады. Аяғындағы туфлиіне дейін жалтырайды. Петренко дейтін орыстың бойжеткен қыздары Едігеге шетінен гашық... Өне сондай болсам...

Әрине, Айша мен Құрмашқа, Батырханға жәрдем бере алсам, қандай жақсы болар еді. Олар сол ескі-құсқы, жамау-жамау лыпамен жүр ғой... Осы есіме түскенде жүрегім сыздап, соларды бір көруге зарығып, құр қол бармай, әлгіндей мол базарлықпен барсам ғой. Шетінен қуанып, Айша Тәңірге мыңда бір тәубә айтып, жетілді деген осы, азамат болды деген осы деп жүрегі жарыла қуанар еді.

Айшаның нағашылары Сәли, Қали, Бөпетай, Сатайлар баяғыдай мені бір ортаға алып:

– Бәсе, Барсханнан түбінде бір мықты азамат шығады демеп пе едім. Міне, жалын тартып, атқа мінді деген осы.

– Түбінде тұлпар мініп, ту ұстайтын осы болады.

– Құдай өмір берсін.

– Тіл-көзден аман бол! – десіп, бірінен бірі өтіп жарқылдайды.

Сол асылдар мені сөйтіп бағаласа арман не? Жездеме жауап бермей, үндемей тұра бергенге ыңғайсызданып, ықылассыздау ғана: «Мейлі», – дедім.

СҰҢҒЫЛА СОҒЫС

– Директормен өзім келістім. Оқуыңды уайымдама. Сегізінші класқа өтгің, – деді жездем.

– Енді екеуміз қауындықтың жерін аударып, баптаймыз. Зибә әпкеңмен қоштас. Ол қаладағы емшіге қаралатын болды.

«Қоштас», – деді. Зибә қалаға кетпекші. Мен осында қалмақшымын. Жалғыз жанашыр ол да кетеді.

Зиба әпкем мені көргенде ажары кіріп, көңілденіп кеткен сияқты көрінді маған. Ішімнен қуанып қалдым. Әпкем жазылады, екен-ау деген үміт сәулесі жүрегімді жылытқандай болды.

– Мырзагелді маған бәрін айтты. Екеуің бір іс бастапсыңдар. Сәтімен болсын, Барсхан. Еңбек етсең – емесің. Осында қалсаң, қал. Күзде жиын-теріннен соң, өзінді қалаға алдырамын. Біздің қолымызда тұрып оқисың. Тәңір қош көрсе, мен де жазылып кетермін...

Әпкем әдеттегідей ып-ыстық алақанымен басымнан сипап отырып, осыны айтты. Жүзі жарқылдап, даусы саңқылдап айтты. Бұрынғыдай буынып, жөтелген де жоқ.

Күзге қарай алдымнан арсалаңдап бір жақсылық күн туатындай, мен де кәдімгідей қанаттанып қалдым. Ұнжырғам түсіп кірген едім, қайратқа мініп, қоштасып, есіктен шығып бара жатып, артыма бұрылып қарап едім, әпкем түсі бұзылып, көзін орамалымен сүртіп отыр екен. Кідіріп, табалдырықта тұрып қалдым. Әпкем қолын бұлғап:

– Бара бер, Барсхан. Әшейін көзіме бірдеңе түсіп кетті, – деді даусы бұзылыққырап. – Тәңірім сені тағдырдың тәлкегінен сақтасын. Азаматсың ғой, азып-тозба. Жақсы адамның баласы жабыққанын білдірмейді. Жабықсаң – дұшпандарың табалайды. Тәңірім саған абырой беріп, достың күлкісінен, дұшпанның табасынан сақтасын. Бар, бар енді! – деп қату айтты.

Кете бардым.

Сол күні жездем екеуіміз Молотов пен Қаракемер арасындағы ұзын арықтың бойынан, қамысы мен қарасорасы, бидайығы, түйежантағы қалың, құмдақтау жерге күрек салып, қауындықтың топырағын баптадық. Екі-үш күнде едәуір егістікті тақтайдай тегістеп, ирек-ирек атыз салып, тұқымды отырғызып тастадық.

Бір апта шамасында топырақты түрткілеп, жұмыртқаны жарып шыққан үрпек балапан сияқтанып, үшкірленіп,

қауынның белгісі біліне бастады. Күннің көзін көрді болды, құлақтанып, жапырағы да көрініп қалды. Балапан басып шығарған күрке-тауықтай болып, әлгінің қасынан айналшықтап кете алмаймын. Арасындағы арам шөбін жұламын, топырағын қопсытамын. Кәдімгі кәнігі диқан болдым да қалдым. Мырзагелді қалаға кеткен. Басыма қамыстан шалаш тұрғызып алғанмын. Төсенішім де қалың қамыс. Робинзон Крузо сияқтымын. Робинзон Крузоны оу баяғыда-ақ, Мыңбұлақ кітапханасынан алып оқып қойғанмын.

Сонда, мен де елсіз аралда жалғыз қалып көрер ме едім деп бала қиялға кетуші едім. Сол қиял шындыққа айналды. Шалаштың бір бұрышында бір дорба жарма, тоң май, аздаған ет, тамақ пісіретін котелок, қалайы қасық, табақ тағы басқа бірдеңелер тұрады. Бәрін жездем әкеп тастап кеткен. Бір матрас, одеялым да бар. Интернаттікі ғой.

Үлкен арықтың аржағында аулақта қой баққан қарашайдың пайласы тұрады. Тағы да болса сол медеу. Әйтпесе, айдала. Қалың қамыс пен шеңгел ғана ызындайды.

Айтпақшы, шеңгел гүлдеді. Тікені ызғарлы болса да, гүлі әдемі. Шеңгел есіре гүлдеген түннің бірінде Зиба әпкем түсіме кірді. Қос ақбоз ат жеккен, қоңыраулы пәуескеге мініп алған екен деймін. «Мен де мінейінші. Пәуескеге жегілген аттардың божысын мен ұстайыншы», – деп айқайлаймын. Бірақ әлдеқалай әлгі аттар пәуескемен бірге аспанға көтеріліп, арқырап бара жатады. Әпкем менің даусымды естімейді. Назарын да салмайды. «Мұнысы несі, мені танымай қалды ма»... – деп жатып оянып кеттім.

Түсте ақбоз ат мінген жақсы деуші еді Айша. Бір емес, қос ақбоз. Сірә, әпкем емделіп, жазылып кеткен шығар дедім.

Ұйқым қашып кеткен сияқты. Түннің қай мезгілі, шамалай алмадым. Жұлдыздар самсап тұр. Мүлгіген дүние. Тек шекшек шырылдайды. Әсіресе қазір бәрі қосыла шырылдап, қандай бір зарға салған сияқты. Әлгі түстің әсерінен айыға алмадым. Бойым

тоңазыды. Ақбоз аттар жеккені жақсы. Бірақ аспанға ұшқаны қалай...

Үміт пен күдік арпалысында жатып, қайтадан ұйықтап кетіпмін. Ояnsам, күн сәске болып қапты. Тура салып, канал сияқты үлкен арықтағы суға бір сүңгіп алып, қауындықты араладым. Қауын гүлдеді. Ширатылып, шырмауықтай болып, желі тартыла бастады. Бұйырса, енді түйнек тастайды. Қылаудай бір арамшөп жоқ. Егістігім тап-таза. Мақтау сөзге сараңдау Мырзагелді жездем әнебір күні мені көкке көтере мақтап кеткен. Арамшөпті ертеден тұрып кешке дейін жұлып тазалағаннан алақандарым көк нілденіп, қасаңданып, құммен ысқылап қанша жусам да кетпей, есіл еңбегімді растаушы мәрдей басылып қалды.

Сөйтсем... бірде-бір арамшөп жоқ деп жүрсем... Қауындықта миядай көкшіл, көк те емес, сұр да емес, сол екеуінің арасынан жаратылған дүбәра сияқтанып, мен бұрын көрмеген бір өсімдік түртііп-түртііп шығып келе жатты.

Оның залал екенін де, пайдалы екенін айыра алмай, жұларымды да, жұлмасымды да білмей, аңтарылып қалдым. Кімнен сұрарымды да білмеймін. Айналада сұрайтын адам да жоқ. Мен Робинзонмын ғой. Жалғызбын. Сонау аулақтағы қойшы қарашай Біләддан барып сұрайын деп бір оқталдым. Қойшы кісі диханшылық жағдайын қайдан білсін деп бір ойладым.

Оның үстіне Мырзагелді жездем айтқан:

– Қауындықты бейсеубет, бөтен адам араламасын, – деген.

Бөтен кезден, әлдеқалай жайылып келген малдан сақтасын деп қауындықтың бұрыш-бұрышына «қарауыл» қойып қойғанбыз. Онымыз орыстардың зират басындағы крештері сияқты кәдімгі айқыш таяқ. Үстіне «шапан кигізіп», басына ескі-құсқы малақай кигізіп қойғанбыз. Қалбайып-қалбайып тұрады. Соны да кәдімгідей қара тұтамын. Менің үндемес, қимылсыз «достарым» солар.

Жездемнің тапсыруымен бір мезгіл пішен шабамын. Жүзіне күн шағылысып жарқылдаған шалғы орағы да бар. Қайрақ тасым да бар. Оратыным нар қамыс емес, құрақ қамыс, бидайық, жабайы жоңышқа, түйе жантақ.

Сөйте-сөйте кәдімгідей бір мая шөп те тұрғыздым. Егер нар қамысты да жыға берсем, бұл мая баяғы Мыңбұлақтағы Молдарайым атам жиған маядай үлкен болар еді. Бірақ нар қамыс мал жеуге жарамайды. Әрі десе, оны бұзғым да келмейді. Өйткені арасында бірлі-жарым қырғауыл жүреді. Қазір балапан басып шығарған да шығар. Олай дейтінім, алғаш мен осында келгенде қырғауылдың қоразы мен мекіші түні бойы бірін-бірі іздеп, бірін-бірі шақырып, зарлап шығатын. А, бәлкім, ол махаббат әні болар, оны мен қайдан білейін?

Қырғауыл екеш қырғауыл да менен гөрі бақыттырақ, атасына нәлет. Жалғыз емес. Енді балапандармен тіпті көбейеді. Әлбетте, біреу атып кетпесе. Дегенмен, қырғауылдың да жауы көп. Әсіресе адамдар. Мыңбұлақта қазір шыбынсыз жаз. Маса дегенді білмейді. Ал мұнда масаға жем болған басым-ай десеңші. Қайран Мыңбұлақтың қадірін сонда білесің. Маса талағанда бәрін де талақ тастап, шілдеде басында қар жататын Тәңіртауға тартып кеткім келеді. Бірақ қол-аяғым байлаулы. Аяқ-қолымда кісен жоқ, шідер де жоқ. Бірақ ит тіршіліктің бұғалығынан босана алмаймын. Сол. Босана алмаймын. Неге екенін өзім де түсінбеймін.

Сөйтіп жүргенде жездем келді. Маған қаладан алма, кәдімгі бөлке нан, бауырсақ, пісірген ет әкеліпті. Жап-жаңа мәйкіні көргенде қуанып қалдым. Денеме жаңа көйлек тимегелі қашан. Қашан екені есімде жоқ. Жездемнің жүзі сынықтау көрінді. Отыра қалып, махоркасын тарта береді.

– Зибә әпкем доқтырға қаралды ма? – дедім өзімді-өзім зорлап. Бетіме қарап тұрып, көзін тайдырып әкетті де:

– Әпкең тәуір, – деді.

Әуелі қауындықты көзбен шолып, жақындағы бірер түйнекті түртіп көрді.

– Енді көп кешікпей пісіп те қалар. Аман-есен жинап алсақ, қалаға тасып сатамыз. Шыда, – деді.

Мен оған әлгі бір бейтаныс шөпті көрсеттім. Өзі де зәлім болар, қауын жапырақтарының арасынан көрінбей, бұғып, жасырынып жатады.

Жездемнің түсі бұзылыңқырап:

– Бұл бәле қайдан жүр? – деді.

– Аға, ол не?

Басын шайқады.

– Бұл сұңғыла.

– Сұңғыла деген не?

– Сұңғыла деген – еңбегің еш, тұзың сор деген сөз.

– Неғып?

– Қауының енді өспейді.

– Неғып?

– Неғып, неғып! Соғып! – Мырзагелді түнерді. – Арам ғой, арам! Лаң! Әп-әдемі егінді лаңдапты ғой. Бұл енді қауынды сорып қояды. Қауын боп-боз болып, піспей қалады. Асқабақ сияқты кіртілдек болады.

– Жұлып тастаса қайтеді?

– Жұлсаң қайтып шығады.

– Тағы да жұлса ше?

Оқшия қарап тұрды да:

– Мейлі. Жұла бер. Жұла бер, жұла бер!

Жерге бір түкірді де, сылти басып Молотов жаққа кетіп қалды. Сылтып басып барады. Соғыста аяғына оқ тиген шығар. Бұрын білдірмеуші еді. Енді шынымен ақсаңдап барады. Мына сұңғыла оған фашистің оғынан да жаман тиді ме? Не болды?

Аңқиып тұрып-тұрып, әлгі сұңғыла деген иттің біреуін жұлып алдым. Иісі мия сияқты жағымсыз, ащы екен.

Тағы еңкейіп, тағы жұлдым. Ендігі зәлім жауым осы деп екілене жұламын. Бұл енді менің қиян-кескі соғысым.

Айтпақшы, соғыс аяқталыпты. Оны айдалада жатып мен қайдан білейін? Әнекүні Біләл қойшының үйіне барғанда сол айтты.

– Гитлер капут! Құрлық фашист құрыды, – деді. – Енді бізді Кавказға қайтаратын шығар, – деп қойды.

Кейін-кейін білдім. Жеңіс күні деп елдің бәрі той тойлапты. Қуанышы мен жылап-сықтауы аралас орасан думан болыпты. Мен оның бірін де білмеймін.

Тек Біләл қойшы айтқан соң, бірінші ойыма сап ете қалғаны: енді Нәметқұл көкем, Махан көкем, Сейсенбай көкем... Орха мен Ноха көкелерім елге қайтатын шығар. Бізді Мыңбұлаққа қайтадан көшіріп алатын шығар деген бір иненің жасуындай нәзік үміт ішімде жылт ете қалды.

Біләл қойшы Кавказ тауға қайтуды армандайды. Мен Тәңіртауға қайтуды аңсаймын. Екеуіміз де таулықпыз. Сірә, таусыз өмір сүре алмайтын болармыз. Бізді таулар тартып тұратын қандай құдірет – білмеймін.

Сонымен, соғыс бітіпті.

Ал менің соғысым енді басталды. Сұңғыламен соғыс. Күн батып, қас қарайғанша талайын жайраттым-ау деймін. Алақандарым күлдіреп ойылып, ақжем болып кетті. Сасық иіс қолқанды қабады. Суға салып жудым, жудым. Алақаным ашиды. Ашиды.

Сілейіп, қатып ұйықтап қалыппын. Масайраған масалардың шаққанын да сезбеппін. Сөйтсем, ұйықтамауым керек екен. Таң ата тұрып қарасам: кешегі жұлған сұңғылам андыздап қайтадан түртііп, түртііп тұр. Бұл не бәле?!

Тамырын күрекпен отайын десем, қауынның тамыры қоса кетеді.

Түбіріне тақап жүлсам, түйежантақтың тамырындай болып, боп-боз шұбалшындай шұбатылып, резіңкедей созылып кете береді, кете береді...

Бірақ мен арпалыстым. Отаудай-ақ отадым.

Қайта шығады. Тағы да жұламын.

Қайдағы бір зәрлі өсімдікпен арпалыстырып қойған Құдай!

Есіме түсті. Мектепте Досмырза директор өткен қыста тарихтан бір аңыз айтып беріп еді. Ертеде-ертеде, Грекия деген елде, Зевс құдайдың қаһарына ұшыраған Сизиф дейтін сорлы, дәу тасты таудың етегінен басына қарай домалатады екен. Тасты таудың басына шығара берген кезде, тас қайтадан етекке қарай қаша жөнеледі екен. Қайтадан шынға қарай итереді, қайтадан... Қайтадан. Қайтадан. Қайтадан! Атасына нәлет! Сизиф сорлы Зевстің бұйрығымен сол тасты әлі домалатып жүрген көрінеді.

Сизиф сол дәу тасты таудың басына шығарып, әбден нықтап орнықтырып, енді қайтадан еңіске қарай домалап кетпестей етіп бекітіп, «уһ» деп демін алған сәтте заман түзелмек.

Заман бұзылған ғой. Бұзылған. Әйтпесе, Сизифті аяса қайтеді? Аяныш деген қайда, атасына нәлет! Аяныштың жоқтығынан дүние бұзылмақ. Адамдар азбақ. Табиғат тозбақ.

Зәрлі сұңғыла тамырын мен суырып болған күні қауын да піспек. Піскен қауынды Мырзагелді екеуміз қаладағы Атшабардың базарына апарып сатып, байимыз, атасына нәлет! Біз де байимыз. Тапқан ақшаға ең алдымен Айшаны киіндірем. Масатыдай жасыл көйлек, аппақ шәйі орамал, әміркен кебіс-мәсі алып беремін. Үстіміздегі қомыт көйлекті лақтырамыз. Бар жоқшылық, жаманшылық осымен кет деп отқа жағамыз. Қарындасым мен інімді де мұнтаздай киіндіріп қоямын. Нәметқұл көкем бізді көшіріп елге барғанда, басқаны былай қойып, Тасбеттің өзі мені танымай қалады. Шырыштай болып киінемін. Басыма Едігенің кепкесіндей жап-жаңа, сегіз қырлы, түрлі-түсті кепкені қисайтыңқырап киіп аламын. Аяғымда сықырлауық әміркен етік болады.

Тасбеттің алдынан олай бір өтіп, былай бір өтіп, етігімнің ұлтанын әдейілеп сықыр-сықыр, шиқ-шиқ еткіземін.

Шұбар мұғалім апайдың тәмпіш мұрын тәлпіш қызы да мені танымай... жоқ, танып:

– Ой, Барсха – а – ан! Қалай өзгеріп кеткенсің! – деп алақандарын сарт еткізіп, иегін таянып, сұқтана қарап тұрып қалады. Егер болса... Көшіп кеткен шығар.

Солай, Барсхан.

Таңның атысы, күннің батысы сұңғыламен соғысамын. Осы бірсыдырғы сұрапыл соғыстан басым айналады. Сірә, күл түстес сұңғыла улы шығар. Бұл соғыс өмірі бітпейтіндей көрінеді. Тәңір, тағдыр қанша ғұмыр береді, соның бәрі осы сұңғыла соғыспен өтетіндей болады. Торығамын. Сөйте тұра, қайтадан сүліктей сүлесоқ, сұрықсыз тамырды жұла беремін. Жұла беремін.

Бұл не? Жазмыш па?

Сөйте-сөйте, ара-тұра, қауынның кейбір қарны томпайып, пісігі де білінейін деп қалды. Кәдімгідей қош иісі бар. Түгі түсе бастады. Бұл енді сұңғыладан сау қалғандары. Ал сұңғыла сорып қойғандары баяғы бала күнімде, Таласбай бұлақтың әуітінде өзім тепкен жыланның шала жұтқан көкқасқа бақасындай сөлсіз. Бозарып жатады. Реңсіз. Тұмай жатып қартайған ауру баладай. Беті әжім-әжім. Құрысқан. Сұңғыла шөп әлі де есіріп тұр. Кеше жұлып тастағаным бүгін қайтадан сұр жыландай басын қақшитып тұрады. Біртүрлі кектеніп алдым. Қаным қараяды. Жау көргендей жұлқына жұламын. Еңкейе-еңкейе белім талады.

Анда-саңда белімді жазып, жан-жаққа қараймын. Нар қамыс түскиіздей тұтасып тұрады. Шеңгел гүлін төгіп, қауашақ шығарып қалыпты. Шеңгел екеш шеңгел де тұқымын қамдайды. Осы қауашақ піскенде іші дәнге толады. Сонда сәл жел соқса, шеңгел қауашақтары кішкентай жез қоңырау сияқты

сыңғырлайды. Бірақ біртүрлі мұңды сыңғыр. Шарасыздың, әлде Сизифтің мұңы сияқты.

Сизиф менің көкем ғой. Туысқанбыз. Ол тау басына түйедей тас домалатады. Өмір-бақи, дүние-дүние боп қанша тұрады, сонша домалатады.

Мен, Сизифтің туысқаны, ғұмыр бойы таусылмайтын сүп-сұр, күлбет сұңғыланы жұла беремін, жұла беремін.

Екеуміз де қаһарға ұшырағанбыз.

А, бәлкім, сол Сизиф мен өзім шығармын. Алыстағы ертегілер елі Грекиядан адасып келген шығармын.

Бірақ Сизиф тауға тас домалатқанда ұдайы көзін аспанға қадайтын... Көкке...

Ал мен болсам үнемі жерге қараймын. Көзімді жерге, топыраққа, күлбет жалмауызға қадаймын. Белім де содан бүкшиіңкіреп барады. Соны жазып алу үшін, анда-санда бой жазу үшін сіресіп түрегелемін. Сонда бір сот аспанға да көзім түседі. Боз топырақтан құрғаған көзім сонда шайдай ашылып, аспанның көгіне суарылып, қайралып, өткірленіп қалады.

Сонда деймін-ау, өмірі аспанды көре алмайтын, көруге мойыны бұрылмайтын шошқа қайтіп күн көреді?

Аспанға телміріп қарап-қарап, түк көрінбеген соң жан-жаққа көз саламын.

Серейіп біреу келе жатыр. Селк ете түстім. Мен екі аяқты адам көрмегелі қашан. Кісікіік болып бара жатсам керек...

Әлгі адам серейгеннен серейіп, таяп келеді. Маған одырайып біраз қарап қалды. Содан соң қауындыққа көз салды. Қайта маған бұрылып:

– Неге сәлем бермейсің? – деді.

– Танымай тұрмын.

– Танымасын – сыйламас.

Әрине, менікі әдепсіздеу болды. Әп-әжептәуір киінген кісі екен. Сірә, мұғалім шығар. Құдайдың ыстық күнінде галстук тағып алыпты. Ішім қылып ете қалды. Бұл Молотов мектебіне

жаңадан келген мұғалім болды ғой. Әлде директор ма екен. Досмырза қартаң кісі. Кемпірі Зүбаржат:

– И – и, қалаға китәргә кирәк, – деп отырушы еді. Көшіп кеткен болар. Зибаны «пәдүрішкәм» деп еді. «Пәдүрішкәсі» Әулиеатаға кетіп қалған соң, о да көшкен ғой. Мына кісі біреу-міреуден естіген шығар: «Анау айдалада бір жабайы бала бар. Мектептен қашып кеткен», – деген-ау. Содан мені іздеп келген ғой. Мектепке қайтармақшы ма? Жақында оқу басталады.

– Қалай, қауының пісейін деді ме?

– Жоқ әлі.

Жасырдым. Әйтпесе, ішінара сарғайып қалғандары бар. Оларды түйежапырақпен жауып қоямын.

Мырзагелді сияқты махорка емес, папирос шекті. Махоркадан гөрі иісі жұғымдылау. Отырып-отырып:

– Осы сен Зибаның інісісің бе? – деді.

– Иә, – дедім жұлып алғандай? Зибаны біледі екен. Біртүрлі сүйкімді көрініп кетті әлгі кісі.

– Зибаны қайдан білесіз?

– Ертеден білемін. Қаракерде тұрған. Ой, шіркін жалған-ай, әйел біткеннің ажарлысы еді.

Мұңайған, сағынған сияқты.

Ішіме мұз қатқандай тұлабойым бірте-бірте суынып бара жатты. «Ажарлысы еді» дегені несі?

– Әпкеңнің Құдай иманын берсін.

Қарақұрт шаққандай ыршып түстім. Қалшыып тұрып-тұрып, кеудемнен жаным шығып бара жатқандай шыңғырып жіберіпшін.

– Не боп қалды? – деп ана кісі де орнынан атып түрегелді. Мені, сірә, ұстама ауруы бар деп ойлады ма, қос қолымнан қарыстыра ұстап алды. Түсім адам шошырлық, әлемтапырық болса керек:

– Су, су қайда? – деп мені арыққа қарай сүйрей жөнелді. Енді қарсыласа алмадым. Өнбойым былқ-сылқ. Былқ-сылқ етіп,

буыным ұстамай, тізем бүгіліп, бетімді шеңгел тіліп, суға да жеттім. Бетіме су бүркіп, басымды арыққа батырып-батырып алды.

Су-су болып, дел-сал халде отырмын. Әлсіреп:

– Қа – ша – ан? Қа – л – ай? – дедім білем.

– Ойбу, байғұс бала, сен білмеуші ме едің? Кешір, айналайын. Біледі екен деп едім. Апырай ә, қашан – а – ан, осы шеңгел гүлдегенде ғой деймін. Мырзагелді саған айтқан жоқ па?

Жай ғана басымды шайқадым. Мойнымда буын жоқ. Өзінен-өзі шайқала береді. Көзімнен жылжып, жып-жылы жас аққан сияқты. Мен жыламаған сияқты едім ғой. Ыстық жас өзінен-өзі жылжып ағады. Сүртпедім. Өзегім өртеніп, соның жалыны көзімнен шығып жатқандай. Мен жылаған жоқпын. Тек ішім өртеніп жатыр. Өрте – ені – і – іп...

– Қой, бекем бол, жігітсің ғой.

Жаңа көргендей бетіне бағжия қарадым. Жалын атқан, жас аққан көз жаман шығар, әлгі кісі тайсалыңқырап, шегіншектеп кетті.

– Сен мені танымайсың ғой. Мына Қаракерменденмін. Естіген шығарсың, әпкең айтқан шығар, менің атым Кәрібоз. Кәрібоз менің атым. Зибаның жездесімін. Мен де мұғалім...

Иә, Зиба айтып отыратын. Айты – е – еп отыратын. Қыршынды батыр Байтанадағы Шотай апаның қызын алған деп отыратын.

Зиба сөйлейтін. Енді сөйлемейді. Енді оның періштенің даусындай мақпал үнін естімеймін. Ән салатын. «Ғашық жар» деген ән. «Ғашық жар, ғашықта болған құрбыңды амалда да қасыңа ал...»

Жетті арманына. Ғашығымен құшақтасты. Ғашығы қасына алды. Бәріміздің ғашығымыз – Қара Жер. Сол, сол ғана мәңгілікке құшақтайтын. Басқа құшақтың бәрі ажырасады. Бәрі баянсыз, атасына нәлет!

Бәлкім, тағы бір баянды бар болса, ол – Аспан. Аспан – жанның ұясы. Зибаның жаны көрінбес пе екен деп жас аққан көзіммен аспанға қарадым. Көзім жастан бұлдыраған шығар, Зибаның жаны көрінбейді. Түңіліп, тас түйіліп, әлгі кісіге де қарамастан, қауындыққа кіріп, сұңғыланы жұла бердім, жұла бердім...

– Жарайды, хош! – деген дауысты есіттім. Бұрылмадым. Бұрылуға мұрша жоқ. Мен сол сәтке өзімнің Сизиф екенімді ұмытып кетсем керек.

Сизиф екеніңді ұмытпа, Барсхан! Сұңғыламен жұлыса бер. Әлдекім келді-кетті. Жұмысыңа кедергі болмақшы. Сәл алаң қалсаң сұңғыла көбейіп кетеді. Алан болма!

Қызарып күн батты.

Тағы да бір күн өтті. Өтті – і – і.

Батқан күннің қызылына малынған шарбы бұлттар терістіктен түстікке қарай көшкен фламинго – қоқиқаздар сияқты қалықтап, баяу жылжиды. Тек, қызғылтым арай шалмаған бір шөкім ұлпа қарауытып, бұлардан алыстап, артта қалып қойды. Орнынан жылжымайды. Қанаты талған шығар. Ұяластарынан, тобынан, туыстарынан айырылып қалған шығар. Мен сияқты ғой.

Сұңғыла сорған қауындай бозарып, кеміген жартыкеш Ай көрінді. Досмырза директордың әйелі, біздің тәрбиешіміз Зүбаржат Зиба досына келгенде:

Ай юғары, Ай юғары,

Айға мінәсім килә.

Айға мінеп, Жиргә қарап,

Сезне күрәсем килә, –

деуші еді.

Зиба Айға мініп алған сияқты. Ай – Зибаның ақ бесігіне айналған сияқты.

Аспанда әткеншек теуіп, әндетіп отырған тәрізді. Азаптан құтылды ғой.

Азапсыз адамның ән салғысы келетін әдеті.

Айға мінген Зиба жерге көз салып, мені көрер ме екен...

Нар қамыс арасынан екі қырғауыл кезек-кезек әндетті. Балапандарын басып шығарса да, екеуінің бір-біріне ынтызарлығы таусылмайды. Бүрленбүрлен ішінен шекшек шырылдайды. Мұның мұң-зары таусылмайды. Енді осыдан таң ата бір-ақ талықсып барып тоқтайды.

Шалашыма да кірмей, екі тіземді құшақтап, Айға тесіле қарап отырып, ұйықтап кетіпшім.

Дүниеде не арсыз? Ұйқы арсыз, күлкі арсыз, қу тамақ арсыз дейді ғой. Ұйықтап кетіпшім.

Кілең ақ желең киген Зиба алыстағы Айдан көл созып, мені түрткілегендей болды. «Жаурап қалдың ғой» деген сияқты.

Оянып кетсем, тұлабойым тоңазып, жаурап қалыппын. Оны сезер-сезбес құлағымға әлдеқандай бөтен дыбыс естіді. Түрегеліп қарасам: қауындықтың ішінде қараң-құраң етіп әлденелер жүр. Жүрегім зу – у ете қалды. Албасты, дию, шайтан дегендер болады деуші еді... Бар даусыммен бақырып, озаңдата айқай салдым. Қауындықтың іші апыр-топыр болып, әлденелер тапырақтап қаша жөнелді.

Мал екен дедім. Жоқ, мал емес, арықтағы суды шалпылдатып арғы бетке өтті. Тасырлатып, Жетітөбе жақты бетке алып, шаба жөнелді. Мен де суды кешіп өтіп, арттарынан біраз жерге дейін жүрдім. Жеткізбеді. Атқа, есекке мініп алғандар. Соңынан адамдар екенін аңғарғаным. Араларынан біреу сояудай болып көрінді. Сейсен-ау дедім. Мен қалайы қасықпен ұрып маңдайын қанатқан Сейсен. Кекшіл екен, қызталақ.

Аулақтан қарашай қойшы Біләлдің иттері маңқылдады.

Қайтып келіп, қауындықты араладым. Қараңғыда жөнді көре алмадым. Бірақ қауын пәлектерінің шатысып-бытысып жатқанына қарағанда майқаны шыққаны байқалды.

Сәлден соң, таң бозарды. Енді анық біліне бастады. Енді сұңғыладан қорғайтын тұлдыр да қалмаған-ау. Қауынның көбі мыжылып, ішек-қарны ақтарылып, шопақтары шұбатылып жатыр. Майқандап, талқандап кетіпті. Шұбарала бұлттардың арасынан күрсініп Күн шықты. Ұялас қасқырлар жабыла жарған атан түйенің қарнындай болып, қауындық жайрап жатыр.

Әй, ит өмір-ай. Алажаздай айдалада арпалыспен өткен өмірімнің жемісі осы ма?! Анамнан ажырап, әпкем Зибаның моласына бір уыс топырақ, салуға да жарамай; көптен зарыға күткен Жеңістің ұлан-асыр тойына да қатыса алмай; дүниеден бейхабар қалып, қатықсыз қарасу ішіп, жүгерінің дүмбілін жеп, бозторғаймен бірге тұрып, батқан Күнмен бірге жағып, ұстарасыз өскен шашыма шоңайна тікен жабысып, жабайы өткен айларымның ақысы осы ма?!

Қауындық жаққа қарағым келмейді. Қарасам: сұңғылалар сорайып-сорайып, аңдыздап келе жатқандай көрінеді. Оларды енді жұлып керегі не? Нені қорғаймын? Өзі қорғансыз адам нені қорып жарытады. Қамыс қабырғалы шалашты теуіп-теуіп құлаттым. Үйіндіге от қойдым. Кеурек неме тез тұтанды. Ағаштан айқыш-ұйқыш кіреш жасап, үстіне қалбитып ескі шапан, жаман тымақ кигізіп қойған «қарауылдарды» ырғап-ырғап, жұлып алып, отқа тастадым.

«Қарауылдардың» біреуін ғана қалдырдым. Ол – өзім. Оны отқа тастайын дедім де, ойландым: өмір деген шіркін сұңғыласыз болмайтын көрінеді. Сұңғыла соғысы әлі біткен жоқ. Масқара боп жеңіле салмай әлі де айқаса беру керек дедім.

Кейін-кейін түсіндім: «Сұңғыла» деп өте көп білетін, ақылы асқан адамдарды да айтады екен. Бірақ олардың білімі адамзаттың игілігіне жараса игі. Әйтпесе, көбінесе адамзатқа таял көрінеді. Таяуда ғана Жапонияға әлдекімдер атом бомбасын тастапты. Жүз-мыңдаған адам қырылыпты. Ол атомды ойлап тапқан, о да пенде, сұңғыла деседі. Менің алажаз

бойғы мекенім лапылдап, есіректене өртенді. Сәлден соң шалаш орнында боп-боз күл қалды да, кейбір жері бықсып жатты. Өлі күл үйіндісінің жанында тұрып, төңірекке қарадым. А, айтпақшы, мая қалып барады екен ғой. Бір мая шөп. Оған от қояйын деп оқталдым да, тиіп тұрған нар қамысқа өрт шапшиды-ау деп ойладым. Қырғауыл күйеді ғой.

Хош, терістіктің суық желінен қамзау болған нар қамыс!
Хош, түні бойы махаббат жырын жырлайтын қырғауылдар!

Қауашағы жез қоңыраудай сыңғырлаған шеңгел тікен, сен де хош!

Хош, менің қанымды сорып масайраған масалар! Мен кеткен соң кімнің қанын сорар екенсіңдер?

Аспанға қарадым. Күн көтеріліп келе жатыр. Батысқа көшкен жартыкеш Ай тым-тым бозарып кетіпті. Қылаңытып әрең көрінеді. Зибаның бесігі... алыстады.

Тұлабойым қалшылдап, тоңып бара жатқанымды сездім. Тұра берсем қатып қалатын сияқтымын. Енді артыма қарамай, аулақтағы тас жолға қарай жүре бердім.

Мейірі түскен біреу-міреу көлігіне мінгізе кетер. Мінгізбесе жаяу жүре беремін. Екі аяқ не үшін берілген. Аяқты аяп кереті жоқ. Мезгілі біткенде өзі-ақ тоқтайды.

Хош, Молотов мектебі!

Хош, Ақмешіт интернаты!

Тас жол. Тұлабойым әлгі шалаштың өртінен шыққандай қызынып барады. Тұлабойым лапылдап барады. Бұл не? Жаңа ғана қалшылдап жаурап едім, енді өртеніп барамын. Неге?..

БЕЗГЕК

Тас жол Молотовтан өте бере, шығысқа қарай қасқаяды. Сол бұрылысқа күйіп-жанып әрең жетіп, артыма самарқау

бұрылып, ақырғы рет қоштасқандай аңырып қара – а – ап тұрмын.

Қоштасу керек. Кім біледі, енді кайтып Молотовқа оралмаспын. Қанша дегенмен, бір жылға жуық өмірім осында өтті ғой. Оның алты айға жуығы айдалада, қауын басында қалды.

Бүгін айдың қаншасы? Оны да білмеймін. Шамамен қыркүйек айы болар. Әлде басы, әлде ортасы, әлде соңы ма? Соңы болса, менің туған күнім өтіп кетті ғой.

Онда мен бір мүшелден, қатерлі мүшелден асып кеттім бе? Ай, өте қоймаған шығар. Айша айтып еді: «келер жыл – сенің мүшел жылың. Құдай аман қойса, он үшке толасың. Содан аман өтсең, ар жағында жаратқанның бұйыртқанын көре жатарсың», – деп еді.

Мұны былтыр Әулиеата жаққа көшіп келерде айтқан.

Сол он үшке толдым ба, толмадым ба? Есептеп те жүрмеппін. Күні тұрмақ, айынан да жаңылысып қалғанымды көрмейсің бе? Әйтеуір, жылынан шатасып қалмағаныма Құдайға шүкір. 1945! Бұл анық. Ал айы, күні... Робинзон менен ақылдырақ болған. Жабайы аралда өткен әрбір күнін тас пышақпен ағашқа кертіп, белгілеп қойып отырған. Бұл амал менің есіме келмепті.

Енді аңырып, меңіреу тұрғаным мынау.

Жиырма сегізінші қыркүйек өтіп кетсе жақсы. Әлі өтпесе бір қауіп бар. Мына екі аяқтың әлсіреп, бүгіліп-бүгіліп кете беретіні де содан шығар. Қауындықтан шыққалы бері үш-төрт шақырым жүрген болармын. Күн шыққанда мен де жолға түсіп едім, аспанға қарасам, күн сәскеден өткен сияқты. Соншама ұза – а – ақ жол. Содан бері тарқылдаған жалғыз полуторка өтті. Құйындата жөнелді.

Шаңның астында қалдым.

Сап-сары қауын артып бара жатыр екен. Әрине, отырғызбайды. Мен үстіне отырып алсам, шыдамастан, қауынды жарып жеп қойсам... Одан да қиыны: жолдың

қапталына лақтырып-лақтырып өзім түсіп қалсам... Шопырдікі дұрыс. Мендейді отырғызбайды.

Сірә, Талас жақтан келе жатқан болар. Сол жақ құмдауыт, қауын-дарбыз өседі деуші еді. Әлде Мырзагелдінің елінен бе екен? Ойық деген ел деуші еді. Ол жақта сұңғыла деген сұмдық жоқ-ау, сірә. Жездем де қызық. О басында сұңғылалы жерге қауын егіп, есіл еңбекті еш кетіргенше, мені сол Ойыққа неге алып бармаған? Сонда ексек қой, мына қауын артқан машинаның ішінде қазір мен отырар едім шіреніп. Атшабардың базарында сары қауын емес, сары алтын сатқандай тұрар едім шырт түкіріп...

Аспанға қарадым. Күн түс болайын деп қалған ба? Әр жерде мұндай тұра берсем, қалаға қашан жетемін? Қой, қозғалайын.

Бірақ еріксіз Молотов жаққа тағы бұрылып қарадым. Өне, ан – а – ау дәу ақ үй – мектеп. Мынау үлкен арықтың ар жағында тұрған – Ақ мешіт. Интернат. Жанындағы жатаған үйлер: Мырзагелдінің, Петренконың, Едігенің, Олжабайдың үйлері... Петренконың сары шашты, ақ балтыр, борықтай қыздары...

Қызда басың қалғыр... Өлейін деп келе жатқанда қыз сенің не теңің?! Өлім деген суық сөз. Қайдан есіме түсті? Жиырма сегізінші қыркүйек өтті ме, етпеді ме? Он үшке жеттім бе, жетпедім бе?

Лбіп басып келемін. Алдымда – Жетітөбе ауылы. Бұл да бір қатер. Жол сол ауылдың қақ ортасын жарып өтеді. Әлгі Сейсен сұмырайлар кездесіп қалса, қайтемін? Шыннан тағы да жабылып ұрар ма екен? Бұрынғыдай әлім жоқ. Не бәле болғанын білмеймін: әл-дәрмен жоқ. Тұлабойым біресе ысиды, біресе қалтырайды. Күн жып-жылы, бірақ мен жаураймын. Жол жағасына әлсін-әлсін отыра бергім келеді. Қисайып жата кеткім келеді.

Бірақ сананы бір құдірет түрткілеп, жатпа, жатпа, жатсаң тұра алмай қаласың. Жүре бер, жүре бер дейді.

Шыннан тағы да жабылып ұрар ма екен? Бұрынғыдай тістеніп төбелесуге қауқар жоқ. Қаңбақ сияқтымын. Түртіп қалса, құлайын деп келемін.

Жиырма сегізінші қыркүйек өтіп кетті ме, өтпеді ме?

Шыннан жабылып ұрар ма екен?

Кенет миымның бір түкпірі жарқ ете қалды: ұрғаннан да жаман бір қауіп бар. Ұрмаса да, көргенінің өзі бір қорлық. Мына түрімді көрсе, көтін ашып, күлін шашып күледі ғой!

Жетітөбеге жете бергенде мелшиіп тұрып қалдым. Ауылды айналып өтсем қайтеді? Көзге түспес үшін.

Бірақ ауыл аумақты. Әрбір адым азап. Әрі десе, ауыл сырты қалың шеңгел. Бұтымдағы жамау-жамау жаман шалбарды бір-бір жапырақтан жұлып алып қалады-ау. Аяғым да оңып тұрған жоқ; жыртық шоқай... Кенет көзімнің алдынан кемпірқосақ бояулар: қызыл, жасыл, сары, көк дөңгелек шеңберлер шыр айналып барып, аржағы қап-қараңғы түнек тартып, құлап бара жатқанымды сезіп: «Барсхан!» деген дауыстан селт етіп, бойымды түзеп алдым.

Артыма бұрылып қарадым. Ешкім жоқ. Жаңағы Зибаның даусы еді ғой. Зиба Молотовқа, Ақ Мешіттің жанындағы құрқылатайдың ұясындай кішкентай үйдің ішінде, темір төсектің үстінде қалып қалды ғой. Менің бұл кетіп бара жатқаным – қай кетіс? Ол қысылып – қыстығып жөтелгенде, оған мұрны пұшық, ақ шәйнектен кім қайнақ су кұйып береді? Ақшагүл мен Әбен әлі балақайлар ғой. Далаға ойнап шығып кеткен шығар. Зиба шашалып қалса, аузын сүртетін сүлгіні кім алып береді? Жастығын кім түзейді? Көрпесін кім қымтайды?

Алақандай көздері жалт-жұлт етеді ғой. Жаутаңдағандай болады ғой. Сыбырлап сөйлейді. Не дейді?

Молотов жаққа үздіге-үздіге қарадым. Ешкім көрінбейді. Ақбауыр бұлттар көшіп барады. Олар да шығысқа қарай бет алған. Баяу жылжиды. Мен сияқты олар да ауру ма? Неге баяу жылжиды? Бұлттар түсі суық болмаса да, бойым кенет тоңазып,

тісім тісіме тиіп, сақылдап ала жөнелді. Өз тістерім өзіме бағынбайды. Тоқтата алсамшы.

Сонда барып, өзіме өзім: «Зиба жоқ қо – о – ой!» – дедім. Дауыстап. «Жоқ қо – о – ой» дегеннің соңы: о – о – о – й – ға ұласып, аспанға қарап ұлып-ұлып жыладым-ай сонда.

Қақпанғатүскен қасқыр сияқтымын. Аяғым қақпанға түскендей жылжымайды.

Бір сәт тістерімнің сақылдағаны тыншығандай болды. Ауруым жоқ, сап-сау сияқтымын. Осы әлім барда жүріп алайын деп, Жетітөбе аулын қақ жарып жүгіргендей болып, зыта жөнелдім. Тезірек өтіп кетпекшімін. Интернаттан таныс балалар көрмесін. «Жақсы ит өлігін көрсетпейді!» – деген Айша.

Бектөбедегі Айшаға жетуім керек. Жолда өліп қалсам, менің кім екенімді ешкімде білмейді. Айшаға да ешкім хабарламайды. Жым-жылас құрып кетемін ғой.

Сонда із-түссіз жоғалып кеткен Барсханын Айша қайдан іздейді? Кімнен сұрайды? «Барсхан! Барсхан!» деген даусын, «Бары – ыс – ха – а – ан!» деген зарын өлген бала ести ме, естімей ме?

Жетітөбе көшесінің қос қапталына көз салмаймын. Ешкімді көргім келмейді. Көшенің дәл ортасында бір есек топыраққа аунап жатыр екен, содан басқаға назар салмай, ауылдың арғы шетінен де шықтым-ау.

Үһ! Темір жолға жеттім. Кәдімгі Шолақтауға баратын темір жол. Шолақта – а – ау.

Шоқайымның жыртығынан кішкене башпайым темір рельстің жылуын сезді. Сол-сол екен, тұлабойым қайтадан ысып ала жөнелді. Жаңа ғана жаурап едім, енді күйі – і – іп барамын. Көзімнің алдынан тағы да шоқ шашырай бастады. Аяғым еркіме көнбеді. Бүгіліп барып рельске отыра кеттім.

«Пойыздан сақтан!» деген жазуға көзім түсті. Түк әсер еткен жоқ. Шпалдар қап-қара, жып жылтыр. Семіз. Қара май сасиды. Жата қалып жаласаң, қарның тойғандай.

Шығыстан батысқа қарай созылып жатқан жалтыр қос сызық. Ерте көктемде осы сызықтың бойымен шпалдарды аттап-аттап, Молотовтан Жұма дейтін стансаға дейін барып қайтып едім. Мырзагелді бір туысынан көк сиырды алып қайт деп жұмсаған.

Сиырсыз қайттым. Кет, әйда, – деген сонда жездемнің туысы. – Шиеттей бала-шаға, кемпір-шал сол көк сиырдың көтіне қарап отырмыз, қашан туады деп. Қыстай сиырды біз бағамыз. Туар кезде сен алып кетесің. Тапқан екенсің ақымақты, – деген.

Зиба сөйтіп сүтсіз қалған.

Сол жолы мені теміржолшылар ортаға алып еді. Әсіресе әлгі протез қолды дәу... аты... атын ұмытып қалыппың, сол дәу мас болып, мені құшақтап, Шолақтауға кел, өзім жұмысқа аламын деп еді.

Мына жалтырап жатқан қос рельс сол Шолақтауға алып барады. Әттең, жете алсам сол Шолақтауға. Шолақтау емес, Шолақ Дәу. Оң қолы – протез. Сұрай-сұрай тауып алар едім.

Шолақтаудағылардың бәрі протез қолды емес шығар. «А, әлгі ана дәу ме?» – деп маған жол сілтеп жіберер еді. Тауып алар едім. «Ағатай, осылай да осылай, мені танымай қалдыңыз ба? Сонау ерте көктемде... иә, иә... сол менмін ғой. Шолақтауға кел, жұмысқа аламын, ақша табасың деп едіңіз...» Әттең, жете алсам сол Шолақтауға...

Шексіз рельстен көз алмаймын. Барып-барып, үзіліп кетеді, аржағы – сары сағым.

Шолақтауда алтынды күрекпен күреп алады деуші еді. Рас шығар. Әйтпесе, өкімет соғыса жүріп, ел ашығып жатқанда темір жол салмайды ғой. Тегін емес қой.

Қауын егіп, соны Атшабардың базарына апарып сатып, шырғтай болып киінбекші едім. Айшаға, Құрмашқа, Батырханға, теңгем артылса, Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай аталарыма, Шолпан, Қалатай, Үміт, Адас, Зұбайда, Гүлсім апаларыма мол базарлық алып бармақшы едім. Аталарым

қуанып, қауқылдасып: «Міне, азамат болды деген осы! Айтып ек қой, Барсханнан бірдеңе шығады деп, келді ғой айтқанымыз!» – деп қуанар еді.

Енді не болды? Мына сықпытыммен қалай көрінемін?

Кетсем бе екен Шолақтауға? Алтынды күректеп алатын Шолақтауға? Сары сағым-сары айдаһардай бүктетілді, бүлкілдейді. Бірте-бірте сары өзен тасып жатқандай болады. Ағып жатқан алтын өзен. Адамның арманындай. Алдамшы шығар. Осының бәрі алтын болса, жұрт неге солай қарай жосылмайды? Жөңкілер еді ғой баяғыдай-ақ. Әлдене өкіргендей болды. Мән бермей мәңгіріп отыра беріпшім. Көкейімде – Шолақтау. Шолақ қол дәу. Кетсем бе екен...

Әлдене ышқына өкіргендей болды. Бұрылып қарасам, Әулиеата жақтан арқырап пойыз келіп қалған екен, таяқ тастам жер қалғанда шақпақ тасты еңіске қарай домалап кетіпшім. Ақылым айтқан жоқ, әйтеуір түйсік шығар, инстинкт болар, пышақтай шақпақтастарға бетімді жырғызып, ылдиға барып бір-ақ тоқтаппын. Одан ары пойыздың доңғалақтары арсыл-гүрсіл зымырап бара жатқанын білемін. Сол доңғалақтардың зіл-батпан салмағынан жаңа ғана өзім отырған рельстің белі қайқаң-қайқаң еткенін білемін. Паровоздың қою қара түтіні еңістегі жусанға дейін есеңгіретіп, мас қылғанын, паровоздың екпінінен жел тұрып, мас жусан, қораз таптап кеткен мекіштей, ұйпа-тұйпа шайқалақтап, сілкінгенін білемін.

Вагондары, мойындары сорайған әлдене тиеген платформалары қандай көп еді, сақыр-сұқыр, гүрсіл-дүрсіл, әлі кетіп барады, әлі кетіп барады. Денем сезеді: жер дір-дір етеді. Бүгелек қонған жылқының сауырындай дір-дір етеді. Қара жердің өзін дірілдеткен қандай күш? Әлден соң жер дірілдегенін қоя қойды. Соңғы вагон шолтаң еткенде, рельс те қайқаңдамай қалпына түсті.

Пойыздың дүбірі бірте-бірте талықсып барып үзілді.

Пойыз кетіп қалды. Мені ала кетпеді. Қайда? Шолақтауға ма, әлде... Әлде... Қас-қағымда басымнан тұтас бір дәуір зуылдап өте шықты. Есімді жиып, басымды көтерсем, бойым жеңілейіп қалған сияқты. Ширақпын. Тоңып та бара жатқан жоқпын, ысып та бара жатқан жоқпын. Тәуба!

Тәуба дедім. Тірі қалдым. Алтыны құрысын. Аман қалдым. Енді, сірә, өлмейтін шығармын. Жаңағы пойызбен бірге менің туған күнім – жиырма сегізінші қыркүйек те құйындатып өте шыққан болуы керек. Мүшел, бірінші мүшел бітті!

Менің жасым он төртке қарай кетті.

Безгекті әлгі пойыз ұшықтап, ұшырып жібергендей. Біртүрлі көңілім сергек, ақылым анық. Аспанға қарасам, күн төбеден ауып барады.

Жүр, – дедім өзіме өзім. – Жүр, Барсхан. Алда не күтіп тұр, Алла біледі. Екінші мүшел жол үстінде басталды. Бұл жол қаншаға созылады, Көк тәңірдің жазуы бар, сол біледі.

Тек Сол ғана біледі.

АРЫЗ

– Апа!

– Не, Барсхан.

– Тырналар ұшып бара ма?

– Қайда?

– Далада.

– Қайдам. Далаға шығып қарайыншы.

Айша далаға шығып, қайтып келді.

– Тырналар көрінбейді, Барсхан.

– Тыраулады ғой. Менің де ұшқым келді ғой. Тырналар қайтқанда ұдайы біздің үйдің үстінен ұшып, Жабағылы жаққа кетуші еді ғой...

Айша еңкейіп бетіме үңілді. Тіпті жып-жылы демін де сезіндім. Айша ылғи осылай бетіме бетін тақап отыра берсе, соның демінен мен тезірек жазылып кетер едім. Бірақ оған мұршасы жоқ қой. Қызылшаға кетеді. Бұл елде де қызылша егеді. Біздің Мыңбұлақтағы сияқты. Бұл елдің қызылшадан басқа тамағы жоқ па, немене... Бәрі де қызылша егеді.

– Қызуың тағы көтеріліп кетіпті ғой, – деді Айша маңдайыма алақанын басып тұрып. Алақаны күс-күс. Сипағаны-тырнағандай сезіледі. Бірақ жағымды. Осылай басып тұра берсе, мен жазылып кетер едім. Бірақ жұмысқа кетеді. Қызылша аршиды. Содан да алақаны күс-күс. Қызылша иісі шығады. Жуса да кетпейді. Кір сабындап жуса да кетпейді. Егер елде кім бейнетқор, кім ақсаузақ деген кәмесия шықса, Айшаны айтпай-ақ таныр еді. Бірақ ондай кәмесия жоқ. Мүмкін, о дүниеде бар шығар. Әркімді адал еңбегіне қарай бағалайтын кәмесия сонда болар. Егер болса...

– Енді кәйттім? – деді Айша аңтарылып. – Сені қалай тастап кетемін. Түс көрдің бе? Тырналар қайдан есіңе түсті?

– Түс көрдім, апа. Мыңбұлақтағы біздің үйдің төбесінде бір кәрі бүркіт отыр.

– Ойбу, Тәңір-ай. Ол Мұртазаның аруағы ғой, бізден адасып қалған.

Айша айналақтап, қара құманды бір ұстады, шайқап-шайқап қоя салып, ағаш шөмішті алып, қазанның қақпағын ашты. Тарс еткізіп қайта жапты. Қаңырап қалған болса керек, қайтып келіп, шеке тамырымды сұқ саусағымен басып көрді.

– Апыр-ай, бадырайып кетіпті ғой. Лыпылдап тұр ғой. Қой, мен жұмысқа бармай-ақ қояйын.

– Бара бер, апа – а – а. Бригадир ұрсады ғой.

– Қайда барсаң – Қорқыттың көрі, қараң қалғыр. Елге барсаң – Тасбет. Мұнда келсең – Қорабек! Кілең бригадир. Мен айтып, рұқсат сұрап келейін.

Айша сықырлауық есікті ашып, шыға жөнелді. Қауындықтан қайтқалы жарты айдан асса керек. Мен оны қайдан білейін, Айша айтады:

«Тәңір-ау, жарты айдан асты, беті бері қарамайды. Сүйек-сүйегінен өтіп кеткен бе, бұл неғылған кесел», – дейді.

Бектөбеге Айшаға жетіп жығылғанымда, есімді білмесем керек, түп нағашыларым: Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай келіп, жиналып, кеңесіп, ем-дом жасағандарын да білмеймін. Саид – Акбар қожаны алдырып, қаратқанын да білмеймін. Ернім ерніме жуыспай өлім мен өмір арасында, қыл көпір үстінде жатсам керек. Тек тісім сақылдайды.

– Шашыратқы қайнатып, соның суына шомылдыр баланы, – депті Саид – Акбар қожа.

Қыркүйектің соңында шашыратқы қайдан болсын, құрап кеткен ғой. Айша сонда да Асаның бойына барып, су жағасынан шала құрай теріп әкеліп, қазанға қайнатып шомылдырған екен, одан да шипа қонбаса керек.

Қали атам қаладан сап-сары, удай ащы «хинин» деген дәрі әкеліп беріпті. Сәл сәтке сергітеді, кешке қарай тағы да жын қаққандай селкілдеп ала жөнелемін. Қали атам айтады: бұл жай безгек емес, басқа бір түйін бар...

– Ол не? – дейді Айша.

– Мен көріпкел дейсің бе? Білсем, жазып жібермеймін бе, – дейді Қали атам күйініп.

Басқа бір түйін... Ол қай жерде? Тұла бойымды дел-сал қылып, жарық дүниенің ештеңесіне қызықтырмай, меңіреу тарттырып қойған не пәле? Түйнеп те ауырмайды, шаншып та ауырмайды. Тек қыздырады, тек суытады. Өн бойымда ыстық пен суық арпалысады да жатады. Жазғы шілде мен қысқы шілде менің денемде төбелеседі келіп, төбелеседі келіп...

Денемнің жартысы – Африка, жартысы – Арктика. Бірі мені табаға салып шығғырады. Бірі мені мұздатады.

Аурудың түрі осындай. Ал жазып көр. Саид – Акбар қожаның өзі шарасыз болса, бұл кеселге не дауа?

Айша қайтып келеді.

– Қали нағашыма айтқызып жатып, әлгі Қорабекті әрең көндірттім. Түске дейін рұқсат берді. Бүгін күн жылы көрінеді. Саған дәрі беріп, кірінді жуайын.

Дәрі берді. Сол баяғы сап-сары зәр. Хинин дейді. Жазуы солай. Аузыма салып, басымды жастықтан көтеріп, сыры кеткен, кетік тостағанмен су ішкізді. Зәр-зәр. Шашалып қалдым.

– У ғо – о – ой, – дедім үнім әрең шығып.

– Уды у қайтарады. Құдай сәтін салса, жазылып кетесің, – деді Айша аузы-басымды, ыршып шыққан көз жасымды орамалмен сүртіп жатып.

– Удың соңы тәтті болады. Араны көрмейсің бе шақса – у, сөлі – бал.

– Бал деген не?

– Ойбу, байғұс балам-ай, сен бал жеп көрмеген екенсің-ау. Ай, бірақ баяғыда, Мұртаза барда жеп едің ғой. Мұртаза Борандының базарынан ылғи алып келуші еді. Есіңнен шығып қалған екен-ау. Үйге кісілер келгенде сандықтан алып, дастарқанға қоюшы едім ғой. Сонда сен «бал-бал» деп қыңқылдайтының қайда? Ұмытып қалғансың ба? Сонда Түлкібастан келген Қарақожа жарықтық:

– Бер, бер. Барсханға әсел бер, – деуші еді ғой.

Балды әсел дейді екен ғой.

Есімде жоқ. Елес бар, есте жоқ. Айша да қызық. Қай-қайдағыны айтады. Мұртазаның балы тұрмақ, өзін де есіме түсіре алмай қиналамын. Менде осы әке болғаны рас па деп Мұртазаның бейнесін іздеп, миымның түкпір-түкпірін тінткілеп іздеймін: бірдеңе бұлдырайды, бұлдырайды, кісі көрінгендей болады, бірақ түр-түсі білінбей, шалықтап кете береді. Бесіктегі бөпенің көзіндей шалықтайды. Ар жағы – мұнар, мұнар. Бөпе де алғашқыда анық көре алмайды ғой.

Менің төсегім үйдің оң жақ қабырғасына тақау. Төсек болғанда – жүгерінің паясы. Соның үстіне киіз төсеп, оны ескілеу болса да таза сейсеппен қаптап қойған. Жайлы. Бірақ мен қимылдаған сайын жүгері пая «сыбдырлайды». Арасында тышқан жүгіріп жүргендей сыбдырлайды.

Әлгі қабырғаның ар жағынан кейде-кейде музыка естіледі. Талып-талып, әрең естіледі. Сірә, қабырға қалың болар. Мен құлағымды түріп, құлағымның қалқанына алақанымды жалғап, бар ықыласым ауып-ақ тыңдаймын. Сонда да жәй ызыңы ғана, болмашы елесі ғана жетеді санама. Бірақ естуге ынтығамын. Ып-ыстық басымды қабырғаға тақаймын. Әктелмеген, сылақ жүргізбеген балшық қыш бетімді тырнап кетеді. Сап-салқын.

Біреу мұңлы ән салады. Көрші үйдің әйелі ме деймін. Бірақ сыбызғы қосылғандай болады. Онда патефон болғаны ғой. Патефонды білемін. Мыңбұлақта шұбар мұғалім апайдың үйінде бар болатын. Тәмпіш мұрын тәлпіш қыз үйіне ертіп барғанда есіткенмін. Айналып тұрған қара табақ та ән салады екен-ау деп таң қалғанмын. Ол бір ойнақы ән еді. Ұмыттым.

Ал мынау басқа ән. Әттең естілмейді. Естіледі, тек ызың. Әлде ешқандай патефон емес, ызыңдап, шулап жатқан өз басым ба? Басымның ішінде патефон бар ма?

Біздің тұрып жатқан ұямыз – Бөкен деген кісінің үйінің бір қуысы. Сірә, қамба тамы ма, әлде тауық тамы ма, әйтеуір өз үйіне жапсарластыра салған бірдеңе. Бөкен менің Сәли, Қали аталарымды сыйласа керек, солар айтқан соң Айшаны, Құрмашты, Батырханды осы қуысқа кіргізіпті. Бос үй жоқ қой. Әйтеуір баспана. Айшаның нағашыларында да бос бөлме жоқ.

Енді қайтсін. Айша, амал жоқ, кірген ғой. Далада қала ма? Рахмет Бөкенге.

Соның үйі жағындағы қабырғаға құлағымды төсеп жатырмын. Айша даладан кіріп келіп, бұл жатысымды көріп:

– Қабырғаға бетіңді тақама! Ауруың аз ба еді, – деді.

– Апа, – дедім.

– Ау, Барсхан.

– Мынау үйдің патефоны бар ма?

– Бар-ау деймін. Әндетіп жатады ғой, әйтеуір. Қатыны жас. Көңіл көтергісі келетін шығар. Қызы да бойжеткен...

Сөйтсем, Бөкеннің әйелі қайтыс болып, жаңадан үйленген екен. Бөкенді бір-ақ рет көрдім. Молотовтан келген күні. Есім кіресілі-шығасылы еді. Келе құлағанмын. Сонда әркім-әркім кіріп-шығып жатқан. Бәрі Айшаға:

– Құдай сақтасын, жазылып кетеді.

– Безгек қой.

– Ештеңе етпейді, – десіп жатқан. Сонда Айша маған айқайлап:

– Мына кісі – Бөкен нағашың. Тәңір жарылқап, жамандық көрмегір, осы кісі мына үйіне бізді кіргізген, – деген соң, дүние мен үшін бір тиын боп жатсам да, бізге жақсылық істеген адамды көрмек үшін бұрылып қарағанмын. Түсі суық, қарасұр, егде кісі екен. Көзі шатынап, кірпік қақпай, шақшия қарайды екен. «Рахмет» дейін деп едім, кезерген ернім жыбырлауға келмеді-ау деймін.

Содан қайтып әлі көрген жоқпын. Ол қабырғаның ар жағында. Мен бер жағында. Жас келіншегі бар екен. Ол патефон ойнатқанды ұнатады екен. Ау, бәлкім, бойжеткен қызы шығар.

Жас келіншектің өгей қызы. Әлде екеуі де әнге, музыкаға құмар болар. Қайдан білейін? Көрген жоқпын ғой. Бір үйде тұрамыз. Бірақ көріскен жоқпыз. Келіп-кетіп, кіріп-шығып жүрген шығар, оны мен білмеймін.

– Апа, – деймін.

– Ау, Барсхан.

– Осыдан жазылып кетсем, патефон сатып алар едім.

– Аласың, Барсхан, аласың. Әуелі жазылшы.

– Ақша табу керек.

– Ақшасы түскір таптыра ма... Өзің науқассың.

– Шолақтау...

– Қайдағы Шолақтау?

Айшаға жауап бергенше, тұлабойым қалшылдап ала жөнелді. Тістерім сақылдады. Шолақтауға бара жатқан пойыздың доңғалақтарындай сақылдап алды да кетті. Сөйлеуге шамам келмей қалды. Үстімдегі көрпені аяғыммен теуіп-теуіп, ысырып тастап, аласұрдым-ау... Үй өртеніп бара жатыр... Қауындықтағы қамыс күрке өртеніп, мен содан шыға алмай жатырмын... Мая өртеніп, нар қамысқа тиіп, қырғауылдар парылдап ұшты дейсің. Қанаттары лапылдап жанып барады. Бір-екеуі жалын құшып, жалп-жалп құлады.

У-шу, ызы-қызы... көзімді ашып қарасам, Құрмаш пен Батырхан шырылдап жылап тұр екен.

– Өшпіріңдер үндеріңді! – дейді Айша. – Бұл өзі күн батқанда өстіп қысатын ауру. Қояды қазір. Е, қойды ғой, көзін ашты ғой. Барсхан. Барсхан, а, Барсхан, ыстығың басылайын деді ме?..

Алақанымен маңдайымды басып отыр. Бәлкім, осы алақан шығар әлгі өртті өшірген. Айша мені өрттің ішінен алып шықты ғой. Мен баяғыдан бесікте қара шешектен іріп, уылжып жатқанда да осы алақан айқын ажалдан алып қалған.

Айшаның алақаны күс-күс, қызылша жапырағының нілінен көгістеніп кеткен, оның не күш-қуаты болушы еді деп ойлай көрмеңдер. Олай ойлаған адам қатты қателеседі. Айшаның алақанында құдірет бар. Мен соған көзім жетті.

– Алақаныңды маңдайымнан алмашы, апа.

– Алмаймын, күнім, алмаймын.

– Апа десе!

– Ау, күнім.

– Мен саған әдемі көк көйлек, ақ жібек шәлі, әміркен кебіс-мәсі әкелмекші едім. Құрмашқа да, Батырханға да базарлық әкелсем бе деп едім...

– И – и, ниетіңнен айналайын. Бізге аман келгеніңнің өзі мың базарлық, Барсхан.

– Қауын сатып, байымақшы едім... Сұңғы – ы – ла сорып қойды. Сұңғыланы жеңе алмадым. Қауынды сорып құртып, енді ішіме кіріп кетіп, мені сорып жатыр. Сұңғы – ы –ла жама –а – ан. Ол жеңілмейді. Жұла берсең, қайта-қайта шыға береді. Көрдің бе, дәрі ішсем сәл басылады. Қайтадан қалшылдатады. Бұл безгек емес, бұл – сұңғы – ы – ла! – Даусым қатты шығып кетті. Қайтадан дірілдей бастадым. Енді өне – бойым мұз құрсанып, суықтан дірдек қақтым.

– Жап көрпені! Шапанды да – а – а...

Менің үш жанашырым. Үшеуі үш жақтан мені қымтап жатыр. Үстеріндегі шапандарын да шешіп жауып жатыр.

– Маңдайыма алақаныңды бас, апа!

– Басайын, күнім, басайын.

– Апа!

– Ау, күнім.

– Мен өліп қалсам, Мыңбұлаққа... Қалай жеткізесіңдер?

– Ойбай, Құдай! Не дейді мына бейбақ?! Айтпа ондай сұмдықты! Ауырған адам өле сала ма екен? Сен сонау қара қырғын – қара шешектен де өлмей қалғансың. Сен, сен... Жо – жоқ, өлмейсің, ойбай! Даусы бәсеңдеп, маңдайымды алақанымен баса түсіп:

– Уай, Көк Тәңірі! Иә, аруақ! Ақсарбас! Құтқара гөр құлынымды! Не жаздым мен бейшара? Күнәм қайсы? Көп бәле көрдім. Жастайымнан жесір қалдым. Бірақ күнәһарың мен емес, мен емес, мен ем – е – ес! – деп үйшік төбесіндегі қарлығаштың бос қалан ұясына көзін қадады.

Көзінен ыстық жас бұлақтап ағып, менің бетіме тырс-тырс тамды. Бір-екі тамшысы кезерген ерніме де тиіп-тиіп кетті. Қолыммен сүрте алмадым. Тіліммен жаладым.

Ащы екен. Хинин дәрісі сияқты. Бәлкім, одан да ащылау. Кеуіп жатқан аузым ылғалданып ала жөнелді. Әлгі екі тамшы жасты түкірігіммен қоса жұтып жібердім. Дермене шөптің сөліндей тез аңқама жайылып, өңешім ашылып, сарайым кеңіп

сала бергендей болды. Көмейіме біреу зәм-зәм сеуіп жібергендей.

Жаурағаным сап тыйылды.

Қолыммен шапандарды, көрпені серпіп-серпіп тастадым.

Сылақсыз, сүп-сұр, қам кірпіштің ар жағынан әуен ызыңдайды. Әуелі сонау қауындық бойындағы шеңгел мен нарқамыс екен деп қалдым. Ызыңдайды. Сөзін естімеймін. Әлде сөзі жоқ шығар. Үлкен зар, шексіз сағыныш бар. Әлдеқандай жалынышты. Әлдекімнің әлдекімге арызы сияқты.

Мүмкін, Айшаның арызы. Әлгінде ғана ол Құдайға арыз айтты ғой. Мен саған не жаздым, Құдай? Барсханды аман қыла гөр! Мен күнәһар емеспін. Не үшін мұншама қинадың жанымды? – деді ғой.

Сол арызы мына сылақсыз, сұрықсыз, қам қышқа сіңіп кетіп, енді музыка сарынына салып тұр-ау деймін.

Жоқ, патефон екен ғой дедім. Іңір өшіп, түн түгел түскенде, патефон үні сәл-пәл екпінділеу естіледі екен.

...Қоштасып жатқан сияқты. Құлағымды түрпідей жабайы қышқа тақай түсемін. Иә, қоштасып жатыр. Туған ел дей ме? Туған ел. Мыңбұлақ қой. Бердімбет сайы ғой. Сай қабағында тұрған Мұртазаның ақ үйі ғой. Біз тастап кеткен. Неге тастап кеттік? Аруақтар адасып қалды-ау. Төбесінде кәрі бүркіт неге отыр?

«Енді есен бол», – дейді.

Ол мен ғой. Мыңбұлақпен қоштасқан. Әктелгені көшіп, қотыраштау болып, сонда да алыстан аппақ болып көрінетін қоржын там. Сол ғой. Менің ұям!

«Туған ел, енді есен бола – а – а – ай», – дейді.

Анық естілмейді, тек шамалаймын. Мына сүйкімсіз суық кірпіштерді ұрып құлатсам ба екен. Анық естілмейді.

Жаныма тағы да Айша келді.

– Тақама басыңды қабырғаға. Қабырғаға жабысып жататының не осы?

– Апа.

– Не, Барсхан?

– Патефон.

– Е, шыда. Ертең сұрап көрейін ана жас келіннен. О да бір патипоншыл екен. Ұят емес пе, күйеуінің көзінше патипон ойнатып отырғаны.

– Сағынады ғой...

– Кімді?

– Туған ел...

– Е, жақында ғана келді ғой төркінінен.

Айша үндемей қалды. Күрсінді. Содан соң:

– Кім біледі бейшараны, – деді. – Жап-жас екен. Қу соғыстың салғаны ғой. Әйтпесе, Бөкен әкесіндей кісі. Қызымен жасты қызды алып... Әйбу, айтпақшы, Кенжегүл апаң есіңде ме, Барсхан? Сол айтушы еді ғой: «Айналайын, жастар-ай, қосылар ма екен бастары-ай. Қырып-қырып сақалын, шал құтырды, масқа – ра – ай», – деп әндетуші еді ғой, Кенжегүл апаң.

– Тірі ме екен?

– Кім?

– Кенжегүл апам.

– Жүрген шығар...

Кенет ән-әуен үзіліп қалды. Қайталамады.

– Қап, – дедім.

– Не болды?

– Патефон.

– Е, түнімен ойнап тұрса деп пе едің? Әне, Құрмаш пен Батырхан да ұйықтап қалды. Сен де ұйықта, – деп Айша түрегеліп барып, майшамның білтесін басыңқырап, өлегізітіп қойды.

Музыка тыйылды. Қарақотыр үйдің іші қабартып, қабағын түйе қалды.

– Апа!

– Не, Барсхан?

– Алақаныңмен маңдайымды басшы.

Басты. Бірте-бірте, күс-күс алақанының қызылша нілі бітеп тастаған сызықтарынан маңдайыма күн сәулесі себезгілеп тұрғандай, жып-жылы бір нұр құйылды. Әлгі музыка қайта оралды. Сағына-сағына, үзіліп-үзіліп, талып барып жеткендей.

– Апа!

– Не, құлыным?

– Осы мен он үштен астым ба?

– Қайдам, құлыным, оны неге сұрадың?

– Баяғыда өзің айтып едің ғой...

– Не деп?

– Он үш – мүшел деп.

– Иә.

– Қатерлі деп едің ғой.

– Қой, құлыным, қайдағыны айтпа. Сен одан өтіп кеттің білем.

– Бұл қай ай?

– Ойбу, ұмыттым ба... Қыркүйек пе...

– Қыркүйектің жиырма сегізі өтті ме?

– Ай, Құдай-ай, өтті-ау деймін, Барсхан.

– Анығын айтсаңшы!

– Мен күн санап жүр дейсің бе, қайдан білейін?

– Қали атамнан сұрасаңшы.

– Олар ұйықтап қалды ғой... Не болды сонша, оның керегі не?

– Егер он үшке әлі толмасам – қауіп.

Айша селк ете қалды.

– Қой, құлыным, айтпа қайдағы бәлені. Қайда – а – а, одан өтіп кеттің ғой.

– Апа!

– Ау, құлыным?

– Патефон неге тоқтап қалды?

– Таң атсын, құлыным. Таң атса, әлгі жас келінге айтып, пәтипоныңды сұрайыншы.

– Апа!

– Не, Барсхан?

Айтарымды да, айтпасымды да білместен біраз жаттым.

– Не, шырағым, не айтайын деп едің?

– Осы о дүние деген рас па?

– Мен қайдан білейін, құлыным. Рас дейді ғой. Оны неге сұрадың?

Мүдіріп қалдым.

– Мен... өлсем... күнәм көп пе, аз ба?

– Ойбай, Құдай, мына бейбақ не дейді? Жаман сөз айтып, пәле шақырма! Сенде неғылған күнә, он екіде бір гүлің ашылмай жатып...

– Тасбетке тілім тиді ғой, үлкен кісі, ұят болды ғой... Жуантайдың үйрегін ұрлап...

Айша алақанымен маңдайымды баса түсті. Дәті берік-ақ еді, кемсеңдей бастады.

– Өзі жырым-жырым, жарты көңілді жүдете бересің бе, Барсхан. Қайдағыны айта бермесеңші, құлыным. Тасбет өзі кінәлі, жазасын тартар әлі. Жуантайдың үйрегін жеп қойған жоқсың, қайтып апарып тастап едің ғой. Қайдағы-жайдағы қайдан есіңе түсіп жатыр? Одан да ұйықтап қалшы, құлыным.

Бетіме тырс етіп, жып-жылы бірдеңе тамды. Айшаның көз жасы ғой. Аузыма, ерніме тамар ма еді. Жылу – Анадан. Жылу – Алладан. Жылу – Күннен. Жаным жай тапқандай. Қолымды әрең көтеріп, Айшаның көз жасын сүрттім. Ұзын кірпіктері алақанымды қытықтағандай болды. Әлсіз қолым кенет бұлшықтанып кеткендей. Айшаның кірпік екеш кірпігіне дейін қуат-қайнар сияқты.

Айша қолымды алып, алақанымды сүйе берді, сүйе берді... Тұлабойым балбырап, ұйықта –а – ап бара жатқанымды сезбей де қалдым.

Ертеңіне кешке біздің құжырамызға көршілер келді. Бөкеннің жас келіншегі және бойжетейін деп қалған өгей қызы. Айша сұраған соң патефон ала келіпті. Жас келіншек аңқылдап қалған ашық жан екен, ай-шай жоқ, келе маған тиісті:

– Жігіт адам да өстіп жатып ала ма екен? Не бұл? Безгек те ауру ма, тәйірі! Өзіміз де ауырғанбыз безгекпен. Бірақ ауырдым деп елең қылған емеспіз. Онысы несі! – деп сампылдай жөнелді.

Ә дегенде о жарлау көрінгенмен, үнінде ойнақы, жайдары, жақсы қылық бар.

– Әй, Айсұлу, ойнат патефонды. Бұл жігіт қазір-ақ тұрып кетеді, – деді өгей қызына.

«Жігіт» дейді. Біртүрлі ерсілеу. Мен әлі баламын деп жүрмін. «Жігіт» деген сөз, әсіресе жас әйелдің аузынан шыққанда адамды біртүрлі қытықтағандай болады екен.

Әдемі. Жайдары. Қылықты. Бірақ өзімен қатар, бәлкім, үш-төрт жас үлкен шығар, сол өзі тұрғылас қыздың «шешесі» болтаны үйлеспейді-ақ. Тағдыр кімге таяқ жегізбейді? Енді әкесіндей Бөкеннің қатыны болса, оны да Құдай қылат та.

Алдымен «Маусымжан» деген ән шырқалды. Мен селт етпедім. Көңілім басқаны, түнде мына қотыр қабырғаның ар жағынан естілген әуенді іздейді. Бірақ атын білмеймін.

– Ұнай ма? – дейді жас келіншек төсегімнің шетіне отыра беріп. Ой, сонда ыңғайсызданғаным-ай. Бір түрлі өзімнен өзім қысылып, терлеп ала жөнелдім. Бөтен әйел жаныма келіп, жақын отырғаны бірінші рет. Ұят-ай. Әрі десе, астымдағы жүгері пая төсеніш сыбдыр-сыбдыр етіп, менің жадаулығымды жария еткендей, қаудырлап ала жөнелді. Мен қотыр қабырғаға қарай жылжи түстім.

– Ұнай ма?

Мен қысылып үндемедім.

– Мына жігіт ұялшақ қой өзі, – деп жас келіншек шап етіп, шашымды ұйпалақтай бастады. Мен шегіншектей бердім.

– Ұнай ма, ұнамай ма?

Бұл кезде «Маусымжан» бітіп, шыркөбелек айналған қара табақшадан «Жайдарман» айтыла бастады.

– Кешегі... – дедім мен үнім әлсіз, әрең шығып.

– Кешегі? Ол қайсысы?

– Не шығар, анау, Күләш айтатыншы, – деді өгей қыз.

– Е, қойып көрші, – деді жас келіншек.

Атын сұрайын деп оқталдым да сұрамадым. (Менің осы осалдығым өмір бойы алдымнан тосқауыл боп тұратын шығар).

«Ата-анам, ақ батаңды аттап кеттім...» – дейді ән. Табақша тозған ба, қырылдап-сырылдап, әуен бұзыла береді екен. Бірақ соның өзінде тек сарынын тыңдау керек сияқты. «Туған жер, енді есен бол» дейді. Онысы анық. Кім ол? Музыкасы... Жүрегім елжіреп, тамағыма бірдеңе тығылып қалғандай жылағым келді. Тістеніп бақтым.

Бірақ әлгі келіншек бәрібір байқап қойды. Енді бірыңғай жарқылдап, ойнақылданғанынан тыйыла қалды. Ойланып бетіме қарады.

«Туған жер, енді есен бол...»

Мынау мен ғой. Тәңіртау... Мыңбұлақ... Күміс бастау...

Жалбыз бастау... Көк көбелек... Сары шымшық... Сиыр-құйрық... Гүлқайыр... Шырмауық шытыр... Көкбас жуа... Киікоты... Көкемарал... Торы тобылғы... Шолпан кебіс...

Көз алдыма бәрі-бәрі келді. Бәрі де бас изеп, қол бұлғап шақырғандай болады. Жүгіріп-жүгіріп жеткім келеді.

Бірақ жатысым мынау. Қотыр қабырғаға қарай бетімді бұрып жаттым. Мен қанша тырыссам да болмай, көзімнен жылжып, жып-жылы жас ақты. Миығымнан ерніме келіп тиді. Тіліммен жалап қойдым. Құдды Айшаның көз жасының дәміндей. Ащы. Мүмкін, бұ да дәрі шығар. Жас келіншек иығымнан тартып, бетімді бері қаратты. Оның да мөлдір қара көздері жасқа шып-шып толып тұр. Енді-енді болмаса тамып кететіндей.

Есік шиқылдап ашылып, үйге біреу кіріп келді. Айша екен десем, Айша емес. Ол қызылшаға кетіп қалған ғой.

Бөкен көршінің өзі екен. Көзі ежірейіп, қасқыр көрген ешкінің көзіндей шақшия қалды. Жас келіншек орнынан ұшып тұрды. Өгей қыз патефонды тоқтата қойды.

– Бұл неғылған жын-ойнақ?! – деп ақырды Бөкен. – Жоғал!

Жас келіншек пен өгей қыз ата кеп жөнелді.

Бурыл бас Бөкен маған ызғарлана бір қарады да, өзі де сынық есікті бажылдата тарс жауып, шығып кетті. Қотыр қабырғаның ар жағынан шаң-шұң дауыс шыққандай болды.

Қотыраш қабырға. Мен – жалғыз. Денем ыситын шығар, иә тоңатын шығармын. Безгек буындырар деп секемденіп едім, жоқ, бойым жеңілденіп қалған сияқты. Жүгері паяны сылдырлатып, қолымменен жер таянып, орнымнан тұруға ұмтылып көрдім. Екі-үш ұмтылып барып, әрең түрегелдім. Көзім қарауытып, басым айналғандай болды. Қатқыл қабырғадан ұстай алдым. Сәлден сон айнала анық көрініп, есім қалпына келді-ау деймін. Алдымен көргенім патефон болды. Ақырын-ақырын, қаз-қаз басып, жанына барып, құлағын қайырып, инені табақшаның шетіне жайлап қойып едім... Сикырлы, мұңды, терең сағыныш сарын сарнап ала жөнелді. Тіреуге сүйеніп сілейдім де қалдым. Ән: «Қарғама жалғызыңды...» – деп аяқталды.

Бұл менің Аллаға айтқан арызым еді.

Жан-тәніммен, іштен ақтарыла айтылған жалбарыну осы болды.

ЕРУЛІК

Бәрі Құдіреттің күші ғой деп ойлаймын. Қарап тұрсаң бұл тіршілік қарама-қарсы қайшылыққа тұнып қалған сияқты.

Жарық дүние кілең жақсылықтан жасалған деп айта алмайсың. Алдыңнан бір жақсылық жарқ етсе, артынша бір жамандық сұңқиып келе жатады. Жап-жарық Күннің соңынан қап-қараңғы түн келетіні сияқты.

Әйтпесе, патефонда тұрған не бар?

Бәрі сол патефоннан шықты.

Ол бір жағынан мені азабы қалың аурудан аман алып қалған – сыман. Әлгі әннен кейін «Әзірейілдің» беті қайтты-ау деймін. Әйтеуір, безгек қысқанын қойды. Әлде, Айшаның көз жасы дәрі орнына жүрді ме, кім біледі, әйтеуір Алланың мейірімі түсіп, бетім бері қарады. Кәдімгідей қағылезбін. Әлгі әуен кеудемде ыңылдайды да тұрады. Оны ұмытсам, қайтадан қалшылдап құлап қалатын сияқтымын.

Екінші жағынан сол патефонның қырсығы тиді. Шатақкөз Бөкен жас келіншегін сабап тастапты. «Неге сен ана баланың қасына барып жантайып отырсың?» – деген дей ме. «Неге сен патефонды сол үйге апарып ойнатып, ақақаулап күлесің?» – деген дей ме...

Әйтеуір, не керек, жас келіншек жазықсыздан жазықсыз таяқ жепті. Сонда деймін-ау, он үштегі «мұрынбоқтан» қызғанғанда, шатақкөз Бөкен уыздай жас келіншегін басқалардан қалай қорғайды? Құдайға шүкір, бұрынғыдай емес, қазір ауыл толған азамат. Кілең әскерден қайтқан «аш қасқырлар». Әскерге бармаса да, менен гөрі ересек, бозбала, «жас қасқырлар».

Қырғын соғыстан қайтқандардың қылшылдап тұрғаны шамалы. Ақсақ-тоқсағы, шолақтары көп те, он екі мүшесі түгелдері аз. Солардың біреуі Бөпетай атамның үлкен ұлы Тұрғынбек. Жіптіктей көркем жігіт. Сірә, офицер. Өйткені фуражкасы бар. Шинелі де әдемі, өзіне жарасып тұрады. Қызығамын.

Өзгелердікі мыжырайған пилотка, аяғында – обмотка. Сонымен не керек. Айша айтты:

– Қой, бұл үйде тұрып оңбаспыз. Көшеміз, – деді.

– Қайда?

– Үбәйданың үйіне.

– Ол кім?

– Менімен бірге қызылшада істейді. Байы әскерге кеткен. Хабарсыз. Өзіндей ұл баласы, одан кіші қызы бар. Қоржын там ғой. Соның бір жағын босатып беретін болды. Мына тауық тамнан гөрі тәуір.

Айша айтты – болды. Оған қарсы келу жоқ.

Шынымды айтсам, мына қотыр қабырғалы жабайы тамға бауыр басып қалғандаймын. Біртүрлі кеткім келмейді. Өмір мен өлімнің арасында арпалысып жатқан жер. Қотыр қабырғадан музыка сыңсып тұратын мекен.

Жас келіншек не халде екен? Атын да сұрамаппын. Айша айтады: содыр шал көзін көгертіп тастапты дейді. Көкала қойдай қылып сабапты дейді. Жынды шығар, қызғанатыны бар, о басыңда өз қызымен жасты қызды алып несі бар?! – дейді.

Кетпейік деп қайтіп айтамын. Қотыр қабырғадан сыңсыған әдемі әуен естіледі деп қайтіп айтамын. Тағы да мені бірдеңе шалықтап кеткен шығар деп ойлап қалар. Айшаны тағы да уайымға қалдырып нем бар, мейлі, өзің біл дедім.

Біз қоныс аудардық. Заман – соққан жел, Біз – қаңбақ. Қайда домалатады, солай аунай жөнелеміз.

Жынды жел айдап келіп тығылған жеріміз, Құдай құтты қылсын, жып-жылы ұядай ғана, шағын бөлме екен. Қабырғалары, төбесі әктелген. Қақ ортада ағаш тіреу.

– Қожайынымыз соғыстың алдында ғана осы үйді салып бітіріп еді, – дейді Үбәйда.

Айша шамалас, бәлкім одан жас па екен, бірақ самай шашы ағарған, екі езуінен жоғары қарай терең сызық түскен, шап-шақ қана кісі екен.

– Келген қадамдарыңа гүл шықсын, – деді Үбәйда. – Кім біледі, құтты көрші болып, біздің хабарсыз кеткен қожайынымыз келер ме екен? Аты – Әбді еді. Елдің кісілері

біртіндеп қайтып келіп жатыр. Біздікі жо – о – оқ, – деп күрсінгендей болды үйдің иесі.

Айша не дейді. Не десін. Күткенді, күте-күте зарыққанды Айшадан артық кім білсін?!

– Уайымдай берме, Үбәйда. «Кебенек киген келеді, кебін киген өледі» деуші еді ғой. Қожайының кебенек киіп кетіп еді ғой. Үмітсіз шайтан болсын.

Айша бұдан артық не айта алады? Өзінің Мұртазасы да кебенек киіп кеткен. Бірақ келгені қайда? Қалды ғой шексіз Сібірдің бір түкпірінде. Сүйегін қайдан іздерсің?! Сан жетпес қарағайдың қайсысының түбінде қалды? Сібірдің қарағайын санап шығуға бір адамның ғұмыры жете ме? Жарықтық Жайлау деген кісі айтады екен:

– Мұртаза: «Мыңбұлаққа жетіп өлсем арманым жоқ», – деуші еді деп. Айшаға айтқан ғой. Жайлау – Түркібастың Тау – Шілмембеті. Сібірде айдауда Мұртазамен бірге болған көрінеді.

Адамның сүйегі қайда қалады – бәрібір емес пе? Баяғыда менің әкем сияқты бір бейбақ: «Айдасаң – айда Сібірге. Сібір де өзіміздікі!» – деген екен.

Демек Сібір бөтен жер емес қой.

Бөтен емес. Баяғыда бабаларымыз Байкөл теңізіне дейін көшіп-қонып жүреді екен. Досмырза мұғалім айтқан. «Сібірдің Көшім деген ханы болған. Әкесінің аты Мұртаза», – деп маған бір қарап қойған. Сол сәтте кластағы балалардың бәрі маған сұқтана көз қадап қалған. «Сен сол Мұртазадан қалған бір тұяқ емессің бе?» – деген Досмырза мұғалім қуақылана күліп. «Менің әкем Мұртаза да сол Сібірге кеткен», – деп қалдым мен абайламай.

Сөйтсе, сол Көшім ханмен Ермак деген қарақшы соғысыпты. Зеңбірегі бар екен. Зеңбіректің күшімен Сібірді жаулап алыпты. Сөйтіп, біздің бабаларымыздың Байкөлге дейін мал айдап, көшіп-қонатын жолы қиылыпты. Әйтпесе, ағайдың айтуынша,

бабалар Саян тауына дейін жайлап, Мың – Үйсін ойпатына дейін қоныстайды екен.

– Бұл программадан тыс әңгіме, – деп қоюшы еді директор Досмырза, білсең де болады, білмесең өз еркің дегендей. Үбәйда кешке жұмыстан қайтқан соң, бізді шайға шақырды.

– Ерулік, – деп күлді. – Ата-бабамыздың салты ғой, жоралғы. Әйтпесе, қай бір шай дейсің.

– Шын көңілмен берген қара су шербеттен де тәтті, Үбәйда-ау, – деп Айша қостады. – Құдай тілеуінді беріп, мына Қуаның мен Назымыңның қызығын гөр.

Айша осы жерде бір мүлт жіберіп алды. «Қожайының аман келсін» деп айта қоюы керек еді. Әлде аузына Құдай салмады, әлде өз қожайынынан күдер үзген әдет пе, кім білсін, айтпады.

Қуан – мен тұрғылас бала екен. Менен бойшаңдау болар. Бірақ тырыли арық. Көзі бақырайыңқырап қалған. Көзінің қулығы жоқ. Тап-таза. Түбінен жан-жүрегі көрініп тұрғандай. Менің алдыма жүгері нанды сындырып-сындырып қойып жатыр. Жүгері нан үзуге келмейді. Жүгері нанды сындырады.

Назым біздің Құрмаштан кішілеу шығар. Шай құйып отыр. Жасына қарамай, еліктің лағындай сүп-сүйкімді, елеңдеп, елпідеп тұр. Сол келбетіне, сол әдепті отырысына қолындағы пияла-шәйнек жараспайды-ақ. Пиялалар да, ақ шәйнек те құрақ-құрақ. Сымтемірмен құрсаулап тастаған.

Қозға пісірген қызылша бордақы жылқының бес елі қазысынан кем емес. Бу да сап-сары, қазыдан артықшылығы – шырыны бар. Кертіп жеп отырмыз.

Бізге әйтеуір солай көрінеді. Әйтпесе, қазы қайда, қызылша қайда? Айша айтпақшы: «Пішту!» Біздікі биіктегі етке жете алмаған мысықтың: «анау еттің сасығын-ай» дегені сияқты бір далбаса ғой.

Жегеніміз – жүгері нан. Оны бұл жақтың қазақтары «зағара» дейді екен. Асағанымыз – қозға былбырап піскен қызылша.

Ішкеніміз – шөп шәй. Бұдан артық не керек? Құдайдың мұнысына мың тәубе!

Ерулік салтанаты осылай өтті.

Қуан – бауырмал. Бірден:

– Мектепке қашан барасың? – деді.

– Мен... бара алмаймын ғой?

– Неге?

– Аурудан жаңа тұрдым. Өлі қайталауы мүмкін.

Қали атам апама айтады: «Балаң әбден әлсіреп қалған. Өзіңше үйде болсын. Шамаң келсе, күшті ауқат бер», – дейді.

Қуан ойланып тұрып-тұрып.

Бір жылың босқа кетеді ғой, – деді.

– Өзі де бір жылым артық еді. Жездем болмай, Молотовтың мектебіне мені бір класс аттатып кіргізіп жіберген. Мыңбұлақта бесінші класта едім ғой. Содан көшіп келген соң, бірден жетіншіге отырғызды. Алтыншы класты аттап кеттім. Соным бекер-ақ болған екен, енді мынандай болды. Қолымда куәлігім де жоқ. Оны алу үшін Молотовқа баруым керек. Мына түріммен қазір бара алмаймын.

Қуан маған жаны ашып, мені аяғандай, бадырақ көздерін кіреуке шалып, мені құшақтап, арқамнан қақты.

– Ничего, – деді жұбатып. Орысша біледі екен. Қалаға жақын ғой. Өзі осы Бектөбе мектебінің сегізінші класында оқиды екен. Қалаға күнара қатынап тұрады екен. Неге десең, шешесі Үбәйда мен қарындасы Назым қаладағы фабрикадан жүн алып, колхоздың жұмысынан соң түнделетіп жіп иіреді екен. Иірген жіпті Қуан сабақтан соң фабрикаға апарып өткізеді. Ақысына нан береді екен. Кәдімгі бөлке нан! Тағы да жүн алып қайтады. Тағы жіп өткізеді. Тағы да – бөлке нан! Рахат.

– Давай, сен де жүр, – деді Қуан менімен баяғыдан таныс адамдай жатырқамай. – Қала жақын ғой, фабрика Атшабардың бер жағында. Жақын. Барып жүн аласың. Апаң мен Құрмаш иіреді. Екеуіміз қалаға барып нан алып қайтамыз. Мақұл ма?

– Жүнді көрінген адамға бере бере ме екен?

– Ой, колхоздан справка аламыз. Болды. Апаң колхоздың мүшесі ғой.

Сонымен, Құдай қаласа, нанға тоятын болдық. Кешке Айша жұмыстан келгенде осылай да осылай деп едім:

– Қайдам. Үбәйдадан сұрайыншы, – деді. Барып, сөйлесіп, қайтып келді.

– Қалаға барып қайтуға сен жарайсың ба? Әлі әлің кірген жоқ қой.

– Иә, Қуанмен ілесіп барамын ғой, ештеңе етпейді. Қайта жата бермей, қимылдаған жақсы дейді ғой.

Айша көнді. Мен Қуанға ілестім.

Бектөбенің шығыс жағындағы Қоралас ауылынан өте бергенде-ақ қарауытып қала көрінеді. Қала дегенің қалың орман сияқты. Алдымен зау теректердің төбесі көзге көрінеді. Ауыл мен қала арасында – қара жол. Арба қатынайды. Көбінесе көретінің жаяу адамдар.

Біз де жаяумыз. Алдымызда – Әулиеата. Түстікте – Қаратау, одан ары асқақ Тәңіртау. Қаратау – Тәңіртаудың қара белдеуіндегі болып жатады.

– Соно – о – оу көрінген Манас шыңы, – деймін мен Қуанға, қолымды шошайтып. – Соның батыс жағында тағы Қос Өркеш тұр ғой, көрдің бе?

– Иә, иә, көрдім, – дейді Қуан керемет көргендей жадырап.

– Көрсең, сол Қос өркештің бірінші өркешінің астынан Көксай өзені, екінші өркешінің бауырынан Ақсай өзені ағып жатыр. Біздің ауыл Ақсайдың аңғарында. Мыңбұлақ!

– О-о! – дейді Қуан таңдайын қағып. – Алыс, ә?

– Алыс қой. Әйтпесе, мен кетіп қалар едім.

– Ничего, – дейді Қуан. – Жазда барасың ғой. Оған дейін ақша табамыз, – деп менің жүдеу киіміме көз тігеді. Құлығы жоқ. Ойында не бар – жасырмай айта салады. Менің мына түріммен өз ауылыма бара алмайтынымды о да сезеді. Өте

сезімтал. Қас-қабағыңа қарап, не ойлап, нені уайымдап тұрғаныңды біле қояды. Сөйтеді де, көмектесіп жіберуге дайын тұрады.

Қалағакіреберістегі Қарасудың жарлауытынан түсіп, шаһарға да іліндік.

Бұл маған таныс көше. Былтыр осы жолмен мені Шолпан апам Зибәға алып барған. Астымда Оңғарбай атамның көк әңгі есеті бар еді... Ойық көшесі әлі есімде. Бірақ енді Зибә жоқ. Несіне барамын? Енді мені онда аймалап, «айналайын» дейтін кім бар дейсің?!

Осындай ойлардың ми батпағын кешіп келе жатып, жүн фабрикасына жетіп қалыппыз.

Қуан бастап, фабриканың қорасына да кірдік. Жеңіне қызыл шүберек байлаған дәу сары қатын қақпада тоқтатып, қағазымызды тексереді. Қуанды бұрыннан таниды екен, маған көп шұқшиды.

– Қарапшик нету? – деді.

– Нет, нет, – деп Қуан шыр-пыр болып, араша түсті.

Сөйтсем, мені ұры емес пе деп сұраған екен.

Қырсығым ұстаңқырап, ауылдағыдай ауыз толтырып бір боқтайын деп тұрдым да, бәрібір қазақша түсінбейді ғой деп қоя қойдым. Ал орысша боқтауды әлі үйренген жоқпын ғой.

– Қуан, – дедім.

– Не? – деп елең ете қалды. Тым елгезек.

– Орысша не деп боқтайды?

– Оны неғыласың?

– Әшейін білейін дегенім ғой.

– Әуелі боқтауды емес, мақтауды үйрен. Жаңа ана әйелге «хорошо, тетка, хорошо», – десең, дереу жібере салар еді.

– Мен оны боқтағым келді. Орысша білмеймін.

Қуан ішек-сілесі қата күлді дейсің. Тіпті аузының азуына таман сойдақтау тісіне дейін көрінді. Содан соң үлкендерге ұқсап:

– Боқтампаз болма, – деді. – Зиян болмаса, пайда жоқ.

Фабриканың қақпасынан мен бір дорба, Қуан бір дорба жүн арқалап шықтық. Қуанға тағы бір жарым кірпіш бөлке нан берді.

Жарықтық бөлке нан. Иісі аңқып барады. Сілекейімді жұтып келемін. Құдай тілеуінді бергір Қуан соны сезді ме, жоқ әлде өзі де жегісі келді ме, жарты кірпіш нанды бөлек шығарып, қақ бөлді де, бір бөлігін маған ұстата берді.

– Ой, көп қой, – деп басымды шайқап едім.

– Ал, – деді.

Жақын жерде бір әйел «морс» деген тәтті су сатып тұр екен. Қуан қалтасынан шақа шығарып, екі кружке морс алды. Сол жерде нанды бұралақтап жеп, морсты ұрттап қойып, әй бір рахатқа баттық дейсің.

– Келесі жолы нан да, морс та менен болсын, – дедім.

– Достар арасында сауда жоқ, – деді Қуан.

– Мейлі, ер мойнында қыл арқан шірімес, – деп қойдым мен үлкендерден естігенім есіме түсіп.

Қуан таң қала қарап, күліп қойды. Күлгенде ерекше жадырап кетеді екен.

– Енді Атшабарға барамыз, – деді Қуан.

– Онда не істейміз?

– Мына нанды сатамыз.

– Сатқаны несі? Жемейсіңдер ме?

– Үйде зағара нан бар ғой (жүгері нан дегені).

Атшабар маған таныс. Былтыр Зибә әпкеме барып жатқанда, Шолпан апам осы Атшабардың мал базарынан Тастанбек деген кісіні іздеп, Зибаның адресін сұрап алған. Сонда мен мінген Оңғарбай атамның көк есегіне екі өзбек бала бүгелек салып, мөңкітіп, мені әбден әлекке салған. Мазақтап күлген. Мүмкін, тағы да кездесіп қалар. Дорбадағы жүнді тартып алмаса болды.

Менің үркектеп келе жатқанымды сезген Қуан:

– Қорықпа. Қайта басқалар бізден қорықсын, – деді.

Қуанның бір кірпіш бөлке нанды дорбадан шығаруы мұң екен, құмырсқаның илеуіндегі базар құжынап келіп, бізді бас салды. Қуан бұлқынып, әрең дегенде шетке шығып, бір қоңқақ мұрын, әтір сасыған, киім – басы шырттай, құлағында алтын сырғасы әткеншек ойнап тұрған, саусақтары жүзікке толы әйелге нанды өткізді-ау. Қобыратып көп ақша алды.

Енді біреулер:

– Нан Сатасың ба?

– Наның бар ма? – деп менің жүн салған дорбамды жұлқылай бастады. Әрең сытылып былай шықтық.

– Міне, бауырым, «алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деген осы, – деді Қуан уысындағы ақшаны реттеп, қаттап, ышқырындағы ұры қалтаға тығып тұрып.

– Онда ақшаның керегі не? Нанды неге саттың?

Қуан мені баласынғандай мырс етіп:

– Киім-кешек те керек қой, – деді.

Сөйте-сөйте, бұл кәсіпті мен де үйрендім. Бір дорба жүнді Айша мен Құрмаш бір түнде иіріп шықты. Қуан екеуіміз фабрикаға тағы бардық. Жіп қабылдағыш әйел менің өткізген жібімді тарқатып көріп: «хорош, хорош», – деді. Қуанның үйреткені есіме түсіп, мен де: «хорош, тетка, хорош», – деп қойдым.

Маған бір жарым емес, екі бөлке нан берді. Ат басындай алтын тауып алғандай, қуанғаным-ай сонда.

Сөйтсем, жіптің сапасына қарайды екен ғой. Ал Айша мен Құрмаш иірген жіп мәшинеден шыққандай екен.

Бір жағынан ыңғайсызданып та қалдым. Қуанға бұрынғыша бір жарым бөлке берді. Бірақ Қуан қуанбаса, қызғаныш білдірмеді.

– Көрдің бе, – деді көзі жайнап, – ісің сәтті басталды. Сөйтті басталған іс – тәтті.

– Тәтті демекші, морс ішпейміз бе? – дедім. – Мына нанның біреуін бөлейік. Пышағың бар ма?

– Жоқ, – деді Қуан. – Бүгінді бүлдірмейік. Одан да менің жарты нанымды жейік.

– Өй, ол қалай болады? Ұдайы.

– Жә, айтыспа! – деп үлкендік танытты Қуан.

Сол күні мен Айшаға бір көйлектік көкшіл шыт мата, Құрмашқа қызыл-жасыл кәсинкә, Батырханға – мәйке алып келдім.

Айша байғұс қуанғаннан жылап жіберді. Тіреудің түбіне отыра қалып:

– Айналайың, аруақ! Көк Тәңір! Жеткергеніңе тәуба! – деп кемсеңдеді.

– Көрген қорлығым, кешкен азабым бір күнгідей болмай ұмытылар ма екен. Құдай Барсханымды аман қыла гөр! Құрмашым мен Батырхан жәутігімді аман қыла гөр!

Көкшіл шыт матаны, күс-күс алақанымен қайта-қайта сипалап, дәл Меккеден жеткен тәбәріктей маңдайына тәу етіп басты.

Іші-бауырым уылжып барады. Адам баласын бақытты ету үшін Аспандағы Айды ерттеп мініп, жұлдыздарды жетектеп келу шарт емес екен. Нысап пен нәпсі бар. Нысап – тойым, нәпсі – тойымсыз. Құдай тойымсыздан сақтасын.

ШОЛАҚТАУ – КЛОНДАИК

«Аузың аққа тигенде, мұрның қанасын!» – деп қарғапты баяғыда бір сұңғыла кемпір жек көрген адамын.

Мұндай қарғыстың бізге қандай қатысы бар еді?! Біз не жаздық? Ешкімге залалымыз тиген жоқ. Ешкімді алдап-арбап, ұрлық жасаған жоқпыз. Не күнәміз бар?

Қуан екеуіміз жүн фабрикасына келесі жолы барғанымызда «хорошая тетка»:

– Жоқ! – деді. – Енді келмеңдер.

Сөйтсе, фабрика жүн иіретін машина сатып алыпты. Әлде өкімет берген бе, әйтеуір енді қолдан жүн иіру тоқтатылыпты.

Бірер ай рахатын көріп, кәдімгідей қауяңдап қалып едік. Мен жылы, мақталы фуфайка, аяғыма рабочий бәтіңке сатып алып едім. Үйдегілер де «битін» бір төгіп қалған. Айша мен қаладан қайтқан сайын Құдайға құлдық ұрып: «Тәуба! Тәуба!» – дейтін.

Ендігі тапқан ақшаны жиып-жиып, патефон сатып алмақшы болып жүр едім.

Енді қайттік?

Қуан айтты:

– Давай, отын шауып сатайық, – деді.

– Ол не тағы?

– Е, мына Қызыладырда жусан көп. Соны кетпенмен қыршып, баулап-баулап, есекке артып, Атшабарға апарып сатамыз.

– Давай.

Атшабарда отын тез өтеді. Сәли атамның есегіне теңдеп-теңдеп, бір жағына бес бау, бір жағына бес бау артсаң, он бау жусан – әжептеуір ақша.

Қуанның өз есегі бар.

Бірақ мұны да Құдай көп көрді. Күн райы бұзылды да, желтоқсанның аяғында Қызыладырды қалың қар басты да қалды. Жусанның төбе шашы ғана көрініп, көзімізді мөлітіп қойды. Қар астында қанша ақша қалды десеңші... Патефон қалды.

Қуан қысқы каникулге шықты.

– Енді не істейсің? – дедім.

– Библиотекадан кітап алдым. Соны оқимын. Қолыма алып көріп едім, «Ақ азу» деген кітап екен.

– Оқып болған соң маған бересің бе?

– Бітейін деп қалдым. Берем ғой.

Ертесіне мен де оқып шықтым. Аляска дегенді бұрыннан білетінмін. Жағырапия сабағында мұғалім айтқан.

Енді сол Аляска алдымнан шықты. Алтынға бай екен. Әсіресе Клондаик деген жерде алтын жердің бетінде жататын көрінеді. Дәлірек айтқанда, бұлақтың түбінде. Құмды шайып-шайып, арасындағы алтын тарыларын қайырып алады екен.

Майшамның жарығымен кітапты оқып болып, көпке дейін ұйқым келмей, түбі жоқ терең-терең ойларға батып жатырмын.

Осы Шолақтауда да бұлақтар бар шығар. Адамдар құм шайып, алтын табатын шығар.

Ал біздің Тәңіртаудың баурайы толған бұлақ. Бірақ алтын бар дегенді естіген емеспін. Әлде жұрт білмей жүр ме екен.

Шолақтауға барып қайтса қайтер еді? Баяғы протез қолды дәуді тауып алсам. Сол айтып еді ғой: Шолақтаудан алтын қазамыз деп. Таңертең тұра салысымен Қуанға:

– Давай, Шолақтауға барып қайтайық. Ақыры каникулде жүрсің ғой, – дедім.

– Онда не бар? – деді Қуан көзі бақырайып.

– Алтын бар!

– Какой алтын? Фосфор бар!

– Фосфор? Ол не?

– Ана біз жусан шапқан жердің ар жағында салынып жатқан зауытты көрдің ғой?

– Иә.

– Вот, сонда фосфор шығарады. Шолақтаудан тасиды.

– Оны не қылады?

– Неғылушы еді, тыңайтқыш, қопарғыш дәрі шығарады.

– Ой, арасында алтыны да бар шығар, маған сонау көктемде бір кісі айтқан.

Қуан иығын қиқаң еткізіп, жерге сыздықтата түкірді:

– Черт знает, бар боса, бар шығар. Бірақ одан не пайда?

– Барсақ қайтеді? Ақыры не бітіреміз?

Бадырақ көзін бақырайтып, күліп қояды.

– Бағымызды сынап көрейік. Әлгі кісіні тапсақ көмектесер. Өзі айтқан...

– Не деп?

– Кел Шолақтауға, жұмыс істейсің, ақша табасың деген.

– Е, он күн каникулдың ішінде не табамыз?

– Барып, біліп қайтайық. Болса, жазғы каникулда барып істейміз.

Қуан енді ойланып қалды.

– Тым құрыса, патефон алып қайтар едік, – деймін мен Қуанның иліге бастағанын байқап.

Қуан қарқылдап күлді. «Патефон, патефон!» – деп қойды ара-арасында.

– Әй, патефон жақсы ғой. Музыка, ән...

Айтпақшы, әлгі патефонның әлегі ме, кім білсін, Бөкен шаддың жас келіншегі кетіп қалыпты. Оны мен Айша мен Үбәйданың әңгімесінен естідім. Екеуі бір самауыр шәйді ортаға алып, сораптап ішіп отырғанда, мен «Ақ азуды» оқып отырғанмын. Екеуінің әжік-күжік әңгімесіне зер салмастан, Ақ азудың неше алуан қызығына түсіп кетсем керек, сонда да кенет Айшаның:

– Байғұс, Зияда бағынан көреді де, әскерден жастар оралып жатыр ғой, тесік мөншақ жерде қалмас, – дегенінен селк ете қалдым.

– Е, бірақ байдан шыққан деген аты жаман да, әйтпесе бұйырғаны болады да, – деп Үбәйда қостады.

Зияда екен ғой аты. Қайда кетті екен, төркіні қайда екен? Осылай деп біраз жатып, қайтадан кітапқа үңіліп едім, Ақ азу Зияданы ұмыттырып жіберді.

Клондаик менің миымды шырмай бастады. Жер түбіндегі Алясканы үйде жатып-ақ аралап жүрмін. Өзім де қиял мұхитын кешіп, неше алуан кедергілерден өтіп, ит жеккен шанаға мініп, ақ бұлдырық аулап, алуан-алуан ойлар басымда ойнақ салады.

Кітаптың құдіреті ғой. Сені ол қайда апармайды, кімдермен таныстырмайды?! Үйде отырып-ақ көз көрмеген, құлақ естімеген дүниенің нешеме түкпірлерін шарлап шығасың. Жолында жақсы да, жаман да кездеседі. Азуы алты қарыс бульдог шайнаған Ақ азуға жанын ашып, қараптан қарап жатып, қаның қайнайды.

Ақ азу дәл қазір қиналып, жанталасып жатқандай: «сол жеңсе екен» деп алыстан тілеуқор боласың.

Әне, кітаптың құдіреті мен әлегі. Шіркін, осындай бір кітап жазып, содан соң өле кетсең де өкініші жоқ деп қоямын. Дүниеде Джек Лондоннан асқан жазушы жоқ сияқты сонда маған.

Сірә, Қуан да осындай әсердің әлегінде қалса керек, «Ақ азуды» айтсаң болды, ұңғыл-шұңғылына дейін талдап, тақпақтап, елеріп кетеді.

Сондықтан шығар:

– Шолақтауға барсақ-барайық, – деп өзі бастады. – Неміз кетеді, көріп қайтайық.

О басында тайрандап бұл әңгімені өзім бастасам да, таптанда тосылып қалдым.

Қыстың көзі – қырау. Жаяу жете алмаймыз. Ит жеккен шанамыз да жоқ. Есек?.. Жоқ. Оған шоп керек, жем керек. Пойыз?

Мінгізе ме, мінгізбей ме? Пойыз? Әрине, пойыз. Басқа жол жоқ.

– Билетке ақшаны қайдан табамыз? – деді Қуан.

– Станцияға бара көреміз. Бір амалы табылар. Болмаса қайтып келеміз.

Айшаға айтып кету керек. Әйтпесе әбігер болар.

– Апа, – дедім. – Мен Қуан екеуміз Молотовқа барып келеміз.

– Е, онда не бар? Молотовтан ауырып қайтып, әрең аман қалғаның есіңнен шығып кетті ме?

– Мектептен куәлік алуым керек қой. Жетінші класс бітірді деген.

– Биыл бәрібір оқудан қалдың. Келер жылғы күзге дейін қайда – а – а. Жазда, күн жылыда барсаң да болады. Қыстың көзі қырауда қайда барасың?

– Иә, Қуан каникулде. Екеуміз барамыз.

– Көлігің де жоқ. Жаяу қайтіп жетесің?

– Ауырып, безгек қысқанда да жаяу жеткенмін.

Осы сәтте, тілеуіңді бергір, Қуан келе қалды.

– Ой, апа, қам жеменіз, пойызбен барамыз, – деп жадырай күлді Қуан.

– Пойыз? Ойбай, құдай, ол жаққа пойыз жүруші ме еді? – Айша секемдене бастады.

– Жүргенде қандай. Шолақтауға дейін барады, – деді Қуан сенімді үнмен.

– Қайдам, шырақтарым, пойыз басып кетіп жүрмесін тағы...

Сонымен, не керек, мата қалтаға зағара нан, құрт салып алып, тәуекел деп тартып тұрдық.

Көшеде Шолпан апам мен Сәли атам тұр екен:

– Екеулеп қайда барасыңдар? Жүн пәбірік ашылып па? – деді Шолпан апам.

– Жоқ, фабрика енді жүнді өзі иіретін болыпты. Біз жәй қыдырып барамыз, – дедім мен.

Сәли атам аппақ қасы көзіне түсе күлімдеп:

– Жігіт қой екеуі де, – деп қойды.

– Е, қаладан қыз айттыруға бара жатыр десеңші, – деп Шолпан апам да күлді.

– Е, Құдай аман қойса, жігіт болды ғой бұлар, – деді Сәли атам соңымыздан қарап тұрып.

Қаланы қақ жарып, вокзал көшесімен бойлап отырып, станцияға да жеттік-ау. Жолды білетін Қуан. Әйтпесе, мен адасып кетемін ғой. Вокзал басы ығы-жығы. Ішіне кіріп көрсек-

залдың аузы-мұрны тола адам. Арқалығы биік ағаш креслодан орын тигендер бақытты. Еденде көсіліп жатқаны қанша?

Қолаңса, терінің иі сияқты иістен тұншығып кеткендей болдық та, перронға шықтық. Айқасып-айқасып, сіресіп тұрған вагондар.

– Шолақтау пойызы қайсысы? – деп сұраймыз өткеннен де кеткеннен де. Иықтарын қиқаңдатады. Ешкім жөнді білмейді.

– Ол қай Шолақтау? – деп өзіңнен сұрайды.

«Алматы-Москва», «Ташкент-Новосибирск» дегендер бар, «Шолақтау» жоқ. Біздің шарқ ұрып, Шолақтау пойызын іздеп жүргенімізді байқаған, өзіміз тұрғылас, көзі бақырайған бір қара домалақ бала:

– Немене, Шолақтауға барушы ма едіңдер? – деді жанымызға жақындап.

– Иә.

– Иә.

Маңырай жауап бердік.

– Мен де сол жаққа барамын. Жүруіне әлі бір сағат бар. Анау түпикте тұр, – деді.

«Түпигі» несі деп ары-бері қарадым. Менің түсінбей қалғанымды сезген ол:

– Тұйық жолда тұр, – деп тәптіштеді. – Таныс болайық. Менің атым – Уәли, – деді екеумізге де кезек-кезек қолын ұсынып. Тығыршықтай неме екен, қолы кемпірауыздай қатты. Жасына қарамай қасы дүрдиме, қалың, киіз жапсырып қойғандай.

– Қуан, – деді Қуан туған бауырын көргендей елпеңдеп.

– Барсхан.

Екеу едік, үшеу болдық.

– Ағам Шолақтауда. Каникул ғой. Соған... – деп ыржиды Уәли.

Бұл бақытты. Ағасына бара жатыр. Алаң болмай ат басын тірейтін жері бар. Ал біз қайда тоқтаймыз? Протез қолды, қара дәуді таба аламыз ба, жоқ па?

Сұрақ қанша – күдік сонша. Сонда да құлшынып тұрмыз. Шешінген судан тайынбайды деген бар.

– Билет алдыңдар ма? – деп сұрады киіз қас Уәли. Қуан екеуміз қуыстанып, бір-бірімізге қарадық.

– Жоқ, – деп ебедейсіз күлді Қуан. Мен үндемедім.

– Е, «заяц» екенсіңдер ғой, – деді Уәли бізге біртүрлі шүбәлана қарап. Күмәнданып, қатты ойланғанда киіз қастары бірігіп, ортасынан терең сызық пайда болады екен. «Заяц» дегеніне түсінбедім. Қуаннан:

– О не? – деп сұрадым.

– Қоян, – деп күлді Қуан. – Пойызға билетсіз мінгенді «заяц» дейді.

«Қап, мынаның қорлағаны-ай» деп қойдым ішімнен. Үстінде теміржолшылардікіндей қара шинелі бар. Сірә, бойына шақтап, етегінен қысқартқан болуы керек. Өйткені артқы жырығы шолтыып, сары жез түймелі белдігі құйымшағына түсіп тұр. Бірақ кеудесі кең. Тұрқына қарағанда – шымыр. Әйтпесе, әлгі «заяц» деп қорлағаны үшін алыса кетсем бе деп едім.

– Сірә, ақшасыз қуыңдар ғой, – деп қойды Уәли бұрынғысы аздай. – Ничего, бір амалын табамыз. Маған да жолдас керек.

Мақтаншақтау ма, қалай? Сәл шолжаңдау сияқты. Мақтана сөйлегенде сыңар езуі созылыққырап кетеді екен.

Сөйтсе, ағасы Шолақтау темір жол станциясының бастығы екен. Ал ойнап көр қызыл арақпен. Шолақтау пойызының бастығы дәл өзі сияқты.

– Проводникпен өзім сөйлесемін, – деді Уәли бір езуі қисайып. Сонда мен оның «заяц» деп қорлағанын ұмыта бастадым. «Мынау сүйкімді ғой» деп қойдым.

Айтса айтқандай, «қарадомалағым» жарады. Бізді анау-мынау емес, көк вагонға кіргізді. «Проводник» дегені вагонның

қожасы екен, ұзын бойлы, солпиыңқыраған біреу. Уәли айтты-болды, бізге:

– Кіре беріңдер, – деді.

Бір қызығы, бұл пойызда көк вагон біреу-ақ, басқасының бәрі жайдақ платформа. Оларға не тиелмеген дейсіз: қатар-қатар қызыл кірпіш; жуан-жуан қарағай, толып жатқан темір-терсек... Паровоздан кейін іле-шала екі қызыл вагон тұр. Біреуі «вагонзак», екіншісі – пошта вагон. «Вагонзак» дегеніне түсінбеп едім, сөйтсем қамақтағы адамдар екен. Терезелерін торлап тастапты. Штықты мылтық ұстаған екі әскер ары-бері теңселіп жүр.

Атан түйенің беліндей жуан-жуан қарағай тиеген платформалардың тұсынан өткенде, сап етіп әкем Мұртаза есіме түсті.

Айша айтатын: «әкең Сібірде қарағай кескен», – деп.

Содан шығар, мына қарағай бөренелер көзіме біртүрлі жылы ұшырап көрінді. Бірақ Айшаның: «әкең баяғыда-ақ бір қарағайдың түбінде қалған», – дегені есіме түсіп, көңілім құлазып сала берді. Шайыр иіс Сібірдің сәлеміндей сасыды.

Менің қарағайлы платформаларға қарайлап қалғанымды көріп, Қуан артына бұрылып:

– Жүр, жүр! Бол! – деп асықтырды. Менің басымда қай алуан суреттер сапырылысып жатқанын Қуан қайдан білсін:

– Немене, қарағай көрмеп пе едің, – деп таң қалды.

Мен үндеместен соңынан ілесе бердім. Көк вагонға кірмей-ақ, қарағай тиеген платформаға мініп алсам болар еді... Мүмкін, бөренелер сыр шертер ме еді...

Жолаушыларға арналған жалғыз көк вагонның ішінде ине паншар жер жоқ-ау, сірә. Көкала түтіннен адамдар тұман арасынан көрінгендей елес береді. Шетінен шылым шеккіштер ме, немене? Мүңкіген бірдеңе. Шұлау сасиды. Үш қатар сәкілердің біреуі бос емес. Гармошка тартқан, барылдап өлең айтқан әлдекімдер.

Тәңір жарылқағыр, Уәлидің проводнигі үшеумізді өзінің «служебный» деген жазуы бар купесіне кіргізді. Жып-жылы екен.

Бірақ тарының қауызындай тар. Үшеуміз иін тіресіп, әрең сыйысып отырмыз.

Проводниктің аты Тайлақбай екен. Бізге ыстық шәй берді. Кішкентай үстелге қалтадағы зағара нанымызды шығарып қойып, қоқиып отырмыз. Біз кімнен сорлымыз дегендейміз.

– Қаймақ қатпаған шәй берді деп сөкпендер, – деді Тайлақбай. – Ал, кәне, мына Уәлиді танимын. Біздің бастықтың бауыры. Сендер кім боласыңдар? – деп Қуан екеуімізге көзін тіктеді. Атымызды атап жатырмыз.

– Оқисыңдар ма?

– Оқимыз, – деп Қуан әбжіл жауап берді.

– Оқу қайда?

– Каникул ғой.

– А – а, каникул екен ғой... Шолақтауда не шаруа?

– Жәй, – деп Қуан маған қарап ыржиды.

Мен қысылып отырмын. Сөйлемеуге тырысамын. Сөйлесем қылмысымыз ашылып қалатындай. Біртүрлі ыңғайсыз. Айыпты адам сияқтымын.

– Жайдан жай, бұл қай жүріс? – деп шұқшиды проводник. – Таныстарың бар ма?

– Ба – а – ар, – деді Қуан сенімсіздеу тіл қатып, тағы да маған қарап. Енді сөйлемеуге болмай қалды.

– Дәулет деген кісі. Оң қолының протезі бар. Мүмкін, білетін шығарсыз? – деп қойдым.

– Тоқта, тоқта. Қай Дәулет?

– О да теміржолшы... Көпір жөндеген...

– Көпір? Қай көпір?

– Көктемде, су тасығанда көпірді жұлып кетті ғой.

Тайлақбай иығын қиқаң еткізді.

– Бір қолы жоқ болса, көпірді қайтіп жөндейді?

– Ой, бастық қой!

Даусым қаттырақ шығып кетті. Немене, сонша қазбалап сұрайды. Қуан да күмәнданғандай бетіме бағжия қарап қалыпты.

– Ондай бастықты естіген жоқпын, – деді Тайлақбай. – Мейлі. Ол кімің болады?

– Кімім... Көктемде көпір бұзылғанда сол айтқан...

– Не деп?

– Шолақтауға кел. Алтын бар. Ақшаны күреп аласың деп...

Тайлақбайдың ауызы аңқиып қалды. Вагонда у-шу көбейді.

Гармошкаға қосылған біреу зор дауыспен барқырап: «Сакроменто – край богатый, Золото гребут лопатой», – деп сарнады дейсің бір. Тайлақбай қарқылдап күліп жіберді.

– Әне, анау аузы түкті орыс та дәл сен сияқты, – деді. – Түсіндің бе не деп оттап отырғанын?

– Қайдан білейін, «золото» дейді ғой, – дедім булығып.

– Алтын дейді, алтынды күреп аламыз, – дейді.

– Ой, орыс айтса, білетін шығар.

– Ат басындай алтын бар дейді.

– Шолақтау – Аляскадағы Клондаик сияқты дейді ғой, – деп бұл шатасқан әңгімеге Қуан кірісті. Сірә, мені аяп кеткен болуы керек. Маңдайымнан тер шып-шып шықты. Мақталы купайкемді шешейін десем, сығылысып отырмыз, ыңғайсыз.

– Е, Джек Лондонды оқыған болдыңдар ғой, – деп енді Уәли тіл қатты. Гармошка сарнады. Зор дауыс тағы да:

Чулактаука – край богатый,

Золото гребут лопатой, – деп бұл жолы Сакроментоны «Чулактаукаға» ауыстырды.

Вагон толы адам ха – ха – халап күлгенде пойыз рельстен шығып кете жаздады.

Бүкіл вагон мені келеке етіп күліп жатқандай көрінеді маған.

Әлде ыза, әлде наза – ішім әлем-жәлем, көңілім пәс тартып, алдамшы дүниеден түңілгендей, теріс айналып, кірлеген

терезеге қарадым. Қарағай бағандар пойызбен жарысқандай болып көрініп, ол да көзді алдап, кезек-кезек қалып қойып жатыр.

Кенет шағын ақ үйдің маңдайшасына қағылған «Жұма» деген жазуды көзім шалып қалды. Көктемде көргенімде жалғыз шатыр еді. Енді үй тұрғызып қойыпты.

«Жұма» бекеті. Маған көк сиырды бермей қойған кішкентай ауылды іздеп, құм шағылды тінткіледім. Кір терезеден көрінбеді.

«Қап, Молотовтан өтіп кетіппіз-ау», – дедім. Молотовтың ақ үйлі мектебі. Ақ мешіт интернаты. Оның ығындағы кішкентай жатаған там. Сол үйде қыстай қысылып Зиба жатқан. Зиба...

Бөкен шалдың қотыр қабырғасынан сыңсыған ән менің кеудемде уілдеп тұр. «Туған ел, енді есен бол – а – а – ай».

Көкірегім гүлдеп, ішім уілдейді. Өзімнің кеудеме өзім құлақ түрейін десем, даңғаза жолаушылар дарылдап, мастар арылдап естіртпейді. Мас вагон. Ары-бері бұлғақтайды. Көк вагон пойыздың ең соңында. Сондықтан да құйрық вагон жолдан шығып кетердей шайқалады. Бәрі сағым, атасына нәлет! Көктемде, жазда осы Шолақтау жақтан жалқын сары өзен ағып, алтын айдаһар бүктетіліп жатқандай болатыны қайда? Протез қолды қара дәу: «Шолақтауда алтын қазамыз» дегені қайда? «Алтын деген тау-тау болып үйіліп жатыр» дегені қайда? Дардай кісі де жас баланы сөйтіп алдай ма екен?

Бірақ мына вагон сияқты ол да мас еді ғой.

Қысылып-қымтырылып, орнымнан әрең көтеріліп, тамборға шықтым. Өкпем бітеліп қалғандай, дем жетпей бара жатыр еді. Тамборға шығып жаным қалды. Тамбордың терезесін сүртіп тазалап, далаға қараймын. Көз жетер жердің бәрі апшақ, ақ кебін жамылып алғандай. Тіпті Қаратаудың өзі ақ жамылғанда мүлде аласарып, жермен-жексен болып кеткен сияқты.

Тағы да Молотов есіме түсті. Көз алдыма Зиба, оның жанына келіп, Зибаның көңілін көтермек болып, ғажайып ән салатын

Зүбәржат келді. Зүбәржат «Сандуғаш, Сандуғаш» деп шырқар еді. Сол ән қазір көкірегімде күмбірлей бастады. Өзімнен өзім ыңылдап, сол әнге салып тұрғанымды сезбей де қалдым.

Сандуғаш, Сандуғаш,
Китмә, китмә, Сандуғаш.

Қанатларың талдырып,
Туған жирне қалдырып,

Китмә, китмә, Сан – ду – ға – а – аш...

Зүбәржаттың сонда айтып отырғаны сандуғаш дейтін бұлбұл құс емес, Зибә екенін енді түсінгендеймін. Сонда Зүбәржат: «Өлме, өлме, Зибәкәй» деген екен ғой. Құдай ол тілегін бермеді. Зибә жоқ. Пойыздың доңғалақтары менің кеудемді керіп, лықсып шыққан өңді қолдап, сүйемелдеп, ырғақтас болып, сарнап келеді.

Суық жел терезенің тесігінен соқты ма, әлде менің жыртқық көңілімнен үлдеді ме, әйтеуір бір ызғырық кезіме ұрып, көзімнен жып-жылы жас парлап ақты. Жыламаған сияқтымын, бірақ жанарымнан жас тыйылмайды. Іші-бауырым уылжып барады.

Біреу иығымнан тартты. Қарасам, Қуан екен.

– Жүр купеге. Жаурап қаласың, – деді ол көзі бақырайып.

ҚҰМАРПАЗДАР ОЙЫНЫ

Адамды Құдай арманынан жерітпесін. Адамның күні арманмен.

Арманнан көңіл қалса – ашық аспан да күңгірт болып көрінеді. Өмірде мән-мағына қалмай, кеудең кеуек болып, дүниенің әділетсіздігінен түңіліп, қақпанға түскен қасқырдай құр кіржіңдеп қаласың.

Әлденеге ашуланған Қали атам:

– Бұл заманда әділдік жоқ. Әділеттің әкесі өлген, шешесі жесір, өзі жетім! – деп қалшылдап еді.

Қали атам ашуланса, тым қаһарлы екен. Бір нәрседен көңілі қатты қалса керек. «Не болды?» – деп сұрауға дөт шыдамады.

Кейін ойласам, Қали атам ашу үстінде асыра айтқан сияқты. Әділет бар бол–р-ау, бірақ мен іздеген алтындай тым-тым сирек.

Пойыз Шолақтауға кештетіп келді.

Жерге түсіп, айнала төңірекке қарасам: жан-жақтың бәрі тау. Қызарып батқан күннің соңғы сәулесі шалған таулардың төбесіндей аппақ қар жалқынданып, алтын сары реңнен балқып тұр екен. «Е, е, алтын деп жүргендерің осы реңк екен ғой» дедім.

Әсіресе күн батып кеткен жерде, жанартаудай алаулаған көлденең кесілген тау көз тартып, ерекше құлпырып тұр екен. Тұла бойының бәрі алтын жалатқан айдаһар мың бүктетіліп, бүлкілдеп, жылжып бара жатқандай.

– Келіншектау, – деді бұл өлкені бұрыннан білетін Уәли.

Вокзал басы – қызыл кірпіштен салынған жалғыз үй. Маңдайшасына: «Шолақтау-Чулақтау». – деп бадырайтып жазып қойыпты.

«Бір жердің екі түрлі аталатыны несі?» деп қойдым. Әр-әр жерде қарайып жатаған үйлер көрінеді. Жұрттың бәрі: «Шолақтау, Шолақтау» дегенге Әулиеатадан да үлкен шаһар екен десем-айдала!

– Сондағы Шолақтау осы ма? – деппін Қуанға.

– Келдік қой, – деп күлді Қуан.

– Е, бұл әлі өседі, – деп Уәли тұмсығын көтеріп қойды. – Көрмейсің бе, айнала құрылыс...

Әлгі алтын шырайлы таулар лезде қарауытып, сахарада қарақшылар тонаған керуендей жүдеп-жадап, сорайып-сорайып, солпып қалды. Күн Құдайдың тәртібіне бағынып, өз ұясына қоңды. Ал біз қайда қонамыз?

Мұны бұрын ойламаппын. Енді не болды? Сеніп келген протез қолды дәуді қайдан табамын?

«Өлмегенге өлі балық жолығады». Осы дана сөз Қуан екеуімізге арналған шығар. Тәңір тілеуіңді бергір, Уәли:

– Айда, жүріңдер, менің ағама барайық, – деді.

Вокзалдан оқшаулау тұрған шағын кірпіш үйге топырлап кіріп бардық. Қара дермантинмен қапталған есікке «Начальник станции» деп жазып қойыпты.

Алдымен Уәли кірді. Төрдегі жайдақ тақтай үстелдің аржағында отырған қара шинелді, қызыл фуражкелі, қара мұртты кісі КТЗ тракторын от алдырғандай, дәу қара телефонды дырылдата бұрап отыр екен. Бізді көріп, бұрағанын қоя қойды.

Қап-қара, қою мұрты болмаса, құдды Уәлидің өзі екен. Таңдана қарап қалып:

– Ой, Уәнтай, қайдан жүрсің? – деді алдымен інісіне, одан соң бізге қарап.

– Каникул, – деп езуін соза ыржиып, Уәли ағасының құшағына қойып кетті.

Ағасы оны аймалап жатыр. Менің есіме сонда, мен өзім көрмеген, менен бұрын дүниеге жарқ етіп келіп, лезде жалп етіп өшіп қалған ағаларым түсті. Оларды мен қайдан білейін, Айша айтады ғой: «Сенің алдыңда екі ұл, бір қыз тапқанмын. Үлкені – Құттыбай, ортаншысы – Елтай, кенжесі – Сәткұл», – деп.

Солар тірі болғанда, мен де өстіп еркелер едім-ау... Тым болмаса – ең кішісі. Қыз бауырмал дейді ғой.

Алыстағы Шолақтауда соларды сағынып кеттім.

Уәлидің ағасы ашық кісі екен. «Түсі жылыдан түңілме» деуші еді Айша. Мынаның түсі жылы екен:

– Мына батырларың кім? – деді інісіне қарап.

– Бұлар... – деп күмілжіп қалды Уәли – Бұлар – Қуан. Ы – ы, Барсхан. Осында Дәулет деген кісі бар дейді. Соны іздеп...

– Қай Дәулет? – деді Уәлидің ағасы. Қуан маған қарады. Мен сәл тосылып:

– Дәулет... Оң қолы протез. Дәу қара кісі, – дедім. Уәлидің ағасы есік жаққа қарап, ойланып:

– Е, анау ғой... – деп сәл тыжырынғандай болды. – Иә, ол кімің еді?

– Ешкімім де... – дедім мен төмен қарап.

– Қызық екен. Ешкімің болмаса, неге іздеп жүрсің?

Бастан-аяқ бәрін айтуға тура келді. Осылай да осылай.

Көктемде су тасып, темір жолды бұзып кетті. Мен Молотовтан Жұма ауылына бара жатқанда теміржолшылар мені ұстап алды. Сол оң қолы протез, дәу кісі...

– Иә, содан соң?

– Содан соң, Шолақтауға кел. Алтын бар деді. Жұмыс істейсің, ақша табасың деді.

– Мас па еді? – деді Уәлидің ағасы.

– Иә, олар бәстесіп арақ ішті. Маған да іш деді. Мен ішпей қойдым.

– Ой, оңбаған-ай, баланың басын қатырып... – деп Уәлидің ағасы айдаладағы Дәулетті боқтап жіберді. – Ол маскүнем жұмыстан шығып кеткен. Қазір бұл жерде жоқ. Сол Әулиеата жақта жүрген шығар.

Жер түбіндегі, Сібірдегі Мұртазаның өлгенін естірткенде Айша толассыз жоқтау айтып аңыраған. Жыламаған адам қалмаған. Тіпті бастық Жуанқұлға дейін еңкілдеп жылаған. Ал мен бір сұмдықтың болғанын сезсем де безірейіп, сазарып қалып едім. Кейбіреулер мені аяп, басымнан сипап, бауырына қысса да, көзімнен жас шыққан жоқ. Кейін-кейін, ағыл-тегіл жас парлағаны.

Дәл қазір, мына хабар Мұртазаның бұл дүниеден қайтқанын естірткеннен де жаман болды.

Бүкіл бала қиял, әлдебір үміт күл-талқаны шықты. Үлкен кісілер де алдайды екен-ау деп түңілдім. Ол дәу сонда, көктемде тым ақкөңіл, адал, әлсізге жаны ашитын бауырмал сияқты еді ғой. Мені қатты аяп, бауырына қысып, өз туған інісіндей езілген.

Енді не болды?

Менің жан дүниемде қандай дауыл соғып тұрғанын мына Уәлидің ағасы біліп қойды. Аты Ғани екен. Уәлимен ұйқас қой. Ғани, Уәли. Екеуі бір-бірінен аумайды. Мұның да қасы қалың.

– Ей, сен жүнжіп қалдың ғой, – деді ол езуін қайшылай күліп. – Ештеңе етпейді, за то Шолақтауды көрдің. Жаңағы өздерің келген пойыз ертең Әулиеатаға қайтады. Соған салып жіберемін. Бүгін біздің үйде «сыйлы» қонақ боласыңдар. Біздің Уәлимен сапарлас жолдас екенсіңдер. Далада қаласыңдар ма?!

– Бұлардың көк тиыны жоқ, – деді Уәли ағасына. Анау ойланып қалды.

– Сендер де каникулдасыңдар ғой?

– Иә, – деді Қуан.

Мен үндемедім. Оқымаймын деп қайтіп айтамын. Ұят. Себебін түсіндіріп жатқым келмейді. Безгекпен ауырдым десем, кейбіреулер: «сол да ауру болып па», – дейді. Сонда менікі безгектен басқа, жұртқа белгісіз кесел болғаны ғой.

Сөйтіп, біз Ғанидың үйіне қонып шықтық. Начальник болса да тұрмысы жұпыны екен. Қара нан мен картоп жаркоп жедік. Оған да Құдайға шүкір. Аштан аш далада қалсақ қайтер едік, қыстың көзі қырауда. Ертесіне Ғани айтты:

– Ақыры каникулде екенсіңдер, каникул біткенше осында жұмыс істеп, тиын-тебен табыңдар.

– Не жұмыс? – деді Қуан көзі жыпылықтап.

– Вагоннан кірпіш түсіресіңдер.

– Е, кірпіш оңай ғой, – деп қойды Қуан. Ғани жымия күліп:

– Оңай ма, оңай емес пе, оны кейін көреміз. Ал қазір, айда жүріңдер, – деді.

Станциядағы кешегі өзіміз мініп келген пойыздың қасына бардық. Кірпіш тиелген платформалар сіресіп тұр. Қалшыып қалған. Кірпіштерді қырау тұтып қалыпты.

Көп кешікпей, бір дәу көк машина келді. Бұрын біз көрмеген, жарқыраған сұлу машина. Кішкентай

«полуторкадан» басқаны көрмеген біз аузымыз аңқиып, қарап қалыппыз. Мұны байқаған Ғани бастық:

– Студебеккер, Американский, – деді. – Кәне, сен платформаға шық, – деді маған. – Сен жерде тұрасың, – деді Қуанға. Сен студебеккерге шық, – деді өзінің інісі Уәлиге. – Так. Сен, – деді маған, – кірпішті бір-бірлеп Қуанға бересің, Қуан Уәлиге береді. Уәли кузовқа текшелеп жияды. Понятно?

Қуан мен Уәли бастарын изеді. «Понятно» дегенін білмесем де, мен де бас изедім.

Сөйтiп, жұмысты бастап та жібердік. Кірпіш мұздай екен. Тiпті Айша тоқып берген жүн қолғаптан да ызғар өтіп кетті.

Бізден әрiректе әлдекімдер платформадан бөрене түсіріп жатыр. Келбеті, киімдері бөтен адамдар. Әскерлер сияқты.

Бірақ біздің әскерден айрықша. Бойлары біркелкі, тапалтақтау. Бастарына жұқа күнқағары бар сүр кепеш киген. Күрткелері де жұқа ма қалай...

Жан-жағында мылтық ұстаған біздің әскерлер тұр.

Мен Қуанға кірпіш алып беруді ұмытып, аңқиып әлгілерге қарап қалыппын.

– Бол, не қарап тұрсың? – деді Қуан.

Біз шынжыр сияқтымыз. Комбайнның шестеренкаларын айналдыратын шынжырмыз. Шынжырдың бір буыны үзіліп қалса, бәрі тоқтайды. Қазір үш бала – бір адамбыз. Біреуіміз тоқтасақ, бәріміз тоқтаймыз. Бізді тағдыр шынжырлап, қосақтап қойған.

Көк машина толған кезде, платформаның бір мұрты ғана кетілгендей еді. Күн шытымырлау болса да бусанып, үсті-басымыздан бу бұрқырайды. Мен күпәйкемнің түймелерін ағытып қойдым. Көк машина қайтып келгенше сәл тыныстадық.

Лезде қарным ашқанын сездім. Таңертең жұқалтаң шәй ішіп шыққанбыз. Енді ішегім шұрқырап тұр.

Тағы да әлгі бөренелі платформалар жаққа көзім түсті. Қыбырлап, сүйменмен жуан-жуан қарағайды изеп-изеп итеріп,

платформадан құлатып жатыр. Жерге құлаған бөренелерді басқа бір топ құмырсқа құсап, домалатып, еңіске түсіріп, текшелеп жатыр. Мылтықты әскерлер темекілерін бұрқыратып, ары-бері теңселіп жүр.

Қасымызға Ғани бастық қайтып келді.

– Аналар кімдер? – деп сұрады Уәли.

– Жапондар, – деді Ғани. – Военнопленные.

Менің түсінбегенімді сезіп:

– Әскери тұтқындар. Соғыста қолға түскен самурайлар, – деп пысықтады.

«Е, әлгі атом бомбасын Жапонияға тастады деп еді, сондағы соғыста жеңілген осылар екен ғой...»

Бір жапон темекі тартып тұрған біздің солдатқа жақындап келіп, бірдеңе деп қолын созды. Сірә, шылым сұрады-ау деймін. Біздің солдат әкіреңдеп, қатты жекіп, әлгі жапонды мылтықтың дүмімен періп кеп жіберіп еді, ана байғұс шалқалап барып құлап қалды.

Жүрегім мұздап қоя берді. Күпәйкемнің түймелерін салдым. Біртүрлі қалтырап кеттім. Безгегім қайтадан ұстап қалар ма екен деп үрейім ұшты. Безгектен жаман қорқамын. Бірақ қыстың күні безгек болмайды деуші еді...

Құлап қалған тұтқынды ешкім қолтығынан сүйемеді. Сүйретіліп барып өзі түрегелді. Басынан ұшып кеткен кепешінің қарын қағып, біздің солдатқа қарап басын иіп, ыржиып қойды.

Жапонды жек көріп қалдым. Жаңа ғана жаным ашып, жұдырығым түйіліп кетіп еді, енді жек көріп қалдым. Сонша жалпақтағаны несі?! Мыңбұлақта Тасбет мені жон арқамнан қамшылап тартып жібергенде, шапшып барып жағасынан ала түскенмін. Жағасынан қолым әрең ажыраған.

– Қорқақ, – дедім дауыстап.

– Қорықпай гөр, – деді Уәли.

– Не істейді? – деді Қуан.

Жапон түк болмағандай томпаңдап, темір сүйменмен жуан бөренені, басқа жапонмен бірлесіп, еңіске қарай домалата бастады.

– Мылтығы бар адам күшті. Оған не істей алады? – деді Уәли мұрнын шүйіріп.

– Темір сүйменмен бір ұрса...

– Е, басқа солдаттар қарап тұра ма? – Соны да білмейсің бе дегендей, Уәли маған кісімсіне сөйледі.

– Қой, әңгімені қояйық. Студебеккер келіп қалды, – деді Қуан.

Жұмысқа қайта кірістік. Шестеренкалар қайтадан айналды. Шынжыр қайта жалғасты.

Тағы да болса, студебеккер біреу-ақ. Бірінен соң бірі үзбей келіп тұрса, қайтер едік. Ара-арасында демалып аламыз.

Уәли көп оқитын қу болса керек.

– Сендер Омар Қайым деген ақынды білесіңдер ме? – деді.

– Жоқ, – деді Қуан.

– Жоқ, – дедім мен.

Уәли тұмсығын көтеріп қойды.

Мен журналдан оқыдым. Парсы ақыны. Қазақшаға аударған өлең. – Бір кірпішті қолына алды. – Бұл не еді о басыңда?

– Топырақ, – деді Уәли.

– Әрине, топырақ. Ауылда қышты топырақ илеп құямыз ғой. Балшық, – дедім мен.

– Білмейсіңдер, – деп масаттанды Уәли. – Омар Қайым айтады... Ол қыш кесемен шарап ішіп отырып айтады: сен, қыш кесе, бір кезде айдай сұлу қыздың көзі болдың ба екен? Адам өлген соң топыраққа айналады. Топырақтан, саздан қыш кесе жасайды. Сен, кесе, сұлу қыздың көзі емес пе екенсің, – дейді. Ендеше, – деп Уәли кірпішті айналдыра қарады, – ендеше мынау да адамның топыраққа айналған сүйегінен жаралған.

Қуан екеуміздің аузымыз ашылып қалды. Мұндайды кім ойлаған? Демек баяғы-баяғы ата-бабаларымыз бізге, әзірше

тірілерге баспана болады екен ғой. Содан соң бір кезде біз де өлеміз. Мың-мың жылдан кейін топыраққа айналамыз. Сол кездегі тірілер сол топырақтан қыш құйып, үй салады... Әлде кімдерге, кім екенін кім білсін, біз де баспана боламыз.

Енді мен әрбір кірпішті сипалап, абайлап ұстайтын болдым. Осыған дейін кірпішке немқұрайды қарап, кейде балалығым ұстап, Қуанға кірпішті жорта қисайта лақтырып, Қуан ұстай алмаса, мәз болып күліп едім. Бірнеше кірпіш жерге түсіп кетіп, кейбіреуі сынып қалып еді. Сонда Ғани келіп, сынған кірпіштерді көріп:

– Әр кірпіштің құны қанша екенін білесіңдер ме? – деп сұрады.

Біз білмедік.

– Әрбір кірпішке қаншама адамның қолы тигенін білесіңдер ме? Әуелі топырақ қазылды. Оны зауытқа жеткізіп, саз балшыққа айналдырды. Оны қалыпқа салып, мың градустық ыстығы бар пешке салып күйдіріпті. Оны машинамен тасып, пойызға жеткізді. Оны платформаға тиеді. Енді мына сендер, үш адам жабылып, машинаға тағы тиеп жатырсыңдар. Анау тұрған кранның жанында жаңа үй салынып жатыр. Мына студбеккерден сол үйдің жанындағы адамдар бұл кірпішті тағы түсіреді. Тас қалаушыға алып береді... Сөйтіп, үйдің қабырғасына қаланып болғанша қанша адамның қолынан өтеді? А?

Осы қиын сұрақтан кейін кірпішті беталды лақтырғанды қойдым. Басты себеп ол да емес. Бастысы – басқа... Бұл бір кезде жер басып, Күннің нұрын көріп, қуанып, қайғырып, өзімізше өмір сүріп жүрген адамдардың тәнінен жаралған екен. Оған құн жете ме?

Мен Ғаниға ең бастысы осы деп айтайын дедім. Айтпадым. Білсең неге сындырасың десе, не деймін?

Түсте жұмысшылар асханасынан тамақтанып, кәдімгідей әлденіп алдық. Әйтпесе, жүрегім сазып, ішегім шұрылдап,

алғашқыда қауырсындай жеңіл көрінген қызыл кірпіш ақырында атан түйеге де ауыр зіл қара тастай болып, әл-қуатым кеміп қалып еді.

Кешке дейін платформалардағы кірпіштерді тиеп болдық-ау, әйтеуір. Қолымнан қанша қызыл тас өтті – санамадым. Әуелі санап тұрайыншы деп едім, бір кезде жаңылысып қалдым да, бұл бос әурені бас қатырмайын деп қоя қойдым.

Бөрене түсірген көршілеріміз де жұмысын тоқтатып, бүрсеңдеп сапқа тұрды. Біздің солдаттардың командирі айқайлап бұйрық айтып тұр. Қай тілде айтқанын білмеймін. Әйтеуір, қазақша емес. Орысша айтса жапондар түсіне ме екен? Бұрынғы солдаттарға жалаңдап тұрған овчарка ит жетектеген екі-үш әскер қосылды.

Сөйтіп, сапқа тұрған тұтқындар тау жаққа қарай кешкі аяздың қарын қаршылдатып кетіп бара жатты. Бір кезде олар бастарын кегжитіп, батқан күннің нұрынан қызғылтым тартқан аспанға, жаңа туған қияқ Айға қарап, бәрі қосылып бір мұңды, аса сағынышты әуенге басты. Осы ән оларға қанат бітіріп, әнеміне аспанға көтеріп, сағынған жерлеріне алып ұшатындай көрінді. Алғашында арсылдап, солдаттардың қолынан жұлқынып-жұлқынып шыға жаздап, тұтқындарға шабаланған овчаркалар да тына қалды.

Сағыныштың қысталаң әні тымық ауаны тітіренте тіліп, алысқа-алысқа самғады. Жапонияға жете ме, жетпей ме, білмеймін. Бірақ жаңа туған Айдың жанындағы жалғыз жарық Жұлдыз дір-дір етіп, көзінен шоқты жас шашырап, шыр-шыр еткендей болды. Зибә ма... екен деп қалдым.

Жаңа туған Ай мен жалғыз жарық Жұлдызға тесіле қарап қалғанымды көріп Қуан:

– Жүрсеңші енді, – деді.

Каникул бітуге таяп қалды. Қайтуға қам қылдық. Үйдегілер не боп жатыр? Молотовқа барып, документті алып, тез кайтамыз деп кеткенбіз. Бір аптадан асып барады...

Ғани бастық бізді кассаға апарып, әрқайсымызға бір-бір бума ақша ұстатты. Мұншама көп ақша ұстап көрмеген басым, қуанғаннан жүрегім жарылып кете жаздады. О басында армандаған патефонды да ұмытып, енді Айшаға кебіс-мәсі, орамал, Құрмашқа көйлек, Батырханға бәтіңке сатып алмақшы болдым. Қуанға айтып, осыларға мына ақша жете ме? – деп едім. Ол да мәз болып:

– Жетеді. Артылып қалады, – деді.

Сонымен, жұмыстан босап, Ғаниға рахмет айтып, Шолақтаудың базарына бардық. Ғани қоштасарда:

– Теңгелеріңе сақ болыңдар, – деді. Базары Әулиеатадағыдай емес, шағын екен. Кіреберісте, әлде қытай, әлде кәріс екені белгісіз біреу:

– Шарик – малик, шарик – малик, – деп айқайлап тұр екен, онысы не болды екен деп жанына жақындай бердім.

– Подходи, мальчик, подходит, – деп әлгі Шарик-малик өзінің туған бауырын көргендей қуанып кетті.

Кішкентай үстелдің үстінде үш оймақ тұр. Кәдімгі көк инені көтінен түртіп, матаға кіргізетін оймақ. Айша сұқ саусағына киіп алып, менің шалбарымды жамағанда талай көргенмін.

Шарик-малик бұршақтай темір шарикті ұстап көрсетті. Содан соң, бір оймақтың астына бастырып қойды да, лыпылдатып үш оймақты тез-тез орын ауыстыра қойды.

– Кәне, тапшы, – деді.

Мен біреуін көрсеттім. Оймақты ашып жіберіп еді, шарик шыға келді.

– Ой, бәлесің ғой. Сен тапқыш екенсің. Енді ақша тігіп ойнаймыз, – деді Шарик-малик. – Міне, жүз сом болады. Шарикті тапсаң – екі жүз сом да сенікі. Түсінікті ме?

Қуан жеңімнен тартты.

– Кетейік, – деді.

Екі жүз сомды тастап кетуге қимай:

– Жарайды, қазір, – дедім.

Қуан:

– Қойшы соны, – деді.

Бумадан жүз сом шығарып, үстелдің үстіне қойдым. Екі жүз сом болды.

– Бекер, – деді Қуан.

– Әй, жаңа оңай таптым ғой! – деп бой бермедім.

Шарик-Малик оймақтарды ауыстырып жіберді. Біреуін қолыммен басып қалдым. Шарик-Малик ашып жіберіп еді, бұршақтай шарик жәудіреп орнында тұр.

– Қап, – деп санын соқты Шарик-Малик. – Давай, енді екі жүзден тігейік.

Қуан:

– Қой, енді қоя ғой, – деді.

Мен екі жүзді үстелде қалдырдым. Шарик-Малик қойнынан екі жүз шығарып қойды. Төрт жүз болды. Тағы ұттым. Тағы ойнадық. Бұл жолы ұтылдым. Ішім удай ашып кетті.

– Давай, бес жүзден, – деді Шарик-Малик.

– Давай, – Бумадан бес жүзді шығарып қойдым. Қуан:

– Жетті енді! – деді даусы қатты шығып:

Тағы ұтылдым. Жоқ, болмайды, ұтылғанды қайтаруым керек. Қуан қолымнан сүйреді. Көнбедім. Бума ақша жұқарып қалды. Қайтарып алуым керек.

Бума таусылуға айналды.

Жылап жібердім. Шарик-Малик оймақтарын қалтасына салып, үстелін қолтықтап кетуге айналды. Тұра ұмтылып, жағасына жармастым.

– Мен сені зорлаған жоқпын. Өзің ойнадың неғыл дейсің? – деп Шарик-Малик мені итеріп жіберді. Шымыр, шапшаң екен, қызталақ. Қуан келіп:

– Қайтар ақшасын! – деді тістеніп.

Сонда, анадай жерден алпамсадай екеу жетіп келді.

Әттең, Уәли ағасымен бірге қалып еді. Сол болғанда... Енді бір сағаттан кейін пойыз жүреді.

Әлі зіңгіттей екеу, Қуан екеумізді жерге қағып жіберердей дәу жұдырықтарын мұрнымызға тақап:

– На, панюхайте, – деді.

Бұл сәтте Шарик-Малик зым-зия жоқ болды да кетті. Пойыз Әулиеатаға қарай бет алды. Оң қол жақта қар жамылған Қаратау созылып жатыр. Одан ары Тәңіртаудың шыңдары жарқырайды. Тәңіртаудың сол аспан тіреген шыңдарына қарап:

– Неге менің жолым ауыр, Тәңіртау?! – деп айқайладым. Тәңіртау тіл қатпады.

Терезеден солдаттар қоршаған жапон тұтқындар көрінді. Бастарын кегжитіп, аспанға қарап бара жатыр. Пойыздың дүрсілінен ән естілмеді. Зарлы, үзіле-үзіле сағынған, сарғая-сарғая алтынға айналған, дүниеде теңдесі жоқ сиқырлы ән.

Алтынды Шолақтаудан іздеп нең бар, Барсхан?! Алтын өз кеудеңде екен ғой. Кеудеңдегі, көкірегіңдегі адам айтып болмас ағыл-тегіл арман. Орындалмаған, қанша қусаң да жете алмайтын асыл армандар. Орындала салатын арман арзан шығар. Арзанның қадірі бола ма? Сенің алғашқы адымдарың, алғашқы армандарың сарғая-сарғая, иә алтынға, иә запыранға айналар. Бәрі де Жазмыштан.

БАЛАСЫН ІЗДЕП, АНАСЫН ТАПҚАН АЙША

Ініне су кеткен суырдай сүмірейіп үйге кіре берсем, қарындасым мен інім боздап қоя берді.

Жүрегім су – у – у ете қалды. Айшаға бірдеңе болған екен дедім. Қаным басыма шапшып, шеке тамырларым шытынап, шыныдай шарт-шарт сына жаздады.

– Не болды-ей?!

Бұл менің оспадарсыз сұрағым.

– Сен өліп қалды... екен... деп... – Қарындасым солығын баса алмай солқылдады.

– Е, мен келдім ғой. Соған да жылай ма екен. Айша қайда?

– Сені... сені іздеп кетті.

– Қайда?

– Білмейміз, Молотов жаққа...

Өзім де бір сұмдықтың боларын сезіп едім. Бір күнге деп, бір апта жоғалып кету... еш қисынға келмейді. Жөнсіз, жорықсыз қылық.

Бірақ болары – болды, бояуы сіңді.

Ал Айша қайда?

Қуан екеуміз сол кеткеннен бір күн өтеді, екі күн өтеді.

– Ау, Айша, әлгілерден хабар бар ма? – деп Уәйда қайта-қайта келеді. Абыржу басталады.

Айша Қали нағашысына барып, осылай да осылай, екі бала жоғалып кетті, үш күн болды, хабар-ошар жоқ дейді. Жаны қиналғанда барар жері, басар тауы – Қали. Басқалардан не қайыр? Бас көтерері – Қали. Қали бір көзін қысып алып, аппақ дөңгелек сақалын ары-бері сипалап:

– Е, бала неме, Молотовтағы жолдастарын көріп, ойнап кетті ме... Әлде Байтанадағы нағашыларына барды ма... Жүрген шығар, шыда, – дейді.

– Қайдам, нағашы-оу, өзі безгектен әрең тұрған... Қасындағы Қуан есі бар, ересектеу еді, не болды?

– Е, Құдай сақтар, оның жасында әкесі Мұртаза Жаңабай Байзақ датқаның немере қызын алған. Есі кіріп қалды ғой.

– Сол датқаның немере қызымен-ақ отасып тұра бергенде ғой Мұртаза... Мен бүйтіп азап аранына түспес едім-ау, – деп Айша аһылайды.

– Қой, өйтіп асылық сөз айтпа, – дейді нағашысы. – Құдай пешенеңе не жазды – сол болады. Мұртазадай ер қайда?! Есіл ер қиянат құрығына ілінді ғой.

Күйеуінің жақсы қасиетін айтқанда, Айша кәдімгідей еңселеніп, рухтанып қалады.

– Жарықтық жаның жұмақта болғыр, осы баласын шымшықтай шырылдап қорғаушы еді. Ой, бұл бұзық болатын. Мен ұрсам, әкесі ара түсіп, соның жолында құрбаны болғысы кеп тұратын. .. Ал енді сөйткен баласынан мен бейбақ айырылып қалсам, о дүниеге барғанда Мұртазаға не деймін, не бетіммен көрінем, нағашы-ау?!

– Қой енді, уайымдай берме. Жарайды, мен қалаға барып Сейтжанға айтайын. Милицияның қолы ұзын ғой. Издесе, тез табылар.

Сонымен, үш күн өтеді, төрт күн өтеді. Енді екі әйел қосыла күңіренеді. Осы уақытқа дейін сабыр сақтап келген Уәйда:

– Айша-ау, енді қайттік? – дейді.

– Қали нағашым қалаға барып, милицияға хабарлаған екен, бір дерегі болып қалар, – дейді Айша.

Айша кінәлі адамдай. Уәйданың үйіне кіріп алғанымен тұрмай, жалғыз ұлына жамандығы тимесе неғылсын. Бәлені бастаған Барсхан ғой. Әйтпесе, Қуанның Молотов жаққа бару қаперінде де жоқ қой.

Енді екеуі барып, Гүлсімге бал аштырады.

Гүлсім – Қали, Сәли, Бөпетай, Сатайлардың аталас ағайыны Қауғаның қатыны. Қауға деп жеңелері атап кеткен. Әйтпесе, әжептәуір аты бар екен. Оны жұрт ұмытқан. Жарықтық екі көзі қасқыр көрген ешкінің көзіндей шарасынан шыға шақшыып, жасаурап тұрар еді. Сақалы да ешкі сақал. Ашаң, бүкіштеу кісі еді. Алғаны – Әулиеатадағы Мама-Шәріп саудагердің қарындасы Гүлсім. Шешесі тәжік, әкесі өзбек. Тәжікше, өзбекше, қазақшасы аралас, ерекше, будан тілде сөйлейтін. Дауысы шәңкілдектеу, тілі сақауға ұқсас, қызық кісі еді. Қауғамен екеуінде бала жоқ.

Содан да болар, тауықтың ұясындай кішкене құжырасына Гүлсім балаларды көшеден шақырып алып, жүгері нан, құрт, елде жоқ науат, кәмпит үлестіретін. Сірә, қаладағы саудагер

төркінінен әкелетін шығар. Жұма сайын құдайы шелпек пісіріп, көшеге шығып, балаларды іздеп жүріп үлестіретін еді, жарықтық.

– Дәметкен аруақтарға тие берсін деп жеңдер.

– Дәметкен аруақтарға тие берсін! – деп шулайды балалар.

Соғыстан соңғы ашаршылық. Соның өзінде мұндай қайырымды адамды Құдай неге ғана бір балаға зар етіп қояды екен, түсініксіз.

Әне, сол Гүлсімге барып, Айша мен Уәйда құмалақ аштырған ғой. Гүлсім басқалар сияқты қойдың құмалағымен бал ашпайды. Гүлсімдікі лобия. Лобия сыртына Жаратушының өзі жазу жазып қойғандай, әдемі өрнегі бар. Ақ лобия, көк лобия, қызғылтым, қырмызы лобия...

Гүлсім лобия тартып, Айша мен Уәйдаға:

– Балаларың аман-есен. Аяқтары үзеңгіде. Құдай қаласа, келіп қалады. Қанжығасы тоқ. Соған қарағанда олжалы-ау деймін, – дейді.

– Айтқаның келсін, Гүлсім жеңеше-ау, – деп Айша қуанып қалады.

– Аузыңа май, – дейді Уәйда.

Екеуі үйлеріне қайтып, «сары биені» сауып, бір самаурынды ортаға алып, көңілдері жайланады.

Бірақ бесінші күн өтеді...

Алтыншы күн дегенде, Айша шыдай алмай жолға шығады. Құрмаш пен Батырханға:

– Ал мен кеттім. Барсхан тірі болса, – өзін, өлі болса – өлігін, алып қайтамын, енді сендер қаңғырып кетпей, тырп етпей, үйде отырыңдар, – деді.

* * *

Басқа бағыттан адасса да, Бурылтаудан адаспайды. Айша терістік – батысты бетке алып, Молотов осы жақ қой деп, жолсызбен төтесінен тартады. Молотовқа баратын тас жолға түссе де болар еді. Бірақ ол алыс, орама жол. Алдымен қалаға

бару керек. Одан Атшабар айналып, Ойық көшесіне түсу керек. Зибасы жоқ Ойық көше...

Оған зауқы соқпады. Бурылды тіке бетке алса, Асаның ар жағы – Байтана, Байтананың астында – Молотов. Бірақ Байтана мен Молотовтың арасында, баяғы-баяғыда Шыңғысхан бүкіл дүние жүзінен жинаған алтынын көміп кеткен екен деуші еді. Талайлар сол зындандағы алтынды аламыз деп, қырық құлаш қыл арқан тастап, әуелі алдына келгенді тістеп, артына келгенді теуіп, жан баласын жолатпайтын жымық құлақ, қара айғырдың жанынан амалдап өтсе, енді аузынан от шашқан айдаһар тап болады екен. Жан-жағы шашырап жатқан адамдардың қаңқа сүйектері дер еді.

Бурылдың ең биік шоқысы жанартаудай жалындайды. Бәлкім, алтынның буы шығар. Алтынның буы болады дейді ғой. Әлгі Барсхан мен Қуан әлдекімнен естіп, осы алтынды аламыз деп, зынданға түсіп кетіп жүрмесін...

Алды жарқабақтанып бара жатқанын байқады. Сөйтсе, Асаға да келіп жеткен екен. Жарқабақтан сырғанай-сырғанай амалдап, жағаға да жетті. Ернеуі мұз қабыршақтанып жатыр. Тебеген аттай жымқырылып, арқырамай, жымысқыланып, жыланша ирелеңдеп, жылжып бара жатыр. Судың беті – ирек-ирек, қап-қара. Сірә, иірім. Сірә, терең.

Бүлкілдейді, бүктетіледі. Сылқ-сылқ етеді. Қабыршық мұзды жалап, сылп-сылп етеді. Өзінің әуені. Өзенде де әуен бар. Бір қарасаң-думан дүниенің шалқымасы сияқты. Бір қарасаң – таусылмас арман ағысы. Арман таусылмаушы ма еді. Бәрі де таусылады. Сайқалдана сылаң қаққан мына Аса да таусылады. Бурылдан шыға бере, теріскейді бетке алып, алыстағы құмға барып, құрдымға кетеді. Әуен де жоқ, ән де жоқ. Тек құмға сіңген судан нәр алған шеңгел ғана күзге қарай әлденені сағынып, сыңғыр қағады.

Бәрі солай. Көкірегі үнсіз күмбірлемейтін жан болмайды. Болса ол – сезімнен ада, жұрттың жадауы.

Айша қолындағы алша таяқты суға салды. Бойлатып көрді. Таяқ су түбінен таяныш таппады. Дәлірек айтқанда, түбіне жетпеді. Су серпіні таяқты Айшаның қолынан тартып алып, ағызып әкете жаздады. Айша қабыршық мұзды етігімен теуіп, еңкейіп, суға қолын салып көріп еді, онша суықта емес сияқты. Ызғарсыз. Тереңдігі болмаса, суықтығы түк те емес.

Айша суық судың талайын көрген. Тәңіртаудың Ақсайынан аққан зәрдей суды қызыл сирақтан кешіп, талай-талай жылдар бойы қызылша суарған.

Күн болса кешкірді. Су болса мынау. Амалдап арғы бетке шыққанда да... қайда барады? Қараңғыда Молотовты қайдан табады? Жолда – Байтана бар. Төркін елі. Кіндік қаны тамған жері. Тұлымшағы желбіреп жүгірген мекен. Қызды Құдай неге мұндық етті екен? Ұл болса ғой, сон – о – о – оу қияндағы, өрдегі Тәңіртаудың бауырына, Мыңбұлаққа ұзатылмай-ақ, осы елде жүре берер еді...

Енді – жат. Өзі туған жерге – өзі жат, бөтен. Егер мына Судан өте алса, Асаны тағы бір кешіп өтуі керек.

Айшаның алдын асау Аса, сөйтіп, екі рет кес-кестейді.

Баяғыда, балғын бала кезінде Құлыхан апасы, қасында, сірә, әкесі Есей бай бар ма екен, Айшаны осы Бектөбедегі төркініне алып келген.

Айша сонда Асадан тұңғыш рет өткен. Атпен. Апасының алдында, ердің қасынан ұстап отырған. Аса сонда оған шексіз дариядай болып көрініп еді. Аттың жалына дейін шапшыған. Айшаның басы айналғандай болған. Апасы Құлыхан: «Айша, көзіңді жұм, көзіңді жұм», – дегені есінде.

Асадан содан бері қанша су ақты... Енді оны алдына алып отыратын апасы Құлыхан да жоқ, әкесі Есей де жоқ. Астыңда ат та жоқ. Жаяу кешіп өтеді. Қазір қыс қой. Суы тартылған шығар. Мүмкін, мұз боп қатып қалған да болар. Бірақ Аса мұз құрсанып жатыр екен дегенді естіген емес. Бүгін күн жылымық. Әуелі қалың жауған қар жентектеліп, жібіп жатыр. О баста ет

қызумен едәуір жерді еңсеріп-ақ тастап еді. Енді қансорпа боп терледі. Жентек қар аяққа оралғы бола берді. Бақабас ескі етік те сыр бере бастады. Еріген қардан ылжырап, ішіндегі шұлғауға дейін су өтті.

Айша оны елең қылған жоқ, қыстың күні қысқа, жарық барда жол өндіріп алайын деп, аршындай түсті.

Жауыр дейтін жоннан асты. Алдынан Бурыл тау анық көрінді. «Жақын қалды» деді. Бурылға жақындаған сайын кеудесі әлденеге өрекіп, дүниедегі ең аяулысын, Анасын көргендей, алдынан анасы құшағын айқара ашып, аймалайтындай бола берді. Көптен бері көкірегінде шемен боп қатып қалған, сарғайып сарғайып болған сағыныш деген қу сезім жібіп сала бергені ме, бұл жаққа не мақсатпен келе жатқанын да ұмытқандай. Баласы Барсханды іздеп келе жатқаны да есінен шыққандай, Бурылдан көз алмай алға қарай алқынды.

Аяғына басы күрдек күлтелі жусан орала берді. Бұл беткейде жусан қалың екен. Барсхан мен Қуан келіп шапса, қып-қызыл ол жаға батқандай екен. Бурыл да мұны аңсарлана, зарыға күткендей, тіпті тау басымен бұған қарай өзі жылжып келе жатқандай көрінді.

«Қос көрінді ме, шаршадым ба?» – деп қойды.

Қыстың күні күн төбеден ауса болды, төмен қарай сырғанап жөнелетіні несі? Таудан төмен қарай шанамен заулағандай. Батыс жақ сұп-сұр болып, сазарып тұр еді. Енді мына пенденің осыншама шаршап-шалдығып келе жатқанында қолтығынан демеп жіберуге дәрменсіз екенінен ұялғандай, бұлттар қызара бастады.

Бурылдың ең биік шоқысы жанартаудай жалындап бара жатты. Сол биікке Байтананың бір үйі паналатар еді-ау. Ой, дүние-ай, мынау баяғы өзіміздің Айша ғой деп бәйек болып, су-су киімін кептіріп, қатықсыз қара су болса да қайнатып беріп, бойын жылытар еді.

Бірақ намыс қайда? Намыс жылап қалмай ма? Баяғыда, он алты жасында Айшаның алтынмен аптаған, күміспен күптеген ақбоз атқа мінгізіп ұзатылғанын көргендерден қалған көз әлі бар шығар. Олар не ойлайды? Аяй ма, табалай ма?

Намыс сонда төбе шашын жұлып, ойбайламай ма?!

Намыс – адамның жан серігі. Көзге көрінбейді. Жеке жүрмейді. Тым болмаса, көзге көрінетін көлеңке де сияқты емес. Бірақ серік. Мықты серік. Бұл серігі жоқ адам қасиетсіз, әлсіз.

Ал Айшада бұл серік мол еді. Аса күшті еді. Намыстың аса күшті болғаны да зиян ба, кім білсін. Дүниеде намысы күшті Көк Бөрінің нәсілі деуші еді. «Қасқырдан қауқар кеткенде апа дейді ешкіні». Сөйтсе, ең намысшыл деген қасекеңнің өзі де ымырашыл көрінеді. Әрине, әлсіз шағында.

Егер Асадан аман-есен өтсе, Айша төркіндеріне бұрыла салса да болар еді. Айшаның мүсәпірлеу тәрізін көріп, көтін ашып, күлін шашып күлетіндей хал қазір байтаналарда да шамалы шығар. Шекесі қызып, кекірігі сасып отырған кім бар бұл заманда?!

Бірақ Айшаның: «Текті ит өлігін көрсетпейді» деген қатып қалған заңы бар. Әйтпесе, сонау Мыңбұлақтан келгелі жылдан асып кетті. Асаның ар жағында жатқан Байтанаға әлі бір барған жоқ. Ел құлағы – елу.

Айша Бектөбедегі алшын – сіргелі нағашыларының қолына көшіп келіпті дегенді Байтана естімеді дейсің бе? Іздеп келген біреуі жоқ, іздеп келуге жарамдылары әскерге кеткен. Аман-есен елге оралды ма, әлде оқ алды ма, кім біледі? Әйтеуір, ат ізін салмады.

Өзеннің жайдақтау жері бар ма екен деп, Айша суды бойлап, бір бұлымды айнала беріп еді, алдынан бозалаңдап шұбатылған сұйық түтін көрінді. Айдалада аңырап, амалсыз қалған адамға кәдімгі түтін де бір медеу. Айшаның үзіле жаздаған үміті жалғанғандай, әлгі түтін шыққан жаққа қарай адымдай жөнелді. Жатағандау жотаның астынан үй көрінді.

Жақындап, төбеден төтелеп келсе, диірмен екен. Алдынан абалап, қазақы ала төбет шықты.

Арсалаңдап амандасып шыққан жоқ, жауыға, жанталаса арпылдады. Тағы да болса Айшаның қызыл-күрең, алша таяғы бар. Соны жасқай сілтеп, әлгі үйге бір қырындап, жақындай түсті. Ала төбет аздай, ақтөс, қара қанден шабалана шәуілдеді,

Қос ит қосыла, өршелене өрекіп кеткен соң болар, қосалқы аласа үйден, інінен шыққан суырдай сүйретіліп, ұзын бойлы, қайыстай қара кемпір көрінді. Әуелі иттерге:

– Кет – әй, кет! Жат! – деп кейіді.

Мұны естіген иттер: «Е, біз өз міндетімізді атқардық. Ендігісін өзің біл» дегендей, құйрықтарын бұлғақтатып тына қалды.

Кемпір күн шағылыспаса да, көзін көсеудей қолымен көлегейлеп, жат адамға үңіле қарады. Танымады.

Айша да таныған жоқ.

– Амансыз ба, құдайы қонақпыз, – деді.

– Кел, кел, – деп қара кемпір, «үйге кір» дегендей ишара білдірді.

Қуықтай үйдің іші қараңғы екен, кемпір сипалап жүріп пештің үстінен шишақпақ тауып алып, шырағданның білтесін тұтатты. Керней орнына қағаз кигізілген томпақ бүйір шыныны тұғырына қадап қойып еді, құжыра ішіне елегізген сәуле шашырады.

Кемпір егі тірі, қунақы екен, мейіздей қатқан көнді балтамен ұрып-ұрып, пештегі шоққа үстемелеп тастап жатып:

– Үсті-басың су-су, өзің жолсызбен жүрсің ғой, жаурап қалған шығарсың, киіміңді шеш, отқа жақынырақ отыр, – деп сартылдады.

– «Танымаған, білмеген кісіге де осынша бәйек болған қандай қасиетті адам – деп ойлады Айша, – әлде менің кім екенімді біліп қойды ма? Мені білетін Байтаналардың біреуі шығар».

Бірақ кемпір: «Кімсің, қайдан жүрсің?» – деп жөн-жосық сұрай қоймады. Пештің үстіндегі сырты күйеден қасаң болған шәутімге толтыра су құйып, темір плитаның дөңгелек қақпақшаларын көсеумен іліп-іліп алып тастап, отқа қойды.

– Тез қайнайды, шәй ішіп жылынасың, – деді, – қарның да ашқан шығар. Сенің келетініңді білмедім ғой, білгенде қазан асып қоятын едім.

Айша ойлады: «Мынау мені шыннан білетін болды».

Оның ойын сезіп қойғандай:

– Мен сені әуеліде танымай қалдым, қартайдым ғой. Әйтеуір, шырамытамын. Сен Айша емессің бе?

– О, құдая тоба, иә, мен Айшамын, өзіңіз...

– Күнім-ау, мен Жұпар әпкеңмін ғой. Есіңде ме ондай әпкең? Әй-бу, ұмытқан шығарсың. Мен бойжеткен кезде, сен тұлымшағы селтиген балапан едің ғой.

– Есімде, есімде, Жұпар әпкем! – деп Айша қара кемпірді құшақтап, бауырына басты. Жұпар да құшып көрісті.

Екеуі де еңкілдеп жылап, көздің жасын көл қылды.

– Апыр-ай, Жұпар әпке, мені қалай біліп қойдыңыз, – деп Айша аң-таң.

– Қанша жыл, Құдай-ау, сіздің ұзатылғаныңыз еміс-еміс есімде. Содан бері көріспеппіз ғой. Өзіңіз айтпасаңыз, мен сізді өмірі танымас едім.

– Жүрегі құрығыр сезеді ғой, Айшажан-ау, қу жүрек біліп тұр ғой.

– Апыр-ай, әулие екенсіз да. Туысқанын таныған жүрегіннен айналайын, әпкетай!

Екеуі терлеп-тепшіп шәй ішті. Қайдан жүрсің, неғып жүрсің деп Жұпар сұрамады. Бәрін де айтпай-ақ білетін сыңай танытып:

– Қиналып қалған екенсің ә, күнім. Зар заман да өтер, мұратыңа жетерсің, – деп қойды.

– Қиналғаным рас, Жұпар әпке, – деп Айша ау – жайдың бәрін баяндай бастады. Содан әңгіме тиеті ағытылып, екеуі алысқа-алысқа, баяғы сағым жылдарға сапар шекті.

...Тоқсанбай есімді батыр Байтананың алты ұлы бар еді... «Атадан алтау, анадан төртеу» деп данышпан ақын айтқандай, Тоқсанбайдың бәйбішесінен төрт ұл: Матай, Сасай, Татай, Есей; кіші әйелінен: Қарағұл, Нұрабай деген екі ұл болған. Солардың Матайы мен Сасайы Мекке – тілләта қажылыққа барып, Матай сонда о дүниелік болған. Ағасынан айырылып, Сасай азып-тозып елге әрең жеткенде туған-туысқан қатты қайғырса да:

– Құдай Матайдың тілеуін берді, жаны жаннаттан жай тапты деп тәубаға келіп, алты ата атырапты түгел шақырып, ас берген. Міне, мына Жұпар сол Матайдың қызы еді. Ал Айша болса, Есейдің үкілеп, мәпелеп өсірген қызы.

Жұпар сұлу бой жеткенде сүмбіл шашы тірсегіне түсер еді. «Шаштарын он күн тарап, бес күн өргеннің» шын екенін жақындары сонда көрген. Шашын иіс сабындап, гүлқайырдың шайырымен жуған соң, қыздар жиналып, жан-жағынан отырып алып, мүйіз тарақпен тарап, бұрымын өруші еді. Сол «шаруаға» Айша да араласатын. Тұлымшағы селтиіп, үлкен қыздардан о да қалыспайтын. Сонда Жұпар кішкентай Айшаға: «Өскенде сенің де шашың осындай болады», – деп күлуші еді. Айтқаны келіп, кейін Айшаның шашы да тізесіне дейін төгілді. Енді... енді содан не қалды? Уысқа толар-толмас шүйке қалды. Жұпар мен Айша... Қыз жат жұрттық. Жұпар бір қаңлыға ұзатылған екен. Балалы-шағалы болған. Қазір мына алакөлеңке құжыраның қабырғасында, шынылы кәсекіге салған суреттен әскерше киінген, жауқабақ, жас жігіт міз бақпай қарайды да тұрады.

– Жалғыз ұл – Байсұлтан осы, – деді Жұпар, суретке қарап қалған Айшаға. – Соғыстан қайтпай қалды. Үш қыз үш жаққа кетті. Шалымыз екеуміз, жалғыз үй, диірмен бағамыз. Шал бүгін атқа мініп, шаһарға кетіп еді, келмеді ғой. Шаруамен жүрген шығар. Шәй ал, Айша шырағым.

Апалы-сіңлілі екеуі тар үйдің әлемін әңгіме-тарихпен кеңейтіп, түн ортасына дейін отырды. Шырағдан майы таусылып, өлімсірей бастағанда ғана Жұпар:

– Ал Айша, айналайын, сен мына менің төсегіме жата ғой, мен жерге жантая саламын. Жаныңа жақын жатайын. Алтыным әншейін. Құдай қаласа, жақсы түс көресің. Балаң табылады. Жата ғой, жаным. Уайымдама.

«Мені баяғыдай бала көріп, айналып-толғанады. Қайран ба – уыр – ай», – деді Айша көзі ілініп бара жатып.

* * *

«Түс – түлкінің боғы – дүр» дейтін ескі сөз бар. Сірә, жаман түс көргендердің көңілін жұбату үшін айтылатын шығар. Өйтпесе, түс мұндай теңеу алатындай соншалықты құбыжық емес.

Түс те өзінше бір әлем. О да өмір. Өміріңнің бір бөлшегі. Өндегіден гөрі, кейде түсінде бақыттырақ боласың. Өңінде шалқақтап, асып-тасып жүргендердің түсінде жантүршігер жағдайға кездесіп, шошып оянатындары да болады.

Ұйқым тыныш болсын десең, имансыз іс істеме. Жаман түсті көбінесе қарақшылар, қиянатшылар, ұры-қары, жемқорлар, парақорлар көреді. Өйткені күндіз ұйықтап қалған ұят түнде оянады. Сөйтіп, ұят өз иесін азапқа салады.

Түс бір жағынан өлгендегі, о дүниедегі өмірің сияқты. Жалған дүниеде күнәкар болған жан о дүниеде тозақ торына түсетіні рас болса, түс те соның бір көрінісі.

Жақсы түс – жақсылыққа жақсылық.

Жаман түс – жамандыққа жаза.

Әпкесінің тапал төсегінде жатып, Айша түс көрді. Асаның суы күндіз көргендегідей емес, айдынданып, арғы шеті әрең көрініп, шалқарланып кеткен екен. Неге екенін кім білген, Айша бұл теңізден сескенбей, үстіндегі киім-кешегімен түсіп кетіп, оп-

оңай, жеп-жеңіл жүзіп келеді. Ұлы теңіз мұны еркелетіп, қақпақылдап, аймалап алып келе жатқандай. Жан-жағынан сары сазан, ханбалықтар қоршалап, шоршып ойнап, бірте-бірте адамдарға айналып, хор қыздарының ғажайып әуезді әніне салады.

Ән жалған дүниенің бес-ақ күндігі туралы, өткінші, өтірік екендігі туралы; шын дүниенің қайғысыз, мұңсыз, мейірімді, бауырмал, қайырымды ләззаты туралы жүректі елжіретіп, рахат бесігінде тербетеді.

Әлгі періште әнші қыздар жүзіп келе жатып, мұның жадау-шоқпыт киімдерін шешіп алып, суға лақтырып тастап, үстіне аппақ атлас, сусыма жұмсақ, мөлдір көйлек кигізіп, шашақты орамал салады. Дәл баяғы Мыңбұлаққа ұзатылған кездегідей хал кешеді Айша. Бәлкім, одан да тамаша, одан да көркем дүние. Жалған дүниеде мұндай рахаттың аты да, теңеуі де жоқ.

Айша таң қалады. Айдын-шалқар дарияда жүзіп келе жатқан жоқ. Жүріп келе жатыр. Дариямен де адам тік жүре ме екен? Мүмкін, мына ақ періштелер құдіреті шығар. Солар шырқаған әсем әннің сиқыры болар. Жалған дүниеде жан-тәніңді мұншама ләззатқа шомылдырған Шолпан сыңғырлы әнді, әуезді естіп білген емес. Рухты мұншама биікке көтеретін ғаламат музыка да болады екен-ау.

Арғы жаға белгі бергендей. Қыбырлап әлденелер, әлдекімдер қараңдайды. Әлде тал, әлде адамдар.

Енді олардың үні де құлаққа шалынғандай болды. Жағалау толған ақ бейнелі адамдар. Жақындай түсті. Дария шалқып жатыр. Әлгілер бұған қарсы ентелеп, алдынан шығып жүгірейін деп талпынатындай. Бірақ судан сескеніп тұрған сыңайлы.

Әне, анау Есей ғой. Есей әкесі! Жаныңдағыларды да шырамытады: Матай, Сасай, Татай, Қарағұл, Нұрабай... – Анау Сүттібек көкесі, анау Рахман інісі... Е, айналайын, Зибаны қара! Зибә да осылардың арасында екен-ау! Әне, үлкен апасы Теңгеқыз!

Бәрі де «кел-кел» деп қол бұлғайды.

«Апыр-ау, апам қайда?» – дейді Айша. Мыналардың арасында өзінің туған анасы Құлыхан көрінбейді. «Онысы несі, менің алдымнан бәрі жабыла шыққанда, апам қайда жүр?» Көңіліне қаяу кірді. Мына тұрғандардың бәрі асыл, бәрі қымбат... Ал апасының жөні бір бөлек. Оны айтып бола ма? Әлде ауырып қалған ба?

«Апам қайда?» – деп айқайлады Айша жағада тұрғандарға. «Апаңның мекені басқа жұлдызда», – деп тіл қатты әкесі Есей.

«Апамды сағындым», – деп сыбырлады Айша.

«Білсе, келіп қалар», – деді Есей сыбырлағанды естіп.

«Айша әпке, тезірек шықсаңшы жағаға. Мен де сені қатты сағынып кеттім», – деп шырылдайды Зибә.

Айша жағаға жетейін десе, жаңағы жүріс жоқ. Жан-жағындағы ақ періштелер де көрінбей кетті. Аяғына зіл байлағандай жүре алмайды, жүзе де алмайды. Таяқ тастам жерге жете алмай зарықты. Суға бір батып, бір шығып алқынды. Өлгінде ғана жеп-жеңіл еді. Дария жалтыр мұздай, соның үстімен сырғанап келе жатқандай еді. Енді не болды? Әсіресе Зибә «әпкелеп» шырылдағанда шыбыны шырқырайды. Тезірек жағаға жеткісі келеді. Бірақ зіл жібермейді. Әудем жер қияндай алыс. Жағадағылар «кел-кел», – деп шуылдайды.

«Апа! – деп айқай салды Айша. – Апа, қайдасың?»

Әлден соң аспандағы Ай көрінбей кетті де, жағадағылар күңгірт тартты. Бәрібір «кел-кел» деген аңсар әуен ызындайды. Кенет аспаннан ақ сәулеге оранған адам жағаға түсіп, ақ толқынданып тіл қатты:

– Айша! Кері қайт! Мен сенің анаң Құлыхан!

– Апа! – деді Айша жаны шырқырап. – Апа, мені жағаға шығарып алшы!

– Шықпа, Айша! Үйіңе қайт!

– Сағынсаң, кейін келесің. Үйіңе қайт. Балаларың күтіп отыр.

– Барсхан жоғалып кетті, апа.

- Балаң үйіңде. Кері қайт, Айша.
 - Мен сенің қасыңа барғым келеді, апа.
 - Кейін, кейін келесің.
 - Мен шаршадым, апа.
 - Шыда, Айша, шыда.
 - Мұртазаны көрдің бе, апа?
 - Аспан толы аруақ. Жүрген шығар.
 - Үш жетімді асырай алмай қиналдым, апа.
 - Сұм дүниеде қиналсаң, Шын дүниеде рахатын көресің, Айша шыда.
 - Кері қайтайын десем, судан өте алмаймын, апа.
- Кенет Аса дария қақ жарылып, қара жер пайда болды. Айша сол қара жолмен қайтып келе жатып, артына бұрылып:
- Апа! – деп тағы айқайлады. Өз даусынан өзі шошып оянды.

* * *

Көзін ашып алса, жер төсекте жатқан Жұпар әпкесі жастықтан басын көтеріп алып, бұған қарап аңырып қалған екен. Ұядай үйдің алақандай терезесінен қысқы таңның нышаны қылаң беріпті. Әлгі түсінде көрген әлемге қарағанда, мына өңіндегі дүние тым тұнжыр, тым жүдеу. Түк қызық жоқ.

«Әлгі әлемнен неге келдім», – деп Айшаның көңілі құлазып, ит талаған тулақтай құрысып қалды. Сөйтсе де сол көңілдің арғы түкпірінде қимастай, қиыспастай шырайлы, шырын әсер әлі де себезгілеп, бірте-бірте мына үйдің көрінісінен көмескіленіп, әлдекім алдап кеткендей мең-зең хал кешті.

- Айшажан, немене жаман түс көрдің бе? – деді Жұпар әпкесі, дегбірі кеткендей түрегеліп.

- Жоқ, әпке, қайта ғажайып жақсы түс көрдім. Әттең, олардан айырылып қалдым,

- Не болды, айтсаңшы жөндеп.

Айша көрген түсін айнытпай айтып берді. Айтып отырып, бір жерінде күлді, бір жерінде жылады.

– Ай, айналайын, бақытқа кенелген екенсің, – деп сүйсінді Жұпар – Шыннан менің Меккеде қалған әкемді де көрдің бе? И – и, онда сен тіп-титімдей, құртақандай едің ғой. Әкемді қайдан білесің?

– Әпке-ау, мен мұны ойдан шығарып отыр дейсің бе? Көргенімді айтып отырмын.

– Е, жарығым, онда сені аруақтар жарылқаған екен. Енді сен қуанышқа кенеледі екенсің. Тұр да, жуынып-шайынып, Құдайға тәуба айтып, шәй іш. Мен тездетіп жеті шелпек пісіре салайын. Үйіңе қайт. Балаң табылған екен. Анаң Құлыхан жеңешем айтса, тегін болмағаны.

– Апыр-ай, әпке-ай, өмірімде мұндай ап-анық түс көрген емеспін. Шын дүниенің барына, аруақ барына енді көзім әбден жетті. Мына біз бейбақтар қу тіршіліктің тырбаңымен оларды ұмытып, өлдіге санайды екенбіз ғой. Сөйтсек, олар бізді ұмытпайды екен ғой. Бәрін де көрдім ғой. Апам менің! Апа – а – м – ды көрдім ғой, – деп Айша әлде шексіз қуанғандай, әлде, шексіз өкінгендей, көзінен жылы жас жылжып ақты. Түстегі көргендерін көз жасы көлегейлей берді.

ТЕСКЕНТАУДЫҢ ҚУЫСЫНДА БІР АЛЛАНЫҢ УЫСЫНДА

Пойыз кешігіп, түн ортасында келді.

Паровоздың тұмсығын қырау тұтып қалыпты.

Сақал-мұртын, жалбыр шашын ақ қырау шалған, арсылдап-гүрсілдеген, пысылдаған танауынан су атқылаған әзірейіл сияқты.

Тоқтар-тоқтамас, доңғалақтары рельсті шикылдатып, пойыз қайтадан жылжи бастады. Вагондардың есіктерін ешкім ашқан жоқ. Пойыздан ешкім бұл бекетке түспеді. Пойызға бұл бекеттен мінетін бізден басқа ешкім жоқ: Айша, мен – Барсхан, екеуміз-ақ. Бұл пойыз Сұрым бекетін неге менсінбеді екен? Тоқтар-тоқтамас, қайтадан жылжи бастады. Вагондары тым-тырыс, есіктері ашылмады. Тілсіз, меңіреу пойыз. Ал біз Айша екеуміз сонау күн батар-батпастан-ақ келіп, кәдімгідей билет алып, осы пойыздың келуін күткенімізге қай заман!

Іңір қараңғысында келетін көлік түн ортасында бір-ақ келді. Енді сол кешіккен есесін Сұрым бекетінің есебінен алғысы келгендей, тоқтар-тоқтамас, ұялмай-қызармай, жайлап жылжи бастады. Айша айқайлады:

– Әй, тоқта! Мына қараңқағыр қайтеді-ей. Әй, шынымен бе? Барсхан? Барсха – а – ан!

– Не – е?

– Ойбай, мін!

Жылжып бара жатқан пойыздың бір вагонының тепкішегіне қарғып мініп, темір-тұтқадан бір қолымен ұстады. Вагонның есігі тарс жабық. Тарсылдатып ұрайық десек, қолымыз бос емес.

Тырмысып жатып, құлап қала жаздап барып, мұздақта сырғанап барып, аяғым доңғалақтың астына түсіп қала жаздап барып, тырмысып жатып, мен де әрең іліндім-ау...

Сол-сол екен, паровоз бір айқайлап, арсылдап ала жөнелді. Бозала түнектің ішіне сүнгідік те кеттік.

Бұл Ауагүл әпкеміздің ақылы еді.

Зиба бұл дүниеден өткен соң, ендігі мекен Айшаның нағашыларының ауылы, сол баяғы-Бектөбе болып қалды. Бектөбе де колхоз. Мұнда да қызылша. Мұнда да еңбегің еш, тұзың сор. Ақы төлемейді. Сонда Ауагүл әпкеміз Айша сіңлісіне ақыл айтады ғой. Байғұс-ау, колхоздан түк шықпайды. Одан да өнерің бар ғой, тігін мәшинең де бар. Мына мен құсап тік. Сат. Сөйтпін күн көрмесең – өліп қаласың.

Айтқанының жаны бар. Ауагүл әпкеміз базардан мата сатып алады да, содан күпәйке тігеді, шалбар тігеді. Матасы көбінесе солдат киімінің матасы. Сары трико. Кейде құрақ. Базарда мұндай киімнің қаны жерге тамбайды. Қолма-қол алып кетеді. Едәуір пайда түседі. Сөйтіп, соғыс кезінде де, соғыстан кейінгі жұтаң жылдары да Ауагүл әпкемнің үйі тамақтан тарыққан емес.

Айша Ауагүл әпкемнің айтқанына көнуін көнеді. Бірақ:

– Менің мәшинем елде, қайынсіңдімнің қолында қалды ғой, – дейді.

– Е, мына тұрған Жуалы ғой, пойызбен бар да алып кел, – дейді Ауагүл. «Зингер» мәшинесін Айша жалғыз алып жүре алмас. Сондықтан қасына мені ертті. Мыңбұлаққа соқпай, бірден «Шоңқарадағы» Әдия әпкемнің үйіне бардық. Мыңбұлаққа, өз туған ауылымызға неге бармадық, – бұл жұмбақ. Мен қыңқылдап көріп едім, Айша:

– Бұл жолы асығыспыз. Кейінірек келесің, – деді. Айша мен Әдия әуелі құшақтасып көрісіп, жылап та алды.

Таңертеңгі пойызбен келдік. Енді кешкі пойызбен кері қайтпақшымыз. Келген шаруамызды естіген соң, Әдия әпкем ашуланды.

– Күнікей шешемнен қалған көз деуші едім...

– Күнікей саған шеше болса, маған ене. Қу темірге бола көңіл жыртыспайық. Көшкенде басқа ешкімге сенбей, сенің қолына аманат қалдырып ем ғой. Алмай-ақ қояр едім, күнкөріске керек боп тұр, – деп уәж айтты Айша.

Әдия әпкем:

– Бұл Бердімбет әкемнің, Күнікей шешемнің, Мұртаза ағамнан қалған қасиетті белгі еді, енді Әулиеата асып кеткен соң, қайтып келмейді десеңші, – деп қынжылды. Қабағын қарс жауып алды. Айша арқалана бастады:

– Әй, сорлылар, не деп тұрсың? Сонда мына біз қайтып келмейді дегенің ғой!

Әдия жуасып:

Жоға, сендер отаныңа оралса екен деп, Құдайдан күнде тілеп жүрмін ғой, – деді.

Не керек, «Зингер» мәшинесі бөлшектеніп, қапшықтарға салынды. Төрт бөлшек болды. Басы – бір қапшық, екі аяғы – екі қапшық. Табаны бір қапшық.

Айша мәшинесінің басын, яғни ең ауыр, әрі ең мәнді бөлшегін өз арқасына таңып алды. Қолына мәшиненің бір аяғын алды. Менің арқама табаны мен тақтайы салынған қапшықты таңды. Бір аяғын қолыма ұстадым.

Келген ізімізбен кері кетіп, Сұрым бекетіне бардық. Пойыздан қалып қалмайық деп ертерек бардық.

«Шоңқара» ауылы Боранды бекеттен алыс, Сұрым бекетіне жақын. Боранды бекеттің артықшылығы – оған пойыз бес минут тоқтайды. Бірақ алыс. Сұрым бекеттің бір артықшылығы – жақын. Бірақ пойыз қаласа тоқтайды, қаламаса тоқтамайды. Сәтіне қарай. Сонымен, тәуекел, сәтін салсын деп тілеп, Сұрым бекетке де қар малшынып жеттік-ау.

Сұрым бекеттің қызыл фуражкелі бастығы айтты:

– Пойыз кешігеді, – деді.

– Қанша сағат?

– Оны білмеймін, – деді, – әлі Борандыға да келген жоқ. Шақпақта қатты боран, – деді.

Енді қайттік? Қайтушы едік, амал жоқ, күтесің.

О, қыстың күні Сұрым бекетте, түн ішінде Құдай пойыз күттірмей-ақ қойсын.

– Мұның қашан келетінін анық білсек, Апақай әпкемнің үйіне барып шәй ішіп, жан шақырып алар едік, – деді Айша.

Апақай әпке... Еміс-еміс есімде. Апақай – Мұртазаның әпкесі. Әкесі бір, шешесі бөлек. Еспембет өліп, жесірін Бердімбетке қосқан көрінеді. Мұны Айша айтады ғой, әйтпесе мен қайдан білейін.

Апақай апамызды осы Сұрымдағы Ысқақ дейтін бай шанышқылы алған екен. Ысқақ жездеміз қайтыс болғанда, сірә, 1937 жылдың күзі шығар, Мұртаза әлі тұтқындалмаған еді. Өйткені менің есімде: бата оқырға Мұртаза мен Айша мені де ала барған.

Сұрым елін сонда тұңғыш рет көргем. Есімде қалғаны: құжынаған жұрт, одан кейін қатар-Қатар тізіліп, түтіндері будақтаған самаурындар еді. Апақай апамыздың Сыдықбек, Зиябек деген азамат балалары әскерге кеткен екен. Екеуінен де дерек жоқ. Мұны маған Айша айтады, әйтпесе мен қайдан білейін.

Енді бір сұмдығы – Сыдықбек деген үлкен баласы, біздің ауылдағы Мамыт атам бар емес пе, соның үлкен қызы Әсемге үйленіпті. Мейлі ғой. Бірақ сол Әсем бұрын осы Айшаның туған інісі Рахманға тиген екен. Тұзы жараспаған. Кетіп қалған. Әсемді артынан іздеп шығып, осындай қыстың күні Рахман товарный пойызға мініп, Боранды бекетке барған ғой. Одан омбылап қар кешіп Мыңбұлаққа, біздің үйге келген. Үстінде жұқа шекпені ғана бар екен, қос өкпеден суық тесіп өтіп, ақыры сол аурудан қайтыс болды. Мұны да маған Айша айтты ғой.

Енді сол Әсем Апақай апамыздың келіні. Бірақ кейін тиген күйеуі Сыдықбек те тірідей жоқ. Сыдықбектен Жақсымбет атты ұлы бар көрінеді.

Мұның бәрін пойыз күтіп отырғанда, Сұрым бекеттің сұп-суық вокзалында отырғанда Айша айтты ғой.

Сол-сол екен, паравоз құлақ жара бір шыңғырып, арсылдап ала жөнелді.

Бозала түнектің ішіне сүңгідік те кеттік.

Айша екеуіміз бір тепкішекке ілініп, бір-бір қолымызбен қапшық ұстап, екінші қолымызбен тұтқыштан қатып қармап қалыппыз. Вагонның есігін тарсылдатайық десек, қол бос емес. Әлгі пойыз кешігіп келе жатқан уақыттың ақысын алғысы

келгендей зымырасын-ай бір. Бетімізге бетіміз тиіп тұрса да Айшаның айқайы маған әрең естіледі.

– Мықтап ұста тұтқадан! Қолың шығып кетпесін!

Өзіме де жан керек. Әрине, мықтап ұстаймын ғой. Ай, бірақ жел қатты, қар аралас қатты жел беттен сабалап келеді. Шапалақтап келеді. «Мұндай жеті түнде жолға шығып нең бар!» дегендей ұрғылайды. Атаңа нәлет кондуктор! Есікті ашпады. Есіктің сыртында вагонға ілініп, салбырап келеміз. Тағы да болса, ол кездегі пойыздың тепкішегі сыртында, қолмен ұстайтын тұтқасы да сыртында. Кейін-кейін бергі заманда ғой, қол-аяғы жоқ қысыр жыландай сыпсифан вагондардың шыққаны.

Жүгіміз болмаса, сірә, жеңілдеу болар еді-ау. Жүк ауыр. «Зингер». Тігін мәшине. Ап-ауыр. Қапқа салып, бөлшектеп алдық. Арқамызға таңып алдық. Қалғаны қолымызда.

Ата-бабадан қалған байлық. Байлықтың тамтығы. Тұтас та емес. Ата-бабаның бай болғаны үшін біздің жазығымыз не? Көрмеген қорлық жоқ. Сол байлыққа бола, біз қызығын көрмеген байлыққа бола, Мұртазаны алды. Ол аз болғандай, Мұртазадан қалған жетім-жесір жәуітке де тізелері қатты батты. Елден бездірді.

Енді сол байлықтың соңғы тамтығымен күн көрейік десек...

Менің қолым, тұтқадан ұстаған жалғыз қолым қарыса бастады. Жаны кете бастаған сияқты. Тұтқадан ұстап тұрмын ба, ұстамай тұрмын ба, – белгісіздеу бола бастады.

Ең сойқаны сол! Тұтқадан ұстап тұрмын ба, ұстамай тұрмын ба? Белгісіз. «Ұстап тұрмын» деп ойлайын десең, ұстамай тұрған сияқтысың. Содан жүрегің зу – у – у етіп, тұла бойыңды үрей биледі. Мұндайда қолың тұтқаны қатып қармап тұрса да, әлгі үрейден кейін өзінен-өзі босанып кетуі мүмкін ғой. Ең қиыны сол. Сондықтан үрейден аулақ бол.

Әдейі қорқайын демейсің ғой. Бірақ үрей деген сволочь ұрланып келеді. «Осы мен тұтқадан ұстап тұрмын ба, ұстамай

тұрмын ба?» деп ойлауым-ақ мұң екен, тұла бойың дүр – р – р етеді.

Қасарысқан қолдан жан кетеді екен. Екінші қолмен ауыстырып ұстайын десем, екінші қолым бос емес: қапшықта мәшиненің бір аяғы бар. Ап-ауыр, зілдей. Қара сыры әр жерінен көшкен қара шойын. «Зингер» деген латынша жазуы бар. Баяғыда-баяғыда, алыстан-алыстан жеткен мүлік. Саудагер ұзын Дембай әкеп берген. Әрине, Бердімбет бабамыз бен Күнікей анамыздың малын сатып, қымбатқа алған мүлік. Темірдің аты-темір. Темір тозған жоқ, ал оның бастапқы иелері бұл жалған дүниеден алдақашан озған. «Зингерді» ата-бабамыздан қалған белгі еді деп көзінің қарашығындай сақтаған Айша. Сол Айша мен оның ұлы Барсхан қазір әлгі «Зингерге» бола өмір мен өлімнің арасында, тағдыры бір талшық шашқа ілініп қалғандай боп келе жатыр. Аруақ бар екені рас болса, сол ата-баба аруағы енді осындайда қолдаса қайтеді? Қайдасың Бердімбеттің, Күнікейдің, Мұртазаның аруағы?!

Менің ойлағанымды Айша да айна-қатесіз ойлап келе жатқан болуы керек:

– Иә, Аруақ, қолдай көр біз бейбақты! – деп айқайлады. Бозала түн, арқыраған, азынаған пойыз, кім естиді әлгі арызды? Кім?

– Күркіреу бекетіне жетсек екен, – деді Айша айқайлап.

Бірақ пойыз Күркіреу бекетіне тоқтамақ тұрмақ, жүрісін де баяулатпай зу етіп өте шықты. Айша:

– Маймаққа дейін шыда! – деп шыңғырды.

– Қолың шығып кетпесін, Барсхан! – деп тағы шыңғырды Айша.

Қол бар ма менде, жоқ па – оны сезбеймін. Сірә, қарысып, тұтқаға мүлде кірігіп кетсе керек. Немесе мүлде ұстамай бос тұр. Көрейін десем көрінбейді. Қараңғы.

– Қойныңда сансыз әулие жатқан қасиетті Қаратау...

Ар жағы айтылмады. Үзіліп қалды. Ар жағында Айша не айтқысы келді? Үзіліп қалды. Өйткені пойыз қап-қараңғы көрдің ішіне сүңгіді де кетті. Пойыз доңғалақтарының сарыны бірден өзгерді: күңгір-күңгір... Ащы түтіннің иісі бұрқ ете қалды. Көзімді ашытып жіберді. Уқалайын десем, қолым жоқ. Қолым матаулы. Айтпақшы, тұтқадан ұстаған оң қолымның саусақтары жазылып кеткендей көрінді.

– Апа – а – а! – деген жан даусым шықты білем. Айшаны тұңғыш рет «Апа» дедім. Мұртаза рахметлік «Айша де, Айша де» деп үйреткеннен бері, Апа деген емеспін. Менен бұрын үш баласы: Құттыбай, Елтай, Сәткүл – үшеуі де бірінен соң бірі шетіней берген ғой. Содан мен туғанда ажал менен адасып қалсын деп, Мұртаза маған туған шешемнің атын ататқызып үйреткен екен, жарықтық. Мүмкін қара шешектен өлмей қалғаным да содан шығар...

Әскерден қайтқан ағамыз Тәшкен айтады ғой: Нұралы екеуміз (Нұралы менің тетелес құрдасым Өсердің әкесі) Сталинградтың түбінде қалың әскер атакаға шыққанда жүгіріп келе жатыр едік. Нұралыға қақ маңдайдан оқ тигенде «Апа!» – деп құлады, – деп Тәшкен айтады. Сірә, адам кенет оқыстан өлерде алдымен аузына «Апа» деген сөз түсетін болуы керек.

Міне, мен де «Апа – а – а!» депмін. Сірә, саусақтарым тұтқадан ажырап бара жатқан болуы керек.

– Барсха – а – ан!

Кенет Айшаның қолындағы мәшинесінің бір аяғы салынған қапшық сақ етіп вагонның қабырғасына соқты да, менің арқамнан Айша қапсыра құшақтайын дегенде, қапшықтың салмағы басып, өзі құлап бара жатты...

– Апа – а – а!

– Барсха – а – ан!

Дәл осы сәтте дүние жарқ ете қалды. Түнде қайдан жарқ ете қалушы еді. Түн ғой, боранды бозала түн.

Сөйтсем, пойыз Тескентау түнелінен шыға келген екен. Түнектен шыққан соң, түннің өзі жарық болып көрінгенін қарашы.

Сонда есім кіргендей, оң қолыммен тұтқадан қайтадан ұстадым. Мені құшақтаймын деп жығыла жаздаған Айша да бойын түзеп алды-ау, әйтеуір.

Пойыз түнелге кіргенде, паровоздың түтіні шығарға тесік таппай, түнелдің ішін кеулеп кетеді екен ғой.

Түншығып өлмей әрең қалдық.

Ажал тікелеп шаппаса, адам өлмейді екен.

Ажал шіркін шалықтап келіп, шүйіліп келіп, бұл жолы жалт бұрылып кетті.

Жаңа түнелдің ішінде мен құлағанда Айша да құлайтын еді. Сөйтіп, Маймақтың бер жағында, Күркүреу судың аржағында, Тескентаудың қуысында сүйегіміз шашырап қала жаздады.

Сол жолы біз еле кетсек, Құрмаш пен Батырханның күні не болар еді? Сәли, Қалилар асырап алар ма еді, әлде детдомға өткізіп жіберер ме еді...

Есіме түссе, әлі күнге дейін жүрегім зу – у – у ете қалады. Содан соң сол кездегі өзімді, Айшаны, Құрмашты, Батырханды аяп, тамағым түйіліп, көзіме үйіріліп жас келеді. Баяғыда-ақ ұмытып кететін кезең ғой. Қайта жас ұлғайған сайын ойыма орала береді. Оралған сайын өзімнен өзім езіліп, жылағым келеді. Жазылмайтын жара ма, не нәрсе...

Пойыз қанша асықса да Маймаққа жетіп тоқтады. Мен перронға құлап түстім. Қолымдағы қапшық бетонға тиіп, сақ ете қалды.

Айша қолындағы қапшықты тастай салып, басымды көтерді.

Қасымызға қызыл фуражке киген кісі келді.

– Не болды? Қайдан келесіңдер? О, қоқи, пойыздың сыртынан қантип қармап кегенсіңдер? – деді қырғызшалап. Маймақ-оймақтай қырғыз жері. Мына бекет бастық шығар бұл

қырғыз. Айша жағдайды айтты. Қызыл фуражке қолындағы жалауша таяғымен вагонның тесігін тоқылдатты.

Есік ашылып, ұйқылы-оая кондуктор көрінді.

– Немене тоқылдатасыңдар?! – деп ұрысты. Қызыл фуражкелі қырғыз:

– Мыналарды вагонға кіргіз! – деді қатқыл үнмен.

– Орын жоқ, қайда барасыңдар?

– Әулиеатаға...

– Мына тұрған Әулиеатаға жаяу-ақ бармайсыңдар ма?

– Әй, тантыма! – деді қызыл фуражкелі қырғыз.

«Оттама» – дегені.

Қырсыққан кондуктор бізге купеден орын берген жоқ.

Әулиеатаға дейін тамборға тұрып бардық. Содан бері, сон – о – оу Тескентаудың қуысында бізді бір Құдайдың уысы ұстап қалды ма деймін де жүремін.

КИІК ҚАЗДАР

Қыр астында қызылша тақтасы бар. Мен – «аткөшник». «Окучивание» деген орыстың сөзінен шыққанын ол кезде мен білмеймін. Бригадир соғыстан қайтқан, үстінен әлі гимнастеркасы түспеген, қара мұрт Төлтай деген кісі.

– Сен аткөшник боласың, – деді.

Бригадир айтса – заң.

Бұл бригадир Мыңбұлақтағы бригадир Тасбеттей емес. Боқтамайды. Қамшы үйірмейді. Аз сөйлейді. Бірақ адамды айтқанына көндіретін, сендіретін бір сесі бар.

Сонымен, мен атқа мінемін. Оған жалғыз тісті қалақ соқа жегіледі. Оның қос сабынан Махмұд абзый ұстайды. Менің міндетім – қызылша жүйегімен атты түп-түзу жүргізіп отыру. Ат сәл бұрыс жүрсе, қызылша қырылады. Соқа тісі жапырып

кетеді. Бір қызылшаның қылы қисайса, менің басым кетеді. Тәртіп сондай.

Ал Махмұд абзыйдың міндеті – соқаны қос сабынан қос-қолдап ұстап алып, түп-түзу ұстап, аттың соңынан тырмысып жаяу жүріп отыру. Былай қарасаң, қиын ештеңе жоқ. Бірақ діңкелетеді-ақ. Ұдайы ұстараның жүзімен жүріп отырғандайсың. Көзіңді ала берсең, шыбындаған ат басын шұлғып кеп қалып, аяғы ізден, яғни жүйектен шығып кетеді. Сонда Махмұд абзый:

– И – и, қаһар сұққан қазақ малай, пышыратма! – деп айқайлайды.

Екеумізді Құдай бір-бірімізге қосақтап қойған. Біріміз бүлдірсек, екіншіміз қоса күйеміз. Бригадир Төлтай, звеновая «қоянерін» Сарыкүл қатын «аткошник» болған жерді келіп тексереді кейін. Қылжиған қызылша көрінсе, сазайымызды тарттырады. Әсіресе «қоянерін» қатын қиын. Сарыкүл десе дегендей, сап-сары. Топ-толық қоғаның борығындай, сеп-семіз. Үстіңгі ерні қоянның ерніндей жырық. Содан бір тісі көрініп тұрады. Екі сөзінің бірі – «аузыңа сиейін».

Махмұд абзый сол қатынды иттің етінен жек көреді. Сарыкүл естімейтін жерден:

– И – и, атның қатыны, қаһар сұқсын сине, – деп қояды.

– Ата, «аттың қатыны» деген не? – деймін артыма бұрылмай. Бұрылсам, ат жүйектен шығып кетеді.

– Қазақлар «бие» дилар, – деді абзый.

Мен өзімше күлген боламын. «Бие» деген оп-оңай сөзді «аттың қатыны» дегені несі деймін.

Сол «аттың қатыны» бригадир Толтай келгенде кәдімгідей қылмыңдап қалады. Сызылып сөйлеп, бұраңдаған болады. Белі күпшектей жуан қатынға онысы жараспайды-ақ. Сөйте тұра, біршама көркем жігіт Толтай одан безінбейді. Екеуі әзілдесіп, бірін-бірі қуаласып қыз бен бозбала сияқты боп қалады. Әп-әдемі жігітке жөні түзу әйел табылмай ма, немене... Екеуі сөйтіп,

бірімен-бірі бұлдіршін мен буыршындай «тістелесіп» жүріп, ақыры Асаның жарқабағының астына түсіп, көрінбей кетеді.

Сонда менің есіме Тәңіртаудың етегіндегі, Мыңбұлақтағы қырман басы түседі. Жолдасбек қу мен әлгі (атын ұмыттым) ерке келіншек маяның түбінде осылай алысып ойнаушы еді. Бірақ оларға ол ойын жарасатын. Жарасқан істің ерсілігі де болмай ма, немене, бидай суырып қалжыраған қарттар олардың ойынына мән бермейтін. Ақта болған аттардай оқта-текте күрсініп қойып, маяның түбінде қалғып-мүлгіп отыраар еді.

Күн төбеден төніп, тал түске келеді. Қызылшаның алыс жүйегінің ар жағынан, аулақтан сағым ойнайды. Сағым арасынан ерсілі-қарсылы таулар қозғалып жатады. Сөйтсем, олар өңшең дәу машиналар екен ғой. Кейін сол жерден зауыт көтеріледі. Химзауыт. Әулиеатаны сасытқан зауыт. Айнала – төңіректі улап, малдардың тістері ақсиды. Тістер айқасты. Тістерінің өскендігі сонша, жерден шөп тістеп жей алмайтын боп қалды. Сойған қойлардың ішек-қарны іріп шығатын болды. Егер Құдай бар болса, сол зауытты Әулиеатаның дәл түбінен және жел жағынан салдырған сол кездегі өкіметті өңешіп суырып алып, тозақтың отына шыжғыратын шығар.

Арық атты «аткошниктен» шығарып, аяғын тұсап, ажырық отқа қоя беремін. Байғұс ат ажырыққа кенедей жабысады. Жылқы баласы сондай болғанда, адам қалай шыдасын?! Махмұд абзый екеуміз долана мен зірк ағаштың түбіндегі алақандай көлеңкеге сияр-сыймас жайғасамыз. Талтүсте қасақана көлеңке де қысқарып, бас сауғалар жер қалмайды. Сол зірктің түбіне көйлегіммен орап қойған бір шиша айран мен бір таба зағара нанды шығарып, дорбаның үстіне қоямын. Таңертең Айша салып берген байлық бұл. Махмұд абзыйда мұндай байлық жоқ. «Дастарқанға» шақырамын.

– И – и, бұлмый инде, – деп амалсыз қол созады.

Алайын десе, мені обалсынады. Алмайын десе, қу тамақ қиын. Зағарадан бір сындырып жеудің алдында, Аллаға рахмет

жаудырады. «Тағы бір таңды, жарық күнді көрсеткеніңе тәуба. Бір түйір дом бұйыртқаныңа тәуба. Осы дәмнің сауабын мына міскін малайдың абыйы Мұртаза марқұмға, бақилық болған ата-бабаларына бағышладым!» – деп, бетін сипайды. Тахуа кісі. Бірақ мен түсінбеймін. Өлгендерге дом бағыштағаны қалай? Өлгендер тамақ дәмеп тұрады дейді. Өліп қалса, қайтіп жейді. Олар да аш па? Өлгендерге дәм бағышталмаса, олар кәдімгідей өкпелейтін көрінеді. Аруақ дейді. Көзге көрінбейді. Ендеше, олардың да өздерінің көзге көрінбейтін өз тамағы болуы керек қой. Жоқ. Өзіміз өзегіміз талып отырған бізден дәметеді.

Мен осыны Махмұд абзыйға айтып едім, тісі жоқ қызыл иегін көрсетіп, қиқ етіп күлді. Күлгенде аппақ құдай сақал-мұрты қыбырлап-жыбырлап, көкшіл көздері көрінбей, аппақ қастарының астында қалды.

– И – и, бағырем, пәріштем, үлгәннар тағам тілеми, савап тіли. Савапны білерсің син?

– Білем. Сауап. Сауап болады.

– I – i. Сауап болады. Рухқа нан кирәкми. Ғизатлы суз кирәк. Ихлас кирәк. Аңдисың, малай?

Иә, мен естіп отырмын. Нан емес рухтардың тілейтіні. Жақсы сөз, жылы лебіз керек. Қара басып, оларды ұмытып кетпей, еске алып, ықылас білдіріп тұрсаң – сауап.

Махмұд абзый соны айтып отыр. Аруақ, сенің онсыз да тақыл-тұқыл тамағыңа таласпайды. Ұмытпауды тілейді. Махмұд абзый жүгері нанның үгілген қоқымын бір-бірлеп теріп, күс-күс, көн тері алақанына салып, тіссіз үңірейген аузына ытқытып жібереді. Содан соң, сол алақандарын бір-біріне үйкеп алып, қаусырмалап жайып жіберіп, Аллаға тағы да ризашылық айтып, ақ жүн басқан бетін сипап, бір қолымен жер тіреп, орнынан әрең тұрады. Жағасы жалбызбен, шашыратқымен көмкерілген арықтың жағасындағы жалғыз түп шоңайнанын балғын сабағын бәкімен кесіп алып, жақсылап қырнап, әр

жерінен кертiп-кертiп, ойық салалы. Езуінің бір жағына салып, үрлеп көреді. Ысқырық шықпай, ыс-ыс етеді.

– Әх, тальяшка-гармошка болса, – дейді күрсiнiп. – Бұ қурай ярами, бит. Сызғыра тұрған қурай болса.

Енді шоңайна сабағының қуысына шыбық жүгіртіп ысқылайды. Жабағы жүн сияқты бірдеңелер түседі. Тағы да қурайды езуіне салып көреді. Бұл жолы кәдімгідей ысқырық шығады. Икемге келiңкiремейтiн сiреспе саусақтары сыбызғының тесiктерiн кезек-кезек басады.

– Тешюк, – дейді абзый. – Тешләрем Таймырда қалғаннар, қаһар сұққан Таймыр! Цынга, цынганы білерсің син?

Таймырын білем, Солтүстік Мұзды мұхиттың жағасында жатқан түбек. Ал цынга дегенді естіп отырғаным осы.

– Ол – кесел. Яман, яман. Адамлар куп улган. Мин улмәдем, за то тешләрем қаддылар.

Менің шамалауымша, Махмұд абзый Таймырда тұрған. Сонда цынгамен ауырып, тістері түсіп қалған. Егер тістері болғанда, мына сыбызғы сарнап қоя берер еді.

Ақыры сыбызғы икемге келді. Абзый қызыл иекке қыстырып, аузын жел шықпайтындай етіп бүрістіріп, тек ысқырық емес, бір әсем әуен туындата бастады. Аузын көйлегінің жеңімен мұқият сүртіп алып: «Бу саз – «Қыр қазлары» или «Киік қазлар» тұғрысында», – деді. Одан ары сөздің, түсініктеменің қажеті жоқ болды. Сонда сыбызғы не деді? «Қыр қазлары», яғни жабайы қаздар не деді?

Дауылдарда, явындарда, жилләрда.

Киек қазлар қиқылдаша

Мин билмәгән телләрда.

Дауылдарда, жауындарда, желдерде

Киік қаздар қаңқылдайды

Мен билмейтін тілдерде.

Әй, Барсхан бағырем, мен бір ғаріп адам. Мен Ақ Еділ, Орал тасында, Салауат ауылында туып естім. Әкем – татар, шешем – башқұрт.

Балалық шағым айдынды өзен, орман-тоғай, тарғыл тастар арасында өтті. Әкем Хусниддин мені мұсылманша оқытты. Кейін-кейін, өсе келе, орысша-татарша мектепте оқыдым. Мен Мир – Саид Сұлтан – Ғалиевпен бірге бір класта болдым. Сен білмейсің оны. Әрине, білмейсің. Е – е, ол деген бүкіл түрік дүниесінің асылы. Сен Сұлтан – Ғалиев тұрмақ, оның жан серігі, жүрек досы, өзіннін туысың Тұрар Рысқұловты да білмейсің. Өне, сол азамат. «Түрік тілдес, түгел бол!» деді. Оларды атып тастады, қаһар соққандар. Мені «сұлтан – ғалиевщина» деп әуелі Сібірге, одан соң Қолымаға, содан кейін Таймырға кісендеп айдады. Елде, сол Салауат ауылында әйелім, үш балам қалды. Екеуі ұл, біреуі қыз. Мен оларды көрмегелі он сегіз жыл болды. Олардың түр-түсін де ұмыттым. Әуелі сағынғаннан өзегіме өрт түсер еді, енді ұмыттым. Көру керек пе? Аңсаймын. Енді мен кімге керек?

Шоңайна сыбызғы осылай сарнайды. Менің басым салбырап кетіпті. Көлеңке ауып, күн төбемнен шыжып өтіп бара жатқанын да байқамаппын. Басымды көтеріп алсам, Махмұд абзыйдың сақалдан таза бүйректей беті алаулап, көкшіл көздерінен жас саулап, сақалы су-су болыпты. Көзім бұлдырағанға алақаным мен сүртсем, менің де жанарымнан жас шығыпты. Бірақ абзыйдікіндей ағыл-тегіл емес, сараң.'

Сонымен, «Қыр қаздары» не дейді? Таймырдан сон Қарағанды лагеріне, одан Жезқазғанның шахтасына салды дейді. Қазір байқасаң, өкпем сырылдайды. Шахтадан таптым. Терең шахтада жартастарды бұрғылағанда шан шығады. Шан емес, мыс тозаңы. Өкпеге барып қатып қалады. Мен өлгенде өкпемді жарып қараса, ай, Құдай біледі, бір қадақ мыс шығады.

Содан қатты ауырдым. Шахтаға жарамас болған соң, мені осы жаққа әкеліп тастады. Спецкомендатура тізімінде

тіркеулімін. Кете алмаймын. Қаша алмаймын. Бұрынғыдай соңымда штықты мылтығы бар қарауыл жоқ. Бірақ қаша алмаймын. Қашқанда қайда барамын? Әдіре қалған Оралға ма? Бармаймын. Жете алмаймын. Жазмыш мені жетпеуге жазған.

Мен бір адасқан жабайы қаз. Жалғыз қаз. Жолдарым қиғаш-қиғаш. Ғұмырым аз, білемін. Мылтық ұстаған Қарауыл қалды. Ал мені аңдыған ажал ылғи да менімен қатар жүреді. Бір адым қалмай келеді. Ажал мені алары хақ. Одан ары не болады? Бұл дүнияде көрген шексіз азабымның қарымтасы болды ма, жоқ па? Медіреседе оқып жүргенімде айтар еді: бұл дүнияде жазықсыз азап шеккен адам, о дүнияде жұмақта болады деп. Болса – болар. Болмаса – маған бәрібір. Бәрі де үйреншікті. Тамұққа, тозаққа жіберсе аса өкінбеспін. Өйткені ондағы тамұқ, мұндағы тозақтан қиын емес-ау деп ойлаймын.

Бір ғана арман менде. Тірімде Оралды, Ақ Еділді көре алмасым аян. О дүнияде сол Ақ Еділдің сарқылмас сарыны, жасыл орман шуылы, Орал таудың тастүлек қырандарының саңқылы естіліп тұрса маған...

Арасында Ғалиябану музыкасы сыңсып тұрса... Басқа бірдеме де керек емес.

Байлықты тілемеймін. Алтынның атасына нәлет. Алтын – Өзәзілдің жұмыртқасы. Адамдар алтын үшін қырылысады. Ырылдасып, ит болып кеткенін аңдамай қалады.

Мен арыдым, бауырым Барсхан. Мен де бір кезде киік қаздар қатарында едім. Дауылда қанатым талып, киік қаздардан адасып қалдым. Аспанда ұшу жалғыз қазға жараспайды. Жерге түссең, асыранды қаздардың арасына сыйыспайсың. Асыранды қаздар аспанның алапатын сезбейді. Ал алапатсыз, дауылсыз өмір-өмір ме? Әлдекімнің бір уыс жеміне телмірген тірлік-тірлік пе?! Асыранды қаз семіргеніне мәз. Ақыры қазанға түседі. Киік қаздар азаттықты аңсайды. О, азаттық! Найзағайлы, түйдек-түйдек буырқанған бұлттарды жарып өтіп, аңсаулы жерге жетуге асығудан артық ләззат бар ма?!

Сол киік қаз менмін, Барсхан бауырым. Қанаттары қайырылған, туғандардан айырылған киік қаз.

Шоңайна сыбызғы осылай сарнады. Әдейі зират түбінде тұрамын. Бектөбенің зиратының түбі – менің мекенім. Жайнақ деген кісінің үйінің арғы жағы. Жардағы үңгірді білесің ғой, Барсхан. Сол менің үйім. Сонда қаламын. Есінде болсын, мен өлгенде сол үңгірді сәл терең қазып, сонда көме салыңдар. Шамаң келсе, бір қалың тақтайға қашап: «Махмұд Хусниддинұлы. Адамның жабайы қаз» деп жаз. Тасқа жазса болар еді, бірақ оған сенің шамаң келмейді, Барсхан бағырем. Мына бәкіні саған қалдырам, сонымен тақтайға қашап жаз.

Шоңайна сыбызғы осылай зарлайды. Бұл сарын менің жүрегіме әбден жетті. Әкем Мұртаза есіме түсті. Е, ол да осылайша қорлық көрген екен ғой. Цыңгадан тістері де түсіп қалған шығар. Білетіндер көркем кісі еді деседі, намысшыл кісі еді деседі. Тісі түсіп, аузы үңірейіп қалса, сол намыстан-ақ күйіп кеткен шығар. Оның да екі ұл, бір қызы қалды. Оның жолын мойнына бұршақ салып тілеп, сарғайған Айша қалды.

Бұл баянсыз жалғаннан өтерінде Мұртаза кімге арыз айтты екен? «Бұл жерде Бердімбетұлы Мұртаза деген адамның қаз жатыр» деп жаз деп кімге жалынды екен? Ол жазуды мен мың-миллион қарағайдың қай түбінен іздеймін?

Шоңайна сыбызғының сыңсыған үніне мен ішімнен осылай қосылдым. Менің де ішім үлдейді. Ғаламат үн тұншығып, құмығып жатыр. Әттең сыртқа шығара алмаймын. Домбыра тарта алмаймын, сыбызғы үрлей алмаймын. Небір сарнауық сарын кеудемді тепкілейді, кернейді. Кеудемді буырқанған бұлттар жайлап, күндей күркіреп, найзағайдай жарқылдамақ. Бірақ тас қамауда жатыр. Тұншығады, тұншығады. Солай-солай. Сөйте-сөйте басылар.

Қыр қаздары. Киік қаздар. Дауылдарда, жауындарда, желдерде қаңқылдасқан, жол таба алмай адамның жабайы қаздар. Соншама тосқауылдан қанаты талып, үзілер-үзілмес

үмітпен ұшып келе жатқанда, әлдекімдер оқ атып құлатады. Құламағаны ше? Армандармен, үміттермен барып-барып бәрібір құлайды.

– Әй, нағып отырсыңдар? Тұрыңдар! – деген дауыс мылтық атқандай шаңқ етті. «Қоянерін» екен.

Дауылдарда, явындарда, жилләрда,

Киек қазлар қиқылдаша

Мин билмәгән телләрда...

ЖАЯУ ЖУРНАЛИСТ

Ол түске жақын келді.

Колхоздың кеңсесі атқораның бір жақ қанатында.

Бір бөлмеде колхоз бастық – Күләйша. Екінші бөлмеде – бас бухгалтер – Зәбира, босаға жақта – мен отырамын.

Менің қызметім – есепші. Яғни, колхозшыларға есепкүн жазамын. Қали атамның мені қолдап, қоқырайтып, кеңсеге отырғызып қойған түрі. Сірә, есепкүн жазып жарытып жүрген мен жоқ. Кеңседе отыра алмай, атқораға келген балалармен ойнап кететін көрінемін.

Зәбира бухгалтер маған бастық. Бастықтығын істеп ұрсады. Ойнап кетесің дейді. Есепкүнді уақтылы тапсырмайсың дейді. Мен оған: «Тапсырды не, тапсырмады не, бәрібір еңбекақы алып жатқан колхозшы жоқ қой», – деймін.

Зәбира не айтарын білмей қалады. Өйткені менікі шындық. Өйткені колхозшы құлдан жаман. Баяғы байлар құлдарына жұмыс істеткізу үшін тамағын тойғызған. Ал колхозшының қарны аш. Колхоз ештеңе бермейді. Колхозшының қарны аш. Масқара.

Зәбира:

– Сонда да еңбеккүн жазыла берсін. Кім біледі, заман түзелер. Сонда Үкімет осы төленбеген еңбеккүн ақысын өтер, – дейді.

Отыра қалып қиялдаймыз. Соғыс тоқтағалы бір жылдан асып барады. Қарын әлі аш. Бірақ жұрт жұмыс істеп жатыр. Өтелмеген еңбеккүн жинала берсе, жинала берсе, бір күні Сталин жарылқап пәрмен шығарса: «Еңбеккүн төленсін!» – деп.

Сонда әркімнің үйіне арба-арба астық түсіп жатса...

– Әне, көрдің бе – деді Зәбира – сөйтіп, елдің сауабын аласың.

– Мұның бәрін бізге жаздырып берген кім дейді? – Барсхан, – дейді. Сонда барып, мен өз қызметімнің аса зор екенін сезінгендей боламын. Біз өстіп қиялдап отырғанда, ол кіріп келді.

Үстінде боз костюм, галстугі, боз қалпағы бар. Аяғында сары туфли. Қаладан келгені көрініп тұр. Бірақ сары туфли шаң-шаң. Шалбарының балағын да шаң тұтқан. Қаланың қазағы екені көрініп тұр. Қаланың қазағына шаң үйлеспейді.

– Шойынбеков, – деді ол Зәбираға қолын ұсынып. – «Сталин жолы» газетінің тілшісімін.

Аққұба келген, әдемі кісі екен. Бетінің бір жерінде меңі бар ма деп қалдым. Сөзі өте сыпайы. Тіпті нәзік десе болады.

Газеттен келген тірі адамды көргенім осы. Орнымнан тұрып, аузым аңқайып, әлгі кісіге қараппын да қалыппын.

Менің ұққаным – біздің колхозға қаладан жаяу келіпті.

Көліктің жоқтығынан емес, жо-жоқ, қаланың у-шуынан сергіп, даланың ауасын жұтып, бозторғайдың шырылын есту үшін.

Колхоз бастық – Күләйша орнында жоқ. Сірә, ауданға кетсе керек. Сондықтан, Зәбира осы колхоздың бастықтан кейінгі ірі тұлғасы болғандықтан әңгімелесуге кіріпті.

Арқалығы жоқ орындыққа, яғни табуреткаға отырды. Зәбираға сұрақты үйіп-төгіп бере бастады. Қалтасынан блокнот,

қалам алды. Зәбира сасқалақтады. Шешек дағы бар, сұрша өңі қызара бөртіп шыға келді. Үстелінің тартпасынан суырып, ана журналды бір алды, мына журналды бір алды.

Колхозда қанша мүйізді ірі қара бар, қанша көлік малы, қанша жылқы, қанша қой бар... Жер көлемі? Егістігі? Суармалысы? Тәлімі бидай қанша? Қызылша? Жүгері? Жоңышқа?

Сұрамаған пәлесі жоқ. Зәбира байғұстың тер маңдайынан сорғалап, мұрнынан тамшылады. Сонша неге әбіржиді? Қаладан жаяу келген әлдекімге бола, сонша әбігерленді.

Сөйтсем, ол заманда Сталин, Сталиннен кейінгі құдірет газет екен. Әңгіме әрең дегенде аяқталды.

Журналист Зәбираға:

– Мен енді «Сталин жолы» колхозына жетуім керек. Көлігіңіз болса... – деді.

Зәресі кеткен Зәбира дәл қазір, мына журналист не сұраса да бере салмақшы. Дереву маған бұрылып:

– Барсхан! – деді – Тез қорадан ат ұстап, ерттеп, мына ағанды «Сталин жолы» колхозына жеткізіп салып, қайтып келесің.

Қуанып кеттім. Дереву атқораға жүгіріп барып, көлеңкелеп, шыбындап, бастарын шұғып тұрған аттардың ішінен «тәуірі осы-ау» деп Арыстанқұл лабогрейкаға жегіп жүрген қарагер қасқаны ұстадым. Бір түсініксізі: даланың таза ауасын, бозторғайдың шырылын ұнататын журналистің бұл жолы неге жаяу жүргісі келмегені.

Онда менің шаруам қайсы, қарагер қасқаны ерттеп алып келіп, алдына көлденен тарттым.

Атқа алдымен өзі мініп алып, Зәбирамен қоштасуға еңкейіп қол ұсынды. Зәбира қысылып-қымтырылып, ол да қолын созды.

Мен артына мінгестім.

Ауылдан ұзап, жалпақ сазға шықтық. Журналистің желкесі көрінеді. Желкесінен аздаған әтірдің иісі шығады. Үндемейді. Менің бар-жоғыммен жұмысы жоқ. Үндемейді. Бозторғай бар

ма екен деп, аспанға қараймын. Бозторғай көрінбейді. Оны мен іздегенде, журналист іздемейді. Басын аспанға бір көтерген жоқ. Бозторғайдың әнін сағынғаны қайсы?

Қарагер қасқа ғана пысқырынады. Оның екі адамды ауырсынып, қара терге малшынғанын ердің үстінде отырған журналист емес, артына жайдақ мінгесіп отырған мен сезіп келе жатырмын.

Сол жағымыздан, жалпақ саздың ар жағынан қара қамал сияқтанып, Әулиеата шаһары тал – дарағының сұлбасы сызаттанып жатыр. Он жағымызда Аса өзенін бойлай жатқан Айша-Бибі ауылы, оның бер жағында «Октябрь» дейтін шапшағын ауыл.

Маңдай алдымыз – темір жол. Одан ары – Қаратау, одан ары... батыстан қылтиып Манас шыңы көрінеді. Жүрегім жұлы – ны – ы – ып кете жаздады. Жанында Мыңбұлақ бар ғой. Анау Маймақтан ары, анау Күркүреусудан ары, сонау Жаңабай саздан, сонау Шоңқарадан ары... Қайран Мыңбұлақ.

Бір ой келеді. Осыдан мына журналисті керек жеріне жеткізіп салған соң, не болса ол болсын, атасына нәлет, тура Мыңбұлаққа тартып кетсем неғылады? А? Астымда атым бар...

Баяғыда бір қыз: «Апа, тойға барам, тойға барам», – деп қыңқылдай берсе керек. Сонда шешесі:

– Қызым, барғызбасың, барғызбас, – деген екен. Тұттай жалаңашсың, қайтіп барасың дегені ғой.

Мені де барғызбасым барғызбайды. Ат болса колхоздікі. Оның өзі жұмыс көлігі. Арыстанқұл лабогрейкаға жегіп, бидай орады. Оның үстіне Манас шыңы қылтиып көрінгенімен, Мыңбұлақ алыс. Өте алыс. Арада биік таулар, асау өзендер бар.

Бір кезде, үнсіз журналист басын шалт көтеріп алып, аспанға қарап:

– Иә, Алла! – деді.

Өзінен-өзі шошып кетіп, жалт бұрылып маған қарап, қуарып тұрып, ыңғайсыздана ыржиып күлді. Себепсіз. Күлетін

реті жоқ. Сірә, сасқаннан. Мен КГБ-ның агенті емеспін ғой. Несіне қорқады? Бекер қорқады.

Өзіміздің кеңседен шыққалы бері, Зәбирамен қол алысып қоштасқалы бері, мені бар екен-ау, жоқ екен-ау демей, елемей келе жатқан журналист, енді аттың басын ұмытып, біржола маған бұрылып алды. – Атың кім, айналайын? Кімнің баласысың, айналайын? Қай класта оқып жүрсің, жаным? Е – е, дұрыс, дұрыс. Жон-жон. Аман бол, ботам. Ақыл-есін бар бала екенсің, ботам. Газет оқисың ба, жарқыным? Е, оқығанын дұрыс. Жазып тұрсаң қайтеді? А? Жаза алмаймын ғой дейсің бе? Үйреніп кетесің, құлыным. Не жазамын дейсің бе? Ауылында не жаңалық болып жатыр, қысқа-қысқа хабардан баста. Жарай ма? Газеттің әдіресін білесің ғой. Жамбыл қаласы, Пушкин көшесі, 52. «Сталин жолы» газеті. Шойынбеков. Нұртай Шойынбеков десең, мен өзім реттеймін. Жақсы ма? Е, онда болды. Міне, келіп те қалдық.

Қарасам, ат басы тірелген үйдің маңдайшасында «Сталин жолы» колхозының басқармасы деген жазу бадырайып тұр екен. Журналист аттан түсті. Ердің үстіне енді мен отырдым. Арықтау қарагер қасқаның құймышағы құйрығыма батып, жағдайсыздау келе жатқанымда, ер-тоқымға қонжиып, жаным кіріп қалды.

Журналист қолымды қысып қоштасып:

– Рахмет, жеткізіп салғаныңа. А, айтпақшы, жазып тұр, – деді.

Келген жолға түсіп, кері қайтып келе жатырмын. Ауылға бет алғанымызды қарагер қасқа да сезіп, жүрісі ширағандай болды. Жүгі жеңілдеді ғой.

Жолда алдымнан өгіз мінген біреу көрінді. Артынан қарағанда басы жоқ, тұқыл дене сияқты. Мұнысы несі деп атты жүргізіпкіреп жақындасам, әлгінің басы бар екен. Тек, омырауына салбырап түсіп кетіпті.

Шамасы, мен құралпы. Бәлкім, менен ересектеу. Өгізі тым шабан. Мимырт. Үстіндегі адам да сол мимырттықты тілейтін сияқты. Қамшы салмайды. Тебінбейді.

Жанаса беріп:

– Саламатсыз ба? – дедім (Әлгінде журналист Зәбирамен солай амандасқан). Мен де даусымды сызылтып шығардым. Өгіздің үстіндегі бала басын көтерместен бетіме бағжия бір қарап алды да үндемеді. Менің бар-жоғыма мән бермеді.

Өгіз бір-бір басады. Жамбасыңа садыра қатқан. Сірә, әбден қартайған өгіз. Түр-түсі де белгісіз. Тарғыл дейін десең, қоңыр сияқты, қоңыр дейін десең, тарғыл сияқты. Әйтеуір кеудесінде жаны бар.

– Сірә, Октябрь колхозының кісісі боларсыз? – деймін дауысымды мейлінше жұмсартып. Үн жоқ.

– Колхоздарыңызда биыл өнім қалай? Ақ егін қанша центнерден айналды? – деймін сыпайы ғана. Үн жоқ.

– Спырларыңыз көк балауса жүгері жейтін шығар. Күніне қанша литрден сүт беріп тұр? Үн жоқ.

– Биыл қызылшаның шығымы қалай? – Абайламай бұ жолы даусым қатқыл шықты.

«Мен сен сияқты әумесермен сөйлескім келмейді. Соны да сезбейсің бе?» дегендей, бетіме алара бір қарады. Үндемеді.

Амал жоқ, ойладым: тіл жоқ, мылқау шығар?

Қамшының сабымен иығынан түртіп, бетін бері қараттым, ымдап, аузымнан тілімді шығарып көрсетіп:

– Немене, тілің жоқ мылқаусың ба? – дедім.

Түр-түсі бұзылып, шықшыты бұлтыңдап: «Әй, шешенді, өзің мылқау бол!» – деді.

Мұндай масқара болмас. Қарап келе жатып боқтау естідім. Менде бөтен ниет жоқ еді ғой. Жәй, әңгімелесейін дедім. Әлгінде журналист жазып тұр деп тапсырма берді. Сәті түсіп, әңгіме шырайлы шықса, жазайын деп едім...

Ызаға булығып, шыдай алмай, кір көйлектің жон арқасынан ала, қамшымен салып-салып жібердім де, атымды тебініп-тебініп қалдым. Сауырдан қамшымен тартып-тартып жібердім. Шаптырып ала жөнеліп, қашып кетпекшімін.

Ой, жамандатқыр, қарагер қасқа!

Сәл-пәл, борт-борт желді де, тарғыл өгізден жұқты ма, білмеймін, бір-бір басып, мойны салбырады да қалды.

Ал ана бала болса, өгізден домалап түсе салып, арба айдайтын ұзын қамшымен салды кетті, салды кетті... Содан жон арқамда айқыш-ұйқыш, қызыл жолақ із қалды.

* * *

Кейін осы әңгімені Әулиеаталық жазушы Кәрім Баялиевке айтып отырып, «Шойынбеков деген журналист бар ма?» – деймін той. Болған, – деді Кәрекең. – Нұртай Шойынбеков. Баяғыда қуғын-сүргін көріп, ылғи да «үш әріптің» назарынан зәрезап болып жүрген кісі еді, жарықтық.

Бәсе деймін мен, сол жолы айдалада «Алла!» – деп алып, менен қатты қорқып еді. Бірақ содан тілі шығып, сөйлеп кетіп, журналист бол деп үгіттеп еді.

Құдай иманыңды берсін!

КҮМӨНДІ КУӘЛІК

Молотов мектебіне жаңа директор келіпті. Үстінен әлі гимнастеркасы түспеген, отыздар шамасындағы кісі екен. Түсі оңып кеткен сұр гимнастерканың иықтары таңдақтанып, көкшіл тартып тұр. Сірә, пагонның орны болар. Сірә, офицер шығар. Төлен көкем сияқты лейтенант па екен? Пагонын алып тастапты. Орны көк таңдақтанып қалыпты. Басқа көйлегі жоқ шығар. Әйтпесе, осындай ала-құла гимнастеркамен жүре ме? Әлі айлық

алып, жаңа көйлек кигенше, пагонның орны да оңып кетер. Ала-құлалық жойылар.

- Ал, бала, шаруанды айт. Оқиын деп келдің бе?
- Жоқ, куәлік алайын деп келдім.
- Қандай куәлік?
- Жетінші класс бітіргенім туралы.
- Қайда барып оқымақшысың?
- Қалаға. Интернат бар дейді.
- Е, интернат бізде де бар ғой.
- Қаладағы интернат киім-кешек береді екен.
- Е – е, пансионат қой.
- Иә, ағай.
- Фамилияң кім?

Мен айттым. Директор мен танымайтын завучты шақырып алып:

- Мына баланың документтерін, қырық бесінші жылғы журналды алып келші, – деді.

Завуч қайтып келіп, кластың журналын директордың алдына қойды. Директор журналдың басынан бастап парақтап, менің аты-жөнім тұрған тұсты сұқ саусағымен сызғылап отырып, соңына дейін сүзгілеп шықты-ау.

- Сонымен, бір жылды өлтіріп алыпсың ғой, – деді. – Неге?

- Ауырып қалдым. Жыл тұрмақ, өзім де өліп қала жаздадым.

Директор маған тұңғыш рет тікелей қарап алып:

- Жалпы жаман оқымаған сияқтысың. Бірақ бір жыл босқа кетсе, оқыған-тоқығаныңды ұмытып та қалған шығарсың. Қаланың мектебіне жарар ма екенсің?

- Тырмысып көремін ғой, ағай. Бір жыл қарап жатқан жоқпын. Көп кітап оқыдым.

Директор журналдың соңғы жағындағы жапсырма қағаздың бүктеуін жазып қарады. Менің фамилиямның тұсында белгі жоқ, ақ жолақ.

Басқа оқушылардың тұсында түрлі таңбалар тұр. «3», «4», «5» деген сияқты. Менің жолым-ақ таңдақ, түк белгі жоқ. Өмірде ешқандай із қалдырмай, дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен адамның тағдырындай, тап-тақыр.

Жүрегім бір бәлені сезгендей зу – у ете қалды. Директор басын көтеріп алды.

– Емтихан тапсырмапсың ғой, ауырып қалдың ба? – деді.

Айтайын ба, айтпайын ба? Мырзагелді жездем: «Жетінші бітірдің, емтихан тапсырмайсың. Досмырза директормен келістім. Әйда қауын егіп, қарық боламыз», – деп мені мектептен алып кетіп, айдалаға апарып қара жұмысқа салғанын қайтып айтамын.

– Иә, – дедім ләж жоқ.

– Доктордан справкаң бар ма?

Қайдағы справка! Менің дәрігерлерім: Қали атам, Саид – Акбар қожа, өзімнің анам, патефондағы сиқырлы ән. Міне, менің емшілерім. Олардан справка алуға бола ма? Справкасы несі демей ме олар. Справканы патефоннан қалай сұраймын? Әсем әніңмен менің жан дүниемді әддилеп, бойыма күш-қуат беріп, дәт беріп, безгек деген бәледен аман алып қалып едің. Соны куәландырып справка бер деп қалай айтайын?

Ал одан да бұрын Мырзагелді жездемнен куәлік қалай сұраймын? Ол қазір қалада. Бұрынғы директор Досмырза да осы Әулиеатада дейді. Досмырза болса, куәлік берер еді. Қызметі ауысып кетіпті. Осы адамдардың қызмет ауыстыра беретіні несі? Дені сау болса, іске жараса, бір орында істей бермей ме? Бастықтардың ауыса бергенінен біз сияқты пенделер зардап шегеді.

Менің үндемей қалғанымнан секемденген жаңа директор:

– Қалайша емтихан тапсырмағансың? Айтсаңшы, – деді. «Жездем қауын егіске әкетіп қалып еді» десем, оған бір зияным тиіп кетуі мүмкін.

– Ауырдым, – дедім төмен қарап тұрып.

– Ауырсаң – справка давай! – деді директор әскери үнмен катулана айқайлап. Осы кезде кабинеттің есігі ашылып, ішке сәл еңкіштеу, ұзын бойлы, сіліңгір қара жігіт кіріп келді. Оның үстінде тіпті гимнастерка да емес, китель бар екен. Кеудесінде – жалғыз орден. Мұның да пагондары алынған.

– Сәлем, товарищ лейтенант Жақсылықов! – деп еркін сөйлеп, еркелей кірді. Директор екеуі әмпей-жәмпей әңгімелесіп кетті.

Мені көздеріне де ілмейді. Не кетерімді, не кетпесімді білмеймін.

Жаңа кірген кительді қара, неге екенін білмеймін, маған біртүрлі тәуір адам сияқты көрінді.

– Өзің ашулысың ғой. Бастық болған кісі ашуланшақ бола ма екен, – деп сәмпылдады сіліңгір қара.

– Әй, әуресі көп жұмыс екен, – деп қолын сілтеді директор. – Сайда – саны, құмда – ізі жоқ. Оқу жылы басталайын деп қалды. Қарбалас.

Кенет маған көзі түсіп кетіп:

– А ну, шагом марш! – деп бұйырды. – Бар, бара бер!

– Ағай, ағатай, осында оқығаным рас қой. Журналда тұр. Оқу жылы басталайын деп қалды. Тағы бір жылым өледі ғой, – дедім, не болса да беріспейін деп.

– Қарай гөр өзін, понимаешь, – директор кительді қараға бұрылды.

– Жетінші класта оқып, көктемгі экзаменді тапсырмай кетіп қалған. Еште куәлік сұрайды.

Кительді қараның назары маған ауды. Әлдене есіне елес бергендей шұқшия қалды.

– Әй, сен осы... – деп кідірді. – Атың кім?

– Барсхан.

– Кімнің баласысың?

– Мұртазаның.

– Ой, осы сен Айша әпкемнің баласы емессің бе?

– Иә.

– Бәсе, түрің келіп тұр. Әй, сенің ауылың Жуалыда емес пе? Мұнда қайдан жүрсің? Айша әпкем бар ма?

«Өлмегенге өлі балық жолығады». Мынау «өлі балық» емес, «жығылғанды қолдан алатын, адасқанды жолға салатын» нағыз Қайыперен – Қырық Шілтеннің өзі сияқты көрінді маған. «Айша әпкем, Айша әпкем» дейді. Сонда бұл қай інісі? Төленнің суретін көргем. Бұл сияқты емес. Сонда Айшаның қай інісі?

Тас қараңғы түнде үміт оты жылт ете қалғандай болып, бүкіл өмірбаянымды жайып салайын.

– Мен сенің Сембек деген нағашың боламын. Айша әпкем айтқан шығар, – деді жаңағы Тәңір жарылқағыр.

– Иә, айтқан, – дей салдым, Айшаның Сембекті айтқан-айтпағанын есіме түсіре алмай.

– Айтса, сол Сембек менмін. Есей нағашыңның бауыры. Қарағұлданмын. Түсіндің бе? Ал Мырзагелді жездең жеңілтектік жасаған екен. Жақсылығы да бар, кейде ұшқалақ мінезді де болушы еді. Саған обал болған екен. Зибә әпкем асыл еді ғой. Құдай иманын берсін.

Сөйтіп, менің Құдай кездестірген нағашым Сембек, мен бұрын білмеген, көрмеген Сембек директорға қарап:

– Әй, товарищ Жақсылықов, өзін естідің ғой, бұл баланың жағдайын. Жас баланы жасытпай, куәлігін бере сал. Фамилияң Жақсылық қой, – деді.

Жақсылықов енді сәл жұмсарғандай қипақтады:

– Райондан инспектор келіп тексерсе қалай болады?

– Е, міне, жыл бойғы бағалары дұрыс қой, – деп бой бермеді журналды көрген Сембек нағашым. – Рас, есептен «үші» бар екен. – Маған қарап, – Есептен неге осалсың? Есептен осал болсаң, өмірде есең кете береді. Оның қалай? – деп маған ұрысқандай болды. Оны, сірә, жорта айтты-ау деймін. Әйтпесе, зіл жоқ.

– Оның үстіне, міне қара, – деп директор журналды қайта парақтады. – «Не был», «не был», «не был»... Міне, қара. Сабақты пропускать ете берген. Неге?

– Неге? – деді Сембек нағашым маған шүйіліп.

Мен не дейін? Мырзагелді жездемнің қойын бақтым. Бірақ қолымнан кітап түскен жоқ. Тіпті кітаптың қызығына түсіп кетіп, бір қозысын өлтіріп алдым, – деп қалай айтамын. Сембек нағашым аузы батылдау екен, ертең Мырзагелдіге жолығып қалғанда айтып жүрсе, мен шағым қылып, оны жамандағандай болмаймын ба? Сонда Мырзагелді: «Жаман тоқтыны асырасаң, аузы-басыңды май қылады, жаман адамды асырасаң, аузы-басыңды қан қылады» демей ме?

Сөйтіп, «неге, неге?» деген қос сұрақ жауапсыз қалды. Мен бедірейдім де қалдым.

Сембек, сірә, сезімтал болар. Менің «не был», «не был» болғанымда ит қуалап, доп ойнап жүрмегенімді білді-ау, сірә.

– Әй, Жақсылықов, – деді. – Қарашы мына баланың тұр-тұрпатына. Айнымаған Рахман емес пе? Рахман көкемді сен білуші едің ғой. Сені оқуға түсіріп, жәрдемдескен сол Рахман емес пе еді? Отыз екінші жылғы ашаршылықта детдомға орналастырып, ажалдан алып қалған сол Рахман емес пе еді? Ерте өліп кетті, есіл ер. Ал енді мынау – алдыңа тіріліп келіп тұрған сол Рахман. Туған жиені. Айша әпкемнің туған баласы. Нағашысының копиясы. Осыдан кейін де қипақтайсың ба?

Директор мүлде өзгеріп сала берді.

– Бағанадан бері айтпайсың ба? Мен қайдан білейін.

– Білмесең, енді білдің. Баланы қинамай, куәлігін қолына бер. Жолынан қалдырма.

«Адамның күні адаммен» деген баба, сірә, осыны айтқан шығар.

Осының бәрі кездейсоқ па, әлде заңдылық па? Егер дәл қазір бұл Сембекті Құдай айдап келмесе, менің күнім не болар еді? Куәліксіз қайда? Кімге барамын?

Мыңбұлақтағы ауылдың атқамінерлерінен жамандықты көп көрдім. Сол жамандық әрдайым жолымнан шыға берсе, Құдіреттің маған тозақтың төрін осы жалған дүниеден-ақ бұйыртқаны да.

Соншалықты азап шегетіндей не күнәм бар? Адам баласы анасының құрсағынан күнәкар болып тумас-ты. Күнәкар болсам, енді болармын. Кадам басқан сайын сор маңдайыма әділетсіз тас тие берсе, мен де ашынып, неше түрлі сұмдыққа, қылмысқа баруым мүмкін. Қалаға барып, қалтаға түсіп, Шайқа атаманның атқосшысына айналуым әбден ықтимал. А, бәлкім, атаманның өзі болармын. Атамандардың ақыры белгілі. Мекені – түрме. Ал түрмеден түзеліп шықпасын тағы аян. Бір Алла, аруақтар жар болған шығар. Қуәлігімді қолым қарысқанша тастай ғып ұстап, қалаға қарай құстай ұштым.

Алдымда не күтіп тұрғаны тағы беймәлім. Екі аяғым – ат, екі қолым – қамшы, жетекшім – үміт.

ХАБИБАТ ПЕН ХАСАН

Қуәлігім қолымда, енді не қам бар? Интернат – пансионға мені алмағанда кімді алады? Бағаларың кілең, «4» пен «5». Тек математика дегені бүлдіріп тұр. Осы сабақ о бастан оңалмаған. Мыңбұлақтың мектебінде Иса мұғалім ауырып қалған соң, соның алдында ғана осы мектептің жетінші класын бітірген бір шомбалдай қара қыз есептен сабақ берген. Оңдырмады ғой. Өзі жөнді білмесе, өзгеге не үйрете алады? Есептің уызына жарытпады, уыз орнына көкшалап берді сол қыз. Қырсыздық содан басталды. Әрі десе, Тасбет бригадир сол қызды мұғалім санатына қоспады ма, немене, дәл соның сабағында бізді жұмысқа айдап кетеді. Ол үшін заң жазылмаған.

Сөйтіп, бір қарын сары майды бір құмалақ бүлдіріп тұр. Сол жолы Молотовтың мектебінен куәлік аларда Сембек нағашым директор досына:

– Әй, Жақсылықов, сый қылсаң сыпыра қыл, ана математикасына «4» қоя сал, – деген, Тәңір жарылқағыр.

– Буынсыз жерге пышақ ұрма, – деді директор әскери қатқыл үнге көшіп. – Онсыз да осының, өзі аз қылмыс емес. Экзамен тапсырмаған балаға куәлік беріп... Тексеру шықса не болады?! Әрі-беріден соң, бұл баланың, әлгі Жуалы ма, немене келген жағы, ол жақта алтыншы класс бітірді деген документі де жоқ екен архивте. Енді неғыл дейсің?!

Ол рас, алтыншы класты аттап кеткем. Жездемнің ақылымен.

Сембек нағашым дау айта алмай қалды.

Енді, міне, кілең семіз қойдың ішінде, бір ақсағы бар куәлікпен Әулиеата шаһары, Жамбыл атындағы қазақ орта мектебіне де келіп жеттім-ау!

Пушкин деген көшеде, жатағандау келген, жалпақ мектеп екен. Сұрастыра-сұрастыра, «приемная комиссия» деген жазуы бар кабинетті де таптым. Ішімнен Жасағанға жалбарынып, есікті тықыдаттым.

– Да, – деген әйел даусы естілді.

Кірдім.

Шашын желкесіне түйген, түрі сұстылау, көзілдірікті кісі екен. Сәлемнен соң қағазымды ұсындым. Қарап-қарап, «математика» деген жеріне қарындашпен бір нұқып қойып:

– Қайда жүрсің, құрлық бала, кешігіп қалғансың, – деді.

– Колхозда жұмыс істедім, апай. Әрең босатты. «Құрлық бала» дегеніне қарағанда апай, сірә, қарашай болар. Әлпетіме қарап тұрып, күрсініп қойды.

– Арада бір жыл өткізіп алыпсың ғой.

– Ауырдым, апай.

Апай маған жаман хабар айтатындай кібіртіктеп қалды.

– Интернат – пансионға жүз оқушы қабылданады. Ал қазір келіп түскен арыз екі жүзден асады. Сондықтан, енді документ қабылданбасын деген бұйрығы бар директордың.

– Апай, мен оқығым келеді.

– Оқуыңа ешкім қарсы емес. Оқи бер. Бірақ пансионатта орын жоқ. Үйде жатып оқы.

– Қалада үйім жоқ, апай.

– «Апай, апай». Менің аты-жөнім бар. Хабибат Абубакировна. Сендерге анау да «апай», мынау да «апай». Қарға тамырлы қазақ, қалада туған-туысқан, ағайын, таныстарың бар шығар.

– Ешқандай туысым да, танысым да жоқ, апа – а... а – ей, Ха...

Құдай ұрып, жаңа ғана естіген аты-жөнін ұмыттым да қалдым. Бұрын ауыз үйренбеген тосын ат.

Апай ашуланшақ екен, тулап шыға келді.

– Сен, құрлық бала, оқи алмайсың, әлгінде ғана естіген атты есінде ұстай алмасаң, сабақты қайтіп оқисың?

Енді құрыған шығармын. Онсызда мынау әйел мені қайта-қайта «құрлық бала» деді. «Құрығыр бала» дегені ғой. Түңіліп, енді қайттым деп тұрғанымда, есік ашылып, өңкиген бір дәу кісі кіріп келді. Бір жерде көрген кісім сияқты. Орақ мұрты салбыраған, қоңқақ мұрын. Үстінде қара көйлек, басында жұқа ақ жүн қалпақ. Белінде жіңішке күміс белдік. Қасы жалбырап көзіне түскен. Қайдан көрдім? Қайдан көрдім? Е – е, Молотовтың интернатындағы завхоз Өзденов қой. Атын ұмытыппын. Ішім жылып қалды. Болымсыз үміт жылтырады.

Өзденов мына әйелмен қарашайша қауқылдасып, жөн сұрасып, шұрқырасты да қалды. Әлгінде ғана қаһар шашқан әйел жүзі жадырап, әп-әдемі боп кетті. Енді Өзденовпен оңаша әңгімелескісі келгендей.

– Бар, бара бер, ма былай, – деп маған есік жақты нұсқады.

Шық дегенде, шығып жүре берсем, алдағы бүкіл ғұмырым қалай-қалай қайқаңдайтынын бір Алла өзі біледі. Өмір деген

дауыл көрінеді. Дауылдағы мұхитта ескексіз қайық қайда кететінін кім біледі?

Бар дегенде, есік жаққа бара қоймадым.

Егер бір Қызыр көзге көрінбей, мені жөнге салып жүрмесе, әлдеқашан өмірем қатып қалар ма едім. Әйтеуір, бір қолдаушы бар. Тірі жанда мені қолдар ешкім жоқ. Айшаның қолынан не келеді? Қали атамның қолынан келгені: сельсоветтен «тас жетім» деген қағаз алып берді. Құдай өзі кешірсін, әйтпесе Айша тірі ғой... Әйтпесең, тағы қиын. Пансионатқа алмайды. Алмаса, сол ауылда ит мініп, ирек қамшылап, қараңғы болып қала бересің.

Әйтеуір, бір қолдаушы бар. Түсін түстеп, атын атай алмаймын. Сол қолдаушы дәл қазір жетектеп алып келген шығар мына Өзденовті. Бір минут кеш келсе, менің тағдырым құрғақ талқан жеумен қақалып-шашалып өтер еді.

Өзденев қабағы, қасы салбырап, тұңғыықтағы көзін маған қадады.

– Әй, сен, балақай, қарама былай, – деп иығымнан ұстап, өзіне қаратты. – Қайдан жүрсің? Мені таныдың ба?

– Танып тұрмын, ағай.

Өзденев өңкиген бойы мені бауырына қысты.

Апай аң-таң.

– Хасан, сен бұ жошығны билерсен?

– Білем, Хабибат, білем. Бұл мені бір зауалдан аман алып қалған. Кейін айтам. Ал әзірге шаруасын шешіп жібер. Оллаһи, бұ пәріште бала, маған сенгін, – деді.

Көз алдымда: Молотовтағы Ақмешіт интернатында, қысқы суық түнде жалғыз қалғаным, үш жалаңқат көрпені қабаттап жамылып жатып, қатты бастығырылғаным; қойма бөлменің дәу қара құлыбының сақырлағаны, шошып ояңғаным... Өңкиген дәу қараның үстіме төнгені, «оллаһи-биллаһи, сені Алла жарылқайды, менің бу ісімді ешкімге айтма, айтма» дегені...

Мен оның ұрлығын ешкімге айтпадым. Бірақ онда тұрған не бар? Кейбіреулер ондай-ондай жақсылықтың оның істесең де ұмытып кетеді. Ал мынау ұмытпапты.

Көзге көрінбей, жанымда жүретін Қызыр ма, әлде Қайыперен, Қырық-Шілтен бе... Тәуба!

– Ей, Хасан, сенін жаның ашығанда, менің жаным ашымайды дейсің бе? Директордың приказы бар: енді документ қабылданбасын деген. Қазақ баласына менің бүйрегім бұрады, қазақтың бізге істеген жақсылығын мен де білем, бірақ... бәрін де директор шешеді. Документін қабылда десе, қабылдаймын.

Хасан Өзденев ойланып қалды.

– Директор қазақ па өзі?

– Қазақ. Коргулин.

– Фамилиясы орысша екен.

– Орысшалау естіледі, әйтпесе Көроғлы ғой, – деді апай.

– Е, өзіміздің «Көроғлы» да, – деп Хасан Өзденев басын бұлғады. – «Орақ-Мамай», «Қарашай – Қазы» – барысы ортақ. Ал енді мына директор Көроғлы болса, жаман кісі болмас.

Маған қарап:

– Мырзагелді жездең қайда? Көмектеспеді ме? – деді.

– Өзім барған жоқпын. Зибә әпкем қайтыс болған.

– Ай, Зибә! Ай, Зибә! – деп Хасан Өзденев ернін жымқырып, басын шайқады. Хабибат апайға бұрылып:

– Бұ баланың Зибә атты әпкесі бар еді, – деді-ай, оллаһи бек гөзал, ақылман, асыл зат еді. Күйеуі Мырзагелді Молотов мектебінің интернатын ұстап тұрды. Мені завхоз етіп алғысы келмеді. Ауру әйелін көрдім: «Зибә ханым, Сізге Алладан ғұмыр тілеймін. Сауығып кетерсің. Шиеттей балаларым аштан өлетін болды. Күйеуіңе айт, мені жұмысқа алсын деп едім, оллаһи, «балаларыңа алып бар» деп маған бір кесек тоң май, бір қалта ұн берді. Мырзагелдіге айтып, мені жұмысқа алдырды. Алла ахиретін берсін, жаны жанатта болсын!» – деп Хасан Өзденев кәдімгідей көңілі босады.

Егер өзің мелдектеп тойып отырып, аш адамға бір уыс талқан бергенің сауап емес, парыз. Ал егер өзің қиналып, жоқ-жітік бола тұра, бір уыс талқанды аш адаммен бөліссең, – бұл сауап. Сауап-жауапсыз қалмайды.

Сол рас шығар. Әйтпесе, Зиба әпкем мен Мырзагелді жездем де асып-тасып, ит басына іркіт төгіліп жатпаушы еді. Тақыл-тұқыл тұрмыс болатын.

Мына екі қарашай – елінен, жерінен жел айдаған қаңбақтай аударылған екі міскіннің маған мейірі түскені адамдарда әлі иман бар екенінің куәсіндей, менің есімде мәңгі қалып қойды. Хабибат апай қағаздарымды қолыма ұстатып:

– Бар, бала, директорға кір. Бағынды сына. Көнбесе, өзім кіріп айтам. Әуелі алдынан от, – деді.

«Қайда бармас, нелер көрмес ер жігіт пен ат басы» – деді Хасан Өзденов менімен қоштасып, басымнан сипап. – Сен жігітсің...

ФАМИЛИЯ ДАУЫ

Мектеп директоры бурыл шашты, қызылшырайлы, еңкіш кісі екен. Ауылдағы адыраңбай бастықтардай емес, өте сыпайы. Үнемі күлімсіреп тұрады. Кестелі жағасы бар кенеп көйлегін жібек шашпақты, орме жіппен белбаулап қойыпты.

Менің Молотовтан алып келген куәлігіме шұқшия қарап отыр. Шынжырлы көзілдірігін қозғап-қозғап қойып үңілді.

– Неге Мұртаза? – деді нәзік дауыспен.

– Әкемнің аты солай, – дедім мен бұл сұраққа дағдарып. «Мұндай да сұрақ болады екен-ау».

– Жоқ, балақай, Мұртаза емес, Нұртаза болуы керек. Түзетіп жазайық, – деді директор.

– Жоқ, ағай, түзетпеңіз, – деп шыр ете қалдым.

– Неге? Мынау қате ғой. Нұр-нұр. Түсінесің бе? Күннің нұры. Нұрдай таза. Түсіндің бе? Ал Мұртаза деген түсініксіз.

Искаженное имя, білдің бе? Сельсовет қате жазып жіберген той о басында.

Күлімсіреп, сарғайған күрек тістерін көрсетіп, көзілдірігін көтеріп, бетіме қарады.

– Болмайды, ағай, – дедім құмығып.

– Неге болмайды, балақай? Сен өзің, байқаймын, қиқарсың ғой деймін.

– Обал ғой, ағай.

– Қалайша?

– Бүкіл ел мені Мұртазаның баласы дейді. Енді келіп «Нұртазаев» болып шыға келсем, күлмей ме? Әкесінің азан айтып қойған атын өзгертіп жібергенің неғылғаның демей ме? Жоқ, болмайды, ағай.

Күлімсірей түсті. Таңырқағандай.

– Бүйтіп, ерегісе берсең, интернатқа қабылданбайсың, балақай.

– Ерегіспеймін той, ағай. Бірақ...

– Не бірақ? – Ағайдың даусы қатты шықты.

Қабылдамайды екен деп қорқа бастадым. Дауысың бұдан да қаттырақ шығарып, қаһарланса, қона салуым да мүмкін бе еді, кім біледі? Бірақ әлдебір күш мені тірестіре түсті. Мүмкін, әкемнің аруағы шығар. «Балам, зарығып көрген шырағым менің, жаладан, зорлықтан өлген мені қорлама» деп сыбырлаған шығар. «Менің атымды Бердімбет бабаң да молланың өзін Түлкібастан шақыртып, кітапқа қаратып, Мұртаза деп қойдырған. Молдалардың молдасы, Бұхарада, Шам шаһарында оқыған ғұлама кісі кітапты қате оқымайды ғой. Көнбе, Барсхан».

Әрине, мұны маған ешкім сыбырлаған жоқ. Әсте, көкірегі құрығыр солай деп күмбірлейді – ау деймін. Әсте, аруақ көзге көрінбес. Оның мекені – өзіңнің кеудеңде болар. Аруақ кеудеңнен орын тапса, мәңгірттік содан өрбір.

Ал көнбедім, тірестім, ерегістім. Сонда не табамын? Интернатқа қабылдамай қойса, қайда барамын? Қаңғырып қаламын ғой. «Неғылар дейсің, мейлі дей салайын, әйтеуір оқу бітірсем болды емес пе? Дүниеде аты-жөні өзгеріп кеткендер аз емес қой. Ульянов-Ленин болып кетіп те көсем болды ғой. Джугашвили-Сталин болып-ақ көсем болып отыр. Несі бар, бәлкім, фамилиясы өзгергендер тегін болмас. Мен де... Нұртазаев, Нұртазин. Әдемі сияқты. Сүйкімді естіледі. Бірақ – Мұртаза. Ол неден сорлы? А – а – а...»

Сонда, сонау өткен көктемде, Молотов мектебінде Досмырза директор айтқан әңгіме есіме сап ете қалды.

– Ағай, – дедім мына директорға. – Ағай, Көшім ханды білесіз ғой?

– Иә, – деп директор маған қарап шұғыл бұрылды. – Иә, Көшім хан. Сібірдің ханы. Ермакпен соғысқан. Тоқта. Он бесінші, жоқ, он алтыншы ғасырда. Иә, оны неге айттың?

– Ағай, сол Көшім ханның әкесі де Мұртаза ғой.

Директор езу тартып күлімсірегенін қойды. Түсі суық тарта бастады. Ойланып қалды.

– Оны қайдан білесің? Программада жоқ қой. По крайней мере, жетінші класта...

Мен үндемей, үстелдің шетін шұқыладым.

– Оны кім айтты саған, балақай? Әлде Молотовта сендерді солай оқытты ма?

Директор сыздана бастады.

Ол кездегі саясатты мен біле бермеймін. Күнбе-күн газет оқып та жүрген емеспін. Бірақ әлденені ішім сезеді. Сірә, бәле көргендіктен шығар. Әкейдің тұтқындалуы. Сиырдың желіні сияқты шошақ төбелі, бес жұлдызды баскіім кигендер... Аз ба, тәйірі. Сонда, Молотовтағы мектепте, класта, Досмырза ағайдың әлгі әңгімені жан-жағына қарап алып, сақтанып айтқаны. Көшім хан туралы.

Енді мына директорға «Досмырза айтты», – дей салсам... Мен білмеймін, арты не боларын. Бірақ айтпау керек екенін түспалдаймын.

– Жоқ, ағай, өзім бір жерден оқығаным бар, – дедім ақыры.

– Онда сен көп білетін болдың ғой, – деді директор. – Сен интернатқа алынбайсың. Мектепке алынасың, пожалыста. Бірақ үйден қатынап оқисың.

– Қалада үйім жоқ, ағай.

– Онда фамилияңды түзет.

– Түзу ғой, ағай.

– Түзу емес, Нұр – та – за! Білдің бе?

Мейлі дей салайын деп тұрдым да, есіме осы директордың өзінің фамилиясы түсе кетті. Естігенім бар, мектептің коридорындағы қабырғаға ілінген тақтадағы бұйрықтарды оқығаным бар. Онда бұйрықтардың соңында: «Директор – Ә. Коргулин» деген жазуды көргенім бар. Әуелі орыс екен деп қалғанмын. Орыс емес, нағыз қазақ.

– Ағай, – дедім бір түлен түртіп.

– Не, балақай?

– Өзіңіздің фамилияңыз...

– Иә, иә, менің фамилиям. Онда не бар?

– Ода...

– Айт, айт, – директор қайтадан күлімдеді.

– О да түзу емес, қой.

– Қалайша?

Үстелдің шетін ысқылай-ысқылай, сұқ саусағым қажалды.

– Айт енді. Қорықпа. Қызық екен, білгім келеді. Менің фамилиям қалай түзу емес.

– Коргулин емес, Көроғлы ғой, ағай.

Директор көзілдірігін сыпырып қолына алды. Аппақ бәтес орамалмен ысқылап, шыныларын сүрте берді, сүрте берді. Бәлкім, менің түр-түрпатымды дұрыстап көре алмаған шығар.

Енді көз әйнегін әбден тазалап, анықтап көріп алайын деген – дүр. Қайдан білейін?

Ақыры кирелеңдеп барып орнынан түрегелді. Мені үрей билей бастады. Ұратын шығар. Жақындап келеді. Мен шегіншектей бердім. Сірә, құлақтан тартатын шығар. Құлақтан тартқан бойы, кабинеттің есігінен итеріп жіберетін болар. Кет десе, өзім де кетемін ғой. Кетпегенде не істеймін? Кімге барып айтамын? Кімім бар менің?

Айшадан басқа кімім бар? Құлағымды қызартып үйге қайтып барамын. «Не болды?» – дейді Айша. «Алмай қойды», – деймін. «Неге?» – дейді Айша. «Әкеңнің аты Мұртаза емес, Нұртаза дейді, – деймін. «Не дейді, қараңқалғыр! – дейді Айша ашу шақырып. – Кім оны айтып жүрген? Айтқан адамның азу тісін қағып алып, алақанына саудыратып салып берейін!» – дейді Айша. Сірә, «сынақтан өтпей қалдым» деуім керек шығар. Ал әлгі «Мұртаза – Нұртазаны» айтсам, Айшаның қай-қайдағы, қойқаптағы қаһар, ашу-ызасын қоздырып алармын. Мұртазаның атына қылаудай кір келтірген адамның қолында өле кетуге дайын Айша. Сонда, енді не болмақ?

Осылай есікке қарай шегіншектей бергенімде, директор:

– Шырағым, тоқта, – деді.

Тоқтадым. «Шырағым» дегені тоқтатты.

Директор басымнан сипап тұрып:

– Сен интернатқа қабылдандың, қарағым. Талабыңнан тайма! – деді.

Еріктен тыс көзімнен бір тамшы ыршып түсті.

ҚАЙ ФЛОТТЫҢ МАТРОСТАРЫ?

Сөйтіп, мен интернат – пансионатқа қабылдандым. Сірә, өлермендікпен. Әрі жақсы жандардың арқасында. Бүкіл

облыстан жүз-ақ бала қабылданса, соның бірі менмін. Қабылданбай қалғандар қаншама. Егер менің түп-түқиянымды тіміскілесе, мен қабылданбаймын. Өйткені мен «халық жауының» баласымын. Әрі десе, Айша аман-сау. Ал мұнда «круглый сирота» дегендер алынуға тиіс.

Маған сол «круглый сирота» – «тас жетім» деген справканы алып берген Қали атам. Бектөбе сельсоветінен. Жуалыдағы Мыңбұлақ сельсоветінен, өзімнің туған жерімнен барып алайын деп едім, Айша айтты:

– Барып әуре болма. Таңқай қатын саған справке бермейді, – деді.

– Справке берген күннің өзінде оңдырмай береді. Әкесі Мұртаза «халық жауы» болып сотталған деп береді. Шешесі Айша әлі өлген жоқ, қақшаңдап тірі жүр, колхоздан қашып кеткен – деп береді. Сонда сені қазына мектебіне қайтіп алады?

– Таңқай деген шын аты ма?

– Жоға. Тәп-тәуір аты бар. Ұмытып қалдым. Атқа мініп, сельсовет болған соң Таңқай атанды ғой. Бізден артық түгі жоқ, жаман қатын еді. Атқа мінген соң таңқайып шыға келді ғой. Содан жұрт Таңқай деп кеткен.

Құдай өзі кешірсін, амалсыз өтірік справкамен кете бардым. Интернат үйі – Көк базардың желкесінде «Старо – Ташкентская, 11» деген ғимаратта екен. Мектептің өзі Пушкин көшесінде. Екі арасы едәуір жер. Директор Коргулинның бұйрығын алып, интернатқа келдім. Интернат үйі – бұрын бір өзбек байының әулі – жайы екен. Едәуір жерді алып жатқан төрт бұрышты, тұтас бір «махалла». Кіреберісінде кең дарбаза. Дарбазадан өтсең: оң жағында бір үй, сол жағында бір үй. Маңдайшаларында «РУ-3» деген жазулары бар. Ол үйлерге кілең қара көйлек, қара фуражка киген балалар кіріп-шығып жүр. Жалпақ қайыс белдіктерінің тоғасы жалтыраған сары жез екен. Көз қызатындай. Бәрі де орыс сияқты.

«Адасып келдім бе» деп қалдым.

– Интернат тұт? – деп сұрадым біреуінен жаман орысшаммен.

– Нет, – деді. – Тұт ремесленное училище! – мақтана сөйледі.
– «Интерники» там, – деп әулі-жайдың тор жағын немқұрайлы нұсқады. «Г» әрпі тектес ұзыннан-ұзақ ғимарат екен. Құрамалы – қорғанды жай. Ортасында – бір ақ үй. Батыс жағын ала, тағы бір шағын үй тұр. Кепкесін қисайта киген тапал біреу талтайып тұр екен. Жанына барып, сәлем бердім. Осылай да осылай деп қағазымды ұсындым. Басымнан аяғыма дейін алақ-жұлақ қарап:

– Обормот, – деді.

Онысын түсінбедім. Түсінгенде: «талтайған тапал!» – дер едім. Бірақ түсінбегенім де дұрыс болған екен. Ілкі қадамды жұрыстан бастасам жолым бола ма?!

– Мүсілім Қонақович, таныс болайық, – деп кепкесінен бұйра шашы бұрқырап шығып тұрған тапал қолын созды. – Мен осында тәрбиешімін. Мүсілім Қонақович. Есіңде болсын, мені осылай атайсың. Ал завинтернат анау үйде тұрады – деп әулінің батыс жағындағы шағын ақ үйді көрсетті. – Уәлихан Мұхамеджанов. Уәлихан Мұхамеджанович дейсің. Білдің бе, обормот.

– Білдім, – дедім ықыластана бас шұғып. – Ағай, – дедім батылдана.

– Иә, тыңдап тұрмын, обормот.

– Осы «обормот» дегеніңіз не?

Ол сәл қызарғандай болды.

– Е, ол «молодец», яғни азамат деген мағынада ғой.

– Е, – деп жақсы көріп қалдым.

– Бері жүр, мен сенің койқаңды көрсетейін, – деп Мүсілім Қонақович мені бір бөлмеге ертіп келді.

* * *

Түсте бәрімізді сапқа тұрғызды. Асхананың алдында. Мүсілім Қонақович бәрімізді бойымызға қарай реттеп, үсті-басымызды жөндеп, түйемізді түзеп, ұзыннан-ұзақ жүз балалық саптың о басына бір жүгіріп, мына басына бір шығып, шыр-пыр болып жүр. Байқасам, мен ұзын саптың орта шенінде сияқтымын. Ең басында ересектер тұрған сияқты. Олар оныншы, тоғызыншы класстағылар. Сегізінші класстықтардан бастап майдалана береді. Ала-құла сап. Біреудің көйлегі ақ, біреудікі көк. Қызылы да, сарысы да бар. Әсіресе аяқ киімдер келіскен. Етік кигендерден бастап, жалаңаяқ, шұлықсыз шәркей кигендерге дейін тұр. Сірә, «тас жетімдер» сол тесік тапошке кигендер болар. Әлде әдейі солай істеді ме, кім біледі? Су жаңа киіммен тұрған ешкім жоқ.

Бір кезде шағын ақ үйден сол үйге лайықсыз бойы бар еңгезердей біреу шықты. Қап-қара шашының маңдай тұсы кереқарыс. Көмірдей қара қасы доғаша иілмей, әлдеқайда ұшып кетердей, шаншылып тұр. Аяғында жып-жылтыр хром етік, галифе шалбар. Тік жағалы ақ көйлектің үстінен омырауы, тік жағасы қоңыр қозының елтірісімен көмкерілген венгерканы желбегей жамыла салған.

Дәл бір Сталиннің өзі келе жатқандай, тіл-ауыздан айырылып, сірестік те қалдық. Әрқайсысы аттың жілігіндей жуан білек, түкті қолдары галифе шалбардың қалтасында.

Мүсілім Қонақович сонадайдан алдынан жорғалап шығып:

– Жодас завинтернат, то есть Уәлихан Мұхамеджанович! Интернат построен. Все в сборе, – деп оң қолын шекесіне апара жаздап қалып, қайтадан шолтаң еткізіп, төмен түсірді.

Завинтернат Мүсілім Қонақовичқа ажырая бір қарады да, саптың басында тұрғандардан бастап, әркімнің тұсына бір тоқтап, үн-түнсіз бедірейеді. Зәрең зәр түбіне кеткендей. Кейде әлдекімнің алдына келгенде, маңқиып, манаурап қалады. Тіпті, көзін жұмып тұрады. Ол ненің белгісі – жұмбақ.

Мүмкін, осы әдіс арқылы кімнің кім екенін біліп қоятын шығар. «Сен кімсің? Қайдан келдің?» – деп те сұрамайды. Паң. Екі қолын галифе қалтасынан әлі шығарған жоқ. Күн әлі жылы болса да венгеркасы иығында. Сірә, біздің әскердің киімі емес. Пошымы бөтен. Менің жаныма таянғанда, сол венгеркадан шықты-ау деймін, бұрын сезбеген бір жат иіс мұңк ете қалды, завинтернат қалтасынан бір қолын шығарып, мұрнымның, ұшынан шымшып кеп қалды. Шошып қалдым. Мұндайды күтпеген едім. Жанымдағылар шиқ-шиқ етіп күле бастады. Завинтернат еріне сөйлеп:

– Танауыңды ұрайын, – деді.

Сірә, байқампаз болар. Әлгі иістен мен сәл-пәл тыжырынып, түшкіре жаздап, мұрнымды басқанымды байқап қалса керек.

– Сен ойлағандай боқтың иісі емес, нафталин! – деп ақырды. – Нафталин сеппесе, күйе жеп қояды.

Менің тұсымнан завинтернат өте бере, артында келе жатқан Мүсілім Қонақович маған жасырып жұдырығын түйіп:

– Обормот! – деп ысылдады.

Еріксіз: «Обормот несі? Молодец, азамат деген сөз деп еді ғой. Тағы да обормот деді. Жақсы сөз болса, неге кіжініп, жұдырығын түйді?» деген күдік ойымды мазалап, сейілмей қойды.

Сапты бойлап болған соң, завинтернат алдымызға шықты. Тәрбиешіні саусағының ұшымен шақырып алып:

– Мыналарды тамақтан бұрын түгел моншаға апарыңыз. Киімдерін өртеп жіберіңіз. Завхозға айтыңыз: бастан-аяқ біркелкі киіндірсін, – деді де, тәкашпар қалпында өз үйіне қарай бұрылып жүре берді.

* * *

Моншада Мүсілім Қонақович бәрімізді тырдай жалаңаш шешіндіріп, киімдерімізді бір бұрышқа үйдіре бастады. Үстімде

тәп-тәуір, бомазиден тігілген көк көйлегім бар еді. Қимай бүктеп-бүктеп, кабинаның артына тыға салдым. Кейін Батырханға апарып берсем, қуанып қалады ғой. Оған әрине, үлкен. Кең де боса неғылар дейсің, Айша шақтап тігіп берер. Үйде «Zinger» машинасы бар ғой. Бабадан қалған.

Мүсілім Қонақович ескі киімдерді өзі қадағалап, бұрышқа тастатып тұр. Көне шалбарымды умаждап лақтыра беріп едім, Мүсілім Қонақович:

– Әй, обормот, көйлек қайда, көк көйлек? – деп шаңқ ете қалды.

– Ағай...

– Ағайды көрсетемін мен саған. Мүсілім Қонақович де.

– Мүсілім Қонақыш, ауылда інім бар еді, бүп-бүтін көйлек, обал ғой.

– Онда жаңа форма алмайсың. Қара мұны!

Амал қанша, көк көйлек те бұрышқа лақтырылды.

Бас-басымызға шишақпақ қорабының үлкендігіндей кір сабын үлестірді.

Буы бұрқырап бетті шарпыған ып-ыстық моншаға кірдік те кеттік. Бұл монша: «Енді бұдан былай қайнаған өмірің басталады», – деп ескерткендей болды.

..*

Моншадан мүлдем басқа балалар тізіліп шықты. Бәріміздің үстімізде салпыншақ, жалпақ жағалы, жап-жаңа көк матросқа. Бұтымызда қап-қара жаңа шалбар, аяғымызда жаңа бәтіңке.

Көшедегілер аң-таң.

– Бұлар қай флоттың матростары?

– Тихоокеанские, – деп күледі біреулер.

– Балтық теңізінен, – дейді біреулер.

– Қара теңіз флоты, – дейді енді біреу.

– Жоқ, Аса, Асинский флот, – дейді бір тапқыр. Көше ду күлді.

Пушкин көшесінің асфальтсыз тас жолын сақылдатып сап келеді.

Мүлде жаңа, бейтаныс сап. Үміт дүнияды.

ТАБАЛДЫРЫҚТАҒЫ ТАУ

Бізді матростарша киіндіру кімнің, қандай данышпанның ойынан шыққанын білмеймін. Инкубатордың балапандарындаймыз. Нағыз бір морягі жоқ Әулиеата үшін бұл ерекше, сирек жаналық болды. Жол қысқартқымыз келсе, қисық-қисық көшесі бар өзбек махалласын жанап өтеміз. Жолда өзбек мектебі бар. Одан әрі қалын бейіттің, зираттың ішін аралап жүреміз. Қарахан әулие күмбезінің іргесіне тақалып барып, Пушкин көшесіне түсеміз.

Жолда кездескендердің бәрі: атты адам түсіп, жаяу адам жатып қарағандай болады. Әдейі тоқтап тұрып, біз ұзап кеткенше бұрылып тесіледі.

Мұның бәрі ештеңе емес-ау, бәрінен де өзбек мектебінің тұсы қиын болды. Ала тақиялылар шулап қоя береді. Мазақтайды. Мазаққа құмар-ақ. Жабыла күледі. Күлегеш.

Біз бәріміз колхозбаймыз. Қаланың мінезін біле бермейміз. Ал мектепке жеткен соң жаңа тозақ басталады. Қаланың балалары пысық, шақар. Маған бәрі шетінен бөксер сияқты көрінеді. Біз «б» класындамыз. Қалалықтардың көбі «а» класында. Үзіліске шыққанда, коридорда қалалықтар бізге доқ көрсетеді. Қараптан қарап тұрып тиіседі. Қағып кетеді. Әсіресе Қаңтарбаев, Үмбетбаев дегендер жеке шыққан матрос көйлектіні бір-біріне итеріп, қақпақыл қылады. Шыдайсың. Айқаса кетейін десең, тайсаласың. Қаңтарбай, Үмбетбайлардың шашы «бокс» -пен қырылған. Соның өзі сес. Мүсілім Қонақович біздің шашымызды тап-тақыр алдырып тастаған. Мүсілім

Қонақович алғашқы күндері бізді мектепке өзі бастап алып келіп жүрді. Сапқа тұрғызып. Тапал болса да сол бізге кәдімгідей медет. Бізді «жауға» алдырмайтындай, пана тұтамыз.

Шамада бір аптадан кейін бізді бастап жүргенді қойды. «Енді жолды өздерің-ақ табасыңдар. Өз күніңді өзің көр» дегендей сыңай танытты. Рас қой. Өз күніңді өзің көр. Өмір бойы біреуге масыл болған қандай тіршілік? Біреуге артып қойған міндетің бар ма? Бай баласының дәурені өткен. Ешкім саған құл емес.

Көшеде көргенің, мектепте көргенің ештеңе емес. Оның бәрі айналайын. Бәрінен де дарбаза жаман болды. Кәдімгі өз интернатымызға кіретін қақпа ше. Екі жағында да «РУ»-ы бар қақпа. Интернаттың табалдырығы.

Топтанып кіріп, топтанып шыққанда, қара көйлектілер әкесін танытып ысқырады-ай кеп. Темір-терсектерін қаңғырлатып, тіпті кейбір бетсіздері шалбарларын түсіріп жіберіп, о жер, бұ жерлерін жалаңаштап, ауыздарын бырпылдатып тұрады.

Шыдаймыз. Зығырданың қайнайды. Шыдаймыз. Өйткені Мүсілім Қонақович: «Назар салмаңдар. Өздері-ақ ақымақ болып қояды», – деп ескерткен.

Қоятын емес. Қозып барады. Қорқақ деп ойлайды. Ауылдан келген қойшылар деп ойлайды. Қорқатынымыз рас. «ФЗУ», «РУ» дегендер туралы неше түрлі сұмдықтарды естігенбіз.

Араларында жалғыз қазақ баласы бар. Құдай оларға әдейі таңдап қосқандай, кіп-кішкентай. Басқалары орыс па, неміс пе, грек пе, кім білсін-бәрі зіңгіттей, зіңгіттей. Сол кішкентай қазақ баласы әлгілермен қосыла күліп, мәз болады ғой. Маған бәрінен де сол батады.

Рас, ол тәуелді. Қойындар деп айта алмайды. Қарсы шыға алмайды. Күнін көруі керек. Мейлі. Ау, бірақ ыржалақтап, аналарға қосылып күлмей-ақ қойса қайтеді? Қанына тартпаған қасиетсіз. Бәрібір оны орыс демейді. Орыс боларын-боларсың.

Ау, бірақ тұмсығыңды қайда қоярсың? Тұмсығың, түр-тұрпатың он жерден оспақтасаң да орысқа келмейді ғой.

Оны ойлап жатпайды. Түр-түсі, ныспысы қазақ болғанмен, көргені орыс, жүргені орыс. Ойлауы орыс, тілі орыс. Сөйтіп, қазақты жек көреді. Қазақтың деп айтуға арланады. Оның ұғымында, санасында қазақ болу – қорлық.

Ал енді, ұдайы топтанып, сапқа тұрып жүре бермейсің ғой. Кейде бірлі-жарым жүретіндер де болады. Өне, қорлықтың көкесін сонда көресің. Айшаның Ауагүл есімді әпкесі осы қалада, Қапал дейтін шеткерірек көшеде тұрады. Тігін машинасымен тірлік етеді. Күпәйке, шалбар, көйлек тігеді. Ісмер. Өне, сол әпкеммен мектепке бара жатқанда жолығып қалып:

– Барсхан, сабақтан соң базарға, маған келші, – деді.

Сабақтан сон балалардан бөлініп, көк базарға бардым. Бара жатып ойладым: «Ауагүл әпкем маған аздап ақша беретін шығар» деп. Әпкем тауарын сатып болған екен. Енді үйіне екі шелек көмір жеткізу керек. Маған соны көтертті. Екі шелек көмір едәуір жүк. Терлеп-тепшіп жеткіздім. Үйінен шай іштім. Бәрібір интернаттағы түскі тамақтан қалдым ғой. Ауагүл әпкемнің дастарқаны берекелі. Палауын да соғып алдым. Қайтарда әпкем қолыма үш сом ұстатты. Қуанып кеттім. О, үш сом көп ақша... мен үшін.

Үш сомды уыстап алып, құстай ұшып, интернаттың қақпасына да жетпеймін бе? Әлгі ақшаның буы болуы керек, қақпадан жалғыз өтудің қауіпті екенін де ойламаппын. Өте бергенімде «РУ» есігінің баспалдағында отырған еңгезердей дәу неме:

– Палундра! – деп айқай салды. Ар жақтан басқалар жүгіріп-жүгіріп шықты. – Лови этого калбита!

Үш-төртеуі келіп қоршап алды.

– Леха, он дрожит, – деп мәз болысты.

Леха дегені, сірә, атаманы. Бұл дәуді мен күнде көремін. Интернат асханасының алдында турник бар. «РУ»-дың өз турнигі бола тұра, сол Леха алшаң-алшаң басып келіп, әдейі біздің турникке асылады. Обалы не керек, турникте ат құлағында ойнағандай ойнайды.

Бұл доқ көрсету. Міне, мен қандаймын дегені. Біліп қой дегені. Күштінің әлсізді басынуы осындай. Ықтырады. Меніменен белдеспе дейді. Қыңқ етпе дейді. Ал біз қорқамыз. Мынадай алыпқа қарсы тұру ойымызға да келмейді.

Қоршап алғандардан қорқақтап тұрғанымда, қасымызға алшаң басып Леха келді. Матрос көйлегімнің салпыншақ жалпақ жағасын дар – р еткізіп айырып алып, бетіме лақтырып жіберді.

– Карикатура на моряка, – деді. Оны мен түсінбеймін. Бірақ жақсы деп тұрмағанын шамалаймын.

Айқай салдым. Өзіміздің адамдардан біреу-міреу есітер ме екен деп.

Ешкім тырс етпеді. Көрмеген, естімеген шығар. Көрсесе де, естісе де, көрмеген, естімеген бола қалған шығар.

Қорқады. «Бәлелі көтке бармағыңды тықпа» дейді. Тіпті, бізге Сталиндей боп көрінетін завинтернаттың өзі де сескенеді-ау деймін. Мүсілім Қонақович қояндай қорқақ. Бас көтерер жан жоқ. Бұ не қорлық, Құдай-ау?

Леха маған:

– Что ты зажал свой поганый кулачок? – деді. – Что, драться хочешь?

Бұл жолы не деп тұрғанын түсіндім. Өйткені жұдырығыма қарап тұр.

– А ну, открой! Разожми ему кулачок! – деп бұйырды жанындағыларға. Жабылып жатып, жұдырығымды жазып жіберді. Умаждалған үш сом көрінді. Леха үш сомды алып, умажын түзетіп, күнге тосып көріп:

– Нет, не поддельная, – деді. Бәрі қарқылдап күлді. Құйрығыма күректтей алақанымен бір салды да:

– Иди, – деді.

Ішім удай ашиды. Күресерге дәрмен жоқ. Ақшасы бар болсын, көйлекті айтсаңшы. Енді не бетімді айтамын? Интернаттың көйлегін бүлдіргенім үшін, енді мені интернаттан шығарып жіберетін шығар. Жыртық жағаны қолыма ұстап, басқа ешкімге көрсетпей тіке қоймашыға тарттым. Завхоз кім деп ойлайсыз? Хасан Өзденовтің дәл өзі. Хабибат Абубакировна алдырған болар.

Осылай да осылай деп, жаңа ғана болған жайды айттым.

– Доңыздар, – деді Хасан Өзденов. – Бұлардың аз халыққа істемеген қорлығы бар ма? Әлі-ақ жазасын тартар.

Мұндай зорақы сойқанның қорлық екенін басқа білмесе де Хасан Өзденов біледі. Кавказдағы Эльбрустың батыс жағын ала қарашай деген халық өмір сүрер еді. Эльбрусты олар «Дыхтау» яғни, қос өркешті тау деп атар еді. Ешкімге залалы жоқ, бейбіт жатқан ел еді. Еркектері тау беткейінде қой бағып, әйелдері қойдың жібек жүнінен неше алуан киім тоқып, осындай жаннатты жерде тудырғаны үшін Жаратқан Құдіретке алғыс айтып, күнін көрген иманды жұрт еді. Қиядан Құман өзені құлап ағады. Оны орыстар Кубань деп өзгертті. Құман десе, құман. Биіктен құлаған су құманның шүмегінен ағып жатқандай. Өне, сондай сұлу мекеннен Хасан Өзденовті Қазақстанға бір түнде зорлап көшірді де жіберді. Бүкіл халықты. Бір адамды, он адамды, мың адамды жер аударуға болар. Ал тұтас бір ұлтты тұқым-тұқиянымен туған жерден айырып, алысқа-алысқа, Қазақстанға апарып лақтырып тастау деген, әй, сірә, тарихта болмаған шығар.

Бұл Хасан Өзденов соны да көрген. Менің зорлықпен жыртылған матрос көйлегімді бүктеп-бүктеп, жуылатын киімдердің ішіне тастады да, жаңасын берді.

– Ки, – деді. – Көйлегің тозғақ, өмірің озғақ болсын, – деді.

Сөйтіп, мен бір жазадан аман құтылдым. Бірақ Лехалардың қорлығы көкірегімде шемен болып, шорланып, беріштей қатып қалды. Көкірегіне беріш қата берген адам сау болмайды. Кесел табады. Сол берішті жібітетін азын-аулақ жарық сәуле болмаса, менің күнім не күй кешерін кім біледі? Көкірегімнің түкпір-түкпіріне сәуле шашырата гөр, Құдірет! – деп жалбарынамын.

Адамдардың маған істеген жақсылығы – Алланың нұры. Қапаста қалмағаным соның арқасы.

Құдай көкірек қамағынан сақтасын!

СОЙДАҚТИСТІҢ ҚЫЗҒА ҚЫРЫҢДАУЫ

Класта маңдайға біткен үш-ақ. Қыз бар. Неге екенін білмеймін, аз. Жиырмадан астам ұл баланың арасында үш-ақ қыз болуы жұтаңдық, Сірә, соғыстан аман-сау қайтқан азаматтар фашистерді қырып келіп, енді қыздарға қырғидай тиген кез бе, кім біледі?!

Арасында шыбыштары аз кілең текешіктер бір-бірімен сүзісіп, азып-тозып, берекесі кетпей ме? Қызы жоқ жердің қызығы жоқ.

Үшеудің біреуі Махпуза дейтін өзбек қызы. Ол әрине, үйінен келіп оқиды. Дене бітімі топ-толық, аса асып бара жатқан ажарлы да емес, біртоға, оқудан гөрі, үй шаруашылығына лайықтылау, орташа оқитын шәкірт.

Екіншісі – Жәмила, қыз қылығы шамалы, қазақы, қарабайыр. Сабақты нашар оқиды. Әсіресе Хабибат Абубакированың жынын келтіретін қилы-қилы қасиеті бар.

Ал Гүлнәрдың жөні бөлек. Аққұбаша келген, әдемі қыз.

Әдемілігі – алып-жұлып бара жатқан сұлулығында емес. Клеопатра ол емес, әрине. Бірақ құрығырдың ерекше бір қылығы бар. Ойнақшып тұрады. Еркелейтін назы бар. Жалт етіп

бір қарағанда жүрегің бұлк ете түседі. Мен еркекпін, жігітпін деп жүргендердің бәрі одан дәмелі. Бірақ біздің кластың сорына қарай, Гүлнәр бұл кластан ешкімді менсінбейді. Оныншы класта оқитын Төлепалды деген жігітпен әмпей-жәмпей деген өсек бар. Төлепалды-интернатта. Ал Гүлнәр қаланың қызы. Қарабақыр дейтін көшенің бойында. Төлепалды үздік оқитын көрінеді. Алтын медальдің иегері сол болар деген сөз жүр. Белсенді. Тіпті, комсомолдың көсемі де сол ма, қалай? Жиналыс болса, сол сөйлейді. Жұқалтаң еріндері бір-біріне жұқпай сусиды. Құдай кейбіреулерге сондай талант беріп қояды. Бірақ бізге, тоғызыншы кластың балаларына шекесінен қарайтын менмендігі бар, тәкаппарлау жігіт.

Онысына біздің класс ызалы. Әсіресе біздің Ертай. Яғни, Сойдақтіс. Біз бөлмеде он баламыз. Қатар-қатар он төсек. Оныншы төсектің жанында, қабырғаға жапсырыла қампиған дәу қара, қаңылтыр пеш. Ертай Сойдақтістің темір төсегі сол пештің жанында. Одан бері қарай Хасболаттың төсегі. Ертай түнде аунақшып жатады. Тыныш таппай аунақшиды. Әм қорылдайды. Денесі ауыр. Содан темір торлы койка зар илеп жылайды. Оған қорыл қосылады. Сонда қарашай Хасболат даусы гүрілдеп:

– Әй, Сойдақтіс, тыныш жатсаң болмай ма?! – деп, шыдай алмай, койканың шетінде дөңкііп отырады. Бәріміз оянып кетеміз. Әлдекім шам жағады.

– Мүсілім Қонақовичке айтып, басқа бөлмеге көшірту керек Сойдақтісті, – деп шаңқылдайды ұйқылы-оюу Әлтай.

– Әлтай дұрыс айтады, – деп қостайды Ақтай.

– Әй, өңшең тайлар, таяқ жейін демесең, жап ауыздарыңды, – деп Сойдақтіс гүжілдейді.

Бірақ Сойдақтісті қостаушы табыла қоймайды. Тоғыз бала бір жақ, Сойдақтіс бір жақ.

– Өзің де тайсың ғой, Ертай, а, айтпақшы, Сойдақтіс екенсің ғой, кешір, – деп шымшылайды Ақтай.

– Әй, Қодық, сені бір-ақ қолыммен көтеріп алып, көшеге лақтырып жіберем, – деп қорқытады Ертай.

Сонда барып, жастықтан басымды мен көтеремін.

– Кім ол Қодықты бір қолымен лақтырып жіберетін?

Орнымнан тұрамын. Сойдактістің қасына қарай еріне басып, есінеп қойып, шалт қимымен алқымынан ала түсемін. Қылқынып, беті барбиып, көзі аларып бара жатады. Балалар жабылып жатып ажыратады.

Сойдактіс қорбиган дәу болғанымен қопал.

– Атаңа нәлет Маңтөбет, – деп күбірлейді. Онысын естіп қойып, қайтадан бұрыламын. Ертай қапы қалмайын деп, ұзын қолдарын ербеңдетіп, бетін жасқайды.

– Қане, қайтала, не дедің? Естіртіп айт, жаман қатын құсап, ерніңді жыбырлатпай!

– Жалғыз мен емес, осылардың бәрі айтады.

Онысы рас. Сыртымнан Маңтөбет дейтін көрінеді.

– Осы бір-бірімізді қорлап атауды қояйықшы, Құдай үшін, – деп қарашай Хасболат жалынады.

Оның да өз аты бар. Бегомот. Десе дегендей – сеп-семіз. Не жеп семіретіні белгісіз.

– Хасболат дұрыс айтады, – деп қостайды Тұмсық. Шын аты Мақан. Бірақ мұрнын көтеріп, өзінше кісімсіп жүретін болған соң Тұмсық аталып кеткен.

– Ал енді, мына Ертайды қайтеміз? – деп қарашай Хасболат әңгімені қайтадан қоздырды.

– Басқа бөлмеге ауыссын, – деп шіңкілдейді Әлтай.

– Дұрыс.

– Дұрыс.

Бәрі бірауызды. Ертай саса бастайды. Бұрынғыдай емес. Көп қорқытады, терең батырады.

– Мені түсінсеңдерші, бауырларым-ау. Енді бәріміз бір үйдің баласындай болып кеттік қой. Сендерден жасыратын не бар? Ұйықтай алмаймын...

– Ұйықтасаң қорылдайсың, – дейді Хасболат.

– Ұйықтай алмайтыным – көз алдымда тұрады да қояды.

– Кім? Шайтан ба? – деді бадырақ көз Тәліп.

– Ғашық қой, – дейді Тұмсық мұрнын көтеріп қойып.

«Ғашық» деген сөз – ем. Оның құдіреті бар. Жаңа ғана бөлмеден Ертайды қуып жібермекші болғандар, енді оны есіркегендей болады.

– Кім-ей ол, ұйқыңды алған ғашығың? – деп Сайыпқожа қағытады.

– Махаббатпен ойнауға болмайды. Ол серьезный мәселе, – дейді қарашай Хасболат саусағын шошайтып, – Оған күлмеңдер. Өз бастарыңа да келеді. Қайта қолдан келсе көмектесу керек.

– Қалай? – дейді Ақтай.

– Мен шамалаймын, мұның ғашығы – Гүлнәр, – дейді қарашай Хасболат. – Мен байқап жүрмін.

– Ой, Гүлнәрдің жігіті бар ғой.

– Бола берсін. Ол жігітті Гүлнәрға қайтып жоламайтындай етеміз, – деймін мен. – Әуелі шыннан Гүлнәр ма, соны анықтап алайық. Ей, Ертай! Гүлнәр ма?

Ертай елжіреп кеткендей кемсендеп, темен қарап басын ізейді. Шыннан ғашық екеніне енді ақиқат көзіміз жеткендей.

Ал бірақ ойша Ертай мен Гүлнәрды қатар отырғызып, көз алдыма елестеткім келеді. Мысалы, қорбиған аюға елеңдеп тұрған елікті қосақтауға бола ма? Мүмкін бе?

Сөйтсе де, баяғыда, біздің Мыңбұлақта, Мұртазадан қалған үйде, қыстың ұзақ түнінде, үрпек балапандай үш балаға Айша айтатын әңгіме ше. Айшаның айтуы бойынша, бір жап-жас бүлдіршін қызды бір түнде аю алып қашып кетеді. Ауыл-аймақ у-шу болып, қызды іздейді. Ақыры Тәңіртаудың Ақсу-Жабағылы жағынан табылады. Адам аяғы баспаған шатқалдың құж-құж тастарының тасасында аюдың үңгірі бар екен.

Үңгір – аюдың үйі екен.

Көп адам қойсын ба, аюды тірідей ақыртып, байлап-матап тастап, енді өлтірейін десе, әлгі қыз жалынып жылайды дейді.

– Аю, аю, аю еді, Аю да болса байым еді, – деп.

Мынау да сол сияқты болып жүрмесін. Қыз шіркіннің қырсырын кім біліп болған? Бәлкім, сырттай бәлсінгенмен, Ертайды Гүлнәр ұнатып та қалар. Жалпы, бұл істе өлермендік керек. Жасық болсаң – саған жапалақ та тимейді.

– Өзің былай, ол қызбен оңаша сөйлесіп көрдің бе? – деймін Ертайға.

– Біртүрлі бата алмаймын...

– Онда хат жаз, – деді Уәли білгішсініп.

– Парталас отырып, бір-біріне хат жаза ма? – деп гүж етті Хасболат.

– Өлеңмен жазса әсерлі болады, – деп қутың етті Сайыпқожа.

– Барсхан қабырға газетіне өлең жариялап жүр ғой. Сол сенің атыңнан жазып берсін.

– Дұрыс, дұрыс, – десті басқалар қызық көріп. Гүлнәрды алайын деп жүрген мен емес, қалай жазамын? Жазбаймын деп тағы айта алмайсың. Жаманды-жақсылы «ақын» деген атым бар. Класс ақыны. Сонда не деймін? Есіме Ералы қойшының боза жорада Ханшайым деген келіншекке айтқаны түсе кетті. Соны сәл-пәл өзгертіп, отыра қалып, бірауыз өлең шығардым.

Гүлнәржан, айналайын айдан аппақ,

Қасыңнан шыға алмаймын айналақтап.

Ұйқы жоқ, төсегімде аунақшимын,

Сені ойлап, тегіс жерде тайғанақтап..

– Өй, қатып кетті-ей, – деп Сайыпқожа қол шапалақтады. Уәли салмақтылық танытып, редакторлығын істеп:

– Жоқ, бұл кәдімгі қара өлең. Абайша бірдеңе табу керек, – деді. – Мысалы: «Қор болды, жаным, сенсіз де менің күнім...» деген сияқты.

– Е, елдің бәрі Абай дейсің бе, – деп Сайыпқожа көнбеді.

– Қызға өлеңмен хат жазу – ескіліктің қалдығы, – деді қарашай Хасболат гүжілдеп. – Қызбен жақындасып, көңіл білдіру үшін батылдық керек. Ашып айт, шапаныңды шешіп алмайды ғой. Койканы қиқылдатып дөңбекши бергенше, мәселенің басын біржолата шешіп ал.

Сойдактістің басы үлкен. Ол аз болғандай шашы тікірейіп тұрады.

Тікірейген шашын ары-бері ұйпалап:

– Онда мен тура қазір кірісемін, – деді.

– Қалайша? – деп таңғалдық.

– Оу, түн іші ғой...

– Мен оның жататын бөлмесін де білемін. Жалғыз жатады. Тек қорасында иті бар.

– Итке нан алып алайық, – деп лыпылдап қалды Сайыпқожа бір қызықтан дәмеленіп.

Сонымен не керек, бір топ бала Сойдактістің түнгі жорығына ілеспек болдық. Келіспеген тек Хасболат пен Тәліп қана. Ілеспеді. Ауладан шығып, Қарабақыр көшесі қайдасың деп аңдыздап келеміз. Түн ішінде көшеде кездескен бірлі-жарым адамдар бізді көріп, жанталаса безіп береді.

Ертай дегенмен ер көңілді жігіт. Намыс бар. Жақсы оқитыны да рас. Бірақ бәрібір – «Сойдақтіс». Құдай қылса қайтесің, мақтаншақ.

Сол намыс, әрі арыны басылмаған мақтангер мінез оны осы жолға бастауын бастап алып шықса да, Қарабақырдағы Гүлнәрдің үйіне жақындаған сайын Сойдактістің адымы қысқара бастады. Тоқтап:

– Әй, жігіттер, осы қалай болар екен? – деп күмілжіді.

– Өй, сен өзің... есің дұрыс па?! – деп шап ете қалды Сайыпқожа. – Онда бізді төсектен тұрғызып, несіне сарсаңға салдың, а?

– Шешінген судан тайынбас, жүр, айда, – деді Алтай.

Үйдің іргесіне келгенде бәріміз жым болдық. Қорғаны биік екен.

Домбаздап соққан дуал. Кісі бойы жетпейді. Көк қақпа құлыптаулы. Айнала – жым-жырт. Тек дуалдың сыртында бөтен адамдардың тұрғанын сезіп қалған іштегі ит екі рет арс-арс етті. Өлтай қолындағы дорбадан нан алып, дуалдан асыра лақтырды.

Өлтай әлгінде:

– Өттең, күшәла жоқ. Нанға күшәла берсе, сеспей қатар еді, – деген.

Сірә, мына ит күшәласыз-ақ құр нанның өзіне риза болғандай, үрмеді. Сонда Сайыпқожа:

– Ал нартәуекел, кәне дуалға асыл, біз аяғыңнан көтереміз, – деді Сойдақтіске. – Барсхан, сенің күшің бар ғой, иығыңды тос.

Шөкелеп отыра бердім. Сойдақтіс иығыма аяғын сала бере, екі тізем бүгіліп, шөктім де қалдым. Сойдақтіс жалп етіп, шалқасынан құлады. Ит тағы үрді. Өлтай тағы нан лақтырды.

Енді Сайыпқожа екеуміз Сойдақтісті екі бұтынан көтеріп, қалғандары құйрығынан итеріп, дуалдың ернеуіне қолын ілдірдік-ау, әйтеуір.

Сойдақтіс дуалға атша мініп, отырып алды. Ауланың ішіне көз салып, тың тыңдады. Бізге «тыныш», «сөйлемдер» дегендей, қолын ербеңдетті.

– Гүлнәрдің бөлмесінде әлсіреген шам жарығы бар, – деді бізге басын бұрып сыбырлап.

– Е, онда тіпті жақсы, шошытып алма, – деп жанықтырды Сайыпқожа. Сойдақтіс ары қарай қалай түсерін білмей, жүрексініп отырып алды. Өлтай оған дорбадан тағы бір тілім нан алып берді.

– Итке, – деп сыбырлады.

– Ит шоқиып отыр, – деді Сойдақтіс. – Дәу ит, атаңа нәлет.

– Таста нанды, – деді Өлтай.

Айтқанын істеп, Сойдақтіс екі аяғын да дуалдың ар жағына аударып, қос қолымен ернеуден ажырамай, асылды да қалды.

Осы кезде ит иттігін істеп, арс-арс етіп алып, арт жағын ырылға, құмыққан ырылға айналдырды.

Иттің адамдардан айырмашылығы – пара дегенді түсінбейді екен, мойындамайды екен. Қанша нан жеді, бірақ ымыраға келмеді, атасына нәлет.

– Ойбай! – деді Сойдақтіс. – Тартыңдар қолымнан!

Жабылып жатып, әрең тартып алдық.

– Бұл қайсы, ей? – деген дауыс шықты іш жақтан.

– Мылтықты әкел! – деді әлдекімге.

Тұра кеп қаштық. Мылтық даусы гүрс етіп, түнгі Әулиеатаны бір селк еткізді.

Безіп келеміз.

Қарабақырдың шаңдақ көшесін борандатып келеміз. Едәуір ұзап кеткен соң есімізді жиып, артта қалып қойған Сойдақтісті күтіп алдық. Интернат берген шалбардың бір балағы жоқ. Балтыры қан-қан. Интернаттың іргесін жалап ағып жатқан ботана сумен батырдың балтырын жудық.

– Спирт керек, – деді білгішсінген Сайыпқожа.

– Спирт қайда? Сен осының бәрін жанықтырған. Оңбаған Жантық! – деп Сайыпқожаны ішінен ыңқ еткізіп бір тептім. Ішін басып, отырып қалды.

Қапаланып, түнгі аспанға қарасам, толған Ай бұйра бұлттан шығып, күлімсіреп тұр екен. Біздің бұл қылығымызға күліп тұрған сияқты. «Біз ұрлық қылғанда, Ай жарық болды» деген осы екен-ау дедім.

Ай бірақ: «Е, балақайлар, бозбала дәурен бақбақтың үлпілдегі сияқты. Ойнамасаң, күлмесең, бұл дүние неге керек» деп сыбырлағандай болды. Кейін-кейін, айта-айта жүретін бірдеңе болуы керек қой...

КӨК ҚАЛПАҚ

Айсұлу апай әдебиеттен сабақ береді. Басқа сабақтарға карағанда, бұл енді мен үшін бір ғажайып әлем. Әдебиет пәнін есте сұлу адамдар оқытса тіпті рахат.

Айсұлу – ажарлы әйел. Дөңгелек жүзді, аққұбаша, ерекше шырайлы. Ашуланғанын көрмедік. Жарқылдап күліп жүреді. Күлгенде әппақ тістері маржандай жарқ-жүрқ ете қалады. Күміс күлкі көмейдің емес, сол маржан тістердің сыңғыры сияқты.

Сабақ оқытқаны қызық. Өлеңдерді жаттатады. Тақпақтап, саңқылдап айтып берсең – тәуірсің. Айта алмай: «ы – ы», «пықы – тықы» деп тұрып алсаң – нашарсың.

Әсіресе біз қызығатын, асыға күтетін сәт – апайдың әні. Ол ән салғанда класс қыбыр етпей, тына қалады. «Татьянаның қырдағы әні».

Тәңірі қосқан жар едің. Сен,
Жар ете алмай кетіп ең... –
деп бастайды.

Апайдың жұп-жұмыр, аппақ алқымы инеліктің қанатындай болар-болмас дірілдейді. Тоқпақтай қос бұрымы баяу ырғалады. Не үшін екенін білмеймін, әп-әдемі, жіп-жіңішке, қияқтай қастарының арасы қолдан қойылған көкшіл нүктелермен жалғасқан. Әннің бір асқақ, ырғақты жерлеріне келгенде, әлгі нүктелер жиырылып, бірінің үстіне бірі шығып кетеді.

Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем.
Тірі қалдым өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың...

Айсұлу апай шыннан-ақ жолбарыстың шеңгелінде қалғандай бір қасіретті халге түседі. «Бү несі?» – деп мен ішімнен тынып отырамын.

Лағы өзі болғанда, жолбарысы кім? Татьяна деген есте жоқ. Апай өзі туралы айтып тұрған сияқты. Ешкімге айта алмай жүрген сартап сырын өз оқушыларына сиқырлы әнмен жеткізіп, мұңын бізге шағып тұрған сияқты. Мұғалім деген өз шәкірттерімен де осылай сырласады екен-ау. Әдебиет емес, ән сабағы, арыз сабағы десе болғандай.

Қаймақ еді көңілімде,

Бізге қаспақ болды жем.

Екі сөз жоқ өмірінде,

Мен де сорлы бақыты кем, –

деп келіп, терезе жаққа теріс айналып, орамалмен көзін сүртіп, амалсыз әлгі толқын-толқынмен жарқ етіп қайта шығып:

– Міне, балалар, Абай аталарың Татьянаны қазақ даласына осылай қолынан жетектеп алып келген, – деп күлген болады. Күледі, бірақ іш дүниесі әлем-жәлем екенін жасыра алмайды.

Мен ойлаймын: егер мұғалімдердің бәрі оз пәнін осылайша шыр-пыр болып, жан-тәнімен оқытса, әлемнің ажары сүреңсіз, сұрқай болмас еді-ау деп. Ал, айталық, химия сабағын, физика сабағын қалайша әнмен түсіндіресің? Бұл сабақтарды Аргуния деген апайымыз жүргізеді. Бұл енді кербез сұлу. Айсұлудай ашық емес, тым сабырлы, тәкашпарлау. Айдай аппақ келіншек. Жүріс-тұрысында біз білмейтін аса бір заттылық, ақсүйек, аристократияның, ханзадалық қасиеттердің нышаны көзге ұрып тұрады.

– Ахметов, тақтаға! – деп дауыстайды Аргуния апай. Дауысы сонша қатаң да емес, бірақ Манап Ахметов деген бала селк ете қалады. Көздері жыпылықтап, орнынан атып тұрып, даусы өлімсіреп:

– Мен бе? – деп кеудесін саусағымен шұқиды.

– Иә, сен.

Манап жорғалай басып жөнеледі.

– Ал, Ахметов, кәне, айта қойшы: катализ деген не?

Манап байғұс, аждаһа алдындағы кек көжектей бүрісе бастайды. Бойы ап-аласа, одан бетер кішірейе береді. Үстіңгі еріннің бір жақ езуінің еті өсіңкі ме, немене, сонысы бұлтиып шығып кетеді, үйдің төбесіне қарайды, ыржиған аузы жыбырлайды.

– Катализ дегеніміз химиялық реакцияларды... не қылады? – деп қолтығынан демейді Аргуния апай.

– Не, не, кетіп, неғылады, – дейді Манап шөге түсіп.

– Не қылады?

Аргуния апай Ахметовтің салбыраған басын иегінен көтеріп, жыпылықтаған көзіне үңіліп:

– Катализ химиялық реакцияларды қайтеді? Жыл – дам – да – та – ды. О, бозкөз, отыр, – дейді.

Содан бастап Манап Ахметов «бозкөз» атанып кетті. Міне, химия сабағындағы «әннің» түрі осындай.

Ал Аргуния апайдың атақты алашордашы Жақып Ақбаевтың туған қызы екенін ол кезде қайда – а – ан білейік...

Ал енді, осы класстағылардың бәрі «бозкөздер» емес, Аргуния апайдың ықыласы түсіп, жақсы көретін оқушылары да бар еді. Уәли Данаев, Ертай Естаев, Ақтай Тұраров есепке жүйрік. Есепке жүйрік бала физиканы да, химияны да, геометрияны, тригонометрия деген біздің тісіміз онша бата бермейтін пәндерді жаңғақша шағады.

Математикадан сабақ беретін Хабибат Абубакировна, осы Аргуния апай әсіресе Ақтай деген баланы мәпелейді. Өзі тырыли арық, бойы да кішкентай, мұрнын үнемі тартып қойып жүретін, көзі бақырайғандау, сүйкімді бала. Ал есепке ағып тұрау, ағып тұр. Оны Аргуния апай еркелетіп, «Қодығам менің» деп қоюшы еді. «Қодыға» деген құланның баласы екенін біз біле бермейміз. Біздің білетініміз есектің баласын «қодық» дейді. Содан ол интернатта «қодыға» емес, «қодық» атанып кетті.

Жалпы, жан-жануардың, баласы кішкентай күнінде бәрі сүйкімді ғой. Жылығының құлыншағы, түйенің ботақаны,

сиырдың бұзауқаны, ешкінің лағы... Ал мәштің қодығы да жана туғанда әп-әдемі. Кейін есейгенде ғой, дүрдііп кететіні.

Ал мен үшін Айсұлу апайдың сабағы мереке. Татьянаның әнін салғанда неге сонша тебіренеді? Неге жүрегіңді елжіретеді? Және кей-кейде неге жылап жібереді?

Осы арасы жұмбақ.

Күйеуі Шерғазы ағай, о да мұғалім. Осы мектепте. Аласа бойлы, ажарсыздау, қартаң кісі. Айсұлу екеуі қатар келе жатқанда, айдай апайымыздың әкесі сияқты көрінер еді.

Шыннан сүйіп қосылған ба? Әлде Татьяна айтқандай, – мұның басқа «жаралы жолбарысы» болды ма екен? Сол «жаралы жолбарыс өзге жұрттан қамшы жеп», «ғашығынан шошыған» соң, Айсұлу да:

Мен де сорлы нәсібімнен,
Жатқа тидім алшы деп» -
деді ме екен?

Татьяна деген біз білмейтін арманы, өкініші көп адам осы Айсұлудың өзі шығар. Кім білген?

Міне, осы апайымыз бір күні класқа бөтен кісіні ертіп келді. Қоладан құйылғандай шомбал денелі, түр-түсі тотыққан, дидары мейлінше пейілді, көзқарасы ибалы, жұмсақ кісі екен. Класқа кіргенде басындағы жасыл – көк қалпағын алып еді, толқын-толқын қара шашы көрінді.

– Ал балалар, – деді Айсұлу апай, – бүгіннен бастап сендерге әдебиет сабағын мына ағайларың – Мұхаң, Мұхамеджан Қаратаев жүргізеді. Келген кісі басын иді. Қолындағы көк қалпағын қайда ілерін білмей, ары-бері қарады да, терезенің алдына қоя салды.

Айсұлу апай қолындағы журналды жаңа мұғалімге ұстатты.

– Ісіңіз сәтті болсын, Мұха, – деп, қолын алды. Содан соң бізге қарап:

– Сау болыңдар, балалар! – деді.

Есіктен шығып бара жатып, класқа тағы бұрылып қарады. Қимаған сияқты.

Біз де қия алмадық. Айсұлумен бірге әдемі, сұлу әлем, әсем он кетіп бара жатқандай, кәдімгідей көңіліміз босады. Неге әнмен қоштаспады екен?

Ғашық – ақпын еш күмәнсіз,
Ырыс емес, сор үшін.
Көрісуге шыдамаспыз,
Айырылалық сол үшін, –
деп, неге айырылысу әнін шырқамады екен?

Бірақ біз Татьянаны танымадық. Қайдағы адам? Кімге ғашық? Неге сонша өкінішті? Біле алмадық. Тек ән қалды. Соны қайталап айтатын болдық. Жаңа мұғалім. Бұрын көрмеген, танымаған адам. Шәкірттерге жұмбақ жан. Соғыстан сүлдесі шыққан ауыл балаларына не береді? Айсұлу «Тәңірі қосқан жар едіңді» берді. Әнін. Бәріміздің жүрегімізде жатталған ән қалды Айсұлудан.

Бәріміздің ауызымыз аңқайып, мынау адамнан не күтіп отырмыз? Ағай бәрімізбен сыпайы амандасты. Өте сыпайы. Үні жұмсақ. Жүзі жылы. Хабибат апайдай ащушаң емес. «Құрлық бала» деп төбеңді тесе жаздайды ғой. Төбе тесілсе, миың ағып кетеді ғой.

Мынау ер кісі бола тұра, биязы. Дауыс көтермейді. Журналға қарап алып:

– Әңгіме Абай туралы екен ғой, – деді. – Онда кәні, Абай туралы кім, не біледі?

Класқа қарады. Класс мұғалімге қарады. Үн жоқ. «Мен білемін», – деп ешкім жұлқынып шыға қоймады. Журналға қарап:

– Ахметов. Бар ма? – деді.

Манап Ахметов орнынан бүрісіп түрегелді. Көзі жыпылықтап, еті өскен ерні ыржиып, партаның қақпағын

шұқылап тұрды да қалды. Өзінің соры қалың. Журналдың ең басында тұрады. Алфавит бойынша ғой. «А» – дан басталады.

– Абай-Татьяна деген қызға хат жазған кісі, – деді.

Гүлнәр Тасымбекова деген қыз шықылықтап күліп жіберді. Оны көріп, басқалары да күлді. Жаңа мұғалім жымиды. Манап күлгендерге алақ-жұлақ қарап, қайда кіріп кетерін білмей қысылды.

– Ал, балалар, бәрің де осылай ойлайсыңдар ма? – деді мұғалім сәл күлімсіреген қалпы. Кірпі шашы тікірейіп, сойдақ тісі сорайып, дәу қара Ертай қол көтерді.

Бұл Ертай Естаев. Екі ұры тісі басқа тістерінен оқшауланып, ернінен шығып тұрады. Саптан шығып кеткен тәртіпсіз солдаттар сияқты. Содан бүкіл интернат оны «Сойдақтіс» дейді. Класстағы озық оқушылардың біреуі осы.

– Абай жақшаның ішінде (Ибраһим), Құнанбаев 1845 жылы, қазіргі Семей облысы, Шыңғыстау деген жерде туған...

Оқулықта не жазылған, соны үтіріне, нүктесіне, жақшасына дейін қалдырмай, қырдан ойға қарай құлаған арба сияқты салдырлатып айдап шықты. Мұғалім:

– Болды ма? – деді.

– Болды, – деді Ертай кеудесін көріктей керіп.

– Е-е-е, – деді мұғалім. – Отыр.

Жақсы деп те айтпайды, жаман деп те айтпады. Ертай бірнәрсе дәметіп тұрғандай қауқиып, отыра қоймады. Айсұлу апай болса: «Жарайсың қалқам, «бес!» – дер еді. Соған үйреніп қалған Ертай жан-жағына «бұл қалай?» – дегендей алақ-жұлақ қарап, ақыры отырды-ау... Отырып болған соң да Гүлнәр жаққа жаутаң-жаутаң бұрылып, сол қыз менің жауабымды қалай бағалады екен дегендей телміре берді. Гүлнәр бірақ оған селт еткен жоқ.

– Ал енді... – деп мұғалім журналға бір қарап. – Иә, жаңағы Естаевтің айтқанына қосымша кім, не айта алар еді? – деді.

Класс жым-жырт. Кітапта жазылғаннан басқа кім, не айта алады?

Оқулықтағыны Ертай түп-түгел айтып қойды.

Осы сәтте есік ашылып, жылтың етіп бұйра шашты біреу басын сұғып қарады. Себепсіз, әдепсіз күлгендей болды. Алтын тісі жарқ етті де жоқ болды. Есік қайта жабылды. Кім екенін танымадық.

Тек жаңа мұғалімнің түсі қарауытыңқырап, қабағына кірбің тұрып қалғандай сезілді. Жана ғана не айтып тұрғанын есіне түсіргендей, дөңестеу келген маңдайын сипалады.

Иә, сонымен Абай... Иә, ол туралы кім, не жазды?

Мұғалім классқа қарады. Фамилияң кім деп сұрамайды. Аты-жөнің, ата-тегіңде шаруасы жоқ. Тек классты көзбен сыдырып өтпей, әр балаға ойлана, зерделей көз салады. Кімнің кім екенін айтпай-ақ біліп тұрған сияқты.

Абай туралы кім, не жазғанын баяндайтын талапкер табыла қоймаған заман.

Оны мен білемін. Бірақ басқалардан бөлектеніп, шошаңдамайын деп өзімді-өзім тежеп отырмын. Сәл-пәл тыпыршысам керек, мұғалім маған қолын созды:

– Қане, қане, сен білесің. Айта қойшы, шырағым.

Ыңғайсызданып қалдым. Менің білетінімді қайдан біледі?

Менің де жұрттан асып бара жатқан білімім шамалы. Тек кездейсоқ кезең ғой көмектескен... Сол қырық бесінші жылдың Қызыл су жүрген көктемінде... Шолақтаудың шойын жолымен

Жұма бекетінен жаяу қайтқанымда... Молотов мектебінің директоры Досмырза ақсақалмен кездесіп қалып, ол үйіне ертіп барып, сырты газетпен қапталған сары алтындай салмақты кітапты қолыма ұстатып, «Жоғалтып алма», – дегенде... Мырзагелді жездемнің қойларын Сеңгірбай көлі жаққа айдап тастап, бір қойдың туып қалғанын байқамай, қозысын өлтіріп алғанымда... Сонда оқыған кітап қой.

Содан бері де талай уақыт өтіп кетті. Арада бір жыл ауырып қалып бос өтті. Ал оқығаным миымда жатталып қалыпты.

– Мұхтар Әуезов, – дедім. – Осылай да осылай, Абайдың әкесі Құнанбай, Құнанбайдың інісі Майбасар, Абайдың інісі Оспан тентек, анасы Ұлжан, әжесі Зере... Тоғжан деген қыз, Ербол деген бозым жігіт...

Қоңырау соғылды. Аңдамай қалыпшын. Сөзді ұзартып жіберіппін. Мұғалім тоқта деген жоқ. Балалар шиқ-шиқ етіп күлген жоқ. Қайдан білейін...

Үзіліске шыға салысымен мектеп сыртындағы дәретханаға жүгіріп бара жатыр едім, біреу:

– Әй, бала, тоқта, – деді.

Әлгінде класстың есігін жартылай ашып, жылмиып сығалаған кісі. Сол алтын тісі езуінен көрініп тұр.

– Жаңа Қаратаевтың сабағында сөйлеген сен бе?

– Иә. (Қайдан көріп қойған?)

Жылмиып жаныма келді. Иығымнан құшақтады.

– Фамилияң кім?

–М – Мұртаза – е – ев.

– Ы – ы. Сірә, жақсы оқисың, ә?

– Білмеймін.

– Жаңа мұғалім қалай екен? Не айтты?

– Ештеңке.

– Қалай? Ештеңе айтпады ма? Шәкәрім, Мағжан туралы айтпады ма?

– Олар кім?

– Жай әншейін...

– Жаңа келді ғой. Енді айтатын шығар.

– Ал, енді былай... Атың кім?

– Барсхан.

– Барсхан, айналайын, жақсы бала екенсің. Жалпы, сені білемін, сен Төленнің жиенісің ғой? Ендеше, Төлен менің жан жолдасым. Анда-саңда жолығып тұрайық. Жарай ма?

Не дерімді білмей аңқиып тұрмын.

– Менің атым Жора. Ал жақсы. Сау бол.

Бұрылып кетіп қалды. Жүрісі кербез. Киімі таза. Қытай жібегінен тігілген ақсары костюм. Жеп-жеңіл. Судырап тұр. «Чешунша» дей ме, тілім де келмейді. «Шіркін, осындай костюмім болар ма еді» деп қойдым. Сонда ана Гүлнәр... Бүкіл класстағы үш қыздың ең әдемісі...

Қазір Әулиеатада ең мықты адамдар «чешунша» киеді. Әуелі әдемі костюмнің әсерімен тұрып, әлгі әңгіменің түп-төркінін аңғармаппын.

Төлен нағашымды біледі екен. «Осында жиенім оқиды», – деп сол айтқан шығар. Әйтпесе, менде несі бар? Ар жағын ойланбастан, балалармен алысып-жұлысып ойнап кеттім. «Чешунша» костюмді табанда ұмыттым.

Демалыс күні Мүсілім Қонақовичтен сұранып, Ауагүл әпкемнің үйіне бардым. Төлен нағашымды көрдім. Төлен Иза деген қызға үйленіп, осы Ауагүл үйінің бір жағында тұрып жатқан. Облисполкома Шамұхан Қалкенов деген бастықтың көмекшісі. Не көмек көрсететінін қайдан білейін, әйтеуір облисполком деген аты зор. Сөйте тұра, өзі үйі жоқ, әпкесінің қолтығына тығылып отыр.

Әуелі, сонау соғысқа дейін, детдомда жүргенде көрген екен осы Изаны... Соғыста хат жазысып тұрыпты. Иза Алматыдағы консерваторияда оқыпты. Оны Зиба әпкем біледі екен, Изаға: «Әулиеатаға кел, Төлен майданнан қайтқанша менің қолымда бол» деп хат жазыпты. Ай, бауырмалым-ай, бұрын көрмеген Изаны бауыр тұтып, келінім деп түсініп, жанына шақырғанда қаншама қасиет жатыр...

Енді Зиба жоқ, Иза келін боп түсіп, Ауагүлдің үйіне кірді. Толықша келген, ақсары келіншек екен.

Ауагүлдің үлкен қызы Айымжамал маған:

– Әй, Барсхан, көрімдік бер. Мына Иза жеңгең болады, – деп жайраңдады.

Мен қысылып қалдым. Немді беремін? Өзім қайта осы үйден бірдеңе дәметіп келемін.

Төлен нағашым жағдай сұрап:

– Оқуың қалай? – деп қойды.

– Жаман емес сияқты. Айтпақшы, аға, сіздің Жора деген жолдасыңыз бар ма?

– Иә. Оны қайдан білесің?

– Ылғи мектепке келіп, менен Қаратаев не айтты, не деді? – деп сұңқылдап сұрап, соңымнан қалмайды.

– Сен не дедің?

– Не деймін. Сабақ өткізді. Махамбетті, Абайды оқытты деймін.

– Оһ, оңбаған иісшіл ит. Титтей балада несі бар-ей. Ал, былай, Барсхан. Енді келсе, айт: ештеңе білмеймін, сабақтан басқа ештеңе айтқан жоқ де.

– Е, өзі де солай.

Төлен нағашым қабағы түсіп, шықшыты бұлтыңдап, түнеріп қалды. Құдайдың ашық күнін Жора сияқтылар қолымен көлегейлеп, әлемді қараңғы түнекке қамап қойғысы келетінін сонда барып шамалағандай болдым.

Класста киімілгіш жоқ. Көк қалпақ сол баяғы терезенің алдында жатады. Көк қалпақ осы класстың бір мүшесіндей, үйреншікті болып кетті. Ағайымызға да бауыр басып қалдық. Әдебиет деген таңғажайып әлемнің сәулесіне шомылғандай, шетімізден өлең жазғыш боп кеттік. Уәли Данаев қабырға газетінің редакторы. Мен өлең жазамын. Ол жариялайды.

«Абай» романын Сәбит Мұқанов жазған деп соққан Әлтайдың өзі де бірдеңелерді шатпақтайды.

Аға бізді театрға алып барады. Біз пір тұтатын Шәріп Сәкиев, Күләш Сәкиева сияқты әртістермен кездестіріп, әңгімелерін тыңдатады.

Күләш Сәкиева тіпті интернатқа өзі келіп, асханада бізбен бірге отырып тамақ та ішті. Ән салды. Даусы жап-жақсы еді. Өзі сүйкімді-ақ.

Осылайша енді-енді көзіміз ашылып келе жатқанда... Тағы да бір көктем еді. Класстың есігін біреу ептеп тықылдатты. «Ағай: «да», – деп айтып үлгергенше, баяғы сол алтын тісті, жылмақай Жора босағада тұрып, ағайды ымдап шақырды. Табалдырықта бірдеңе-бірдеңе деп сөйлесті.

Ағай қайта оралып, журналды ала беріп еді, қолынан түсіп кетті. Еденнен еңкейіп қайта алды.

– Ал, балалар, сау болыңдар... – Есікке қарай беттегенде, аяғы кібіртіктеп, қайта бұрылып:

– Мені біреу жамандаса сенбеңдер, – деді. Ішім бір пәлені сезді. Ал балалар аң-таң, бәрі аңқиды да қалды. Тек Ертай ғана гүрілдеп, сойдақ тістері ақсиып:

– Халық жауы, – деді.

– Оттама! – деді Ақтай. Кішкентай болса да, дәуден қорықпайды.

– Қайдағыны айтады екен осы да, – деп Гүлнәр бұртиды.

«Халық жауы». Қандай қаһар соққан зәрлі сөз. Ертай сонда маған қарап айтқан сияқты көрінді. Ертайдан қорқатын болдым. Түсіме кірмесе неғылсын.

Терезе алдында көк қалпақ қалып қойды. Мен көк қалпақты ала салып, әлгілердің артынан жүгірдім. Көшеге шығып қалған екен. Ағайдың екі қолы кісендеулі. Өзі кие алмайды. Өкшемді көтеріп, басына кигіздім.

– Рахмет, қарағым, – деді ағай. – Менің күнімді сендерге бермесін.

Жора маған жыланша жиырылып:

– Жолама. Кет! – деді.

Тағдыр екен, арада алты жыл өткен соң мен Мұхамеджан Қаратаевпен Алматыда жолықтым.

АРИГАТО!

Қарашаның соңы еді. Түнімен түнеріп тұрған бұлт толғағы жетіп, таңертең қар жауды. Жаңа жауған қар – о да перзент. Күнәдан пәк. Аппақ.

Адамдар да сондай. Жаңа туғанда бәрі періште. Өсе келе, араларынан неше түрлі шығады. Ақылды да, ақымақ та. Адал да, арам да...

Әйтсе де ақымақтары басым ба деп қаласың. Өйткені төбелесе береді. Соғыса береді.

Біз интернаттан шығып, Қарахан күмбезінің айналасындағы кішкентай төмпешіктерді аралап өтетін жіңішке жалғызаяқ жолмен жүреміз. Төмпешіктер жермен-жексен болып кеткендей. Әр төмпешік бір-бір адам екенін біле бермейміз. Арасында атан жілік Мәмбет батыр жатқанын да сезбейміз. Иманнан жырақ, жабайы өстік қой. Атшабар базарын жанап, Абай көшесіне түсіп, мектепке кетіп бара жатқанда, алдымыздан кескін-келбеті бөтен бір сап көрінді.

Мен бірден таныдым: жапондық тұтқындар! Бұрын мұндайларды Шолақтауда көргенмін. Соғыстың құрбандары. Мылтықты қарауылдар оларды айдап өткенше қарап тұрдық. Бастарында күнқағары бар жапырма кепке. Үстерінде сұр күртке, сондай сұр шалбар. Ал аяқтарында – ағаш таға. Кейбіреуінің шулығы бар, кейбіреуінде о да жоқ. Тек тақтай табан. Жіппен байлап қойған. Соғыстың құрбандары. Қанша айтқанмен, қар жауып тұр. Башпайлары барбиып, үсіген картошкадай домбыққан.

Ал айдауылдардың кигені қарағайдай қара етік. Үстерінде – шинелі, бастарында қызыл жұлдызды құлақшын. Яғни, қысқы әскери форма.

Бірақ жазда да, қыста да өзгермейтіні – қолдарындағы автомат. Тұтқындар түксиген. Айдауылдар сұсты.

Тек тұтқындардың біреуі ғана бізге ыржиып күле қарады. Қайдан көрдім? Бізге ымдап, шылым сұрады. Есіме түсе кетті: Шолақтауда, станса басында платформадан қарағай түсіріп жатқан жапондық тұтқындар ше?! Осы байғұс сонда да айдауылдан папирос сұраймын деп оңбай таяқ жеген.

Дәл сол. Сонда да өстіп ыржиып күлген. Таяқ жесе де.«Аузың қанап, қан түкіріп тұрғанда, біреу: «не болды?» – деп сұраса: «Шие жеп едім», – деп жауап бер» деген өсиет, сірә, жапондарда да бар шығар. Мынау сондай. Таяқ жесе де күледі.

Басқа балалар кетіп бара жатса да, мен қалшыып тұрып қалыппын. Әлгі жапон соны сезгендей маған бұрылып қарады. Әлдене дегендей, қолымен аспанды сызып көрсетті. Оған тоқтауға болмайды. Ымдап та болса сөйлеуге рұқсат жоқ.

Абай көшесінің бойында, Атшабардың астында жаңа үй салынып жатыр екен. Тұтқындар сонда барып тоқтады.

Кейін білдім: ол сол кезде МГБ, соңынан КГБ деп аталған мекеменің үйі екен.

Сабақ үстінде де әлгі жапон көз алдымда көлбеңдеп тұрып алды. Не деді өзі? Аспанды күншығыстан күнбатысқа дейін саусағымен сызғылап, аузынан түтін шығарғандай белгі берді. Аузынан түтін шығарғандайы түсінікті: темекі сұрағаны. Ал аспанды сызғылағаны... Ертең күн айналып шыққанда дегені шығар...

Байқамай қалыппын, қасыма Аргуня апай келіп тұр екен. Сүп-сүйрік сұқ саусағымен иегімді көтеріп, көзіме үңіле қарады. Саусағы жып-жылы екен, тұлабойым ду ете қалды.

– Көзің тұнып тұрған мұң ғой, байғұс бала, не ойлап отырсың? Әлде біреуді сағындың ба?

– Иә, апай...

– Кімді? Әлде біреуге ғашық болып қалдың ба?

– Әкемді, апай.

– Әкең қайда?

– Білмеймін, апай.

Аргуня басымнан сипап тұрып:

– Сағынған жүрек жаман болмайды, – деп бұрыла берді. – Бірақ сабақты да тыңда. Біз қазір ғана катод жөнінде әңгімеледік. Ал сенің ойың алыс-алыста, әкеңді іздеп жүрді. Оны ойлай бергенше, сабақты ықыласпен тыңдасаң, сағынышың жеңілдейді. Әйтпесе, жүдеп кетесің. Мен де... сағынамын. Тек сендерге оқу үйретумен ғана, оны уақытша ұмытамын.

Жан-жағалай жұмбақ. Жапон тұтқын ымдайды. Мұғалім апай тұспалдайды. Мен де сағынамын дейді. Кімді? «Оны» деді ғой. Ол кім? Әлде күйеуі ме? Бірақ күйеуі осы қалада әжептәуір қызметкер деген. Бек Абдуллаев деген. Оны мен көшеде, Төлен нағашыммен бірге келе жатқанда көрдім-ау, сірә. Аққұбаша келген, көркем, кербез жігіт екен. Сондай жары жанында болса, сонда бұл тағы кімді сағынады? Оны мен кейін-кейін білдім ғой. Әкесі Алашорда көсемдерінің бірі Жақып Ақбаев екен да. Оны ешкімге, тіпті қасындағы күйеуіне де айтпаған шығар. Әйтпесе, неге Ақбаева емес, неге Жақыпова? Апайдың небір қылуette жатқан құпиянды біліп қоятын сиқыры бар екен «Әлде біреуді сағындың ба?» – деді-ау.

Әлгі жапон тұтқын көз алдымнан кетпей қойғанда әкемді ойлағаным рас. Әкем де сондай тұтқын болды-ау дедім. Бірақ ол темекі тартпаушы еді. Абақты үйретпесе. Қорғансыз Айшаны, үрпекбас үш балапанды ойлай-ойлай, құсадан шылым шегіп кетпесе. Сонда әркімнен темекі сұрап телмірмесе. Олай да болуы мүмкін ғой. Енді жапон – тұтқынға шын жаным ашыды. Ертең жолыға қалса, қалайда бір уыс темекі тауып беруім керек. Егер айдауыл алдырса... Мектептен қайтар жолда Көк базарға бұрылдым. Базарда Ержан бөлемнің немере ағасы, баяғы Төлек болыстың баласы Ұлан бар. Темекі сатады. Екі көзі шоқтай жанып тұрған, төртпақ келген, балуан тектес, жалынды жан. Бауырмал. Бірақ бірі кем дүние. Құдай оған тіл бермеген. Темекі сатады. Қалталары толған бір сомдық болады. Өйткені бір стақан темекі – бір сом. Кейде қасына барып сәлемдескенде

маған ылғи бір сом ұстатады. Оған мен бір стақан шекілдеуік сатып аламын. Осы жолы да мыж-мыжы шыққан бір сомдық ұсынды.

Басымды шайқап, алмаймын дедім. Қапшықтағы темекіні көрсеттім. Содан бер деп ымдадым. Көздері шақшиып кетті. Бетінің түктері тікелейіп кетті. Қолдарын, саусақтарын көз ілеспес жылдамдықпен қимылдатып: «Сен темекі шегуші ме едің? Мойныңды жұлып аламын!» – деді. Шыннан жұлып алады екен деп зәрем кетті. «Жо – жоқ, мен шекпеймін», – деп білгенше ымдап-ақ жатырмын.

Маған емес, тұтқын жапонға керек деп қалай түсіндіремін? Мылтық ұстаған айдауылды ыммен бейнелеген болдым. Оның алдында бүрсеңдеп бара жатқан жапонды салған болдым. Түсіндіре алмадым. Болмаған соң дәптерімнің бір бетіне: «Япон. Плен» – деп, бадырайтып, ірі-ірі етіп жазып көрсеттім.

Қарап-қарап тұрды да, «А – а – а!» – деп айқайлап жіберді.

Екі көзін құйрығынан тартып сықситып, тісін ақсита күлген болып, өзі жапонға ұқсады да қалды. Мен қуанып кетіп: «Иә, иә», – деп басымды шұлғи беріпшім.

Әлгі ұрысқанымға ренжіме дегендей, арқамнан қақты. Әдетте бір стақан темекі сиятын газет қиындысына емес, облыстық «Сталин жолы» газетінің тұтас бір парағын жыртып жіберіп, қос қабаттап, қалталап, түбін түйіндеп, уыстап-уыстап, темекіге толтырды да, аузын мықтап бүктеп, қолыма ұстата салды.

Рахмет ишаратын жасап, кете берейін дегенімде: «А – а – а!» – деп айқайлады. Жалт қарап едім: «Өзің шегіп қойсаң, мойныңды жұлып аламын!» – деп ымдағанын бірден түсіне қойып: «Жоқ, жоқ, оллаһи - биллаһи», – дегенді бірдеңе етіп жеткізгендей болдым-ау деймін. Аңқылдап күлді. Мылқаулар күлсе – шын күледі. Құлығы жоқ. Қостөбе Жаныстағы Төлек болыстың баласы. «Ақыр байдың баласы аштан өлген» деген заман.

Темекі сатады.

Қар алдымен жапалақтап жауды да, соңынан майдалап, ұлпа ұндай себеледі. Бұл енді ұзаққа сілтеудің серті еді.

Бөлмедегілер қолымдағы қомақты газет орамасын көріп:

– Ой, бүгін шекілдеуікті оңдырмай алыпсың ғой.

– Әй, бізге де берсеңші.

– Соның бәрін жалғыз өзің қалай тауысасың? – десіп қылқылдады-ай шетінен. Шынымды айтып:

– Бұл шекілдеуік емес, – деймін.

Сенбеді.

– Енді не?

– Не де болса бөліссеңші.

Арамызға кейінірек келіп қосылған Балтабай деген ересек жігіт бар еді. Сол байқап қойды. Ораманы сыртынан иіскеп:

– Темекі ғой, – деді.

– Бұл Барсхан енді темекі шегетін болған ба? – деп қарашай Хасболат гүрілдеді. Аюдай төңкеріліп, төсегінің үстінен маған алара қарады. Көзі жаман. Шаршаған өгіздің әлемді жеккөре қарағанындай.

– Ауылдан ағам сұратқан екен, соныкі, – дедім. Балтабай газеттің орамасын ашып, темекіден бір шөкім шымшылап алып:

– Дәмі қандай екен, – деді.

Қалтасынан дайын газет қиындысын шығарып, темекіні орап, шишақпақ тұтатып, ащы түтінді бұрқырата бастады.

– Комнатада тартуға болмайды! – деп гүж ете қалды Хасболат.

– Далада қар жауып тұр, – деді Балтабай. Хасболаттың койкасынан ары, Сойдактістің іргесіндегі дәу қара пештің қақпағын ашып, шоқиып отырып, түтінді пештің ішіне жіберді.

– Енді ұрыспайсыз, бәсеке, – деп Хасболатқа қарап күліп қойды.

– Сен өзің темекіні бұрыннан тартатын қу екенсің. Мыналарға үйрететін болдың ғой, – деп Хасболат біз жақты меңзеді.

– Нағыз еркек темекі шегеді. Әйтпесе, қыздар қарамайды, – деп тойтарды Балтабай.

– Онда әкелші, мен де бір сорайын, – деп Сойдақтіс орнынан сүйретіліп түрегелді.

– Қыздан аузыңның салуы болмай жүр еді, тарт, байғұс, тарт, – деп Сайыпқожа сарт ете қалды.

Сойдақтіс қомағайлығына басып, түгінді ішіне көбірек сіміріп жіберсе керек, жөтеліп, қақалып-шашалып, көгеріп, өліп қала жаздады.

Сайыпқожаға Құдай берді:

– О, сорлы, енді саған қырық жерден айттырсаң да қыз жоқ, – деп көзінен жас аққанша күлді дейсің.

– Мықты болсаң, өзің шегіп көрші, – деп ақсиды Сойдақтіс.

– Е, шексе несі бар, сен сияқты кеуек дейсің бе, – деп Сайыпқожа Балтабайдан шылымды алып, бір сорып, жайлап қана түгінін сыздықтатып шығарып жіберді.

– Әне, қақалған да жоқпын, сен құсап шашалған да жоқпын.

– О, арам, ішіңе тартқан жоқсың, – деп Сойдақтіс бой бермейді.

– Ішке тартып, сен сияқты қомағай, обыр дейсің бе, қыздарға қырындау үшін, әшейін аузыңнан түгін шығарсаң болды.

– Трубка мира! – деді. – Білесіңдер ғой, кинода үндістер трубка мира тартады. Ол айнымас достықтың белгісі. Кәне, достығымыз үшін, – деп Хасболатқа да ұсынып еді. Ол көнбей қойды.

– Темекі – сайтанның сідігінен шығады. Жоғалт әрі! – деп өгіз көзін алартты.

Осындай гу – гу, ду – думен байқамаппыз, қарашаның қысқа күні әлдеқашан батып, қараңғылық түсіп қалған екен.

Есік ашылып, кешкі суықтың буымен бірге серейіп, бөлмеге біреу кіріп келді. Завинтернаттың өзі! Сілейдік те қалдық.

Қасқа маңдай. Бұйра шаш. Иығында – венгерка, галифе шалбардың қалтасында қос қолы. Қырым етік. Ертектегі жалғыз кезді дәу сияқты. Бұтымызға тышып қоя жаздадық.

– Топор можно вешать! – деп саңқ етті. – Айда, тез далаға шық!

Біреулер тұқшыңдап, койканың астынан бәтіңкелерін іздей бастап еді:

– Киме! Қалай тұрсаң – солай шық!

Көйлекшең, кейбірі жалаңаяқ, кейбірі дамбалшаң сүмірейіп-сүмірейіп далаға шықтық.

Кар тобықтан асып кетіпті. Асхананың алдында тізіліп тұрмыз.

– Кәне, айтыңдар: кім шекті шылымды?

Үн жоқ. Қар жауып тұр. Оның бетімізді аймалап, жабыса түскенін байқаймыз. Сүйіскен сияқты.

– Айтпасаңдар, тұрыңдар! – деді де, өз үйіне кірді де кетті.

– Ей, Барсхан, айтсаңызшы, бәрін бүлдірген сен! – деп гүжілдеді

Бегомот.

Хасболат. Дәл қазір әсіресе бегомотқа өте-мөте ұқсайды. Ішкііммен, жейде-дамбалшаң тұр. – Саған бола, бәріміз үсіп өлеміз бе?

– Мен емес шеккен. Темекі ағамның аманаты.

– Барсханда кінә жоқ, – деді Сайыпқожа. – Жаңа ғана Трубка мира деп келіскенбіз. Бір-бірімізді сатпаймыз.

– Трубкаң құрып кетсін, мен трубка тартқан жоқпын, – деп ашуланды Бегомот-Хасболат. Үйден қақырынып өзі шықты.

– Айтасыңдар ма? Кім шекті?

Үн жоқ.

Өзі қайтадан бұрылып, үйіне қарай беттей бергенде, Бегомот – Хасболат:

– Ағай, ағай, – деп қалды.

Ақыры жеңіске жеткеніне масаттанғандай, өзі паңдана кері бұрылды.

– Ал, айт.

Бегомот-Хасболат оң, қолын ербеңдетіп, тұтығып, сөйлей алмай булықты да қалды. Біреу буыңдырғандай бет-аузы долырып кетті.

– Не болды? Айт. Тілің күрмеліп қалды ма?

Ағай, ол, ол, ол... Ба – ба... Барсхан.

«Енді құрыдым. Интернаттан шығарып жіберетін болды», – дедім. Ай, ит – ай, бегомот-ай, сатқын екенсің ғой.

Жалаңаяқ қар үстінде тұрсам да табаным қызып, тұлабойым өртеніп бара жатқандай болды. Бегомоттың дәлелі бар: газетке ораулы темекі қобдишаның ішінде жатыр.

Бегомот айтса, завинтернат қазір барып тауып алады. Құрыды деген сол!

– Ағай, – деген дауысқа жалт қарасам, Балтабай екен, – Ағай, шылым шеккен мен, мен едім.

– Бәсе, өзім де солай ойлап едім. Кейін келсең де кесірлі ала тай екенсің ғой. Сен қал, – Сапқа қарап. – Басқаларың – разойдись! – деді завинтернат.

* * *

Таңғы аяз кәдімгідей зәрлі екен. Аяғымыздың асты қаршылдайды. Көп баланың аяғынан шыққан қардан Қарахан әулие күмбезі жаңғырығып тұрғандай.

Атшабардың тұсынан өте бере, басқалардан қалыңқырап, жан-жағыма қарап келемін. Тұтқын жапондар жолықпаса, қойныма тыққан қу темекіні қайда тастаймын? Мектепке алып кіруге болмайды ғой. Жаздағы жасыл жапырақтарынан айырылып, түндегі біз құсап, тыр жалаңаш қалған теректің түбіне газетке ораулы темекіні тастай салмақшы едім...

Билікөл көшесі жақтан көп қаршылдың дыбысы естілді. Айдаудағы тұтқындар екен. Ауыздарынан бу бұрқырайды. Балалардан қалып қойып, әлгі жалаңаш теректің тасасында күтіп тұрдым.

Жалаңаяқ жапондар бастарын кегжитіп, аспаннан ғана жақсылық күткендей көкке қарап, тұсымнан өте берді. Менің келетінімді, тосатынымды сезгендей, кешегі күлекеш жапон саптан сәл шығыңқырап, маған қол созды. Қойнымдағы ораманы ұсына бергенім сол еді, айдауылдың аждаһадай даусы шаңқ ете қалды.

Бере салып, тұра кеп қаштым.

Алыстан аңғарғаным: айдауыл ораманы жапоннан тартып алып, ішіндегі темекіні теректің түбіне шашып-шашып жіберді.

«Есіл еңбегім-ай», – дедім. Жапон байғұс тоңқаңдап, қар үстінен бір уысын қармап ала бергенде, айдауыл оны автоматтың дүмімен түйіп кеп қалды. Тұтқын бір домалап барып орнынан тұрып, мен кеткен жаққа қарап:

– Аригато! Аригато! Аригато! – деп үш қайтара айқай салды.

– Аригато – о – о! – деп қарға шоқиып отыра кетіп, быламық ақ ұлпа себелеп тұрған тұнжыр аспанға қолдарын жайып жіберді.

Аспаннан не тіледі?

Шоқиып отырып, аспанға қарап ұлыған Көк бөрі...

Не дегенін түсінбесем де, сол Аригато миымда жатталып қалды.

Жапондарға жақын ғой деп кейін бір кәрістен сұрасам:

– Рахмет дегені, – деді.

Рахмет кімге? Маған ба? Әлде қандай қорлық көрсетсе де Көк Тәңірден күдер үзбегені ме?

Осыны өмір бойы ойлап келемін.

ТӨРТ КҮРЕК ТІС

Тәңірдің құдіретіне таң қаласың. Ойласаң – ойың, қиялдасаң – қиялың жетпейді. Көңіл қанша «көк дөнен» болса да, о да жетпейді.

Құдірет шетсіз-шексіз әлемді әділ сағат тетіктеріндей мінсіз жаратты. «Галактика, – дейді бізге астрономиядан сабақ беретін Хабибат Әбубакировна. – Галактикада бірнеше Күн системалары бар, – дейді. – Бірақ Галактика біреу-ақ емес. Көп.

Сонда мен ойлаймын: көп болғанда – қанша? Көптің де шегі бар ғой?

Осылай деп сұрайын десем – қорқамын. Апай ашуланшақ. Дереу «Құрлық бала» дейді. «Құрығыр» дегені ғой. Мен құрығаннан не пайда? Менің орныма сарымсақ еге ме?

Демек галактикалар көп. Ендеше, күндер олардан да көп. Сол көптер қайда барып тоқтайды? Жарайды, әйтеуір бір араға барып тоқтайды.

Ал енді сол «бір араның» арғы жағында не бар?

Оны мұғалім айтпайды. Мен білмеймін. Білейін деп ары-бері ойлансам, миым айнала бастайды.

Енді әлгі астрономия ғылымының күші жетпеген кітапқа жазған әлемнің өзін Құдірет шебер жаратқан (Мұғалім «Құдірет» деп айтпайды). Шебер жаратқаны сонша – бәрі тәртіпті. Күн де, Ай да, Жер де өз жолымен, тек қана өз жолымен жүреді. Қатып, сіресіп қалған ешқайсысы жоқ, бәрі қимылдайды. Егер, әлдеқалай біреуі жолдан тайып кетсе, ақырзаман сонда болмақ. Күл-талқаны шығады. Оның бетін Құдай аулақ қылсын.

Құдірет, шексіз шебер Құдірет адамды да керемет жаратты. Қаншалықты шебер жаратылғанын адам өзі әлі түсініп болған жоқ. Қой дейтін малды күнде сояды. Адам сол сойылған қойды қайтадан қалпына келтіріп, тірілте ала ма?

О, Құдірет! Шексіз шеберлігіне құлдық сенің!

Ал әлгі соншалықты керемет жаратылған адам Күн сияқты, Ай сияқты, басқа жұлдыздар сияқты әркім өз тура жолымен жүре ала ма?

Жоқ. Қисалаңдай береді.

Құдірет оған ақыл-ой берді. Сана-сезім берді. Тура жолмен жүр деді.

Жоқ. Қисалаңдай береді. Қисалаңдай берсе, бір машина бір машинамен соғысып күл-талқаны шықпай ма?

Адамдарға ұқсап, өз орындарынан, жолдарынан шығып кетіп, тау-таумен, жұлдыз-жұлдызбен соғыса берсе не болар еді?!

Жоқ, таулар да, жұлдыздар да, барлық жаратылыс Құдіреттің Заңымен жүреді.

Ал адамдар Құдіреттің Заңын менсінбей, өздері заң шығарып алған. Заңы дұрыс-ақ делік. Бірақ өздері шығарған заңды өздері бұзады. Неге?

Қисалаңдай береді.

Аргуня апайдың айтуы бойынша, Ньютон деген кісі ойлап тауышты: Жерді ары-бері қисалаңдатпай, бір ізбен жүргізіп отыратын басқа планеталардың күші көрінеді. Тартылыс күші болады екен. Мысалы, құдыққа құлап бара жатқан адамды қолынан тартып ұстап қалсаң құтқарасың ғой. Сол сияқты.

Ал адамдар жұлдыздардан үйренбейді. Көбінесе біріне-бірі қолын беріп құдықтан құтқарып қалмайды, қайта итеріп жібереді.

Сондықтан да адамдарда қуаныштан гөрі қасірет көп.

Өзі Жаратқан Әлем деген арғымақтың екі тізгін, бір шылбырын уысында ұстап отырған Құдірет, сонда деймін-ау, адамдарды неге ауыздықтамайды?

Әлде Құдірет жоқ па?

Онда Әлемдегі әдемі үйлесімді кім орнатты? Ешнәрсе өзінен-өзі рет-ретімен, кескін-келбет суретімен орнай қалмайды ғой.

Аласапыранды Хаос дейді екен. Тәртіпсіз бәле ғой. Хаосты жібектей етіп, жөн-жүйеге салған кім? Не? Ақылың жетсе – ойланып көр.

Асханадан түскі тамақты ішіп-жеп болып, аулада өріп жүрген кезіміз. Дарбазадан басында шаңырақтай сеңсең қара бөркі бар, астында қаба қара есегі бар, сақал-шашы, тіпті қасына дейін аппақ қудай бір ақсақал кіріп келді.

ҒУ-дың бұзық балалары ақсақалдың есек мініп келе жатқанын көріп, өзге планетаның адамын көргендей, улап-шулап, ыржалаңдай күліп, есектің құйрығына шыбық жүгіртіп, мазаққа айналдыра бастап еді, қария: «Әй, найсап, тәйт!» – деп, қолындағы қамшымен тартып-тартып жіберіп еді, әлгі шәуілдектер қыңсылай қашты. Біз, жүз бала бата алмай жүрген жүгірмектерді жалғыз шал жайрата жаздағанын көріп, таң қалдым да ойладым: «Олар да қорқады екен ғой».

– Әй, балам, – деді қарт таң қалып тұрған маған. – Осында Тұраров деген жәутік бала бар ма? Шақырып жіберші.

Ой, Ақтай ғой! Сүйінші сұрайын деп бөлмеге тұра жүгірдім. Ақтай койканың жиегінде шоқиып, кітап оқып отыр екен.

– Ақтай! Атаң келді! – деп, өз әкем келгендей айқайлап жіберіпін.

Артынан әкесі, атасы іздеп келгендер қандай бақытты!

Мені іздеп келер әке жоқ, ата да жоқ. Анда-санда Айша келеді. Нан, қуырған жүгері әкеледі.

– Несіне әкелесің? Мұнда тамақ жетеді, – деймін.

– Құрқол қалай келемін? – дейді Айша басымнан сипап тұрып. Мұнда ата-аналар құрқол келмейді.

Әне, Ақтайдың атасы баласының қолына бір дорба ұстатты. Не болды екен? Оны қазір бөлмеге барған соң көреміз.

Онымен қоймай, қойнынан тағы бірдеңе шығарды. Бір бума ақша екен деп қалдық. Орама қағазын жазып жіберіп еді: кепка екен! Мұндай әдемі кепканы мен әлі көрген жоқпын. Менен басқалар да аңқиып қарап қалды. Сегіз сайлы, түрлі-түсті кепка

екен. Қызыл-жасыл, сарысы да бар ғой деймін. Баласының басына кепка емес, шұғыла кигізгендей, нұрландырып жіберді. Ақсақал баласының басына кептеп кигізіп, милығына дейін түсіріп жіберді. Бәріміз күлдік. Ақтай мұрнын бір тартып қойып, жөндеп, түзетіп киді.

– Шақ па екен-ей, Ақтайжан, деп атасы да қуанып қалды. Баданы қуанту не үшін керек? Қуантушы адамның өзі үшін керек. Алдымен, егер дүниеде қанша миллион бала бар, біреуі жыламай, бәрі қуанып жүрсе, осы дүниенің өзінде-ақ жұмақ орнар еді. Сор болғанда, көп бала жылайды.

Атай кеткен соң Ақтайдың кепкасын кезек-кезек киіп қуансақ та, кейін-кейін осы әдемі телпекке бола, әжептәуір, атышулы жанжал шықты.

Ақтай бөлмеге жылап кірді. Мектептен қайтқан беті ғой. Әдетте мектептен қайтқанда интернаттың балалары топтанып жүретін. Бұл жолы Ақтай Көк базардың іргесіндегі өзбек даршыларының ойынын көремін деп, топтан қалып қалса керек. Даршы дегеніңіз-«канатоходец», яғни биікке керілген арқанның үстімен жүретін жанкештілер. Жан кешкені сол, сонау биіктіктегі жеңді білектен жіңішке арқанмен адам қалай жүреді? Өне құлайды, міне құлайды деп, айдалада тұрып сенің үрейің ұшады. Даршының қолында ұзын сырығы болады. Қылкөпірдің үстімен жүріп бара жатып, бір жағына ауып, жығылып бара жатса, әлгі сырықты келесі жағына қисайта қояды да түзеліп кетеді. Онысымен қоймай: «О, дат! О, дат!» – деп айқайлайды. Біз түсінбейміз. Бәлкім, әлдебір құдіретке сыйынғаны шығар. Әлде өзіне-өзі қуат берер ұраны шығар.

Біз қарнымыз ашқан сон ойынның аяғына дейін шыдамай, интернатқа асыққанбыз. Ал Ақтай, бала неме, аузы аңқайып, қалып қойыпты.

Енді міне, бөлмеге жылап кірді. Түскі тамақты ішіп алып, қарнымызды сипалап жатқанбыз. Әуелі менің ойыма келгені:

«Ақтай кешігіп келіп, асхана жабылып қалып, тамақсыз қалған ба?» – дедім. Соған да жылай ма екен?

– Не болды-ей?

– Кепкемді тартып алды, – деп өксіді Ақтай...

– Кім?

– Аналар, – деп РУ жақты нұсқады.

– Тұрыңдар! – деп айқайлап жіберіпін демалып жатқандарға.

Бір-екеуі ғана еріне тұрып, койкаларының үстінде шоқиып отырып қалды.

– Тұрыңдар!

– Тұрғанда не бітіреміз, байғұс-ау? – деп ыржиды Сайыпқожа.

Бұға берсең, сұға береді. Тұр!

– Ал тұрдық, қиратсаң, – деп Сайыпқожа қирелеңдей көтерілді.

– Мен бұл шатаққа араласпаймын, – деді Хасболат.

– Шатақсыз келісуге болатын шығар, – деді Сойдақтіс – Ертай.

– Көп болса, бас жарылар, көз шығар, әйтеуір өлтіре қоймас. Қоян ғұрлы жоқпыз ба, сояйын деп жатқанда о да аяғын серпеді ғой.

Осылай деп айтуын айтып салсам да, өзім де жасқанып тұрмын. Оның үстіне мына Хасболат – Бегомот пен Сойдақтістің солқылдақтығы әуелгі аптығымды басып тастағандай болды. Тағы да болса, Әлтай қажырлы екен. Кәдімгі қомағай Әлтай.

– Айда, кеттік! – деді даусы шіңкілдеп.

– Құрқол қайтіп соғысамыз. Олардың темірі бар, – деп Сайыпқожа тағы күдік айтты.

– Міне қару, – деп Әлтай оз кереуетінің шабақ шыбығын суырып алды.

– Қазынаның мүлкін бүлдіруге болмайды, – деп қорқытты тоңмойын Хасболат.

– Ештеңе қылмайды. Қайтып орнына салып қоямыз. Темір шыбықпен қаруланып алып, басқа бөлмелердегі балаларға бардық.

– Жүріңдер. Ақтайдың кепкасын РУ тартып алды. Соны қайтарып аламыз.

– Ойбай, байғұс-ау, РУ күшті ғой. Таяқ жеп қаласыңдар. Қой барма, – деді оныншы класстың озығы, біздің кластағы Гүлнәрдің ғашығы Тілепалды ыздыып, бетіне крем жағып, айнаға қарап тұрып.

– Бармасаң бармай-ақ қой, тауықсыз да таң атқан.

– Мен госэкзаменге дайындаламын, уақытым жоқ, – деді Тілепалды.

Не керек, әр бөлмеден жинала келе, он бес бала болдық.

Әрине, аз. Интернатта жүз бала бар. Оның бес-алтауы қыздар. Қайта қыздар мықты ма деп қалдым.

– Төбелеске қатыспасақ та жараланғандарыңды емдеуге жараймыз, – деді.

– Намыстарың қайда? – деп, ер балаларға ұрысты. Қыздардан ұялып, тағы бес бала қосылды. Жиырмамыз жиналып, РУ-ға қарай беттедік.

– Интерники идут! – деп шыңғырып жіберді РУ-дағы жүзден астам қара көйлектердің ішіндегі жалғыз қазақ – Аласа бойлы неме құлдыраңдап, бөлмесіне қашып кірді.

Сол-сол екен, кілең қара көйлектілер сыртқа атып-атып шықты.

– Сендерге не керек, барандар? – деп екі қолымен екі мықынын тіреп, Леха дәу тепкішектің үстінде шіреніп тұр.

– Кепка керек. Қайтарыңдар!

– Қойлардың қасқырларға қарсы шыққанын көріп пе едіңдер? Сендер барансыңдар. Тамақтарыңды қасқырлардың тісі бауыздап тастамай тұрғанда қайқайыңдар!

– Кепканы беріңдер. Онсыз кетпейміз!

Леха ағаш басқышты сықырлатып, шайқала басып, аузынан түздалған қиярдың иісі мұңк етіп, мені дәу қолымен кеудемнен итеріп жіберді. Шалқалап барып, қулап қала жаздап, бойымды қайта түзеп, қолымдағы темір шыбықпен бастан ала салып кеп қалдым. Ашу ғой. Әйтпесе, ұрмай тұра тұрғанда да болатын ба еді...

Бірақ кеудемнен итергені етіп кетті. Кеудеден итергені – қорлағаны. Онан да ұрғаны жақсы еді. Айша айтқан:

«Кеуденді бастырма!» – деп.

Сол-сол екен, алқын-жұлқын алапат төбелес басталды да кетті. Леханың басы шойын ба, немене, менің ұрғанымды шыбын шаққан ғұрлы көрген жоқ, басын бір сипап алды да, маған қарай ұмтылды. Интернат койкасының темір шыбығымен тағы бір тартып жібердім. Бірақ дәу одан сескенбей, қолақпандай жұдырықпен періп кеп қалғанда мұрттай ұшып, қақпаның алдына барып құлаппын. Иттің қара күші катерлі екен, есім ауып қалғандай болды.

Қолтығымнан біреу сүйеп тұрғызды. Қарасам, Ұлан мылқау. Сірә, базардан үйіне қайтып бара жатқан болуы керек. Ымдап: «Не болды?» – деді. Мен де ымдап, РҰ жақты, қып-қызыл төбелесті көрсеттім. Бұл кезде біздің жігіттер шегіне бастаған екен. Ұлан мылқау менен: «Сені ұрған қайсысы?» – деп ымдады. Мен Леханы көрсеттім.

Ұланның түрі өзгерді. Бетінің түктері тікірейіп, көзі қанталап шыға келді. Мылқаудың ақырған үні қандай үрейлі: арыстанның ақырғанындай. Бара, Леханы қара көйлегінің омырауын қос қолымен бүріп ұстап, Леханы өзіне қарай сілкіп-сілкіп тартып, баспен тұмсықтан, тұмсықтан қайта-қайта, былш-былш соққанда, Леха байғұс, дәу жұдырықтарын жұмсауға да шамасы келмей, басы кегжең-кегжең етіп барып, гүрс етіп құлады.

– Леху убили! – деп шырылдады РҰ-дағы қортық қазақ бала баспалдаққа шығып алып.

«Леханы да өлтіруге бола ма екен?» дегендей, РУ-шылдар состиып-состиып қалды. Айтса-айтқандай, Леха шыннан серейіп, жерде әлі жатыр. Ұлан мылқаудың баспен ұрғанына төтеп бере алмаған бөкен кеңсірік жападай қызыл етке айналып кеткен екен. Орнынан тұра алмай, ұмтылып жатып, Леха өзінің «сарбаздарына»:

– Отдайте им эту проклятую, дьявольскую кепку! – деп айқайлады да, қақырына қан түкіріп, қара көйлектің жеңімен аузын сүртті.

«Қара көйлектілер» Леханы жабыла көтеріп, ағаш баспалдақты бажылдата басып, үйлеріне кіріп кетті.

РУ-дағы қортық казак бала Ақтайдың сегіз сайлы, түрлі-түсті кепкасын алып шықты.

– Сендер кешіріңдер, – деді ол кепканы бізге беріп тұрып.

Жау қолында кеткен алтын Көк бөрі басты байрағымыз биікке қайта көтерілгендей, Интернат пен РУ қорасын жаңғырықтыра:

– Ура!

– Ура!

– Ура! – деп айқай салдық.

Ұлан мылқау маған ымдап, РУ жақты көрсетіп, енді бұлар сендерге тағы тиісетін болса, маған айт, – деді де, темекі салған дорбасын көтеріп кетіп қалды.

Біз жақтан қатты жараланған бір-ақ адам болды. Ол – Тілепалды екен. Біз РУ-мен соғысып жатқанда, ол асхананың күншуақ жағына шығып алып, кітап оқып тұр екен. РУ-дың екі баласы келіп:

– Сен неғып тұрсың? – деді.

– Экзаменге дайындалып тұрмын, – депті Тілепалды.

– Мә саған экзамен! Міне – «бес» алдың, – депті де біреуі кәдімгі болт, гайка бұрайтын қара кілтпен періп кеп жіберіп, алдыңғы төрт күрек тісін бірден қағып түсіріпті. Аузы

көртшышқаннның ініндей болып үңірейіп қалыпты. Енді біздің класстың сұлуы Гүлнәрмен қайтіп сүйісер екен?

Бәрінен де сол қайғы. Сойдақтіс санын шапаттап қуанды.

Әлгі төбелесті завинтернат есігінің алдына шығып, венгеркасын иығына жамылып, екі қолын галифе шалбардың қалтасына салып, қасқайып қарапты да тұрыпты. Құдды Наполеон сияқты. Оны мен байқаған да жоқпын.

Бір аптадан кейін РУ-ды біздің қорамыздан көшіріп жіберді.

ТАНГО – САҒЫНЫШ САЗЫ

Ай–хай көктем! Әулиеатаның көктемі әдемі. Зипа теректер бой таластырып әуелеп тұр. Бізге зипа теректер қолайлы емес. Оған маймылша өрмелеп шыққаныңмен бұтақтары осал, сынып кетсе, күл-талқаның шығады. Бізге жайлысы кәдімгі қарағаш. Бұтақтары тарбақ, әрі жуан. Арғымақ атқа мінгендей болып отырасың.

Әулиеатаның паркі қаланың қақ ортасында. Атшабардың. Астында. Балпық керуен – сарайының қапталында. Парктің қарсы жағы – МГБ дегенін жапон тұтқындары салған үй. Жапсарлас – монша. Мүсілім Қонақович апта сайын бір рет бізді қойша айдап әкеліп, тоғытады.

Парк пен моншаның екі арасын Абай көшесі бөліп жатады, жарықтық.

Демалыс күні кешке паркке келеміз. Топтанып келеміз. Әйтпесе, паркте неше түрлі бұзықтар бар. Біздің көне қаламыздың бір мақтаншысы – жазғы кинотеатр. Басқалар мақтанбаса – мақтанбас. Мен үшін бұл кинотеатрға жетер өнер орны жоқ. Жан-жағы биік дуалмен қоршалған. Төбесі жабылмаған. Жабылмағаны жақсы. Бізге жақсы. Өйткені бізде билет алатын ақша болмайды.

Қарағаштың басына шығамыз. Құдды қарғалар сияқтымыз. Кешке қарай қарғалар ағаш басына қонақтайды ғой. Ағаш басынан экран анық көрінеді.

Төбесі жабылмағаны қандай жақсы. Ақшасы барлар билет алып, дуалдың ішіндегі қатар-қатар скамейкаларға барып, қаздай тізіліп, кісіміп отырады. Ал біз олардың төбесінен қараймыз.

Жұлдыздарға да рахат. Олар да ақша төлемей, киноны тегін көреді. Жұлдыздарға кино не керек деп күлерсіздер. Жұлдыздарда жан жоқ, көз жоқ, ой жоқ деп түсінетіндердің өздерінде ой жоқ. Жұлдыздар біздің марқұм ұлы ата-бабаларымыздың, ұлы аналарымыздың мекені.

Киноны кейде мұңайып тұрып Ай да көреді. Айда ой жоқ, ми жоқ, көз жоқ дегендер де қатты қателеседі. Айдын бетінде қара дақ бар. Ол диюлардың мекені. Ал жарық жағы – періштелер отаны. Алыстағы Айдың өзінде де дүлейлер мен тазалардың арпалысы болып жатады.

Фильмнің аты «Ватерлоо көпірі». Тілі орысша болса да бәрі түсінікті. Әсіресе музыкасы ғажайып. Әлгі музыканың жүрегіңді ерітіп, елжіретері соншалықты, қарағаштың басында қарға сияқты шоқиып отырғаныңды да ұмытып, кейде бұтақтан қатып ұстаған қолың босап кетіп, құлап қала жаздайсың.

Гүлнәрға өлердей ғашық Сойдақтіске әсіресе әсер еткен болуы керек, қопаңдап, қозғалақтай беремін деп, отырған бұтағы қарш етіп сынып кетіп, астындағы келесі бұтаққа ілініп қалып, ажалы жоқ екен, әрең құламады. Егер терекке шығып отырсақ қой, сөз жоқ құлайтын еді.

«Ватерлоо көпірі» сойқан соғыстан кейінгі шыққан фильм. Жас жігіт пен бойжеткен қыздың хикаясы. Әрине, мұны көрген Сойдақтістің тұлабойы балқып кетеді.

Фильм бітіп, біз жерге түсе бергенде, кинотеатрмен қабаттас би алаңында оркестр гүрс ете қалады да, біз енді топтанып алып солай қарай жылжимыз. Оркестр алғашқы арқырағанын қойып,

енді баяулата ыңырсыды. Темір шарбақтың ішіне билет алып кіргендер – Құдайдың сүйген құлдары. Қыздар мен бозбалалар, тіпті бурыл шаш егделер мен кексе әйелдер құшақтасып билеп жүреді. Би алаңын асфальттап тастаған. Бишілердің аяғынан асфальт алаң сыр-сыр етеді. Оркестрге өздерінше үн қосқан сияқты.

Біз, колхозбайлар, би білмейміз. Биден сәл-пәл хабары бар Сайыпқожа сияқтылар ақша жоқтан кіре алмайды. Құр қарап, қызықтап тұрамыз. Бір жақсысы – темір тордан бәрі көрінеді.

Адамдар бақыт құшағында жүрген бейбіт заман. Күні кеше алапат соғыс болмағандай, адамдар аш-жалаңаш жүрмегендей, мамыражай, дүн-дүние дін-аман.

– «Танго», – деді Сайыпқожа би білетінін сездіріп.

– Танго? Ол не? – дедім мен түсінбей.

– Бидің аты. Мысалы, «вальс» деген сияқты.

Музыка сыңсыды. Бұл қай сыңсу? Түсінбеймін. Темір шарбақтың сыртында тұрып, сол сыңсудан менің жүрегім сыздайды. Ал билеп жүргендердің, темір шарбақтың ар жағына өтуге қолы жеткендердің де жүректері менікіндей сыздап, көздерінен еріксіз жас жылжып аға ма екен?

Қараймын, ондайлар байқалмайды. Аяқтары асфальтты тырп-тырп сыпырып, бірін-бірі құшақтап алып, кейбіреулері қабыса-жабыса сүйісіп (ұят-ай!), сықылықтап күліп, мәз-мәйрам болып жүр. Тек гимнастеркаларының омырауы медальге толы ерте егде тартқандар мен сарықарын қатындар ғана онша жабыспай, қабыспай, сабыр сақтап қимылдайды. Ал менің жүрегім сыздайды.

Сөйтсем, бұл Танго дегеніңіз сағыныш сазы екен. Аргентина деген елде туған сарын. Аргентина Атлант мұхитының ар жағында екенін жағрафия сабағынан жақсы білемін. Жағрафиядан сабақты бізге Жақыпбек деген кісі оқытады. Басы қасқа, өңі ашаң, көздері мейірлі, сұңғақ бойлы, бойын тік ұстап жүретін, заты ақсүйектеу кісі еді. Жағрафия сабағынан үйге

тапсырма береді. Әр оқушы бір-бір мемлекеттің картасын суретке салып әкелуі керек. Оны әдемілеп бояуы керек. Менің сыбағама Италия деген ел тиді. Интернатта соның суретін салып отырғанымда, Сайыпқожа жанымға келіп:

– Әй, мынауың саптама етік қой, – деп мазақтаған.

Өзі етік сияқты болса, мен қайтейін. Етікке ұқсамасын деп не дөңгелетіп, не төртбұрышты етіп салсам, шатақ шықпай ма? Онда Италияға Австрияның, не Францияның, яки Швейцарияның жерін қосып аласың, онсыз да жер үшін жан берісіп, жан алысып жататын Еуропада қып-қызыл жанжал шықпай ма?

Маған бола Европа соғыса қоймас, бірақ Қасымбеков мұғалім оны кешірмейді. Баттитып «2» қояды.

Аргентина картасын кім салғаны есімде жоқ. Сол елді бір кезде испандықтар жаулап алған көрінеді. Жаулап алушылардың ішінде бақыттылары да, мұңдылары да болатын сияқты.

Байлық іздеп, бақыт іздеп, Испанияны тастап, Аргентинаға қоныс тепкенімен, өзінің бұрынғы Отанын, туған жерін сағынатын нәзік жүректілер де болса керек. «Танго» сарынын шығарған солар деседі.

Мен айтар едім: «Танго» – көктем музыкасы. Көктем жыры. Көктемде адамдар әсіресе әсершіл. Көктемде Самарқанның көк тасы да жібиді дейді. Ал адам жаны тас. Емес қой. Жаның жібігенде қараптан-қарап келе жатып ән салғың келеді. Өзіңнен-өзің ыңылдайсың, көкіректі бір үн кернеп ызың салады. Терезенің қос әйнегінің арасында қамалып қалған шыбындай аласұрып ызыңдап, шығарға саңылау іздейді.

Ал сол саңылауы барлар – жап-жақсы композиторлар. Композиторға тілдің, сөздің керегі жоқ.

Енді мынау – «Танго». Сөзі жоқ. Сөзсіз-ақ түсінемін. Сеземін.

Адамның бір қымбат қасиеті сезім шығар.

«Танго» сыңсиды. «Танго» алысқа-алысқа, туған елге шақырады. Би алаңының темір шарбағына сүйеніп тұрып, мен сонда Жуалыны, Мыңбұлақты өлердей сағынғанымды сездім.

Мыңбұлақтан басқа тағы да әлдене бар... Атын, затын біле бермейтін. Көзге көрінбейтін, бірақ көкірегіңнен кетпейтін. Әлде өң, әлде түс сияқты бір елес ақыл-есінді арбай береді. Әлдене іздеп алаң боласың. Себепсізден себепсіз алаң бола бергеннің несі жақсы? Бірақ тәтті алаң. Жұмбақ болған сайын тәтті сияқты көрінеді.

О, «Танго!» Мен оны билеп жүргендердің ішінен көріп қалғандай болдым. Темір шарбақтың жуан шыбықтарынан қатып ұстап, қарап қалдым. Иә, сол! Құдаша ғой, Құдаша! Семіздеу бір жігітпен билеп жүр. Ержан бөлемнің үйінен көрген Құдаша!

Адам айтса сенбейтін, түсінде ғана кездесетін шартта-шұрт, қым-қиғаш, одағай оқиға. Әйтпесе...

Өзім темір шарбақтың жуан шыбығынан қатып ұстап тұрмын. Орнымнан қозғалған жоқпын. Қозғалсам қасымдағы жолдастарымнан: Сайыпқожадан, Сойдақтістен, Ақтайдан, Тұмсықтан сұраңдар. Құдайақы, қозғалған жоқпын.

Ал сонда Құдашамен билеп жүрген Бейтаныс Семіздің жағасынан шап етіп ала түскен кім? Теңбіл барысша атылып барып ала түсті! Мен ғой! Мен! Барсхан! Танымайтын, білмейтін Бейтаныс Семізде нем бар?! Не түлен тұртті?

Бірақ мен орнымнан қозғалған жоқпын. Темір шарбақты қатты қысқаннан саусақтарым қарысып қалды. Оллаһи, қозғалған жоқпын. Куәлерім бар: Жантық-Сайыпқожа, Сойдақтіс-Ертай, Қодық-Ақтай, Тұмсық-Мақан...

Сонда... ана Бейтаныс Семізбен алысып жатқан кім? Құдаша шыр-шыр етеді. Билеп жүргендер үрке жөнелді. Алысып жатқан – өзім. Мен! Барсхан! Бейтаныс Семіз шалбарының қалтасынан пистолет суырып алып, маған оқтала бергенде, қолынан шап етіп ұстағанымда, пистолет аспанға қарай атылып

кетті. Халық жан-жаққа жанталаса қашып, темір шарбаққа кептеліп, бірін-бірі таптап кетті. Оркестрдің үні ешті. «Танго» тыйылды.

Енді бір қарасам: «Танго» бұрынғысынша сыңсиды, билеген адамдардың аяқтары асфальт алаңды тырп-тырп сыпырады. Құдаша сол кәдімгі Бейтаныс Семіздің құшағында. Өзім сол орында тұрмын. Темір шарбақты қыса-қыса саусақтарым қарысып қалды. Жолдастарым да орнында. Жантық-Сайыпқожадан:

– Жана не болды? – деп сұрадым сыбырлап.

– Ештеңе де.

– Пистолет атылды ғой.

Сайыпқожа маған ажырая қарап:

– Саған қос көрінген шығар, байғұс, – деді.

– Әне, анау, – деймін Құдашаның құшақтап, қалың топтан шеттеу шыққан Бейтаныс Семізді сұқ саусағыммен оқтап. (Саусақтарымды шабақтан әрең ажыратып алдым).

– Әй, ол редактордың баласы ғой, – деп таң қалды Жантық – Сайыпқожа. – Оның шыннан пистолеті бар болуы мүмкін. Әкесінің пистолетін алып жүреді екен деп естітем. Бірақ әзір пистолет атылған жоқ қой.

– Мен жаңа онымен төбелескен сияқтымын...

Енді Сайыпқожа менің иығымды сығымдап ұстап, бетімді өзіне қарата бұрып алып, көзіме үңіле, сезіктене қарады.

– Не үшін төбелестің?

– Құдаша үшін.

– Ана билеп жүрген құдашаң ба?

– Иә.

– Қайдағы құдашаң?

– Ержан бөлемнің балдызы.

– Е, ол Ленин мектебінде оқитын қыз ғой. Ана жігіт те сол мектепте оқиды. Құдашаң орысша оқиды екен да. Ә, арам,

жақсы көріп қалыпсың, ә! Бізге ғой айтпайсың, – Сайыпқожа шықылықтап кеп күлді.

– Бірақ пистолет атылды, – деймін мен әлі сенбей.

– Әлгі кинодан көргенің ғой. Соның әсері ғой.

– Кино – кино. Ол – «Ватерлоо». Ал мынау...

– Бұл – «Танго», – деді пысықай Сайыпқожа.

«Танго». Сыңсиды. Емен шулап, қайындар билеп, тут ағаштан ақ бүлдірген сияқты жеміс төгіледі. Музыканы ағаш екеш ағаш та сезініп, елжіреді. Ұйқысы бұзылған қарғалар қарқ-қарқ етіп қойып, Ай сәулесінен алакөбең аспанда арлы-берлі сапырылысып ұшып жүр. А, бәлкім, олардың да билеген сықпыты сол шығар. Би білмегенің қандай қорлық. Әйтпесе, қазір темір шарбақтан секіріп түсіп, Құдашаны биге шақырсам. Бірақ Бейтаныс Семіз. Пистолет... Ну что ж!

Ай да, Құдаша! Ақсары жүзі жарқылдап күледі. Бейтаныс Семіз оның бетіне бетін тақап, құлағына бірдеңе деп сыбырлайды. Құдаша сықылықтап күледі.

Неге күледі? Мүмкін, шарбақ сыртындағы мені көріп қалып, мен туралы әлдене айтысып күлетін шығар.

Күшәла жалаған күшіктей ішім удай ашып, қараптан-қарап тұрып, тістерім шықырлайды. Жаңағы елес... Шыннан елес пе, әлде шыннан төбелестім бе? Егер шыннан төбелесем, неге мына жұрт мамыражай, мамырлап билеп жүр? Пистолет атылса, ана милициялар неге маңқиысып босқа қарап тұр? Неге менің жолдастарым түк білмегендей, ештеңе сезбегендей?

Адам да тікесінен тік тұрып, ұйықтамай-ақ түс көре ме? Жылқы емеспін ғой, түрегеп тұрып ұйықтап, түс көретін!

Ал сол соғыстың болғаны рас. Әлгінің жағасынан алғаным рас. Пистолет атылғаны рас. Ал Жантық-Сайыпқожа ештеңе де болған жоқ дейді. Басқалары да түк сезбеген.

Ауырып қалмасам жарар еді. Ненің ауруы, тапа-тәннен жабысқан қандай сырқат?

«Танго». Сөзсіз, тілсіз әуен. Неге сөзсіз, неге тілсіз? Сөз болмаса, тіл болмаса жүрек сыздай ма?

«Танго». Оның да сөзі, тілі бар. Оны есту үшін мына қалқайған екі құлақтан басқа, тіптен басқа, мүлде басқа, көзге көрінбейтін, он екі мүшеңде жоқ ерекше құлақ керек!

«Танго». Сағыныш сазы. Сонда нені, кімді сағындым? Әрине, Мыңбұлақты, Тәңіртауды, Ақсу-Жабағылыны...

Құдашаның аты – Ақ-Шолпан еді...

АЙ МЕН АЙШАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Интернатқа Айша келді.

Турникке асылып тұр едім. Көзім шалып қалды. Қақпадан кіріп келе жатқанынан таныдым.

Турникте шыр айналып тұрғанда-ақ таныдым.

Қолыңда бұл жолы бұрынғыдай түйіншегі жоқ. Бұрындары ылғи да түйіншегі болатын. Жүгері нан. Жүгері талқан.

Бұл жолы түйіншегі жоқ.

Көктем ғой. Жүгері таусылған шығар.

Айшаның көк көйлегі тозыңқыраған ба, оңып кетіпті. Ана жылы, ол жүн түтіп, жіп иіріп, мен оны жүн фабрикаға апарып өткізіп, нанға айырбастап, ол нанның жартысын Атшабардың базарына апарып сатып, сол ақшаға алған көк мата... Айша өзі тігіп киген көк көйлек. Әдемі еді. Айша сонда Сібірден Мұртаза қайтып келгендей қуанып еді. Енді сол көк көйлек бозаң тартып, оңып кетіпті.

– Барсхан, – деді мені басымнан сипап тұрып, – мен саған бұл жолы ештеңе әкелмедім. Нанды үйден барып жейсің.

– Неге?

– Сен бір күнге сұран. Бүрсігүні бәрібір демалыс қой. Ертеңге сұран. Дүйсенбіде қайтып келесің.

– Не боп қалды?
– Ауылдан Оңғарбай атаң келді. Бізді көшіріп әкетпекші.
– Қай ауылдан? – деппін түсінбей.
– Қай ауылы несі? Сенің ауылың біреу-ақ емес пе? Мыңбұлақ ше?

– Рас па? Шыннан көшеміз бе?

– Шын, Барсхан. Бұйырса, елге қайтамыз. Қуанбайсың ғой, әлде Мыңбұлақты сағынғанды қойғансың ба? Ұдайы сағынушы едің ғой.

– Сағыныш та сенің көйлегің сияқты тозған шығар.

Айша оңған көйлектің жеңін сабаудай ұзын саусақтарымен:

«Шыннан тозған ба?» дегендей шымшылап қойды.

– Кебенек деген осы, Барсхан. Елге қайтамыз. Кебін кимей, кебенек киіп қайтқанымызға да мың тәубә, мың да бір шүкір Құдайға. Сендерді жат қылмай, отанына жеткізіп, өз үйіріне қоссам деуші едім. Сол тілегіме жетсем болды. Әйтпесе, саяқ болып, бөтен болып кететін түрлерің бар.

– Мына көйлекпен қалай...

– Ай, байғұс балам-ай! Мұртазаның намысшылдығы аумаи тартқан-ау саған. Мен торқа кимеппін бе?! Зерлі тон, торқа көйлек – бәрі де тозады. Өсіп қалдың ғой. Жаңасын сатып әперерсің. Сенің өмірің тозбасын. Бар бастығыңа! Бір күнге сұран!

Соңғы сөздерін Айша бұйыра дауыстады.

* * *

Бұл жолы да ұрланып көштік. Сонау мың тоғыз жүз қырық төртінші жылдың жаңбырлы күзіндегідей. Тек онда Мыңбұлақтан Әулиеатаға көшкен болатынбыз. Таң атар-атпаста. Жалғыз есек арбамен көшкенімізді ел көрмесін деп...

Бұл жолы да есек арба. Бірақ бұл жолы арбаға екі есек жегілген. Оңғарбай атамның көк әңгісі. Біреуі мен білмейтін қара. Көк әңгі мені танығандай оқшия қарап, пысқырып қойды.

Оңғарбай атам менің сәлемімді алып:

– О, балам, үлкейіп қалыпсың ғой, – деді. Басқа түк айтпады. Көп сөйлемейтін кісі еді.

Сәли атамның үйі шақырып шәй беріпті. Сол үйде Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай аталарым, Шолпан, Қалатай, Үміт, Адам, Зүбәйда апаларым түнімен ет асып, Айша, Құрмаш, Батырхан және маған «жолаяқ» деп қонақ қылды. Түнімен неше түрлі әңгіме айтылды да, таң ата бізді жолға шығарып салды.

Айша нағашыларымен құшақтасып қоштасты.

– Арып-ашып келгенде, торғай паналатқан бәйтеректерім, рахмет сендерге, аман болыңдар. Құдай қуанышта жолықтырсын...

Оңғарбай атам да қызық. Сонау Жуалыдан екі есек жеккені несі кішкентай арбаға? Сірә, біздің жүгімізді жалғыз есек тарта алмайды деді ме екен? Байып қайтады дегені ме?

Оңғарбай атам Күйіктің жолымен жүрмей, неге екенін білмеймін, Маймақтың жолымен тартты. Әлде біздің «байлығымызды» Күйіктің асуынан алып шығу қиын болады деді ме? Ал негізінде алтын артқан есек биік таудың шыңына да шыға алады. Бірақ бізде алтын жоқ қой?!

Асаның бойын бойлап, Айша-Бибінің тұсынан, шөл даланың тұсынан пойыз жолды кесіп өтіп, Қызыладыр қыратымен қиялай тарттық.

Арт жаққа бұрылып қарап едім, алыста Айша-Бибі күмбезі қалып бара жатты. «Бекер Күйіктің жолымен жүрмедік-ау» деп қойдым. Айша-Бибіге дұға оқып, ақ жол тілеу керек еді.

Сұлу Маймақтың Қызыладырынан қарасаң, артта нағашылар ауылы, Бектөбе, Үлкен Бұрыл, Кіші Бұрыл, Әулиеата шаһары, Тектұрмас тауы қалып бара жатыр.

Қалып бара жатыр. Бәрі де осылай қала береді. Қайтып оралуын айт. Айша айтқандай, тәуба, енді біз ұшқан ұямызға оралған жолда келе жатырмыз.

Айтпақшы, Сұлу Маймақтың үстінен тыраулап тырналар тізбегі көрінді. Олар солтүстік-шығысқа, біз керісінше, оңтүстік-батысқа көшіп барамыз. Біз де бір қайтқан қаздармыз.

Сұлу Маймақ – қырғыздардың жері. Енді осыдан Күркүреусуға жеткенше қырғыз жерімен өтеміз. Түс әлетінде, жол бойында киіз үй тігіп отырған қойшыға тап болдық. Жалпылдаған жақсы қырғыз екен:

– О, қағылайын қазақ туғандар, – деп жаны қалмай, қатыны да, өзі де асты-үстімізге түсіп, самауырға шай қайнатып берді. Қойлары мәліш екен, шетінен қоздап қалыпты. Күн жылы. Көк шығып, желкен желбірейді. Қошақандар мәз. Секіріп ойнап, ит құйрықтары селтең-селтең етеді.

Шайдан кейін Оңғарбай атам керегеге сүйеніп сәл мызғып алды да, кенет көзін ашып, жан-жағына алақ-жұлақ қарап:

– Қой, біз жүрелік, – деді.

Қызыладырдан асқанда алдымыздан жарқ етіп Тәңіртау көрінді. Көк аспанға найзадай шаншылып, аспан жерге қулап кетпесін деп тіреп тұрған Манас шыны екен.

Жүрегім бүлк ете қалды. О, қасиетіңнен айналайын, Тәңіртау!

Ылғи өрге қарай жаяу келе жатқаннан болар, аяғыма тас байлағандай тұлабойым ауырлап, көктің үстіне жата кетсем бе екен деп келе жатқанмын. Кенет шаршағаным ұмытылып, әлдеқалай аспандағы сарыала қаздардың қанаты маған біткендей, ана сеңгір тауларға, Манастың батысындағы Көксай, Ақсай аңғарларына ұша кеп жөнелгім келді. Аяғым өзінен-өзі жеңілденіп, желе-жортып, жүгіріп-жүгіріп қоямын. Сонда Айша:

– Әй, Барсхан, әне Ақсай көрінді ғой, Ақсай! Біздің ауыл сол Ақсайдың ауызында ғой, – деді даусы жарқын-жарқын шығып.

– Жақындап қалдық па? – деді шаршаған Құрмаш. Жол бойы басы төмен салбырап, ләм демей келе жатқан Оңғарбай атам:

– Шаршасаң, арбаның үстіне шығып отыра ғой. Әлі қайда – а – а, – деп қайтадан үндемей қалды.

Айтса-айтқандай, әлі жол ұзақ екен, күн батар әлетінде Күркіреу судан әрең өттік-ау...

Күркүреусудың арғы беті – Қазақстан. Жуалы. Байзақ жазығы. Жаңабай жері. Баяғыда Байзақ деген датқа болыпты. Қоқан хандығына қарсы шығып, зеңбірек аузына таңылып, атылып кетіпті.

Күні бойы басы салбырап, жаяу жүрістен бір танбаған сексендегі Оңғарбай қарт сонда:

– Тоқтаңдар, – деді. – Қараңғы түсіп қалды. Мына балдар шаршады. Осында біраз дамылдап, таң қылаң бере жүрсек, құдай қаласа, түске дейін ауылға да жетіп қаламыз.

Тәңіртау сұлбасы бозараңдап әрең білінеді. Оның есесіне қол созым жерде тұрғандай жартыкеш Ай көрінді.

Жарықтық, жартыкеш Ай! «Ай болмаса аспаңда, адасады» деуші еді баяғыда, күйеулері соғысқа кеткен келіншектер.

Арбадан жүктерімізді түсіріп, есектердің аяғын тұсап, отқа қоя бердік.

– Әй, Барсхан, отын жина, от жақпасақ түн салқын, – деді Айша.

Көк жаңа көтеріліп, қурай табыла қоймайтын кез. Отыңды қайдан іздеймін?

Аулақта бұзылған қора бар екен. Жүрексінсем де солай қарай жүрдім. Бір қабырғасы құлап, төбесіндегі қамысы салбырап қалған екен. Топырақ басқан қамысты суырып алу оңай бола қоймады. Қияғы алақанымды тіліп кетті. Ары-бері үңіліп қарасам, қамыс арасынан бұғат ағаштардың ұшы көрінеді. Ырғап-ырғап, әрең дегенде үшеуін суырып алдым.

Оттыққа қу қамыс, отынға бұғат ағаш жараса кетті. Түнімен маздатып жағуға жарады. Шәуітінде шай де қайнады. Шай ішіп алған соң Оңғарбай атам астына текемет төсеніп, үстіндегі шапанын да шешпей, көрпе жамылып, ұйқыға кетті. Батырхан мен Құрмаш та ұйықтап қалды.

От басында – Айша екеуміз.

– Сен де қисайып, ұйықтап алсаңшы, – деді Айша.

– Ұйқым келмейді.

Айша жартыкеш Айға қарап:

– Ұйқың келмесе – қуанғаның шығар. Туған жердің топырағына табаның тиді ғой. Қуат – топырақтан. Қарашы, Барсхан, туған жердің Айы да бөлекше.

– Несі бөлек, барлық жерде осындай.

Екеуміз де Айға қарап қалдық.

«Несі бөлек?» – дедім тағы да ішмінен.

– Өзге елдің оты өз еліңнің түтініне татымас, Барсхан. Дұрыстап қара, мына жарықтық Ай бізге мейірін төгіп тұр ғой.

– Өзге ел емес, өзіңнің төркін жағыңнан көшіп келе жатырмыз ғой. Неге өзге? – деп өзеуредім мен де. Айша күрсініп алды.

– Оның рас. Жаманатқа қалмадық. Сүрінгенде сүйеді. Бірақ біз кірме болдық қой, балам.

«Кірме» деген сөзді талай естісем де аса мән бермей келіппін. Санама енді жеткендей болды. Өз үйің өлең төсегің жоқ. Әркімнің босағасында босқын сияқты болу – қорлық. Соғыс басталған жылы жер аударылған бір немістің отбасы біздің Мыңбұлақтағы үйдің бір бұрышына келіп паналап еді. Сол халді төрт жыл бойы өзіміз де басымыздан кештік. Жаманын да көрдік, жақсысын да көрдік. Айшаныкі дұрыс. «Кірме» деген ат жаман.

– Сенікі рас. Ай мейірленіп барады, – дедім мен.

– Адамдар Ай сияқты мейірлі болса, елден көшіп неміз бар еді, Барсхан. Тасбеттер әлі алдымыздан шығар. Бірақ сен енді

бала Барсхан емессің, Құдай аман болса, енді ешкімге есеңді жібермессің.

– Ай туралы бір ақынның жазғанын айтып берейін бе?

– Айт, айта ғой, Барсхан. Сен көп оқисың ғой.

– Баяғыда Күн мен Ай ерлі-зайыпты екен. Тату-тәтті өмір кешіпті. Көп балалы болыпты. Ана жұлдыздардың бәрі сол екеуінің перзенттері екен. Мұншама бақытты көре алмаған қараулар Күн мен Айдың арасын өсек сөзбен бұзып, екеуін ажыратып тыныпты. Содан бері Ай-ханым тірі жетім қалған жұлдыз-балаларын ертіп, Күннің соңынан қуып жетпек болады. Мың-миллион жыл өтсе де жете алмайды. «Тоқта», – деп жалынса да Күн тоқтамайды. Ай туса, Күн батып кетеді. Күн шықса, Ай батып кетеді. Ай содан әлі үміткер. Зарыққаннан кейде кеміп, арып-ашып аруаққа айналады. Кейде үміт оты тұтанып, қайта толады...

Осыны айтып, Айшаға қарасам: көзінен жас парлап отыр екен. Ай сәулесіне шағылысып, жылт-жылт етіп, жылғалана аққан көз жасын көрдім.

– Неге жылайсың?

– Үш үрпек балапанын қырға да сүйреп, ойға да сүйреп, Мұртазаны күткен Мен сияқты екен де, жарықтық, о, пірім менің, – деп Айға алақан жайып жіберіп:

– Қолдай гөр, сенін мұңайғаның – менің мұңайғаным. Менің жанымды сен ғана ұғасың.

Айша бетін сипап, көзінің жасын сүртті.

Бұғат ағаштар жанып болып, шоқ елегізіп барып көзін жұмған кезде, менің де көзім ілініп кеткен екен.

Қараторғайлардың құйқылжыта салған әнінен оянып кеттім. Жаңабайлардың сайындағы сәмбі талдарда шырқалған ән. Кезек-кезек айтысады. Бірі – күйеу, бірі – қалыңдық. Бір-бірін қысқа түнде сағынып қалғандай үзіліп-үзіліп жырлайды.

Құстардың тілін түсінбейміз. Түсінбесек те бұл дүниеге махаббат туралы ең ыстық, ең ынтызар әнді тек осы қараторғайлар ғана айтады-ау деп шамалайсың.

Күні әлі шықпаса да Тәңіртау басындағы бұйра бұлттар қызғылтым тартып, Күн нұрымен сүйісіп, бұлт екеш бұлтқа шейін, тау шыңындағы тас екеш тасқа дейін махаббат ләззатынан алауға бөленді.

Ақ бақытқа бөлену деген осы шығар.

Осы бақыттан маған да бірер тамшы бұйырған шығар: жүрегім кеудеме симай, алқынған асау аттай тыпыршыды-ай дейсің.

Тәңіртаудан аққан күміс бұлақ, киелі суға кеудемді жалаңаштап тұрып батырып-батырып алдым.

Айша:

– Суық тиіп қалмасын-ей, құтырма, – деді.

Күміс судан да суық тие ме екен. Қайта бүкіл денемді қыздырып, дуылдатып ала жөнелді.

Күн шыға бере, зүміреттей көк шөптің басына мың-миллион асыл моншақ тағылғандай, шұғыла шықсаң құлпырып жалт-жұлт етті.

– Шық қалың түсіпті ғой, – дедім. Айша ойланып тұрып:

– Шық емес ол, – деді.

– Енді не?

– Бұл түндегі Айдың көз жасы. Біз пақырларды көріп, аяныштан жылап жіберсе керек.

– Сен де жыладың ғой. Бұл таңғы шық сенің де көз жасың. Ай мен Айшаның көз жасы.

– Біз сияқты жетім-жесірлерді Ай жарықтық аяйды. Ал адамдар байқамайды.

– Сәлден кейін кеуіп кетеді. Сенің көз жасың да құрғайды. Енді сен жыламайсың.

– Айтқаның келсін, ұлым! – деп Айша мені аймалап, бетімнен сүйді.

ШАҚПАҚТЫҢ ЖЕЛІ

Қалжыраған, қанаттары талған бір топ қаз желге қарсы ұшып келеді.

Тескентауды айналып, Маймақтаудың сыртынан шығып, Манас шыңын бөктерлей, Ақсай арнасын, Ақсу-Жабағылыны бетке алып, баяу қалықтайды. Тез ұшар еді, жел бар.

Құстар отаншыл. Жұмыртқа жарып, үрпек балапан болып дүниеге келген жерін ұмытпайды. Көктем шыға, сол туған жерге жеткенше асығады. Жол-жөнекей қанша қасірет шексе де, сол былтырғы ұясына жетіп жығылу зор арман.

Құстар арманшыл. Арманы болмаса, несі бар осынша жол азабын шегіп? Жүре бермей ме жылы жақта, тойған жерінде.

Қанаттарын қасарыса қағады. Қарсы алдынан Шақпақтың желі қатайды. Қаздар қатайған желден жасымай, қайта одан қуат алғандай.

– Аймала бізді, Шақпақ желі, сені сағындық қой, – дегендей қанаттарын кең құлаштап, салқын самалға сүйсіне сүңгиді.

Жел – құдірет.

Мақтымқұлы айтты: «Ей, телегей теңіз, тәкаппарланба, күнің жетсе сен де құрғап, тақырға айналарсың. Ей, биік таулар, асқақтама, күнің жетсе сен де жермен-жексен боларсың», – деді.

Дүниеде өзгермейтін, тозбайтын, топан-тозаңға айналмайтын зат жоқ.

Тіпті ғарыштағы жұлдыздар да тозады.

Тозбайтын, өзгермейтін, өлмейтін бір ғана Құдай!

Содан кейін – Жел!

Дүн-дүние түп-түгел жойылып кетсе де жойылмайтын тек осы Жел.

Жел жойылмайды. Жел өлмейді. Бәрі өледі. Жел өлмейді.

Өйткені дүн-дүние түп-түгел кеуек, бос қуыс болып қалса да сол кеукті тек жел ғана кезіп жүреді.

Жел мәңгілік.

Жел қаздардың досы. Қарсы алдынан соқса да қанаттарын көтереді. Жел қатайған сайын қаздар биіктей түседі.

Қаздар мен қазақтар қанат аңсағандар.

Қазақ:

– Ах-ау, гүлдерайым, Күн мен Айым, Ұшарға қанатым жоқ, неғылайын, – деп армандайды. Ал қаздар қанатсыз өмір сүре алмайды. Әулиеатадан қайтқан қаздар Мыңбұлақтың қатар-қатар терең сайларының үстінен ұшып барады.

– Ұмытқан жоқсыңдар ма, – деді алдағы Ана қаз мойнын артқа бұрып балаларына, – мынау Ыбырай сайы; мынау Оспанқұл сайы; мынау Таласбай бұлақ; әне анау бозаңдау болып жатқан төбе Мүрделі сай. Онда сендердің бабаларың Тоқсанбай, Үкібас, Шоқыбас, Үсіп, Жылтыр, Бердімбет жатыр. Ұлы анамыз Күнікей ханым жатыр. Міне, міне... мынау біздің Бердімбет сайы!

Бердімбет сайының батыс жақ қабағындағы баяғы ақ үй әлі аман тұр екен! Әгі кетіп, тозыңқырап қалыпты. Қайран да біздің аппақ үй...

Ақ үйдің төбесінде шоқиып мүлгіп отырған күрең бүркіт кенет қанат қағып, тік көтеріліп:

– Келдіңдер ме? Көп жүріп қалдыңдар ғой. Мен ошақты батып отырдым. Бұдан былай ошақты тастап кетпеңдер, – деді. – Ал менің мекенім алыста. Соған жетуім керек, – деді де ғайып болды.

Тек Ана қаз:

– Тоқта, тоқта! – деп еді, зым-зыя, ешкім үн қатпайды.

* * *

Әулиеатада қайтар жолда Қамқа анаға сәлем бердім. Ол Бердімбет сайдың шығыс жағындағы жатаған үйдің күншуағында, биік бөстектің үстінде әлі отыр екен.

– Барсханбысың? – деді жүзден асып кеткен Қамқа.

– Иә, Барсханның өзімін, қасиетті Ана. Қалайсыз?

– Отырмың, шырағым. Аяғым жоқ, – деп шапан жапқан тізесін шидей саусақтармен сипалап қойды.

– Дәу жігіт болыпсың ғой, Барсхан. Сендер қайтып келгенше ана үйлеріңді Мұртаза қорыды да отырды. Ол да қозғалмай отырады. Мен де көз талмай отырамын... Енді қайда барасың?

– Әулиеатада, оқуым бар ғой. Кешіксем – ұрсады.

– Төрт жыл көрмеген ұяңда бір-ақ түнегенің бе?

– Тағы да келемін той. Жазда. Демалыста.

– Баяғыда, есінде ме, Барсхан, қара ешкі жоғалып кеткенде, сонау Төстеті тобылғының түбінен тауып алғаның?

– Есімде, қасиетті Ана. Сіз ғой оны айтқан. Сонда көз ұшындағы тобылғы түбінде лақтап қалған қара ешкіні қалай көріп қойдыңыз?

Осыны айтып, жүзден асып кеткен Қамқаның көзіне қарап едім, кірпіктері түсіп қалған қабыршық қабақтың астынан түпсіз тұңғиық, қап-қараңғы екі нүкте көрінеді.

– Мен бәрін көріп отырамын, Барсхан. Анау Манас шыңының ұшар басында не болып жатқанын да байқаймын. Сірә, Манастың аруағы болар: анда-санда шың басынан салт атты адам көрінеді. Алысқа-алысқа қарап тұрып-тұрып, басын шайқап, қайтадан аспанға ұшып, зым-зия болады.

Мен ойланып қалдым: «Аққұла» деген күлікке мінген Манас шың басына шығып алып, төмендегі қыбыр-жыбыр, күйбең тіршілікті шолып тұрып, неге басын шайқайды екен?» Қамқа өтірік айтпайды. Манас басын шайқайды дейді. Манастың онысы несі? Себебін түсінбеймін.

– Сенің әкең Мұртаза да ана үйлеріңнің түтін шықпай қалған мұржасына қонақтап отырып-отырып, төрт жыл тапжыламай отырып-отырып, кеше сендер қайтып келгенде ғана ұшып кетті ғой, – деп қойды тағы да Қамқа.

– Неге? Неге бізбен бірге қала бермеді?

– Е, Барсхан, аруақтардың да өз жұмысы, өз тіршілігі бар да.

- Қайда? Қай жерде оның тіршілігі?
- Түнде көп жұлдыздарды көресің бе?
- Иә, көремін.
- Е, әкең солардың бірінде.
- Сіз жұлдыздағыларды да көре аласыз ба?
- Жоқ. Оларға көзім жетпейді. Барғанда бір-ақ көремін.
- Сонда, сіз де жұлдызға барасыз ба?
- Е, бармағанда ше. Мені өлмейтін шайтан деп пе едің!
- Қайсысына?
- Оны бір Алла өзі біледі. Күнәсіздер жұлдызы бар. Күнәкарлар жұлдызы бар. Қайсысы мекен болады – бұйрық біледі.
- Әжетай, онда неге өлген адамдарды жерге көмеді? Ешкімді де жұлдыздарға апарып көмген жоқ қой?
- Ой, Барсхан, мен сені дәу жігіт болған екен десем, әлі бала екенсің ғой. Жерге көметін адамның тәні, мына қу денесі, – деп жүзден асқан әулие кемпір өз қолының шандыр терісін келесі қолымен шымшылап қойды. – Ал жақсы адамның жанын періштелер аспанға, жұлдыздарға алып ұшады. Ал аса жаман адамның жанын әзірейілдер жеті қат жердің астына тастап жібереді. Немесе күнәкарлар жұлдызына лақтырады.
- Сенерімді де, сенбесімді де білмей, аңырайып тұрып-тұрып:
- Әжетай, мен кетейін. Пойызға жетуім керек, – дедім.
- Аман жүр, Барсхан, – Қамқа сексеуілдің бұтағындай қисық-қыңыр саусақтарын жайды. – Тәңіртауды ұмытпа. Тәңіртаудың басындай болмасаң да, бауырыңдағы тасындай бол! Енді сен қайтып келгенше мен бармын ба, жоқпын ба – Құдай біледі. Мен кеткен соң жұлдыздарға қарай жүр. Кім біледі, менің мекен жұлдызымды табарсың, танырсың. Сонда аспанға қол жайып, «Е, Алла, Қамқа апамның иманын бере гөр!» – деп тілесен болды. Ал мен сол алыстағы жұлдыздан жерге қарап, құмырсқаша қыбырлаған адамдардың арасынан сені іздеп, рухыммен желеп-жебеп, тілеулес болармын...

Өрдегі ауылдан ылдиға қарай домалап келемін. Бекетке дейін тура жол жоқ. Төтесінен тарттым. Төте болғанмен кедергі көп. «Бір жол бар – алыс, алыс та болса жақын; бір жол бар – жақын, жақын да болса алыс», – деген екен бір дана баба.

Мына жол да сондай. Түркістан-Сібір темір жолының біздің ауыл тұсындағы Теріс бекеттің жалғыз ақ үйі жап-жақын сияқты көрінгенімен талай жер. Екі ара айдалған сүдігер; былтырдан бытысып қалған жыныс құрай; жаңадан көтерілген көк – бәрі-бәрі аяқтан шалып жүргізбейді. Интернат берген шалбардың балағын шеттік тікен жырып, кәріқыз тікен жабысып, тұтып қалды. Түймебас ошаған көйлегімнің етегіне дейін жабысты. Қалың ғой.

Көктемде Ақсай тасып, жойқын сол жердің бетін ырсыта тілгілеп, атан түйе шыға алмайтын ор қазып кетеді. Одан аттап өте алмайсың. Амал жоқ, сол ордың бұралаңымен сен де қисалаңдай бересің.

Жол қиын. Бірақ асықпаған адамға қызығы да көп: енді-енді ұя салып, ұясын аспанда тұрып шырылдап қоритын бозторғай; қыстай жер астында жатып, мұздаған денесін күннің көзіне қыздырып, рахаттанып жатқан сарыбауыр, семіз жылан; алқымы бүлкілдеген ақтамақ кесірткелер; бүршігі енді-енді қызарып, әлі өсе қоймаған қыздың емшегіндей теңбілкөк жауқазыннан енді бүртиіп шығып, әлі ашыла қоймаған қызғалдақты аймалап ызыңдаған ара; аяғының астынан абайсызда пар – р – р етіп ұшқан бұлдырық; қыстан қысылып шығып жүдеген, жүні сабалақтанып, әлі түлемеген жүдеу түлкі; сенің қуып жете алмайтыныңды біліп, сонандай жерге барып, артына бұрылып қарап, сені мазақтағандай, ыржия күлгендей болады.

Бірақ мен асығамын. Тас лақтырсаң тиетін жерде сияқты көрінгенмен, мен темір жолдың бойындағы ақ бекетке әлі тырбанып, тер төгіп жетуім керек.

Бүршік жармаған теңбілкөк жауқазынды түбіндегі түйінімен қоса қазып алып, тос қалтама салып қойдым.

Жалғыз үйлі бекеттің жан-жағында жайдақ қора-қопсы. Қара май сіңген ескі шпалдарды текшелеп жиып қойыпты. Иісі қолқанды атады. Үйіндінің түбінде екі-үш тауық жер шұқылап, құрт көрінсе ішек тарта қақылықтайды-ай кеп...

Жаңа бұзаулаған қара сиыр маған ала көзімен қарап қойды. Қыстан шыққан жұлма маяның түбінде жатқан сары ит мыңқ етті де, тұмсығын қайтадан бауырына тыға салды.

Жолаушылар бұл бекеттен пойызға міне бермейді. Мінсе, тек батыс жақтағы Боранды бекеттен, не шығыс жақтағы Сұрым бекетінен мінеді.

Теріс бекетін таңдаған жалғыз мен. Вокзалсымақтың ішіне кіріп, кестеге қарасам: «Ташкент-Новосибирск» пойызы енді, шамада бір сағаттан кейін келеді екен. Касса жабық.

Далаға шығып, ауыл жаққа қарадым. Ауылым Тәңіртаудың Ақсай аңғарынан асқақтап көрінді.

Ауылдағылар мені көрмейді. Көрсен, Қамқа көрер еді, бірақ ол ылғи тау жаққа қарап отырады. Ылдиға, Теріс жаққа бұрылмайды. Бұрылар еді, тұра алмайды. Екі аяғы семіп қалған. Мен ес білгелі солай.

Қамқа жүзден асып кетті. Онымен жасты адамдардан ауылда ешкім қалған жоқ. Сірә, бір орыннан қозғалмай отыра берген адам көп жасайтын шығар, а бәлкім, өлмейтін де шығар. Мына біз жүгіре береміз, тыным таппаймыз, сонда не іздейміз? Бәрібір Қамқаның жасына жетпейміз. Сондағы тыпыр не тыпыр?

Ақыры пойыз келді. Терісті бекет екен-ау деп елеген ешкім жоқ. Вагондардың есігі де ашылмады. Бір-екі минут өтті ме, өтпеді ме, пойыз бір сілкініп алып, вагондары сақыр-сұқыр етіп жылжи бастады. Кірерге есік таппай, ақыры бір сыртқы тепкішекке аяғымды салып, тұтқасынан ұстап, салбырап кете бардым.

Екі вагонның арасына қарай жылжи-жылжи, вагондарды жалғастырған омыртқа сияқты дәу темірге ілініп, сатыдан ұстап, ақыры вагонның үстіне шығып кеттім.

Кәпірлер есіктерін ашпаса, ашпай-ақ қойсын. Бәрінің төбесіне шығып алдым. Рахат. Вагонның ішінде пысынап, темекінің түтініне, адамдардың терлеген қоңырсық иісіне тұншығып отырғаннан гөрі, мынауым – жұмақ.

Дүн-дүние түгел көрінеді. Ауылым мені байқап қалған ба, қуанғаннан тал-дарағына дейін секеңдеп, билеп ала жөнелді. Шіркін, пойыздың төбесіне шығып кеткенімді Қамқа көрсе ғой!

Көрсө, таң қалып, таңдай қақсын дегендей, мақтанып, Шақпақтың желіне кеудемді тосып, түрегеп тұрмын. Шақпақтың желі мені ұшырып жібергісі келмей, аяғансып, аймалайды. Шақпақ желінің ұясын көріп келемін. Ұясы – Шақпақтау мен Жабағылы таудың арасындағы қысталаңда. Аңқылдап жел соғатын аңғар сонда.

Желдің арнасы. Құс жолы. Көктемде құстар келгенде, күзде құстар қайтқанда, тек осы арнадан өтеді. Құстарға басқа жол жоқ – Жан-жақ – биік таулар. Олардан құстар асып ұша алмайды.

Шақпақтың желіне кеудемді тосамын. Арқамды тоссам итеріп жіберіп, құлататын сияқты. Оң қол жақта Қос Тұра, Қошқар-ата; бет алдымда – Құлантау, Шақпақтау, Жабағылы; сол қол жақта – Тәңіртау қалып барады. Манас қалып барады.

Төс қалтамда – әлі ашылмаған жауқазын қызғалдақ. Сәтін салса, солып қалмаса, Құдашаға апарып бермекшімін. Сабағы сынып қалмасын деп сипалап қоямын. Сүтке тойып, асыр салған құлыншақтай Құдашаны жақсы көремін. Онымды ешкім де білмейді. Әлі бүршік жармаған қызғалдақты жауқазын жапырағымен қоса ұсынсам, Құдаша өзі де сонда сезетін шығар.

Құдашамның аты – Ақ-Шолпан.

Осыдан интернатқа жетісімен би үйрететін үйірмеге жазыламын. Ақ-Шолпанды биге шақырамын. Ана жолы

көргенім оң бе, түс пе? Құдашаның Семіз сарымен билегені. Оны жағасынан алғаным. Пистолеттің атылғаны.

Жоқ. Ол болмайды. Құдашамен енді өзім билеймін.

Шақпақ желі шалқиды. Менің көңілім де телегей. Тікемнен тік тұрып келемін. Кенет пойыз өкіріп жіберді.

Әлдене мені қанатымен қағып өтіп:

– Жат! – деді.

Етпетімнен түстім. Вагонның жон арқасына жабыса қалдым. Қап-қараңғы үңгірге пойыз сүңгіді де кетті. Паровоздың түтіні бүрк етіп, туннелдің ішін кеулеп, тұншықтырып барады. Демім бітіп, қақалып-шашалып, көзім түк көрмей, көрде қалғандай үрейден жаным шыға жаздаған шақта, дүние қайтадан жарқ ете қалды.

Пойыз туннелден, үңгірден ақырып атылған айдаһардай қайқаң етіп шыға келген екен.

Тағы да тірі қалдым. Сонау бір қыста, Айша екеуіміз Әдия әпкемнің үйінен «Zinger» машинасын арқалап, онда да вагонның ішіне кіре алмай, сыртқы тепкішекке ілініп, салбырап келе жатқан да осы Тескентаудың туннелінде...

Есіме түссе, әлі күнге дейін жүрегім зу-зу ете қалады.

Тескентаудың туннелі барын білемін. Біле тұра, қалай ұмытып кеткенмін. Өзім вагонның ішінде де емес, төбесіндемін. Сырттамын. Тағы да Шақпақ желге төсімді ашып қойып, тікемнен тік тұрып келемін.

Ол қай жетіскенім? Сәл болмағанда, туннелге пойыз кіре бергенде менің басымды Ажал жарықтық қағып түсетін еді-ау!

Сақтады.

Кім сақтады? Құдай сақтады.

Сонда қанатымен қағып өтіп:

– Жат! – деп ышқынған кім? Кім? Кім? Кім?

Төс қалтамды сипалап қарасам, жауқазын қызғалдақ орнында екен. Ол да қорқып кеткен бе, бүршігі ашылыңқырап, қып-қызыл алау шоқ лағыл тастай жарқ етті.

Алдымда – Әулиеата...

19.04.1999 жыл.

МАЗМҰНЫ

АЛҒАШҚЫ СЫНАҚ.....	4
ШОЛАҚТАУДЫҢ ШОЙЫН ЖОЛЫ.....	7
ҚАРАШАЙ ҚАМБАШЫ.....	20
ҚАЛАЙЫ ҚАСЫҚ.....	26
ЖЕТІМ СҰРАҚ.....	32
СҰҢҒЫЛА СОҒЫС.....	36
БЕЗГЕК.....	51
АРЫЗ.....	58
ЕРУЛІК.....	72
ШОЛАҚТАУ – КЛОНДАИК.....	82
ҚҰМАРПАЗДАР ОЙЫНЫ.....	94
БАЛАСЫН ІЗДЕП, АНАСЫН ТАПҚАН АЙША.....	106
ТЕСКЕНТАУДЫҢ ҚУЫСЫНДА БІР АЛЛАНЫҢ УЫСЫНДА.....	121
КИІК ҚАЗДАР.....	130
ЖАЯУ ЖУРНАЛИСТ.....	138
КҮМӘНДІ КУӘЛІК.....	144
ХАБИБАТ ПЕН ХАСАН.....	150
ФАМИЛИЯ ДАУЫ.....	155
ҚАЙ ФЛОТТЫҢ МАТРОСТАРЫ?.....	159
ТАБАЛДЫРЫҚТАҒЫ ТАУ.....	165
СОЙДАҚТІСТІҢ ҚЫЗҒА ҚЫРЫНДАУЫ.....	170
КӨК ҚАЛПАҚ.....	178
АРИГАТО!.....	189
ТӨРТ КҮРЕК ТІС.....	198
ТАНГО – САҒЫНЫШ САЗЫ.....	206
АЙ МЕН АЙШАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ.....	213
ШАҚПАҚТЫҢ ЖЕЛІ.....	221
МАЗМҰНЫ.....	230

ШЕРХАН МҰРТАЗА

Бес томдық шығармалар жинағы

Екінші том

АЙ МЕН АЙША

Корректоры Жадыра Байсақалова
Техникалық редакторы Ғани Байлыбеков

Шарттыбаспа табағы
Есепті баспа табағы
Таралымы
Тапсырыс №